# ЦИКЛОГРАММА

***I апта қыркүйек айы 2021ж***

**« Аққөгершін »тобы**

**Өтпелі тақырып « Балабақшада»**

**Тақырыпша. «Менің балабақшам»**

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі**<br><br>**01.09.2021ж** | **Бейсенбі**<br><br>**02.09.2021ж** | **Жұма**<br><br>**03.09.2021ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу** | *Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау.Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.*<br>***Ата-аналармен жұмыс:***<br>*«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.* | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | | | ***Картотека №6***<br>***«Жыл мезгілдері»***<br>***Мақсаты:*** *Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту,мезгілдерді атауларын үйрету* | ***Картотека №10***<br>***«Жол әліппесі»***<br>***Мақсаты****: балаларды алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен таныстыру, жолда жүру ережесін меңгерту дағдысын қалыптастыру.* | ***Картотека №14***<br>***«Кімге не керек»***<br>***Ойынның мақсаты:***<br>*Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету* |
| **Таңертеңгі гимнастика** | ***Қыркүйек айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген***<br>***Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау*** | | | | |
| **Таңғы ас** | ***Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау***<br>***Ойын- жаттығу*** *:*<br>*Ас ішер кезде,*<br>*Сөйлемейміз, күлмейміз*<br>*Астан басқа өзгені*<br>*Ойламаймыз білмейміз.*<br>***Сиқырлы сөз:*** *"Астарыңыз дәмді болсын!"*<br>*Рахмет айтуға тәрбиелеу* | | | | |
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | *ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.*<br>***Шаттық шеңбері:***<br>***Көк аспанда күн күлсін,***<br>***Бірге күлсін бүлдіршін.***<br>***Көк аспанда күн күлсін,*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Жерге ұдайы нұр құйсын.* | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері** | | | ***1.Математика негіздері.***<br>***Тақырыбы:*** *Топтағы заттар .«Көп», «Біреу» ұғымдары»*<br>***Мақсаты:*** *«Көп», «Біреу» ұғымдарымен таныстыру, топтағы заттардан бір немесе көп заттарды тауып көрсетуге, топтағы біртекті заттардан топтар құрастыруға одан біреуін бөліп көрсетуге үйрету*<br>***Ұйымдастыру кезеңі.***<br>***Шаттық шеңбері.***<br>*Біз ерекше баламыз*<br>*Айтқан тілді аламыз*<br>*Достарымды көргенде*<br>*Қуана қарсы аламын.*<br>*Балалар қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*Күз мезгілі неше айдан тұрады?*<br>*Қазір қай ай?*<br>*Ауа- райы қандай болып тұр?*<br>*Балалардың жауаптары.*<br>*Қызығушылықтарын ояту.*<br>***Тосын сәт.*** *Білместпек келеді. Балалармен амандасып, көмек сұрайды.*<br>*Мен санау білмеймін.*<br>*Менің оң қолымда қанша шар және сол қолымда қанша шар бар?* | ***1.Жаратылыстану***<br>***Тақырыбы:*** *Балабақша ауласына саяхат*<br>***Мақсаты:*** *Балабақша ауласына бақылау жасап, өсіп тұрған өсімдіктердің аттарын атап, қамқорлық жасауға тәрбиелеу*<br>***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.***<br>***1.Шаттық шеңбері:***<br>*Армысың,асыл күн!*<br>*Армысың,көк аспан!*<br>*Армысың,жан досым!*<br>*Жылуына жылу қос.*<br>***2. Ой қозғау.***<br>*-Балалар біздер күн сайын таңертең тұрып қайда келеміз?*<br>*- Онда біз кімдерді көреміз, сендерді кім қарсы алады?*<br>*- Дұрыс, балалар.*<br>***3.Тосын сәт. Айгүл қуыршақ қонаққа келеді.***<br>*Айгүл: Саламатсыздар ма,балалар! Мен балабақша ауласымен танысқым келеді? Балабақша ауласында нелер бар? Маған көрсетесіңдер ма?*<br>***4.Балбақша ауласына саяхат***.<br>*Балабақша ауласына саяхатқа алып шығу.Аулада өсіп тұрған ағаштармен, бұталармен таныстыру.* | ***1..Музыка***<br>*Педагог жоспары бойынша*<br><br><br>***2.Мүсіндеу***<br>***Тақырыбы:*** *«Балабақшадағы әр түрлі доптар»*<br>***Мақсаты:*** *Түрлі тәсілдерді қолдана отырып, таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып мүсіндеуге үйрету..*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Кел балалар, күлейік*<br>*Күлкіменен түлейік!*<br>*Қабақ түйген не керек?*<br>*Көңілді болып жүрейік.*<br>*Кел балалар, күлейік!*<br>*Күлкіменен түлейік!*<br>*Күлкі көңіл ашады,*<br>*Күліп өмір сүрейік!*<br>***Миға шабул***<br>***Жұмбақ жасыру***<br>*Тепсең-ақ секіріп,*<br>*Ұстатпай қашады.*<br>*Бір жерге бекініп,*<br>*Тұра алмай сасады.*<br>***Ой қозғау.***<br>*.Сұрақ-жауап:* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | |  <br>*Тақтадағы суреттер бойынша жұмыс.*<br>*– Суретте ең көп бейнеленген қандай зат?*<br>*–Қандай заттар бір-бірден салынған?*<br>*Мұнда қанша тауық бар?*<br>*- Қанша балапандар бар?*<br>*- Мына ағашта қанша алма?*<br>*- Ал, мына ағашта қанша алма?*<br> <br>*Балаларды мадақтау.*<br>*Білмеспек балаларға рахмет айтып, қоштасып кетеді.*<br>***«Сызық жүргіз» ойыны.***<br>*Дәптермен жұмыс.*<br>*Шарты: үлкен шәйнектен үлкен кесеге дейін, ал кішкентай шәйнектен кішкентай кесеге дейін жол салыңдар.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Бір дегенде-тік тұрамыз!*<br>*Екі дегенде-екі рет айналамыз.*<br>*Үш дегенде-үш рет секіреміз.*<br>*Төрт дегенде- отырамыз.* | <br>***5.Сұрақтар ілмегі***<br>*-Балабақшамыздың ауласында не өседі?*<br>*-Қаңдай гүлдер өседі екен?*<br>*-Қандай ағаштар өседі екен?*<br>*-Балабақша ауласы сендерге ұнай ма?*<br>***6.Таза ауада сергіту сәті.***<br>*Достарым көп бақшада (шеңберге тұру)*<br>*Көңілдіміз бақшада (қолдарын жайып)*<br>*Достықты біз сүйеміз (бір-біріне қарап, жымию, құштасу)*<br>*Бірге күліп жүреміз*<br>***7.Дид.ойын:*** *«Жапырағынан таны»*<br><br>***8.Балабақшаға оралу.***<br>*Айгүлмен қоштасу.*<br>***Қорытынды.***<br>*Балаларды мадқтау.Көңілді смайлктер беру.* | *-Доп не үшін қажет?*<br>*-Допты неден жасайды?*<br>*-Доппен ойнайтын ойындарды атаңдар**?***<br>***Тосын сәт.***<br>*Аю келеді.*<br>*Қонжықтарына доп керек екенін айтады.*<br>***Топқа бөлу.***<br>*Үлкен доп кіші доп суреттері арқылы.*<br>*1-топ ермексаздан үлкен доп мүсіндейді.*<br>*2-топ ермексаздан кішкентай доп мүсіндейді.*<br>*Балаларды бақылау*<br>*Жеке көмек*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Қолды оңға созамыз,*<br>*Қолды солға созамыз,*<br>*Бір орында секіріп,*<br>*Біз демалып аламыз*<br>*Балалардың жұмыстарын қорытындылау.*<br>***«Біздің көрме»ойыны.***<br>*Аю балаларға рахмет айтып қоштасады.*<br>*.Сұрақтар ілмегі арқылы аяқтау.*<br>*Балаларды мадақтау.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ***«Поезд» ойыны.***<br>*Кәне бір-біріміздің артына тұрып, ұзын вагон болып тіркесейік.*<br>*Оң жаққа бұрылыңдар*<br>***«Ойыншықтар» аялдамасы.***<br>*Бірінші сөреде неше ойыншық бар? (біреу) Екінші сөреде неше доп көріп тұрмыз? (біреу) үшінші сөреде қанша машина бар екен? (көп) Үлкен машина қанша? (біреу) Ал кішкентай машиналар қанша екен? (көп) Бәрекелді. Жарайсыңдар!*<br>*Сол жаққа бұрылыңдар.*<br>***«Қуыршақтар» аялдамасы.***<br>*(үлкен және кіші қуыршақтар арқылы салыстыру жұмыстарын жүргізу)*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***Балабақшаға оралу.***<br>*Қорытынды.*<br>*-Қонаққа кім келді?*<br>*-Сендерден қандай көмек сұрады?*<br>*-Поездбен қайда бардық?*<br>*Жарайсыңдар.*<br>*Балаларға көңілді смайлктер беру.*<br><br>***2.Қоршаған ортамен таныстыру***<br>***Тақырыбы:*** *«Топ бөлмесіне саяхат»*<br>***Мақсаты:****Балалар дың назарын топ тың ішіне аудару. Топтың іші таза,* | ***2. Тапқыштар (В)***<br>***Тақырыбы:****Сурет бойынша сызықтарды қосу*<br>***Мақсаты:****Балалардың көз зердесін қалыптастыру*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер***<br>***Ұйымдастыру кезеңі.***<br>*- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*Күзде неше айы бар?*<br>*Қалай аталады?*<br>*Қазір қай айы?*<br>*Ол нешінші ай?*<br>*Бір аптада неше күн бар?*<br>***Кім шапшаң.***<br>*0-ден 5-ге дейінгі сандар шашылып жатады. Сандарды рет – ретімен, қай саннан кейін қай сан тұратынын айтады. .( 0, 1, 2, 3, 4, 5.)*<br>***Логикалық есептер.***<br>*1. Айгүлде үш мысық, Айнұрда екі мысық Қосқанда барлығын Болады неше мысық?*<br>*2. Жүзіп жүр 4 аққу*<br>*Ұшып жүр 1 аққу*<br>*Қосқанда екеуін*<br>*Болады қанша аққу?*<br>*3. Алма ағашта 5 алма*<br>*Қандай тәтті жесе алма*<br>*Бесеуінде жеп қойсам*<br>*Қалады онда неше алма?*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Сырға-сырға сырғалар,* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *ойыншықтар дың, жиһаздың, өсімдіктердің, қор шаған орта заттары ның орналасуына көңілдерін бөлу*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Армысын,асыл күн!*<br>*Армысын,көк аспан!*<br>*Армысын,жан досым!*<br>*Жылуына жылу қос.*<br>*Балалар, сендер бүгін таңертең тұрып қайда келдіңдер?*<br>*- Балабақшаға.*<br>*- Сендерге балабақшада ұнай ма?*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>*Айгүл қуыршақ келеді. Амандасады.*<br>*Балалар Айгүлді топ бөлмемізбен таныстырайық.*<br>***Топ бөлмесіне саяхат.***<br>*Топ бөлмелерімен, ондағы құрал-жабдықтармен, заттармен таныстырады. Балаларға Әр бөлменің өзіндік ерекшеліктері бар екенін, топтағы заттарды ұқыптылықпен ұстау керек екенін түсіндіру.*<br>***«Нені қайда қоямыз?»*** *дидактикалық ойыны. Ойыншықтарды өз орындарына қояды.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Кәне, қанат жазайық,*<br>*Қарлығаш боп ұшайық.*<br>*Ұшып, ұшып алайық,* | *құлағымда ырғалар*<br>*Оң қолымда білезік, сол қолымда білезік.*<br>*Саусақтарда сақина, санап көрші қанеки?*<br>*Бір-екі-үш, бір-екі-үш, демалайық жинап күш.*<br>***Топқа бөлу***<br>*Түстер арқылы.*<br>*Екі топқа тапсырма.*<br>***Ойын:*** *«Аңдарды құрастыр» Геометриялық пішіндермен аңдар құрастыру. Қай топ тез, дұрыс құрастырса соған жұлдызша беріледі.*<br>***Дәптермен жұмыс***<br>*Сурет бойынша сызықтарды қосу*<br>*Мақсаты. Ұқсас заттарды сызықпен қосады.*<br>*Қорытынды.*<br>*Жұлдызша тарату арқылы мадақтау.*<br><br>***3. Дене шынықтыру***<br><br>***Тақырыбы****: Біз доспыз.*<br>***Мақсаты:*** *Допты (кішкене доптар) алып бір қолымен себетке салуды үйрету.Алаңның бір шеті мен екінші шетіне қол ұстасып жүгіруге дағдыландыру.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы:***<br>***1.Сәлемдесу.*** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *Орнымызға қонайық.*<br>*(Б. Серікбаев).*<br><br>*Балабақшаға оралу.*<br>*Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.*<br>*Балаларды мадақтау*<br><br>***3. «Өнерлі екен он саусақ» (В)***<br>***Тақырыбы*** *:Жүк таситын машина*<br>***Мақсаты*** *:Сіріңке қорапшасынан жүк машнасын жасауға үйрету.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Балаларға машина туралы тақпақ оқу.*<br>*«Бип-бип-бип», - дейді*<br>*«Жолдан былай кет!» - дейді.*<br>*«Жол шетінде күт!» - дейді.*<br>*Көшеде жүруге асыға,*<br>*Күшікті басуға, басуға,*<br>*Болмайды, болмайды, машина!*<br>*«Бип-бип-бип», - дейді,*<br>*Болмайды, болмайды, машина.*<br>*Бип-бип-бип!*<br>***Ой қозғау.***<br>*Тақпақ не туралы айтылған*<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*бірнеше көлік түрлерінің суретін көрсетіп, әртүрлі машиналар не үшін пайдаланылатынын әңгімелесу.*<br>***Ой қозғау.*** | ***2.Шеңбермен жүру.***<br>*Қолды жоғары созайық,*<br>*Шапалақты ұрайық.*<br>*(қолды жоғары созып шапалақтап жүру)*<br>*Кәне қолды жазайық,*<br>*Қарлығашқа ұқсайық*<br>*Балаларды мадқтау.*<br>*Балаларға таяқшалар беру, бірінің соңынан бірін жүгіріп, шеңберге тұрғызу.*<br>***3.Жалпы даму жаттығулары.***<br>***1.*** *Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Басты оң иықтан сол иыққа қарай, сол оңға қарай иілту. «з-з-з» деп айту. /4 рет қайталау/*<br>***2****. Аяқтары алшақ қойылған , қолдары бүйірде, оңға - солға бұрылу, Әр бұрылған сайын «көрдім» деп айту. / 4 рет /*<br>***3****. Аяқтары алшақ қойылған , Қолды алдыға созып, оң қолмен сол қолды айқастырып, қайшылау. / 4 рет қайталау/*<br>***4****. Аяқтарын біріктіру. Қолдарын қоянның аяғына ұқсату. Орнында секіру.*<br>***5) Тыныс алу жаттығуы***<br>*Араның дыбысын салу.з-з-з*<br>***4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.***<br>*Допты (кішкене доптар) алып бір қолымен себетке лақтыру.*<br>***5.Қимылды ойын:*** *«Күн мен түн»*<br>*Ойын шарты: Тәрбиеші «күн» дегенде балалар* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *Жүк машинаның қандай бөліктері бар?*<br>*Қорабы,кабинасы,дөңгелегі қандай?*<br>***Дидактикалық ойын:*** *Қай машина жоқ.*<br>*Балаларға шырпы қорабынан машина жасаудың әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру*<br>*Шырпыны қорапшасын алып жүк машинасының кабинасын жасаймыз..*<br>*Шырпының қорапшасын алып жүк машинасын жасауға кіріседі.*<br>*Балалардың жұмысын бақылау.*<br>***Сергіту сәтт:***<br>*Отырмын рөлде,*<br>*Моторым, гүрілде.*<br>*Ойыншығым-машинам,*<br>*Тарт алға асыға.*<br>*Сенімен тасимын,*<br>*Көмір мен тасыңды.*<br>*Таудай ғып артамын,*<br>*Бидай мен арпаңды.*<br>*Балаларға жеке көмек көрсету.*<br>***Қорытынды***<br>*-Балалар бүгін біз не құрастырдық?*<br>*-Сендерге ұнады ма?*<br>*-Несімен ұнады?*<br>*Бағалау.Мадақтау.* | *секіреді,жүгіреді. «Түн» дегенде ұйықтайды.*<br>***6.Қортынды.*** *Балаларды мадақтау.* | |
| **Серуенге дайындық** | *Жүйелі киініп серуенге шығу . Ойын жаттығу: «Кім дұрыс киінеді»*<br>*Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу* | | | | |
| **Серуен:** | | | ***Картотека №3*** | ***Картотека №4*** | ***Картотека № 5*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *Картотека қосымша тіркелген.* | *Картотека қосымша тіркелген.* | *Картотека қосымша тіркелген.* |
| **Серуеннен оралу** | *Ойын- жаттығу Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз.<br>Балаларға реттіліклен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| **Түскі ас** | ***Ойын- жаттығу :***<br>*Ас ішер кезде,<br>Сөйлемейміз, күлмейміз<br>Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз.*<br>***Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"*** | | | | |
| **Ұйқы** | *Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.* | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары** | | | ***№3***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***№4***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***№5***<br>*Картотека қосымша тігілген* |
| **Бесін ас** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | | | ***Санамақ айту<br>Бір үйде біз нешеуміз?*** | ***Картотека № 19<br>«Орнын тап»<br>Мақсаты:*** *балаларға өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтқызып, суреттен таба білуге үйрету.*<br>***Картотека қосымша тігілген.Қатынас саласы*** | ***Картотека №6<br>«Апта күндері»<br>Мақсаты:*** *Апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету*<br>***Картотека қосымша тігілген.Қатынас саласы*** |
| **Серуенге дайындық** | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |
| **Серуен** | | | ***Серуен №8***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* | ***Серуен №9***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* | ***Серуен №10***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* |
| **Балаларды** | | | *Ата –аналармен* | *Ата – аналарға балалармен* | *Бірге істейік* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ң үйге қайтуы** | | | *балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.* | *үйде жеке жұмыс түрлерін мысалы суретті әдемі жапсыруға үйретуін есеру және кеңес беру. Балалардың үйге қайтуы.* | *«Ойыншықтарды жинастыру Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.* |

**ЦИКЛОГРАММА**

***II апта ( қыркүйек айы 2021ж.)***

**« Аққөгершін » тобы**

**Өтпелі тақырып « Балабақшада»**

**Тақырыпша. «Менің достарым»**

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі**<br>**06.09.2021ж** | **Сейсенбі**<br>**07.09.2021ж** | **Сәрсенбі**<br>**08.09.2021ж** | **Бейсенбі**<br>**09.09.2021ж** | **Жұма**<br>**10.09.2021ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | | | | |
| Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. ) | Саусақ жаттығу.<br>Құстар қанат қағады<br>Құстар ұшып барады,<br>Көкте қанат қағады.<br>Барлық құстар қосылып,<br>Шиқ-шиқ-деп, ән салады | Дидактикалық ойын: «Ертегі кейіпкерлерін тауып, олардың жүрісін сал»<br>Ойын шарты: ертегі кейіпкерлерінің жүрісін салады. | «Менің достарым» суреті бойынша, әңгіме құрастырып айтып беруге үйрету. | Дид-қ ойын: «Мен айтамын, досым жасайды»<br>Мақсаты: балалардың ептілігін, аңғарымпаздығын жетілдіру. | Дид-қ ойын: «Сәлемдесу»<br>Балалар екі - үш жұптан бір - біріне қарап, әр түрлі елдің, адамдардың сәлемдесу рәсімін көрсетеді. |
| Таңертеңгі гимнастика | **Таңертеңгі жаттығу кешені.**<br>**Картотека № 2**<br>Жаттығу кешені қосымша тіркелген. | | | | |
| **Таңғы ас** | Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу. | | | | |
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдаст ырылған оқу қызмет-тері** | **1. Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**«Үйшік» ертегісі<br>**Мақсаты:** Ертегі желісін айтып беруге дағдыларын қалыптастыру.<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Амансың ба, алтын Күн!<br>Амансың ба, Жер-ана!<br>Амансың ба, достарым!<br>Сендерді көрсем қуанам.<br>Балалар сендер ертегі жақсы көресініз ба!<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Ғажайып сәт:**<br>Қызыл телпек:<br>- Сәлеметсіңдер ме, балалар! ме алыс жақтан, ертегілер елінен келдім.<br>**Миға шабул**<br>**Жұмбақ жасыру**<br>Диқанның тұқымын<br>Шашпай тек кетпейді<br>Қарны тоқ, қайғысы жоқ<br>Мысық қуса жетпейді.<br><br>2. Тауықтар қорқып жасқанған<br>Құлағы артық басқа аңнан.<br><br>2.Орғыған қорқақ, көзі қыли<br>Қыспен жазда екі түрлі тон киеді. | **1.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:Менің достарым**<br>**Мақсаты:**Достық туралы түсінік беру. Достар арасында сыйластық достық, сүйіспен шілік қарым-қатынастарын қалыптастыру.<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>**Шаттық шеңбері.**<br>**Тосын сәт.**<br>**Ойын:** «Сәлемдесу»<br>Балалар екі - үш жұптан бір - біріне қарап, әр түрлі елдің, адамдардың сәлемдесу рәсімін көрсетеді.<br>**Қызығушылықтары н ояту.**<br>**Ғажайып сәт:**<br>Білмеспек келеді.<br>Дымбілмес: Менімен ешкім сөйлеспейді, ойнамайды, ешкім дос болмайды.<br>(Дымбілмес жылайды).<br>**ой қозғау**<br>- Сендердің достарың | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Заттар тобын салыстыру. Оң жақ – сол жақ<br>**Мақсаты:** Үлгі бойынша санау, екі топтағы заттар арасындағы теңдікті анықтау.Қағаз бетінде бағдарлай алуға дағдыландыру<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>Ұйымдастыру кезеңі.<br>Балалармен амандасу.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Е.Өтетілеуұлының «Көңілді балалар»<br>Жабырқауды білмейміз,<br>Жалқаулықты сүймейміз,<br>Біз талантты жас ұлан,<br>Үлгі аламыз жақсыдан.<br>Балалардан жыл мезгілін,ай атын, апта күнін сұрау.<br>**«Түстер мен заттар» ойыны.**<br>Балаларға доп лақтырып, бір түсті айтамын, допты алған бала сол түске сәйкес затты айту керек.<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Тосын сәт**.Қоян келеді.<br>Қоянмен ойын.<br>**«Не қайда тұр»ойыны.**<br>-Менің сол жағымда не отыр? | **1.Орыс тілі**<br>Педагог жоспары бойынша<br><br>**2. Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** Менің жасыл достарым<br>**Мақсаты:**Бөлме өсімдіктері туралы білімдерін байытып, аттарын атауға үйрету. Балалар ұжымында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Шаттық шеңбер**<br>Табиғатым тамаша,<br>Көз тоймайды қараса.<br>Табиғатты аялап,<br>Жүрейікші балаша.<br>Сәлем бердім, алтын күн!<br>Сәлем бердім, көк аспан!<br>Сәлем бердім, достарға!<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**(жұмбақ жасыру)**<br>Адамдардың бәрі қызығады,<br>Су құймасаң сәні бұзылады.<br>Бұл не?<br>**Табиғат бұрышына саяхат.**<br>**Топтағы гүлдермен таныстыру.**<br>Міне, мынау – қазтамақ деп аталатын гүл. Бөлме гүлі. Оның жапырақтарының лимонға ұқсайтын күшті, жұпар иісі бар. Ақшыл көк, күлгін түсті майда гүлдері | **1.Жапсыру**<br>**Тақырыбы:**<br>«Досымның үйі»<br>**Мақсаты:** Үй туралы түсінік беру**.**Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру.<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>Ұйымдастыру кезеңі.<br>Шаттық шеңбері.<br>**Миға шабул**<br>**Жұмбақ**<br>Ырылдайды,үреді,<br>Үй маңында жүреді.<br>Иесін ол біледі,<br>Бөтен біреу келсе егер,<br>Үріп белгі береді<br>**Тақтаға күшік суретін ілу**<br>Күшік туралы әңгімелесу.<br>**Тосын сәт.**<br>Күшік келеді.<br>сендерден көмек сұрау үшін келіпті.күшіктің тұратын үйі жоқ екен.Не істейміз?<br>Көмектесіп,үйшік салып береміз бе?<br>Ал,сендер қандай үйде тұрасыңдар?<br>**АКТ технологиясы.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ой қозғау.**<br>- Балалар бұл ертегі кейіпкерлері қай ертегі түрлерінде кездеседі?<br>- Тағы қандай ертегі түрлерін білесіңдер?<br>**Үстел үсті театры**<br>**Үйшік ертегісі**<br>**Ой дамыту.**<br>Ертегі қалай аталады?-<br>Үйшікте қандайжануарлар бар?<br>**Сергіту сәті:**<br>Аланда үйшік<br>Есікте құлып<br>Сәулетті үйшік тым жақсы<br>Үйшікте кім бар тіл қатшы<br>Тук, тук ,тук<br>Ертегіні трек сызба арқылы аяқтау<br>Балаларды мадақтау.<br>**Қорытынды:** Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр»<br>Ойының ережесі: балаларға т ірек суреттер беріліп, жануар дыңекінші бөлігін немесе сэй кес келетін тірек белгілерін т ауып, сызық арқылы қосу.М ысалы: қоянның ұзын құлағы кішкентай құйрық ,торғайды ң тұмсығы-т.б. | бар ма?<br>– Достық дегенді қалай түсінесіңдер?<br>-Достар қандай болу керек?<br>Балалардың жауаптары.<br>**Ыстық орындық әдісі.**<br>Бір балаға орындыққа отырады. Сол балаға дос туралы сұрақтар қояды.<br>– Сенің досың кім?<br>– Сен кіммен дос болғың келеді?<br>**Сергіту сәті.**<br>Досым, досым жан досым,<br>Неге сонша шаршадың.<br>Кане ұста қолымнан,<br>Секір, секір, секірші,<br>Бір серігіп аларсың!<br>**Қорытынды.**<br>**«Көңілді доп» ойыны** арқылы сұрақтарды қоя отырып оқу қызметін қорытындылау.<br>Оқу қызметіне белсене қатысқан балаларды күліп тұрған жұлдызшамен мадақтау, мақтау. | -Менің оң жағымда қандай аң отыр?<br>Балалардың жауаптары.<br>**Балаларды түстер бойынша топқа бөлу.**<br>1-топ қызыл түс<br>2- топ көк түс<br>3-топ жасыл түс.<br>Әр топқа тапсырма беру.<br>Тапсырма шарты: шашылып жатырған ойыншықтарды түстеріне қарай сөрелерге орналастыру (жоғарыға қызыл ойыншықтар,ортасына жасыл ойыншықтар, астына көк түсті ойыншықтар)<br>Балаларды жоғарыда, төменде, ортасында, сол жақта, оң жақта, арасында деген сөздерді қолдануға үйрету.<br>Балаларды мадақтау.<br>Әр топқа көңілді смайлктер беру.<br>**«Жасырынбақ» ойыны.**<br>Әр топ қарама қарыс топқа заттың атын айтпай, оның қай жерде тұрғанын және белгілі бір қасиетін айтып жасырады . Қарсы топ оның қандай зат екенін табады. Дұрыс жауап береген топқа смайлк беру. | болады**.**<br>Кактус. Кактуста күлтенің орнында инелер болады.<br>Мынау – фикус деп аталатын  гүл. Оның сопақша пішіндес, үлкен жылтыраған жапырақтары болады. Ауадағы шаңды, адамның қобалжуын, ашуын, көңілсіздігінен арылтады. Жапырақтары арқылы бөлме ішін шаң-тозаңнан сақтайды.<br>**Топқа бөлу**. Балалар өздеріне ұнаған гүлдері арқылы 3 топқа бөлінеді.<br>1-топ Қазтамақ<br>2-топ Кактус<br>3-топ Фикус<br>Әр топқа тапсырма беру.<br>1-топ Қазтамақ тобы: Гүлдердің шаңын сүртеді,су құяды.<br>2- топ Кактус тобы :Ойын «Гүлге не қажет?»<br>Гүлге арналған құралдарды тауып тақтаға іледі<br>3- топ Фикус тобы: Ойын :«Гүлдерді құрастыр».<br>Қиылған гүлдерді құрастырып,қандай гүл | Слайд .Үйлер.<br>Үйшік жасаудың әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру..<br>Қауіпсіздік ережесімен таныстыру.<br>Сертгіту сәті.<br>Иіліп оңға бір,<br>Иіліп солға бір.<br>Денемізді дұрыстап,<br>Тұрамыз тік ұстап.<br>Балалар жұмыстарын жалғастырады.<br>Жеке көмек.<br>Қорытынды.<br>Күшік балалардың жасаған үйлеріне қуанып,қоштасады.<br>Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.<br>Балаларды мадақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2.Музыка**<br>Педагог жоспары бойынша<br><br><br><br>**3. Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы**: Біз күштіміз.<br>**Мақсаты:** Балалаларға жаттығу жасауды үйрету**.**Текшелерден аттап жүруге дағдыландыру.<br>**ҰОҚ өтілу барысы:**<br>**1.Сәлемдесу.**<br>**2. Шеңбермен жүру.**<br>Қолды жоғары созайық,<br>Шапалақты ұрайық.<br>(қолды жоғары созып шапалақтап жүру)<br>Кәне қолды жазайық,<br>Қарлығашқа ұқсайық<br>Балаларды мадқтау.<br>Балаларға таяқшалар беру, бірінің соңынан бірін жүгіріп, шеңберге тұрғызу.<br>**3.Жалпы даму жаттығулары.**<br>**1.** Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Басты оң иықтан сол иыққа қарай, сол оңға қарай иілту. «з-з-з» деп айту. /4 рет қайталау/<br>**2**. Аяқтары алшақ қойылған , қолдары бүйірде, оңға - | **2.Сурет салу**<br>**Тақырыбы**:«Досымның үйі»<br>( заттық сурет салу)<br>**Мақсаты:** Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету.Үлгі бойынша пішінін ескере отырып сурет салуды үйрету.<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Қызығушылықтрын ояту.**<br>**Тақпақ оқу**<br>**Біздің үй ( Ғ.Өкеев)**<br>Қалаушы да табылды,<br>Үй салынды, жабылды,<br>Қосып құмға лайды.<br>Сылақшылар сылайды.<br>Тезерек, есік, едені,<br>Қиюласты әдемі.<br>Құрылысшы боламыз,<br>Зәулім үйлер саламыз<br>**Ой қозғау**<br>Балалар, үйді кімдер тұрғызады?<br>балалармен әңгіме жүргізу. | **Сергіту сәті.**<br>Ал, балалар тұрайық.<br>Үлкен шеңбер құрайық,<br>Алақанды соғайық.<br>Оң жақтағы балаға,<br>Шапалақты соғайық.<br>Сол жақтағы балаға,<br>Шапалақты соғайық.<br>Жоғары төмен қарайық,<br>Орнымызды табайық.<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>Алдарында қағазда бейнеленген заттарды топтастырады.<br>Доп көп, шар аз. т.б.<br>Балаларды мадқтау.<br>Смайлк беру.<br>**Қорытынды.**<br>Қоян балаларды мадақтап, рахмет айтып қоштасады<br>Балаларға сұрақ қою арқылы қорытындылау.<br>-Қандай тапсырмаларды орындадық?<br>-Қандай ойын ойнадық?<br>Белсене қатысқан балаларды мақтау-мадақтау.<br>Әр топтың смайлктерін салыстырып,мадақтау<br><br>**2.Құрастыру**<br>**Тақырыбы**:«Досымның үйі»<br>**Мақсаты:** Орналастыру | екенін айтады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Гүлдер, гүлдер, шоқ гүлдер,<br>Қызыл гүлдер, көк гүлдер.<br>Тұра берші ырғалып, Тұра берші нұрланып.<br>Сол тұрғаның ұнайды,<br>Құлпырғаның ұнайды. Ұқсап сәби балаға.<br>**Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.**<br>-Табиғат бұрышында не бар?<br>-Бөлме гүлдерін қалай күтеді?<br>-Гүл атымен аталатын қыздардың аттарын білесіңдер ма?<br>Балаларды мадақтау.<br>Жақсы қатысқан балаларға жұлдызша беру.<br><br><br>**3.Тапқыштар(В)**<br>Тақырыбы:Түс және пішін<br>Мақсаты :Түсті және заттардың пішінін ажырата білу<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>Ұйымдастыру кезеңі.<br>Балалармен амандасу.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Сәлем деймін күнге мен,<br>Сәлем деймін мен саған,<br>Сәлем дейміз апайға, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | солға бұрылу, Әр бұрылған сайын «көрдім» деп айту. / 4 рет қай/<br>**3**. Аяқтары алшақ қойылған , Қолды алдыға созып, оң қолмен сол қолды айқастырып, қайшылау. / 4 рет қайталау/<br>**4**. Аяқтарын біріктіру. Қолдарын қоянның аяғына ұқсату. Орнында секіру. /15-20 секунд/<br>**5) Тыныс алу жаттығуы**<br>Араның дыбысын салу.<br>-з-з-з<br>**4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.**<br>Текшелерден аттап жүру.<br>**5.Қимылды ойын:** «Күн мен түн» Ойын шарты: Тәрбиеші «күн» дегенде балалар секіреді,жүгіреді.<br>«Түн» дегенде ұйықтайды.<br>**6.Қортынды.** Балаларды мадақтау | Слайд. Үйлер<br>**Топқа бөлу.**<br>Карандаш,бояу арқылы.<br>Балалар өздеріне ұнаған заттарды алады.<br>1-Топ. Карандаштар<br>2- топ. Бояулар.<br>**Жұмыстың орындалу техникасын көрсету.**<br>**1-топ** Карандашпен үйдің суретін салады.<br>**2 топ** Қылқаламен үйдің суретін салады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Қарлығаш боп ұшайық. Бір отырып, бір тұрып, Жақсы сергіп алайық.<br>**Дидактикалық ойын.**<br>«Бұл үйде кім тұрады».<br>АКТ пайдалану.<br>**Галереяны шаралу.**<br>Балаларды мадақтау.<br>3 шапалақ әдісі арқылы қорытындылау. | тәсілдерін қолдана отырып, үйді пластина-ларды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлдененінен орналастырырып құрастыруға үйрету.<br>Дид-қ ойын: «Дұрыс, бұрыс»<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>Ұйымдастыру кезеңі.<br>Шаттық шеңбері.<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым,<br>Жарқыраған күнге!<br>**Әңгімелесу.**<br>Балалардың өздері тұратын үйлері жайында әңгімелету.Мекен жайларын сұрау.<br>**Акт технологиясы.**<br>Балалармен бірнеше үйлердің суреттерін қарап , талдау жасау.<br>**Ой салу.**<br>Өз үйлерін қалай құрастыруға болатынын ойландыру.<br>**Топқа бөлу.**<br>Лего ойыншықтары және конструктор арқылы топқа бөлу,Әр бала құрылыс материалдарынан өз үйлерін құрастырады, үйдің іргетасы ,қабырғалары | Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Балаларды тақтаға назар аудару.<br>Не көріп тұрсыңдар? (Күз мезгілі)<br>- Ал тағы нені көріп отырсыңдар? (пішіндер,түстер)<br>Түстерді қайталау.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Дәл осындай пішінді тап»<br>Балалар сендер пішіндерден не құрастыруға болатынын білесіңдер ме?<br>Балалардың жауаптарын.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>Геометриялық пішінге ұқсас заттарды білесіңдер ме?<br>Біздің тобымыздың ішінде шеңберге ұқсас қандай заттар бар?<br>Ал үшбұрышқа ұқсас қандай заттар ба?<br>Неге оны үшбұрыш деп атаймыз?<br>Балалардың жауаптары.<br>**Сергіту сәті.**<br>Кәне серігіп ойнайық:<br>Алма, алма, көп алма<br>Қызыл жасыл, сары алма.<br>Теріп, теріп алайық,<br>Қалтамызға салайық.<br>**Топтық жұмыс.** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **3. Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:**Бір орыннан ұзындыққа секіру.<br>**Мақсаты.**Балаларды орында тұрып ұзындыққа секіруге үйрету.Жылдам жүгіруге жаттықтыру.<br>**ҰОҚ өтілу барысы:**<br>**1.Амандасу.**<br>2. Шеңбер бойымен жүру,жүгіру.<br>«Орман аңдары»<br>1. «Аю»<br>Қолды белге қойып, (қорбандап) табанды нық басып жүру.<br>2. «Түлкі»<br>Қолды жанға ұстап, (құланып) бір сызықпен жүру.<br>3. «Көжек»<br>Қолды кеуденің алдында иіп, қос аяқпен секіру.<br>4. «Қасқыр»<br>Баяу жүгіру, жылдам жүгіру.<br>Балаларға әр түсті екі текшелерден беріп,бірінің соңынан бірін жүргізіп, | ,төбесі, терезелері, т.б бөліктерін тауып алады.<br>Балаларды бақылау.<br>**Сергіту сәті.**<br>Ал,балалар,тұрайық,<br>Алақанды ұрайық.<br>Бір отырып,бір тұрып,<br>Біз демалып алайық.<br>Бір бірінің жасаған үйлерінің құрылыстарын қарап шығады.<br>Қорытынды.<br>Өз ара бір бірін бас бармақ арқылы бағалайды.<br>Балаларды мадаақтау.<br><br>**3. «Өнерлі екен он саусақ» (В)**<br>**Тақырыбы**.Конвертке салынған ашық хат.<br>**Мақсаты.**Қатырма қағаз парағының бұрыштарын симметриялы бүктеу<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>Ұйымдастыру кезеңі.<br>Балалармен амандасу.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>**«Бақыт»**<br>Бақыт – біздің сиқырлы шеңберіміз,<br>Бақыт – біздің достарға сенгеніміз.<br>Бақыт – таңнан біреумен достасуың,<br>Бақыт – кеште достармен | алдарында жатқан тапсырмалармен таныстыру.<br>Ненің суретің көріп тұрсындер?<br>Түстеріне,пішініне қарай сызықпен қос.<br><br>**Қорытынды.**<br>Сұрақ жауап арқылы қорытынылау.<br>Балаларды мадақтау.<br>Еркін ойын. Пішіндерден әр түрлі заттар құрастырады.<br><br><br>**4. Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы** :Көңілді доптар<br>**Мақсаты:**Бір-біріне допты домалатуды үйрету. Допты домалату кезінде қолдың қозғау күшін, қимыл үйлесімділігін, ұқсас сезім мүшелерін дамыту.<br>Құрсаудан еңбектеп өтуге дағдыландыру.<br>**ҰОҚ өтілу барысы:** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | шеңберге тұрғызу.<br>**3.Жалпы даму жаттығулары.**<br>1.Екі қолмен допты ұстап,алға созу.<br>2.Б.Қ.Допты қос қолмен ұстап,жоғары көтеру.<br>3.Б.Қ отыру.Допты қос қолмен ұстап,аяққа тигізу.<br>4.Б.Қ.Допты ұстап секіру.<br>5.Тыныс алу.<br>**4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.**<br>**Құрсаудан еңбектеп өту.**<br>**5.Қимылды ойын:**<br>Торғайлар мен мысық<br>Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру.<br>Қорытынды<br>Балаларды мадақтау | қоштасуың.<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>Сәуле қуыршақ келеді. Балалардан көмек сұрайды. Әжесінің,анасының туған күндеріне ашық хат жасап беруін сұрайды.<br>**Ой дамыту.**<br>Ашық хат туралы түсінік беру.<br>оған құттықтаулары, тілектер немесе шақырулар жазылатынын көрсету.<br>Ашық хат жасаудың әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру.<br>**2-топқа бөлініп ашық хат жасау.**<br>**1-топ** конверт сыртына гүлдер қиып жапсырады..<br>**2-топ** ашық хат ішіне гүлдер қиып жапсырады.<br>**Саусақ жаттығуы: «Күн мен гүл»**<br>Көтерілсе күнім,<br>Ашылады гүлім.<br>Кешкісін күн батады,<br>Гүл ұйқыға батады.<br>Балалар жұмыстарын бақылау жеке көмек көрсету.<br>Қорытынды.<br>Балалардың жұмыстарын қорытындылау,мадақтау. | **1Амандасу.**<br>**2. Шеңбер бойымен жүру,жүгіру.**<br>«Орман аңдары»<br>1. «Аю»<br>Қолды белге қойып, (қорбандап) табанды нық басып жүру.<br>2. «Түлкі»<br>Қолды жанға ұстап, (құланып) бір сызықпен жүру.<br>3. «Көжек»<br>Қолды кеуденің алдында иіп, қос аяқпен секіру.<br>4. «Қасқыр»<br>Баяу жүгіру, жылдам жүгіру.<br>Балаларға әр түсті екі текшелерден беріп,бірінің соңынан бірін жүргізіп, шеңберге тұрғызу.<br>**3.Жалпы даму жаттығулары.**<br>1.Екі қолмен допты ұстап,алға созу.<br>2.Б.Қ.Допты қос қолмен ұстап,жоғары көтеру.<br>3.Б.Қ отыру.Допты қос қолмен ұстап,аяққа тигізу.<br>4.Б.Қ.Допты ұстап секіру.<br>5.Тыныс алу.<br>**4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.**<br>Құрсаудан еңбектеп өту.<br>**5.Қимылды ойын:** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Сәуле куыршаққа сыйлау. Сәуле қуанып балалармен қоштасады. | Торғайлар мен мысық Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру. Шеңберге тұру. Балаларды мадақтау. | |
| **Серуенге дайындық** | **Киіну:** Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Серуен:** | **Картотека №11** Картотека қосымша тіркелген. | **Картотека № 12** Картотека қосымша тіркелген. | **Картотека №13**Картотека қосымша тіркелген. | **Картотека №14** Картотека қосымша тіркелген. | **Картотека №15** Картотека қосымша тіркелген. |
| **Серуеннен оралу** | Ойын- жаттығу: Мөлдір су Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі. | | | | |
| **Ұйқы** | Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары** | **№6** Картотека қосымша тігілген | **№7** Картотека қосымша тігілген | **№8** Картотека қосымша тігілген | **№9** Картотека қосымша тігілген | **№10** Картотека қосымша тігілген |
| **Бесін ас** | Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке** | «Кім жылдам» Қиындылардан суреттер құрастыру. . Еркін ойын. Қадағалау. | Лега ойынымен әр түрлі заттар құрастыру. Жабайы аңдар туралы тақпақтар жаттау. Еркін ойын. Қадағалау. | Дидактикалық ойын: «Кімге не ұнайды?» Еркін ойын. Қадағалау. | Суретпен жұмыс. Суретке әңгіме құрап айту, баланың тілін жаттықтыру. Ойын бұрышын ретке келтіру. | Қызықты ойын: «Кім тапқыр?» Геометриялық пішіндермен жұмыс. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **жұмыс** | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. | | | | |
| **Серуен** | **Серуен №11**<br>Картотека қосымша тіркелген. | **Серуен № 12**<br>Картотека қосымша тіркелген | **Серуен №13**<br>Картотека қосымша тіркелген. | **Серуен № 14**<br>Картотека қосымша тіркелген. | **Серуен № 15**<br>Картотека қосымша тіркелген. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. | .Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Балалардың денсаулығы жайлы әнгімелесу | Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. |

# ЦИКЛОГРАММА

***III апта (    қыркүйек айы 2021ж.)***

**« Аққөгершін » тобы**

**Өтпелі тақырып « Балабақшада»**
**Тақырыпша. «Менің сүйікті ойыншықтарым»**

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі**<br>**13.09.2021ж** | **Сейсенбі**<br>**14.09.2021ж** | **Сәрсенбі**<br>**15.09.2021ж** | **Бейсенбі**<br>**16.09.2021ж** | **Жұма**<br>**17.09.2021ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. | | | | |
| Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. ) | Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар. | Дид ойын: «Мәшіндер қалай аталатынын атап , шешуін тап» Мақсаты: Күрделі сөздерді құрастыра білуге үйрету. | Дидактикалық ойын: « «Қай ойыншық тығулы тұр?» Мақсаты: Балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. | Үстел- үсті ойыншықтары театры: Мақсаты: ойыншық кейіпкер үшін іс-әрекет орындау, бейнелеудің басым құралдары дауыс ырғағы және бет қимылы болып табылады. | «Фотосуреттер қарастыру «Ертегілер Елінде». Фотосуретте бейнеленген ертегілерді атау.. |
| Таңертеңгі гимнастика | **Таңертеңгі жаттығу кешені.**<br>**Картотека № 3**<br>Жаттығу кешені қосымша тіркелген. | | | | |
| **Таңғы ас** | Астарын төкпей ішу. Ас үшіп отырып сөйлемеу.<br>Ас ішіп болып, қолдарын жуу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындау. | | | | |
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:«Бақшадағы ойыншықтар»**<br>**Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын ойыншықтардың атауларымен  дамыту<br>**.Оқу қызметінің барысы**<br>**Ұйымдастыру:**<br>**Шаттық шеңбер.**<br>Біз ұқыпты баламыз<br>Айтқан тілді аламыз<br>Ойыншықтарды жинаймыз<br>Үлкендерді сыйлаймыз<br>Балалар қәзір жылдың қай мезгілі?<br>Күз мезгілінің неше айы бар?<br>Кәне атап жіберіңдерші<br>Қазір күздің қай айы?<br>Бүгін ауа-райы қандай болып тұр?<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>Жұмбақ:<br>Аяғы бар жүрмейді<br>Ауызы бар күлмейді<br>Айнымайды бөпемнен<br>Тек сөйлеуді білмейді.<br>Қуыршақты көрсету.<br>Тағы қандай ойыншықтарды білесіңдер?<br>**Ой қозғау**.<br>Сұрақ жауап<br>1. Сендер ойыншықпен ойнағанды ұнатасыңдар ма?<br>Сендерге қандай ойыншық ұнайды?<br>Қыз балалар көбіне қандай | **1.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Ойыншықтар»өлеңі.    Н. Әлімқұлов.**<br>**Мақсаты:** Өлеңді эмоционалды қабылдай білуді дамыту, түсініп, есте сақтауға үйрету.<br>**Оқу қызметінің барысы**<br>**1.Ұйымдастыру: Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Аяғы бар, жүрмейді,<br>Аузы бар, күлмейді<br>Айнымайды бөпемнен,<br>Тек сөйлеуді білмейді.<br>-Дұрыс қуыршақ.<br>- Біздің бөлмемізде қандай ойыншықтар бар?<br>Балалардың жауаптары<br>**Нұрсұлтан Әлімқұловтың «Ойыншықтар»** өлеңімен танысып, жаттау.<br>Өлеңді мәнерлеп оқу.<br>**Ойыншықтар**<br>Біздерде бар қуыршақ,<br>Бұзау, қозы, құлыншақ.<br>Ойыншықтар тыңдайды,<br>Ақыл айтсақ, бұйырсақ,<br>Қуыршақтар ұйықтайды. | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті табу. Үлкен, кіші, кішкентай. Шаршы<br>**Мақсаты:** Заттар саны мен цифр арасындағы байланысты қою; «үлкен, кіші, кішкентай» өлшемдері, әртүрлі өлшемдегі шаршы туралы ұғымдарын қалыптастыру. Геометриялық пішін – шаршы туралы түсінікті нығайту; зейіндерін дамыту.<br>**Оқу қызметінің барысы**<br>**Ұйымдастыру   кезеңі.**<br>Балалармен амандасу.<br>Доп лақтыру әдісі арқылы жыл мезгілін,ай атын,апта күнін сұрау.<br>**Өткенді қайталау**<br>Дидактикалық ойын: «Математикалық пазл»<br>Мақсаты: Сандарды қайталап ретімен дұрыс орналастыру.<br>Ойын шарты: Балалар қиынды суреттерден сандарды ретімен құрастырады. | **1. Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**  Топтағы ойыншықтар<br>**Мақсаты:**Ойыншықтар туралы мағлұмат беру.Ойыншық түрлерін айту, ажырата білу.<br>Балаларға ойын ойнау арқылы ойыншықтардың неден, қандай заттардан жасалатыны жайында ұғым беру.<br>**Оқу қызметінің барысы**<br>**1.Ұйымдастыру:**<br>**Мнемотехника арқылы жыл мезгілін сипаттау.**<br><br>**2.Тосын сәт**. Қонаққа Буратино келеді. Балалармен амандасады.<br>Үстел үстінде тұрған бірнеше ойыншықтарды көріп таңырқайды.<br>- Балалар, мына үстел үстіндегі жатқан заттар не?<br>- Ойыншықтарды жеуге бола ма?<br>Балалардың жауаптары.<br>**3.Дүкенге саяхат.** | **1.Музыка**<br>Педагог жоспары бойынша<br><br>**2.Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:«Қоян-менің сүйікті ойыншығым»**<br>**Мақсаты:** Ермексазды домалату,шымшу,жалпайту тәсілдерін қолдана отырып, қоянды мүсіндеуді үйрету,<br>**Оқу қызметінің барысы**<br>Ұйымдастыру:<br>Шаттық шеңбер<br>Арайланып таң атты.<br>Күн шуағын таратты<br>Қайырлы таң, қайырлы күн!<br>Қайырлы күн, достарым!<br>Жылуыма жылу қос,<br>Бәрімізз болайық дос!<br>**Миға шабул әдісі.**<br>Жұмбақ шешу:<br>Құлағы ұзын,<br>өзі қорқақ, сәбізді ұнатады – ол не?<br>(қоян)<br>Қоянның бейнесін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыншықпен ойнайды?<br>Ал,ұлдар ше?<br>- Балалар, сендер ойыншықты қалай күтіп ұстайсыңдар?<br>**АКТ технологиясы.**<br>**Слайд.Ойыншықтар**<br>Суреттен қандай ойыншықтарды көріп тұрсыңдар?<br>Балалардың жауаптары.<br>Қонаққа ойыншықтардың досы Айгүл келді. Айгүл бізге ойыншықтар әкеліпті. Қазір сол ойыншықтарды сендерге таратып беремін.<br>- Қане, балалар, алған ойыншықтарың туралы бізге айтып беріңдер? Түсі қандай,неден жасалған?<br>/балалардың жауабы/<br>**Сергіту сәті.**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Алақанды ұрайық.<br>Бір отырып, бір торып,<br>Біз бір дем алайық.<br>Балаларды мадақтау<br>**Тақпақ айту.**<br>Ойыншықтарым көп менің<br>Бәрін жақсы көремін.<br>Кешке дейін жалықпай,<br>Бірге ойнап жүремін.<br>.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау мақсатында балаларға сұрақтар қою. Балаларды мадақтау. | Айтқаныңнан шықпайды.<br>Бұзау, қозы құлыншақ.<br>«Ұйықта» десең, ұқпайды.<br>Тыңдамайды ұрысса,<br>Осылары дұрыс па?<br>Тентектігін қоймаса,<br>Тұрғызармын бұрышқа.<br>**Бір қадам әдісі** бойынша жаттау.<br>Балаларды мадақтау<br>**Сұрақ-жауап**<br>Балалар, өлең сендерге ұнады ма?<br>Өлеңде не туралы айтылған?<br>Ойыншықтармен қалай ойнау керек?<br>Ойыншықтар неден жасалады?<br>**Сергіту сәті**<br>Тік ұста бойыңды,<br>Жоғары соз қолыңды.<br>Соз қолыңды тағы да,<br>Жеткіз жираф мойына.<br>**Карточкалармен жұмыс.**<br>Ойыншықтармен не істеуге болмайтыны, не істеу керектігі жайлы карточкадағы суреттер арқылы айтып береді<br>**Қорытынды.**<br>Мына суреттерден ойыншықты тауып қорша.<br>Балаларды мадақтау | <br>**Ой қозғау**. Ненің суреті шықты?<br>Балалардың жауаптары.<br>Дұрыс автобус.<br>Балалар, осы автобуспен орманға саяхатқа барамыз.<br>**Орманда құртақандарға кездесу.**<br>Кәне, балалар олармен жақсылап танысып алайық.<br>Балаларға «үлкен-кішкентай, түсі, алдында-артында, арасында, қасында» деген сөздерді пайдаланып, суреттегі әр құртақанды сипаттап беруді ұсыну.<br><br>Балаларды пішіндер арқылы 3 топқа бөлу.<br>1-топ үшбұрыштар<br>2-топ төртбұрыштар<br>3-топ дөңгелектер.<br>Әр топқа тапсырма беру.<br>**1-топ үшбұрыштар тобына** | **Ойыншықтарды сипаттау.**<br><br>Ойыншықтар резеңкеден, ағаштан, пластмасса ойыншық түрлерін көрсетіп түсіндіру.<br>**4. Балаларды екі орталыққа бөліу.**<br>1-ші орталықтағы балаларға машина, қуыршақ, кірпі, күшік, робот, автобус, құрылыс материалдары, т.б. әртүрлі материалдан жасалған ойыншықтар дың ішінен өзіне ұнаған ойыншықтың біреуіне сипаттама жасайды.<br>2-ші орталықтағы балалар ойыншықтарға арнап үй құрастыруды.<br>**5. Сергіту сәті:**<br>Біз ойыншықпен ойнаймыз,<br>Қоян сияқты секіреміз.<br>Аю сияқты қорбандап,<br>Қу түлкідей жүгіріп,<br>Қуыршақпен дос болып,<br>Бір керіліп аламыз<br>**6. Ойын: « Орнында не жоқ?»** | сиппатау.(дене мүшелерін)<br>**«Кім жылдам?»**<br>Мақсаты: Шапшаңдылыққа үйрету.<br>Ойын шарты.<br>Пішіндерден қоян бейнесін құрастыру.<br>Балаларды мадақтау.<br>**Топқа бөлу.**<br>Үлкен кіші сәбіздер арқылы.<br>**Қоянды мүсіндеуді әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру.**<br>1. Ермексазды жұмсартқызу;<br>2. Үлкен және кішкентай сопақша бөлшектерге бөлгізу;<br>3. Кішкентай сопақшалардан аяқ, қол жасату;<br>4. Барлық бөлшектерін біріктіріп, қоянды жасату.<br>1-топ ермексаздан қоян мүсіндейді.<br>2-топ кардан бетіне саусақтармен есіп мүсіндейді.<br>Балалардың жұмысын бақылау.<br>Жеке көмек.<br>**Сергіту сәті**<br>Ұзын құлақ сұр қоян, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2.Музыка**<br>**Педагог жоспары бойынша**<br><br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**Сүрелей жолмен барамыз<br>**Мақсаты:** Аяқ пен қолдың қозғалысын келістіріп,тізені биікке көтеріп жүруді үйрету. Допты қақпаға домалату. Денені түзу ұстап ,тепе –теңдік сақтау қабілеттерін жетілдіру.<br>**ҰОҚ өтілу барысы:**<br>**1.Амандасу**.<br>-бір тізбекпен қолды жоғары көтеріп жүру;<br>- қолды белге қойып жүру;<br>-баяу жүгіру;<br>**2.Жалпы даму жаттығулары:**<br>1. Басқа арналған жаттығулар<br>1. Алға<br>2. Бастапқы қалыпқа келу | **2.Суретсалу**<br>**Тақырыбы:**«Менің сүйікті ойыншығым»)<br>**( заттық сурет салу)**<br>**Мақсаты:** Домалақ пішінен доптыңың суретің салып, ирек сызықпен әшекейлеуді үйрету,суретті бояу әдіс –тәсілдерін меңгерту.<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Шаттық шеңбер**<br>Қуан,шаттан,алақай,<br>Қуанатын күн келді.<br>Қайырлы таң!Қайырлы күн!<br>Күліп шықты күн бүгін!<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>жұмбақ жасыру<br>Тепсең-ақ секіріп,<br>Ұстатпай қашады.<br>Бір жерге бекініп,<br>Тұра алмай сасады.<br>**Ой қозғау.**<br>.Сұрақ-жауап:<br>-Доп не үшін қажет?<br>-Допты неден жасайды? | **тапсырма.**Құртақандардың қолындағы пішіндерді ата және шаршыны көрсет.<br><br>**2-топ төртбұрыштар тобына тапсырма:**<br>Құртақандарды санына қарай сызық арқылы үйлеріне орналастыр.<br><br>**3-топ дөңгелектер тобына тапсырма:**<br>Дидактикалық ойын: «Жасырынған пішіндер»<br>Ойын шарты: Суретке қарап,затттардың қай бөлігі қай пішінге ұқсайтынын табу керек.<br>Балалардың орындаған тапсырмаларын бақылау, мадақтау.<br>Әр топқа смайлктер беру.<br>**Сергіту сәті.**<br>Секірейік, жүгірейік<br>(бір орында секіру, жүгіру)<br>Ку анайық, күлейік | Шарты:үстел үстіне 5ойыншық қойылады.Балалардан көздерін жапқан кезде тәрбиеші бір ойыншықты алып тастайды. Балалар қай ойыншық жоқ екенін айтады.<br>**7.**Буратина балаларға рахмет айтып қоштасады.<br>**Қорытынды.**<br>Бүгінгі жиыннан алағн әсерлерін, көңіл күйлерін, немен айналысқандарын, не үйренгендерін сұраймын.<br>Балаларды мадақтаймын<br><br>**2.Тапқыштар (В)**<br>**Тақырыбы**:Суретпен жұмыс. Заттардың бағытын,орнын ауыстыру<br>**Мақсаты:**Заттардың кеңістікте орналасуы жайында түсінік беру<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Шаттық шеңбер**<br>Ұйымдастыру.<br>Амандасу.<br>Қызығушылықтарын ояту.<br>Тосын сәт.<br>Қызыл телпек келеді.<br>Сәлеметсіздерме балалар!<br>Мен Қызыл телпекпін. Мені анам әжеме жіберіп еді, тәтті | Естіп қалып сыбдырды<br>Ойлы қырлы жерлермен<br>Ытқып ытқып секірді.<br>Қорытынды<br>Көрме ұйымдастыру<br>Балалардың жұмыстарын бағалап,мадақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3. Артқа ию<br>4. бастапқы қалыпқа келу (2 - рет)<br>2. Иыққа арналған жаттығулар<br>1.  иықты көтеру,түсіру. (2 рет)<br>3. Қолға арналған жаттығулар<br>1. Қолды алға созу<br>2. Жоғары созу<br>3 Жанға созу<br>4 Бастапқы қалыпқа келу (2 рет)<br>4. Белге арналған жаттығулар<br>1. Оңға иілу<br>2. Бастапқы қалыпқа келу<br>3. Солға иілу<br>4. Бастапқы қалыпқа келу<br>5. Аяққа арналған жаттығулар<br>Секіру.<br>Тыныс алу жаттығуы.<br><br>**3.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары:**<br>Заттарды айнала жүру<br>**4.Қимылды ойын:** «Мені қуып жетіңдер»<br>**5.Қорытынды.**<br>Балаларды мадқтау.<br>Қолданған заттарды жинауға үйрету. | -Доппен ойнайтын ойындарды атаңдар?<br>Балалардың жауаптары.<br>**Тосын сәт.**<br>Топқа доп домалап келеді.<br>Ой қозғау.<br>Доп қандай?<br>-Бүгін доптардың суретін салуды үйренеміз.<br>Жұмыс ретімен таныстыру:<br>**Сурет салудың әдіс тәсілін көрсету,түсіндіру**.<br>**2-топқа бөлу.**<br>1-топ бояумен доптың суретін бояйды.<br>2-топ васкович карандашпен доптың суретін бояйды.<br>Сергіту сәті:<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Қолды белге қоямыз.<br>Бұрыламыз оңға бір,<br>Бұрыламыз солға бір.<br>Біздер тату баламыз,<br>Гүл-гүл жайнап жанамыз.<br>Балалар жұмысы<br>Жеке балалармен жұмыс.<br>қиналған балаларға | (бір – біріне қарап күлімсіреу)<br>Отырайық, дем алайық (жүресінен отыру, дем алу)<br>Дем алып – ап, жүрейік (тұру, бір орында жүру)<br>**Қорытынды.**<br>Балаларға тапсырманы орындағаны үшін алғыс білдіремін және бүгін құртақандар мен қоштасып балабақшаға оралу.<br>Балаларға сұрақтар қою арқылы оқу қызметін аяқтау. Әр топтың смайлктерін салыстырып,мадақтау.<br><br><br>**2. Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: «Ойыншықтар»**<br>**Мақсаты:**Бала-лардың мінез құлқында қарапайым әдеп ережелерін бекіту.<br>Ойын барысында ойыншықтарға ұқыптылықпен, қарай білуге баулу.<br>**1.Ұйымдастыру:**<br>Жыл мезгілін сұрау.<br>**Тосын сәт.**   Қуыршақ келеді.(көңілсіз)<br>-Туған күніне не | бәліштер алып бар деп.. Ал мен болсам орманның ішіне кіріп күзгі табиғатты тамашалап, әдемі жапырақтар жинап жүріп адасып кеттім сол жүргенде алдымнан қасқырды жолықтырдым.<br>-Қасқыр болса математикадан есептерін шеше алмай отыр екен.<br>-Тапсырмаларымды орындап алып келмесең әжеңнің үйіне жібермеймін дейді. Мен әжемді қатты сағындым.<br>Барғым келіп тұр -Сіздер маған көмек бересіздер ме?<br>Балалардың жауаптары<br>**Қасқырдың тапсырмасын орындау**<br>**1-тапсырма.**<br>Дидактикалық ойын:<br>«не қайда тұрады?»<br>Топтағы заттардың қайда тұрғандарын айтады.<br>**2-тапсырма**<br>Суретпен жұмыс<br>Нешінші тұр?<br><br>Балаларды мадақтау.<br>**3-тапсырма**<br>Сәулеге себетке жемістерді | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. ) | «Ғажайып қалта»ойын-жаттығу Тақырыбы:Мақсаты: ойыншықтардың атын атай білуге үйрету, ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту. | Дид ойын «Қай кезде болады?»<br>Мақсаты: Табиғаттағы күз белгілерін анықтай білу білімдерін бекіту. | Саусақ жаттығуы. «Қуыр-қуыр, қуырмаш» саусақ ойыны:Мақсаты: саусақ қимылын жетілдіру, үлкендерден кейін қайталап айтуға үйрету. | Ойын «Ұқсас ойыншықтар»<br>Мақсаты: Ұқсас заттарды таба білуге үйрету. | Ойын: «Кім санай біледі?»<br>Мақсаты: Сандық сандарды уйретуді жалғастыру.<br>Санауға деген қызығушылықтарын арттыру. |
| Таңертеңгі гимнастика | **Таңертеңгі жаттығу кешені.**<br>**Картотека № 6**<br>Жаттығу кешені қосымша тіркелген. | | | | |
| **Таңғы ас** | Ойын- жаттығу :Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаңсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>«Ас дәмді болсын!»<br>Ас құрамымен таныстыру . | | | | |
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы**:«Әйгерім дастарханды әзірлеп жатыр»<br>**Мақсаты:**Сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету.Заттарды және олардың тұрған орнын аңықтау дағдыларын жетілдіру<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы**<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>**Шаттық шеңбері**<br>Армысың, қайырымды Аспан ата!<br>Армысың, шұғылалы Алтын күн!<br>Армысың, мейірімді Жер ана!<br>Армысың, сүйікті балабақша!<br>Армысыздар, Армысыңдар, достарым! Сіздерді көрсем қуанам.<br>Балалар, бір жылда неше мезгіл бар?<br>-Жыл мезгілдерін атап беріңіздерші.<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Күзде ауа-райы қандай болады?<br>-Адамдар қалай киінеді?<br>-Күзде не жауады?<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>Тосын сәт: Әйгерім қуыршақ келеді.<br>Балалардан көмек сұрайды.<br>Әйгерім қуыршаққа достары келеді екен, соларға дастарқан әзірлегісі келеді.. Бірақ, ол ыдыстарды білмейді екен.<br>Әйгерімге дастарқан әзірлеуге көмектесеміз бе?<br>**АКТ технологиясы.**<br>Балаларға слайд көрсету | **1.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**<br>«Бағдаршам» өлеңі. С.Дүкенбай.<br>**Мақсаты:** Өлеңді түсініп, есте сақтауға жүйелілігін сақтауға үйрету. Сөйлеу тілін дамыту.Байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы**<br>Ұйымдастыру кезеңі<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Біз қандаймыз, қандаймыз,<br>Шұғылалы таңдаймыз!<br>Күлімдеген күндейміз!<br>Еш уайымды білмейміз.<br>Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Күз мезгілі неше айдан тұрады?<br>- Қазір қай ай?<br>Балалардың жауаптары.<br>**Ой қозғау.**<br>Балалар сендер қалай ойлайсыңдар көшеде жүру тәртібін не басқарады?<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Балалар қарандаршы бағдаршамның неше көзі бар?<br>Ал, түстері қандай?<br>Қызыл, сары, жасыл түстер нені білдіреді?<br>Ал, балалар сендер жиек жол деген не екенін білесіңдер ме?<br>Ол не үшін қажет?<br>Балалардың жауаптары | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы.** 2 саны мен цифры. Қысқа – ұзын.<br>**Мақсаты :**2 цифрымен таныстыру; 2 цифрын жазып үйрену «ұзын, қысқа, тар, кең» және «дөңгелек» туралы ұғымдарын қалыптастыру<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы**<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>**Шаттық шеңбері**<br>Үлкенге де сіз,<br>Кішіге де сіз.<br>Баршаңызды құрметтеп<br>Бас иеміз біз.<br>- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Күз мезгілінде неше ай бар?<br>- Күз айларын атап айтайықшы?<br>**Өткен оқу қызметін балалардың естеріне түсіру**<br>- Балалар, біз өткен оқу қызметінде қандай санмен таныстық? (Бір).<br>- Маған столдың үстінен сол бір санының цифрын кім тауып көрсетеді?<br>**Тақтамен жұмыс.**<br>Балалар, бүгін біз бір санының көршісімен танысамыз, одан бұрын мына суретке көңіл бөлейік. -<br>Тақтада қанша алма бар?<br>(Осыдан кейін тағы бір алманың суретін алып, бір алманы қосады)<br>- Енді қанша алма болды?<br>- Балалар, бір алмаға және бір алма қостық. Содан неше алма шықты. | **1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы**:«Табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері»<br>**Мақсаты:**Табиғат аясындағы тәртіп ережелері туралы түсінік беру.<br>**Тақырыбы**: Табиғат аясындағы қауіпсіздік.<br>**Мақсаты:** Табиғатта қауіпсіздік ережесін сақтауға үйрету. Қауіпсіздік ережесін сақтауға үйрету.Табиғат аясында өзін-өзі ұстау мәдениетінің дағдыларына қалыптастыру.Өзіне,өзінің қадір-қасиетін бағалауға тәрбиелеу.Ережені сақтаудың маңыздылығын түсіндіру.<br>**Әдіс-тәсілі:** тосын сәт,сұрақ жауап,мнемотехника,әңгімелесу,түсіндіру,сергіту сәті.<br>**Қажетті көрнекі құралдар:** хат,сауысқан бетперде,әр түрлі саңырауқұлақтар,өсімдіктер және жәндіктер суреттері,желім.<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.**<br>**1.Мнемотехника.** Күз мезгілі.<br>**2. Тосын сәт.** Сауысқан хат әкеледі.<br>**3.Ой қозғау.**<br>-Бұл хат кімнен деп ойлайсыңдар?<br>Бұл хатты ормандағы балалар жазыпты.Олар орманнан саңырауқұлақтар теріп,саңырауқұлақтың қайсысын жеуге болатын дығын білмейді екен. Сол себепті сендерден көмек сұрап | **2.Музыка**<br>Педагог жоспары бойынша<br><br>**1.Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы**:<br>«Бағдаршам»<br>**Мақсаты:**<br>Пропорцияларын сақтап, саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып, бағдаршамды мүсіндеуді үйрету.<br><br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы**<br>Ұйымдастыру кезеңі<br>Балалар, бір жылда неше мезгіл бар?<br>-Жыл мезгілдерін атап беріңіздерші.<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Күзде ауа-райы қандай болады?<br>Аптаның нешінші күні?<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Тосын сәт.**<br>Аю келеді.<br>Жолдан қалай өтуді білмейді.<br>Балалардан көмек сұрайды.<br>Ой қозғау.<br>Олай болса жол ережесі, бағдаршам туралы түсінік берейік.<br>**Түстер арқылы топқа бөлу.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арқылы ыдыстармен таныстыру.<br>**Ой қозғау.**<br>Ыдыстардың не үшін керек?<br>**Ойын.** Дастархан әзірлеу.<br>Балаларға ыдыстарды атата отырып, дастарқан әзірлету. Ол ыдыстарға не салатындарын ататқызу. Ыдыстарды күтіп ұстауды үйрету.<br>**Үстел үсті ойыны:** «Суретті құрастыр»: Мозаикадан ыдыстарды құрастыра отырып, саусақ моторикасын дамыту.<br>**Сергіту сәті:**<br>**«Не жасырылғанын тап» ойыны.**<br>**Шарты:** тақтада ыдыстардың – тәрелке, қасық, кесе, табақ, кастрөлдің суреттері ілулі тұр. балалар қандай сурет жоқ екенін табады.<br>Балаларды мадақтау.<br>**Қорытынды.**<br>Әйгерім қуыршақ сіздерге рахмет айтып жатыр.<br>Әйгерім қуыршақпен қоштасу.<br>Балалар, бүгін нелер туралы айттық? -<br>Қандай ыдыстармен таныстыңдар? -<br>Балалар, біз кімге көмектестік?<br>Мадақтау<br><br>**2.Музыка**<br>**Педагог жоспары бойынша**<br><br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**Секіру Тепе-теңдікті сақтау.<br>**І.Кіріспе бөлім.**<br>Бір қатар сапқа тұру. | **Бағдаршам өлеңі**<br>Бұл өлеңнің авторы–С.Дүкенбай.<br>Бағдаршам біледі,<br>Бәрін де көреді.<br>Адам да, көлік те,<br>Сол шаммен жүреді.<br>Бағдаршам, бағдаршам.<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Алақанды ұрайық.<br>Оңға бір, солға бір,<br>Бір отырып, бір тұрып.<br>Бойымызды жазайық.<br>**«Бағдаршам» ойыны:**<br>Ойынның шарты: бағдаршамның қызыл көзі жанғанда балалар түп-түзу тұрады, сары көзі жанғанда қол шапалақтайды, жасыл көзі жанғанда билейді.<br>**Қорытынды.**<br>Сұрақтар ілмегі<br>Балаларды мадақтау<br><br>**2.Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Бағдаршам»** (Заттық сурет салу)<br>**Мақсаты:** Дөңгелек пішінді заттарды сала отырып, дәстүрлі сурет салудың техникасын жетілдіру<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы**<br>Ұйымдастыру кезеңі<br>Балалар, шаттық шеңбер жасап, бір-бірімізге жылы лебімізді білдірейік. | Балалардың жауаптары<br>Тағы бір мысал келтірейік – мынау не? Ара<br>Омартаның қасында бір ара ұшып жүрді, біраз уақыттан кейін тағы бір ара ұшып келді, нешеу болды?<br>Дұрыс, екеу болды.<br>Сонымен екі санының таңбасымен танысайық (көрсету)<br><br>Қарандаршы 2 – саны неге ұқсайды?<br><br>Дұрыс, аққу құсының мойнына ұқсайды.<br>Санау ретімен таныстыру:<br>Тура және кері санау 1,2<br>Солдан оңға қарай санау – тура<br>Оңнан солға қарай санау – кері<br>Сонымен екі саны бір санынан кейін тұрып, «көршісі» деп аталады<br>**Сергіту сәті.**<br>Орнымыздан тұрайық (мәтінге сәйкес іс-қимылдар жасау)<br>Қолымызды жаяйық.<br>Қарлығашқа ұқсайық<br>Ұшып, ұшып алайық.<br>**Миға шабул:**<br>***Логикалық тапсырмалар орындау.***<br>**1.**Торғайларды санайық<br>Ағашта 2 торғай қонып тұр | хат жазыпты.<br>Көмектесу үшін орманға барайық.<br>**4.Орманға саяхат.**<br>-Балалар, орманда табиғат аясында қандай қауіпсіздік ережесін сақтау керек?<br>-Қандай жәндіктерден абай болу керек?<br>-Осындай жағдайларды болдырмау үшін не істеу керек?<br>-Болған жағдайда не істеу керек?<br>Мысалы,оттың лаулап жанып жатқанын көрдіңдер немесе кене шағып алды,бұндай жағдайда не істеу керек?<br>-Тағы да қандай қауіпсіздік ережесін сақтау керек?<br>**Табиғаттағы өзін-өзі ұстау ережелері:**<br>1.Қоқысты кез келген жерге тастама, арнайы қоқыс жәшігіне сал!<br>3. Табиғатта өзін-өзі ұстай білу ережесі<br>2.Ағаштарды кеспе, бұтағын сындырма! 3.Жануарларға зиян келтірме, қамқорлық жаса!<br>4.Құстарды өлтірме, ұя жасап қамқорлық көрсет!<br>5.Өсімдіктерді (шөптер, гүлдер) жұлма!<br>**5.АКТ технологиясы**<br>Слайд көрсету.<br>Саңырауқұлақтар<br>Саңырауқұлақтар туралы түсінік беру.<br>**6. Сергіту сәті.**<br>Саңырауқұлақ болайық,<br>Тізе бүгіп отырайық.<br>Жаңбыр жауса көтеріліп, | Слайд арқылы қоянға түсінік береді.<br>1-Қызыл түс тобы бағдаршам туралы айтады.<br>2-Жасыл түс тобы жол ережесі туралы түсінік береді.<br>Балаларды мадақтау.<br>**Ойын «Бағдаршам»**<br>Балаларға үш түсті дөңгелектер беріледі.<br>Балалар сол дөңгелектердің түстерін дұрыс тауып бағдаршам құрастырады.<br>Ой дамыту.<br>Балалар қоян бағдаршам түстерін ұмытып қаламау үшін бағдаршам мүсіндеп берейік.<br>**Мүсіндеудің орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру.**<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Біздер жолға шығайық.<br>Ұзын,қысқа жолдарды<br>Біліп біздер алайық. Оң жақта да, сол жақта да,<br>Биік үйлер бар екен.<br>Балалар жұмысқа кіріседі.<br>**Бақылау.**<br>Жеке көмек.<br>Балалардың жұмыстарын қорытындылау.<br>Қоян: Рахмет сендерге балалар, мен енді жол ережесін бұзбаймын деп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сәлемдесу.<br>(нұсқауларды орындау)<br>.Шеңбер бойымен тұру.<br>Қолдарын созып,<br>арақашықтықты сақтау.<br>**Негізгі бөлім:**<br>**Жалпы дамыту жаттығулар:**<br>1. Тік тұрып, қолды белге ұстау керек, 1-2 есебінде басты оңға қарай,<br>3 - 4 есебінде солға бұру керек. (4 рет қайталау)<br>**2.** Аяқ иық көлемінде, қолдар иық үстінде. Иықты артқа, алдыға қарай айналдыру. /4 рет қайталау/<br>**3.** Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жоғарыда. Оң жаққа, сол жаққа тербелу.<br>**4.**Аяқтары алшақ қойылған , қолдары бүйірде, 1- оңға бұрылу, 2- б.қ.<br>3- солға бұрылу, Әр бұрылған сайын «қақпа ашылды» деп айту .<br>**5.** Аяқтарын біріктіру. Қолдарын қоянның аяғына ұқсату. Орнында секіру.<br>/15-20 секунд/<br>Шеңбер бойы жүру. Адымдап жүру.<br>**Тыныс алу жаттығулары:**<br>Шеңбер бойымен тұрып араның дыбысын<br>салу (з-з-з), мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.<br>**Негізгі қимыл-жаттығулары:**<br>1.Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру.<br>2.Сызықтар арасымен (15 см арақашықтық) тепе-теңдікті сақтап жүру. | -Әрқашанда әдемі болайық!<br>-Күніміз жарық болсын!<br>-Балабақшамыз жайнай берсін!<br>-Бәріміз дос болайық!<br>**Миға шабул**<br>Жұмбақ жасыру.<br>Жоқ өзінде бас та, құлақта, ауызда,<br>Бақырайған үш көзі бар бырақта. (бағадаршам)<br>**Ой қозғау**<br>Сұрақ жауап.<br>Бағдаршамның неше көзі бар?<br>Бағдаршамның көздері қандай пішіндерге ұқсас?<br>- Қане бәріміз ауада дөңгелек пішінді салайық.<br>**Түстер арқылы топқа бөлу.**<br>**1-топ** бағдаршамның пішіндерін мақталы таяқшалармен бояйды.<br>**2-топ** түрлі түсті канандашпен сурет салады.<br>Сурет салудың әдіс тәілдерін көрсету,түсіндіру.<br>Балалардың жұмысын бақылау.<br>Жеке көмек.<br>Саусақ жаттығуы<br>**«Салат» саусақ ойыны**<br>Сәбізді алып тазалаймыз (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына | еді,<br>Ала мысықты көріп<br>1 торғай ұшып кетті<br>Ағашта қанша торғай қалды?<br>**2 .**Мирастын өзінде 1 алма болды,<br>әжесі оған базардаң 1 алма сатып әперді<br>Мираста қанша алма болды?<br>**3.**Кірпі орманда өзіне 2 саныраукұлақты теріп алды.<br>1 саныраукұлақты тиінге сыйлайды<br>Кірпіде қанша саңыраукұлақ қалды?<br>**4.**Адамда неше көз бар?(2)<br>**Суретпен жұмыс.**<br>- Балалардың суреті.<br>Қане, кім айтады?<br>Кімнің бойы ұзын екен .<br>Мынау нелер?<br>- Жолдар.<br>Мынау қандай жол?<br>- Ұзын жол. Ия, ұзын жол.<br>Ал, мына жол қандай?<br>- Қысқа жол.<br>Дұрыс айтасындар, балалар!<br>Балалар мынау нелер?<br>-Жылан және жұлдызқұрт<br>-Қане қарайықшы қайсысы ұзын?<br>**Қорытынды.**<br>Біз бүгін қай санмен таныстық?<br>Балалар жарайсындар логикалык есептерді жақсы орындадыңдар.<br>Балаларды мадақтау<br><br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру** | Өсіп-өсіп алайық.<br>**7.Балабақшаға оралу**<br>**Сұрақтар ілмегі.**<br>Балаларды мадақтау.<br>Жұлдызшалар беру.<br><br><br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**:Саяхатқа шығамыз<br>**I.Кіріспе бөлім.**<br>Бір қатар сапқа тұру.<br>Сәлемдесу.<br>(нұсқауларды орындау)<br>.Шеңбер бойымен тұру.<br>Қолдарын созып,<br>арақашықтықты сақтау.<br>**Негізгі бөлім:**<br>**Жалпы дамыту жаттығулар:**<br>(таяқшалар)<br>«Біз күштіміз!»<br>Б.қ.: негізгі тұрыс, таяқшаның екі шетінен ұстаған қол төменде.<br>1.Екі қолды алға созып<br>2.таяқшаны кеуде тұсына әкелу.<br>3.Бір қатарға келу.<br>«Біз барлаушымыз!»<br>Б.қ.: аяқ арасы иық көлеміндей алшақ, қол төменде.<br>1.Қос қолды жоғары көтеру.<br>2.Денені бұрып – оңға иілу<br>3.Денені бұрып – солға иілу.<br>4.Б.қ. келу<br>«Біз штангашымыз!»<br>Б.қ.: аяқ арасы алшақ, қол төменде.<br>1. Таяқшаны кеуде тұсына ұстау<br>2. Таяқшаны жоғары көтеру.<br>3.Шынтақты бүгіп, иыққа тигізу.<br>4.Б.қ. келу. | балалармен қоштасады.<br>Балаларды мадақтау.<br>**Қорытынды.**<br>Балаларды бағдаршамның көздері бойынша бағалаймын (қызыл – төмен, сары – жақсы, жасыл – өте жақсы). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қимылды ойын:**<br>Торғайлар мен мысық<br>Балаларды мадақтау.<br>Тыныс алу жаттығу.<br>«Шар үру» | ысқылайды)<br>Үккішпен үгіп майдалаймыз (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды).<br>Қанттан сеуіп дәмдейміз (саусақтардың ұшымен қант себеді)<br>Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді).<br>Дәруменге байыған (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді).<br>Балалардың жұмыстарын қорытындылау.<br>Галерия шаралау әдісі Екі топ бір бірін бағалайды.<br>**Бес саусақ әдісі** арқылы қортындылау.<br><br><br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>Жаттығамыз-шынығамыз!<br>**I.Кіріспе бөлім.**<br>Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) .Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.<br>**Негізгі бөлім:**<br>**Жалпы дамыту жаттығулар:**<br>**1.** Қол мен иыққа | **Тақырыбы:** «Жолда жүру ережесін сақтайық»<br>**Мақсаты:** Көлік түрлері, жол туралы түсінік беру.Бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы**<br>Ұйымдастыру кезеңі<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>Үш көзі бар қаз - қатар<br>Кезек – кезек ашады<br>Үшеуінен байқасым<br>Үш түсті нұр шашады<br>Бұл не?<br>Жұмбақтың шешімі бағдаршам туралы қысқа түсінік беру.<br>**Пішіндер арқылы топқа бөлу.**<br>1топ Үшбұрыштар тобы бағдаршам туралы түсінік береді.<br>2-топ Дөңгелектер тобы жол ережесі туралы айтады.<br>3-Шаршы тобы көшеде қалай жүру тәртібі туралы түсінік береді.<br><br>**Дидактикалық ойын**<br>«Дұрыс, дұрыс емес»<br>**Ә. Табылдиевтің «Бағдаршам» өлеңі**<br>Қызыл көзін ашқанда, аяғынды баспа алға.<br>Сары көзін ашқанда, қарап қалма аспанға.<br>Жасыл көзін ашқанда, жүре | «Біз ептіміз!»<br>Б.қ.: екі аяқ бірге, қол төменде, таяқша баланың алдында жатады.<br>1.Қос қол белде.<br>2.Тізені сәл бүгіп, таяқшадан секіру<br>3.Б.қ. келу<br>Тыныс алу:<br>1.Аяқ арасы алшақ, таяқшаны қос қолмен екі шетінен жоғары көтеру, ауа жұту.<br>2.Таяқшаны кеуде тұсына әкеліп, мұрнымен дем шығару.<br>**Негізгі қимыл-жаттығулары:**<br>1 Сызықтар арасымен (15 см арақашықтық) жүру.<br>2.10 см биіктікке көтеріле өрмелеу. (гимнастикалық баспалдаққа көтеріле өрмелеу)<br>**Қимылды ойын:**<br>Өз үйіңді тап!» ойыны:<br>Ойын шартымен таныстыру.Балаларды мадақтау.<br>Тыныс алу жаттығу.<br>«Ауа шары» | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | арналған жаттығулар:<br>Б.қ: аяқ арасы алшақ, қол төменде.<br>**а)** қолдарды жоғары көтеру.<br>**ә)** екі жанға тербелу, оңға тербелу.<br>**б)** солға тербелу.<br>**2.** Денеге арналған жаттығулар:<br>Б.қ: аяқ арасы алшақ, қол төменде.<br>**а)** қолды жоғары көтеру.<br>**ә)** алға созу.<br>**б)** түсіру.<br>**в)** екі қолды жанға созу.<br>**г)** б.қ.келу.<br>**3. Аяққа арналған**<br>Б.қ: тік тұру, қол төменде.<br>**а)** екі қолдағы кеуде тұсына әкеліп, тізені сәл бүгіп отыру.<br>**ә)** бір орында секіріп, қолды жанға созу.<br>**б)** б.қ. келу.<br>**Тыныс алу жаттығулары:** шәйнектік дыбысын салу (ш-ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығару.<br>Бастапқы қалыпқа келу.<br>**Негізгі қимыл-жаттығулары:**<br>1 Допты тура бағытта домалату.<br>2.Құрсаудан еңбектеп өту.<br>**Қимылды ойын:** | бергін жасқанба.<br>**Бір қадам әдісі** бойынша қайталау.<br>**Қорытынды**<br>3-топты мадақтап жұлдызшалар тарату. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | «Допты ұста» ойыны:<br>Ойын шартымен таныстыру.Балаларды мадақтау.<br>**Тыныс алу жаттығу.**<br>«Бір мұрын куысымен тыныста. | | | |
| **Серуенге дайындық** | **Киіну:** Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киюін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Серуен:** | **Картотека №19**<br>Картотека қосымша тіркелген. | **Картотека №18**<br>Картотека қосымша тіркелген. | **Картотека №20**<br>Картотека қосымша тіркелген. | **Картотека № 21**<br>Картотека қосымша тіркелген. | **Картотека №18**<br>Картотека қосымша тіркелген. |
| **Серуеннен оралу** | Тазалық процедурасы.<br>Қолдарын сабынмен<br>жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу<br>Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. | | | | |
| **Түскі ас** | Дастархан басында сөйлемей отырып, тамақтануға, қасықты оң қолға ұстауға баулу | | | | |
| **Ұйқы** | Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары** | **№16**<br><br>Картотека қосымша тігілген | **№17**<br>Жел<br>Картотека қосымша тігілген | **№18**<br>Көздерім тұрындар<br>Картотека қосымша тігілген | **№19**<br>Күн<br>Картотека қосымша тігілген | **№20**<br>Жел<br><br>Картотека қосымша тігілген |
| **Бесін ас** | Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | Дидактикалық ойын<br>«Бұл не?»<br>Мақсаты: суреттен ойыншық аңдарды тануға, атауға, дыбысын, жүрісін салуға үйрету.<br>Балалармен жеке жұмыс.<br>«Мүсіндеп үйренеміз»<br>Мақсаты: мүсіндеу тәсілдерін үйрету | Дидактикалық ойын.<br>«Түстес сақинаны тап»<br>Мақсаты: қызыл, сары, жасыл, көкке боялған біртекті заттарды табуға үйретуді жалғастыру.<br>Балалармен жеке жұмыс.<br>Отбасы туралы әңгімелесу<br>Мақсаты:Балаларды ұйымшылдыққа, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу. | Дидактикалық ойын.<br>«Ұяшыққа орналастыр»<br>Мақсаты: екі түрлі пішінді заттың әрқайсысын өз ұяшығына орналастыруға үйрету, ойлауын дамыту, қол қимылын жетілдіру<br>Балалармен жеке жұмыс.<br>Ойын:«Не ұшты?»<br>Мақсаты: Балаларды | «Көңілді қаламдар»<br>Мақсаты: Балаларды бояулардың түстерін эмоциялы қабылдауға, қаламмен қағазға сурет салуға үйрету.<br>Балалармен жеке жұмыс.<br>Жұмбақ жасыру Мақсаты: Балалардың ойлау,есте сақтау қабілеттерін дамыту. | Дидактикалық ойын:<br>«Аңдарды табайық»<br>Мақсаты: Суреттегі жануарлардың ерекшеліктерін, іс-қимылдарын, дыбысын ажыратуға және сала білуге үйретуді жалғастыру.<br>Балалармен жеке жұмыс.<br>Күзге арналған тақпақтар жаттау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | шапшаңдылыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. | | |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. | | | | |
| **Серуен** | **Таза ауаға серуен.**<br>**Серуен №19**<br>Картотека қосымша тіркелген. | **Таза ауаға серуен.**<br>**Серуен № 20**<br>Картотека қосымша тіркелген | **Таза ауаға серуен.**<br>**Серуен № 21**<br>Картотека қосымша тіркелген. | **Таза ауаға серуен.**<br>**Серуен № 22**<br>Картотека қосымша тіркелген. | **Таза ауаға серуен.**<br>**Серуен № 23**<br>Картотека қосымша тіркелген. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесуАта-аналарға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту<br>Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Амирдің анасымен әңгімелесу. «Баласының өз-өзіне қызмет көрсетуге үйрету».<br>Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу<br>Ата-анаға;<br>«Балаңызға түстерді үйретесіз бе?»<br>Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру.<br>Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.<br>Сәтті демалыс күндерін тілеп,балаларды шығарып салу. |

**ЦИКЛОГРАММА**
***ІҮ апта ( қазан айы , 2021ж.)***
**«Аққөгершін» тобы**

**Өтпелі тақырып « Менің отбасым»**
**Тақырыпша. «Алтын күз»**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі<br>25.10.2021ж | Сейсенбі<br>26.10.2021ж | Сәрсенбі<br>27.10.2021ж | Бейсенбі<br>28.10.2021ж | Жұма<br>29.10.2021ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу | *Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойын ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.* | | | | |
| Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. ) | *Әңгімелесу: « Күз»*<br>*Мақсаты: табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту.*<br>*Дид/жаттығу: «Қарада ата»*<br>*Мақсаты: Заттарға іс-әрекет таңдау.* | *«Заттың атын ата»*<br>*Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы сезімталдығын дамыту* | *Мнемотехника әдісі «Күздік киімдер»*<br>*Мақсаты: киім түрлері туралы түсінік беру.* | *«Не артық?» Мақсаты: Балаларды суретке қарап,оларды топтастыруға үйрету* | *Дид-қ ойын*<br>*«Бұл қай мезгіл?»*<br>*Мақсаты:Төрт мезгіл мен өзгерістерін ажыратып айтқызу.Сөздік қорын байыту* |
| Таңертеңгі гимнастика | ***Таңертеңгі жаттығу кешені.***<br>***Картотека № 7***<br>*Жаттығу кешені қосымша тіркелген.* | | | | |
| **Таңғы ас** | *Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау* | | | | |
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | *ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.* | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдасты рылған оқу қызмет-** | ***1.Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы:*** *«Жыл мезгілі. Күзгі табиғат» (сурет бойынша әңгімелеу).*<br>***Мақсаты:*** *сурет мазмұнына сәйкес әңгімелеуді үйрету. Байланыстырып сөйлеу* | ***1.Көркем әдебиет***<br>***Тақырыбы:***<br>*«Күзде»өлеңі.*<br>*І. Байжұманова.*<br>***Мақсаты:*** *Күз мезгілі туралы түсінік беру. Өз түсінігін жүйелі айтып* | ***1.Математика негіздері***<br>***Тақырыбы:*** *2 саны мен цифры. Жақын – алыс.*<br>***Мақсаты:*** *2 цифр туралы білімдерін бекіту. Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету;* | ***Жаратылыстану***<br>***Тақырыбы:****Алтын күз*<br>***Мақсаты:****Балалардың санасында күз маусымында жанды және жансыз табиғатта болатын алғашқы өзгерістер туралы түсінік* | ***1.Жапсыру.***<br>***Тақырыбы:Күзгі жапырақтар»***<br>***(Сюжетті аппликация)***<br>***Мақсаты:*** *Композицияны* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **тері** | дағдыларын дамыту.<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.**<br>Ұйымдастыру:<br>Шаттық шеңбер.<br>Қуан, шаттан алақай!<br>Қуанатын күн туды,<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>**Миға шабул.**<br>Жұмбақ жасыру.<br>Жауып жаңбыр,жер сабыр<br>Шөп, жапырақ солады.<br>Бұл қай кезде болады ?<br>**Ой қозғау.**<br>Сұрақ жауап.<br>-Қазір жылдың қай мезгілі ?<br>-Жылдың күз мезгілінде қандай өзгерістер болды?<br>-Күз мезгілінде бау- бақшада нелер піседі?<br>**Ой дамыту.**<br>Суретпен жұмыс.<br>Мнемотехника «Күзгі табиғат»<br>Сурет бойынша әңгіме құрап, әңгімеге ат қою.<br>Балаларды тыңдау.<br>**Дидактикалық ойын.**<br>«Жеміс пе, көкөніс пе? »<br>Мақсаты: Екі себеттегі жемістер мен көкөністер түрлерін ажырытып, бөліп салуға үйрету;Олардың пішімін, көлемін, түр түсін салыстыру.<br>**Сергіту сәті.**<br>Жаңбыр жауып басылды (партаны тырсылдатады)<br>Күннің көзі ашылды. (қолымен көрсетеді)<br>Көкжиекке көрікті, | беруге баулу.<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.**<br>**Шаттық шеңбер**<br>Арайлап таң атты<br>Алтын сауле таратты.<br>Жарқырайды қаламыз,<br>Жайнай түсті даламыз.<br>Қайырлы таң, достарым!<br>Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Күз мезгілінің айларын кім маған айтып береді екен?<br>**Ой дамыту.**<br>І. Байжұманованың «Күзде» өлеңімен танысып, жаттаймыз.<br>«Күзде» өлеңін 2-3 рет оқу (слайд арқылы көрсету)<br>**Күзде**<br>Алма пісіп, алмұрт түсіп,<br>Күзде бақтар жайнайды.<br>Құстар қайтып, қош айтысып,<br>Қимас үнмен сайрайды.<br>**Ой қозғау.**<br>Сұрақ жауап.<br>Балалар, өлеңде не туралы айтылған? (күз туралы)<br>Құстар қай жаққа ұшып кетеді? (Жылы жаққа).<br>**Бір қадам әдісі** бойынша жаттау.<br>**Сергіту сәті:**<br>Жаңбыр, жаңбыр | «алыс», «жақын» ұғымдарын айыра білуге үйрету; логикалық ойлауын дамыту.<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.**<br>Ұйымдастыру кезеңі.<br>Психологиялық сәт<br>Армысың алтын күн,<br>Армысың көк аспан.<br>Жылуыма жылу қос,<br>Міне менің қолым,<br>- деп балалар бір-біріне қолдарын ұсынып, жүрек жылуын алақандары арқылы сезінеді.<br>**Сұрақтар ілмегі.**<br>Қазір жылдың қай мезгілі?<br>Бүгін аптаның қай күні?<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Жұмбақ жасыру**<br>**1.** Далада жүр шапқылап,<br>Керемет, тым саққұлақ.<br>Тек есектен басқада,<br>Оған ұқсар жоқ құлақ.<br>**2.** Басы жерге бұғып тұрады,<br>Жап-жасыл сақалы<br>Жерге шығып тұрады<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Суретте неше қоян, неше сәбіз бар екен? Суреттегі заттарды санату арқылы 2 саны және цифры туралы алған білімдерін бекіту.<br><br>Содан соң екі дөңгелек пен 2 цифрын бояуды тапсыру.<br>**Ойын: «Жеміс жинаймыз».**<br>**Мақсаты:** суреттегі берілген жемістердің ішінен бүгінгі | қалыптастыру. Ауа райы жағдайын анықтау; бақылау қабілетін дамыту; қарапайым экологиялық мәдениет қалыптастыру<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.**<br>**1.Шаттық шеңбері:**<br>Табиғат біздің анамыз<br>Табиғатқа баламыз<br>Иіліп сәлем береміз<br>Біз әдепті баламыз!<br>**2.Балалармен амандасу.**<br>**3.Миға шабул**<br>1.Жұмбақ жасыру.<br>Жапырақты бояды,<br>Атырапты бояды.<br>Бояп-бояп барлығын<br>Сап-сары ғып қояды. (Күз)<br><br>Жұмбақтың шешуін табады:<br>**4. Балалардың білімін нығайту**. Тақпақ оқу.<br>Қарашы күз келді, күз келді<br>Жапырақ жауыпты іздерді.<br>Құс біткен керуен тізеді,<br>Қара бұлт қабағын түйеді.<br>Мнемотехника күз мезгілі.<br><br>**5.Сұрақ жауап**. | құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша ара-қатынасын сақтауды үйрету.<br><br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.**<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді болып жүрейік!<br>Қазір қай мезгіл?<br>Күз екенін қайдан білдіңдер?<br>Балалардың жауаптары<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Тосын сәт.**<br>Кірпі келеді.<br>Кірпі бүгін бізге қызықты суреттер әкеліпті.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>**Ой қозғау.**<br>Кәне суретке қарап көрейік. Балалар бұл суретте қай жыл мезгілі?<br>Күзде қандай өзгерістер болады?<br>Ағаштағы жапырақтардың түстері қандай?<br>Балалардың жауаптары<br>Кірпі: Балалар маған күзгі жапырақ гүл шоғын жасап бересіңдер ма?<br>Балалар келіседі.<br>**Топқа бөлу.**<br>Түрлі түсті жапырақтармен топқа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кемпірқосақ асылды . (қолымен дөңес сызық көрсету)<br>**Қорытынды.**<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**2.Музыка**<br>Педагог жоспары бойынша<br><br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Ұзындыққа секіру.<br>**І.Кіріспе бөлім.**<br>Бір қатар сапқа тұру.<br>Сәлемдесу.<br>(нұсқауларды орындау)<br>Шеңбер бойымен тұру.<br>Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.<br>**Негізгі бөлім:**<br>**Жалпы дамыту жаттығулар:**<br>1. Басқа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, басты оңға, солға бұру<br>2. Иыққа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, иықты кезек- кезек көтеру<br>3. Қолға арналған жаттығулар: 1. 2 қолды жоғары көтеру<br>2. 2 қолды алдына апару<br>3. 2 қолды жанына апару<br>4. Белге арналған жаттығулар: 2 қол белде,аяқтар алшақ тұрады, оңға, солға бұрылу<br>5. Аяққа арналған жаттығулар: оң аяқпен 5 рет, сол аяқпен 5 рет, екі аяқпен 5 рет секіру<br>6. Терең дем алу<br>**Негізгі қимыл-жаттығулары:** | жауасыңЖанымызға дауасың,<br>Біз ойнайтын ауланың<br>Тазартасың ауасын.<br>**Тосын сәт.**<br>Топқа қолында қағаздары бар<br>Білмеспек келеді.<br>Білмеспек:Сәлеметсіз бе апай, сәлеметсіңдер ме балалар. Апай маған мұғалімім мына көкөністер мен жемістерді ажыратып алып кел деп тапсырма берген болатын. Ал мен болсам кайсысы көкөніс, қайсысы жеміс екенін айыра алар емеспін. Балалар, өтінемін,сендер маған көмектесесіңдер ме?<br>Балалар көмектесуге келіседі..<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Жемістер қайда өседі? (Ағашта)<br>Жемістерді бізге кім атап береді?<br>Көкөністер қайда өседі? (бақшада)<br>Енді көкөніске нелер жататынын кім айтып береді?<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Көкөніс пе,жеміс пе?»<br>Көкөністің суреттерін себетке, ал жемістерді шыны ыдысқа жинайды.<br>Балаларды мадақтау.<br>Балалар тапсырманы | өткен 2 санына сәйкес келетін жеміс түрлерін қорапқа саламыз.<br>**Тура кері санау.** 1,2<br>**Сергіту сәті:**<br>Бір дегенде тұармыз,<br>Екі, үш, төрт алақанды соғамыз.<br>Оң жаққа бұрылып, сол жаққа бұрылып,<br>Бес дегенде асықпай,<br>Орнымызды табамыз.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>Заттың санымен сәйкестендір.<br><br>- Балалар, қараңдаршы ойыншықтар қайда орналасқан?<br>Сөредегі ойыншықтарға назар аудару.<br>- Қуыршақ машинадан алыс тұр, ал допқа жақын тұр.<br>- Ал зырылдауық жоғарыда тұр, пирамида төменде тұр.<br>- Қараңдаршы, мына кубиктың артында не орналасқан?<br>- Дұрыс айтасыңдар, доп тұр екен.<br>- Ал кубиктың алдында не тұр?<br>- Машина тұр. Өте жақсы!<br>**Қорытынды.**<br>Сұрақ- жауап арқылы қорытындылау.<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**2.Құрастыру**<br>**Тақырыбы:«Саңырау құлақ» (табиғи материал** | -Күз мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>-Күзде жапырақтардың түсі қандай болады?<br>-Құстар қай жаққа ұшып кетеді?<br>**6.Тосын сәт.** Күз ханшайымы келеді.<br>Балалармен амандасады.<br>Тапсырма алып келеді.<br>**Ресурс арқылы топқа бөлу. (Жапырақтар арқылы 2 топқа бөлу)**<br>**1-топ. Сары жапырақтар**<br>**2-топ. Жасыл жапырақтар**<br>**1- Сары жапырақтар тобына**<br>Күздің ерекшеліктерін тауып бер.<br>-Суретте күз мезгіліне байланысты ерекшеліктерді тауып алып, үлкен суретке сызықша арқылы көрсет.<br>**2- Жасыл жапырақтар тобына**<br>Суретпен жұмыс.<br>Күз мезгілінің ерекшеліктерін айтып беріңдер?<br>**2- тапсырма. Жұмбақ шешу.**<br>**1-Сары жапырақтар тобына**<br>**1.**Қанаты жоқ ұшады,<br>Аяғы жоқ қашады. «жел»<br><br>2.Ағайынды бәрі<br>Шықса жасыл,<br>Түссе сары «жапырақ»<br>**2- Жасыл жапырақтар тобына**<br>1.Аспаннан домалап,<br>Көп моншақ төгілді<br>Бусанып жон жонап,<br>Терледі, керілді. «жаңбыр» | бөлу.<br>1-топ сары түсті жапырақтар түрлі түсті қатты қағазды қиып үлкен жапырақ жапсырады.<br>2-топ қызыл түсті жапырақтар кіші жапырақтар қиып жапсырады.<br>**Сергіту сәті:**<br>Тербеледі ағаштар<br>Алдымнан жел еседі<br>Кіп- кішкентай ағаштар<br>Үлкен болып өседі.<br>Балалардың жұмысын бақылау.<br>Жеке көмек.<br>Қорытынды.<br>Балалардың жұмыстарын қорытындылау.<br>**Галерея шаралау әдісі.**<br>Балалар бір бірінің жұмыстарын бағалайды.<br>Кірпі балаларағa рақмет айтып қоштасады.<br>Балаларды мадақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *1 Қысқа секіртпемен секіру*<br>*2. Допты бір-біріне төменнен лақтыру,*<br>***Қимылды ойын:***<br>*«Мысықпен тышқан» ойыны: Ойын шартымен таныстыру.*<br>*Балаларды мадақтау.* | *жақсы орындап шықтыңдар,*<br>*Дымбілмес балаларға көрсеткен көмегі үшін рахмет айтып, шығып кетеді.*<br>***Қорытынды.***<br>***Сұрақтар ілмегі.***<br>*Қай жыл мезгілі туралы әңгімелестік?*<br>*Білмеспек сендерден қандай көмек сұрады?*<br>*Балаларды мадаақтау.*<br><br><br><br><br>***2.Сурет салу***<br>***Тақырыбы:«****Күзгі жапырақтар»*<br>*(Дәстүрден тыс сурет салу)*<br>***Мақсаты:****Күзгі жапырақтар туралы түсіндіру, бастыру әдісі арқылы жапырақ салу*<br>***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.***<br>*Балалар қазір қандай мезгіл?*<br>*-Күз мезгілінде қандай құбылыстар болады?*<br>*-Күз бізге не әкеледы?*<br>*-Күзде ауа райы қандай болады?*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>*Топқа түрлі түсті жапырақтар әкелу.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Сұрақ жауап.*<br>*Бұл не?* | ***дармен жұмыс)***<br>***Мақсаты:*** *Саңырауқұлақ жайлы білімдерін бекіту, саңырауқұлақты табиғи материалдардан жасай білуге және пішіндерді дұрыс қолдана білуге үйрету.*<br>***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.***<br>***Миға шабул әдісі.***<br>*Жұмбақ жасыру.*<br>*Домалақ қалпағым бар,*<br>*Аппақ- аппақ аяғым бар.*<br>*Орманда көктемде*<br>*Өсемін, әрине.*<br>*/Саңырауқұлақ/*<br>***Акт технологиясы.***<br>*Слайд. Саңырауқұлақ*<br>*Балаларға саңырауқұлақтар туралы түсінік беру.*<br>*Тосын сәт.*<br>*Тиін келеді.*<br>*Балалардан көмек сұрайды.*<br>*Балалар тиінге саңырауқұлақ жасап беруге келіседі.*<br>***Топқа бөлу.***<br>*Суреттер бойынша (үлкен-кіші саңырауқұлақтар арқылы)*<br>*1-топ жапырақтарды кию арқылы үлкен жапырақтар жапсырады.*<br>*2-топ жапырақтардан кіші саңырауқұлақтар жапсырады.*<br>***Саңырауқұлақты құрастырудың әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру.***<br>***Сергіту сәті:***<br>*Орнымыздан тұрамыз*<br>*Шаттық шеңбер құрамыз.* | <br>*2.Көзі жасты жылауық*<br>*Келе жатыр, бір алып,*<br>*Жабырқаса, жылайды,*<br>*Жадыраса құлайды. «Бұлт»*<br>***7.Сергіту сәті.***<br>*Жаңбыр жауды,*<br>*Тық-тық-тық.*<br>*Сен көшеге шық-шық-шық.*<br>*Жел соғады гу-гу-гу,*<br>*Жапырақтар ұшты ду-ду-ду*<br>*Құйын тұрды ой-ой-ой*<br>*Билеп кетті жапырақтар.*<br>***8. «Даналық ағашы » ойыны.***<br>*Сұрақтарға жауап беру арқылы алмаларды себетке жинау.*<br>*Алтын күзбен қоштасу.*<br>***9. «Шапалақ әдісі» арқылы қорытындылау.***<br><br>***1.Орыс тілі***<br>*Педагог жоспары бойынша*<br><br>***3.Дене шынықтыру.***<br>***Тақырыбы:*** *Кім бірінші*<br>***І.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру.*<br>*Сәлемдесу.*<br>*(нұсқауларды орындау)*<br>*Шеңбер бойымен тұру.*<br>*Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>*Жалаушамен жаттығу»*<br>*1. Бір қатармен жүру,аяқ ұшымен, өкшемен,аяқты көтеріп жүру, жүгіру. (2 мин.)*<br>*2. Бір қатардан екі қатарға тұру.*<br>*3. Жалаушамен жаттығу.* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *Түстері қандай?*<br>*Балалар айтындаршы жапырақтар бірдей болама әлде әр түрлі болама?*<br>*-Жапырақтар неге бір біріне ұқсамайды?*<br>*Балалардың жауаптары.*<br>***Сиқырлы ағашқа жапырақтарды ілеміз.***<br>*Сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсету түсіндіру.*<br>*Балалар ен алдымен біз жапырағымызды толық жай сумен сулап аламыз.*<br>*Сулап алған соң қылқаламен жапрыақты бояй бастаймыз,сонда жапрыағымыз еркеше әдемі болады..Соң боялған жапырағымызды ағашқа бастырамыз.*<br>***Саусақ жаттығуы:***<br>*Оң қолымда бес саусақ (Саусақтарын қимылдатады).*<br>*Сол қолымда бес саусақ.*<br>*Бесті беске қосқанда*<br>*Болып шықты он саусақ.*<br>*Балалардын жұмысын қадағалап, үлгере алмай жатқан балаларға көмектесу.*<br>***Қорытынды.***<br>*Баларал жұмыстарын аяқтап болған соң әр* | *Оңға-солға иіліп,*<br>*Орнымызды табамыз.*<br>*Балалар өз бетінше жұмыс істейді:*<br>*Қажет болса жеке жұмыс жүргізіледі.*<br>***Қорытынды.***<br>*Дайын жұмыстарың тақтаға әкеліп қояды.*<br>*Тиін балалардың жұмыстарың мақтайды.*<br>*Қоштасады және рахмет айтады.*<br>*Балалардың жұмыстарын мадақтау.* | *1. Б.қ қолда жалауша:1 – алдыға созу , 2 – жоғары көтеру, 3 – алдыға созу , 4 – б.қ –қа келу.*<br>*2.Б.қ 1 - жалауша оң қолда, екі рет алдыға айналдыру, 2 – жалауша сол қолда, алдыға айналдыру.3 – артқа айналдыру алдымен оң қолмен,артынан сол қолмен.*<br>*3. Б.қ аяқ арасы ашық иықпен оң қолда жалау сол аяққа жеткізу жалауды, сол қолдағы жалауды оң аяққа жеткізу.*<br>*4.Б.қ аяқ бірге,отырып тұру.*<br>*5.Б.қ жалау кеуде тұсында 1-адым алдыға, 2-тізе бүгу, 3 – артқа, 4-тізе бүгу. 6 рет.*<br>*6.Б.қ жалау кеуде тұсында.Бір орында тұрып секіру аяқты алдыға –артқа жібере отырып.*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1. Заттардың арасымен допты домалату.*<br>*2.Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу*<br>***Қимылды ойын:***<br>*«Мысықпен тышқан» ойыны:*<br>*Ойын шартымен таныстыру.*<br>*Балаларды мадақтау.* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *баланың жұмысы мадақтау.*<br>*Көрме ұйымдастыру.*<br>*Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындалау.*<br>*Балалар бүгін біз сендермен қандай сурет салдық?*<br>*-Сендер қандай түстерді қолдандындар?*<br>*Балалардың жауаптары.*<br><br>***3.Дене шынықтыру.***<br>*Тақырыбы.Орташа қарқынмен жүру және жүгіру.*<br>***I.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) .Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>*(Кішкентай доптармен)*<br>*1. Қол мен иық бұлшықеттеріне арналған жаттығулар: «Допты иыққа тигіз!»*<br>*Бастапқы қалып:негізігі тұрыс, допты қос қолмен кеудеде ұстап тұру.*<br>*1.Екі қолмен ұстаған допты алға созу;*<br>*2.Қос қолдағы допты оң иыққа тигізу;* | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *3.Екі қолмен ұстаған допты алға созу;*<br>*4.Қос қолдағы допты сол иыққа тигізу;*<br>*5.Бастапқы қалыпқа келу.*<br>*2.Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:*<br>*«Иілу»*<br>*Бастапқы қалып:негізгі тұрыс, допты қолмен ұстайды, аяқ арасы сәл алшақ.*<br>*1.Допты қос қолмен жоғары көтеру;*<br>*2.Допты алға созып иілу;*<br>*3.Бастапқы қалыпқа келу.*<br>*3.Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:*<br>*«Алға артқа секіру»*<br>*Бастапқы қалып: аяқ бірге, допты екі қолмен кеудеде ұстау.*<br>*1.Алға қос аяқпен секіру;*<br>*2.Артқа қос аяқпен секіру;*<br>*3.Бастапқы қалыпқа келу.*<br>*Тыныс алу:*<br>*тік тұру*<br>*допты алақанға қою.*<br>*алақандағы допты үрлеу.*<br>*(Мұрынмен ауа жұтып, ауызбен дем шығару).*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1. Гимнастикалық орындық бойымен* | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *қолдарын белдеріне қойып, текшелерден аттап жүру.*<br>*2.Допты бір-біріне төменнен лақтыру, басынан асыра лақтыру және оны қағып алу.*<br>***.Қимылды ойын:***<br>*«.Қасқыр мен лақтар»ойыны:*<br>*Ойын шартымен таныстыру.Балаларды мадақтау* | | | |
| **Серуенге дайындық** | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| **Серуен:** | ***Картотека № 22***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* | ***Картотека № 21***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* | ***Картотека №20***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* | ***Картотека №22***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* | ***Картотека №23***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* |
| **Серуеннен оралу** | *Ойын- жаттығу Сырттан келіп үнемі,*<br>*Сабынмен қол жуамыз,*<br>*Таза болды мұнтаздай,*<br>*Тағамға қол созамыз.*<br>*Балаларға реттіліκпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| **Түскі ас** | *Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.* | | | | |
| **Ұйқы** | *Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.* | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары** | ***№18***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***№19***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***№20***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***№21***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***№22***<br>*Картотека қосымша тігілген* |
| **Бесін ас** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму** | *Суретр тамашалау*<br>*Күзгі орманға*<br>*Сурет көрсете отырып, балаларға күз мезгілінің ерекшеліктерін айту*<br>*жеке жұмыс* | *Дидактикалық ойын:*<br>*«Суретші қай жерде қателесті»*<br>*Мақсаты: Баланың ойлау қабілетін дамыту.* | *Логикалық тапсырмалар.*<br>*Мақсаты: Бірдей заттарды ұқсастығы бойынша табу* | *Жұмбақ жарысы*<br>*Мақсаты:*<br>*Балалардың ойлау,есте сақтау қабілеттерін дамыту.*<br>*жеке жұмыс*<br>*Геометриялық пішіндерді* | *«Мимикалық жаттығу»*<br>*Мақсаты: балалардың көңіл күйлерін түрлі эмоциялармен білдіруге үйрету.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **картасына сәйкес жеке жұмыс** | *Тілін дамтыу.*<br>*. Ойын "Интервью". сұхбат әңгіме жүргізу* | | | *дұрыс атап, ажырата білуге үйрету* | |
| **Серуенге дайындық** | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |
| **Серуен** | ***Серуен №12***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* | ***Серуен № 13***<br>*Картотека қосымша тіркелген* | ***Серуен № 14***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* | ***Серуен №15***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* | ***Серуен №16***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* |
| **Балалардың үйге қайтуы** | *Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.* | *Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.* | *Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.* | *Ата-аналармен баланың ынтасы, қызығушылықтары туралы әңгімелесеу* | *Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.* |

***ЦИКЛОГРАММА***
***І апта Қараша айы 2021ж***
***«Аққөгершін» ересек тобы***

***Өтпелі тақырып «Дені саудың жаны сау»***

***Тақырыпша. І апта"Өзім туралы»***

| ***Күн тәртібі*** | ***Дүйсенбі*** <br> ***01.11.2021ж*** | ***Сейсенбі*** <br> ***02.11.2021ж*** | ***Сәрсенбі*** <br> ***03.11.2021ж*** | ***Бейсенбі*** <br> ***04.11.2021ж*** | ***Жұма*** <br> ***05.11.2021ж*** |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу*** | *Тәрбиешімен бірге балаларды қабылдау. жағымды жағдай жасау. Дене қызуын өлшеу.тазалығын тексеру арнайы журналға тіркеу.* <br> ***Ата-аналармен жұмыс:*** <br> *«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.* | | | | |
| ***Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )*** | ***Картотека №3*** <br> ***«Затты сипаттау»*** <br> ***Мақсаты:*** *Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын байыту.* | ***Картотека №4*** <br> ***«Не қайда өседі»*** <br> ***Мақсаты:*** <br> *Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.* | ***Картотека №5*** <br> ***«Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата»*** <br> ***Мақсаты:*** *Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін,белсенділігін а ртыру.* | ***Картотека №6*** <br> ***«Табиғат құбылыстарын ата»*** <br> ***Мақсаты:*** *қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады.* | ***Картотека №4*** <br> ***«Не қайда өседі»*** <br> ***Мақсаты:*** <br> *Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.* |
| **Таңертеңгі гимнастика** | *Қараша айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген* <br> *Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау* | | | | |
| **Таңғы ас** | ***Ойын жаттығу:*** <br> *Нан қиқымын шашпаңдар* <br> *Жерде жатса баспаңдар* <br> *Теріп алып, қастерлеп* <br> *Торғайларға тастаңдар* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | *ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.* | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері** | ***1.Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы:****Мен қандаймын?*<br>***Мақсаты:****Сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету.*<br>***Оқу қызметінің барысы.***<br>***Ұйымдастыру кезеңі.***<br>***Шаттық шеңбері***<br>*Бақшамызға барғанда,*<br>*Жолыққан бар жандарға,*<br>*«Қайырлы таң!»- деймін мен.*<br>*Күндіз де елді елеймін:*<br>*«Қайырлы күн!»- тілеймін.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Балалар қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*Күз мезгілінде ауа райында қандай өзгерістер болады?*<br>***Тақтадағы суретпен жұмыс***<br>*Балалар бұл суретте не көріп тұрмыз?(Дене мүшелерін)*<br>*Әр баладан сұрау*<br>***«Не үшін керек» өленің оқып беру.***<br>*Екі құлақ не үшін керек?*<br>*Жақсы сөзді есту үшін.*<br>*Екі көзін не үшін керек?*<br>*Жақсыларды көру үшін.*<br>*Екі қолын не үшін керек?*<br>*Еңбек ету үшін керек?*<br>*Еңбек ету үшін керек*<br>*Екі аяқ не үшін керек?*<br>*Отаңына қызмет ету үшін керек.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Сұрақтар қою.*<br>*Құлақ не үшін керек екен?* | ***1.Көркем әдебиет***<br>***Тақырыбы:*** *«Әдепті баламыз»*<br>*Ғ. Өкеев*<br>***Мақсаты:*** *Өлеңнің мазмұнымен таныстыру. Өлеңді дауыс ырғағын келтіре отырып әр шумағын қайталату арқылы жаттату.*<br>***Оқу қызметінің барысы.***<br>***Ұйымдастыру кезеңі.***<br>***Шаттық шеңбері***<br>*- Армысыз, қайырымды Аспан ата!*<br>*- Армысыз, мейірімді жер Ана!*<br>*- Армысыз, шұғылалы Алтын күн!*<br>*Қайырлы таң,*<br>*Қайырлы күн,*<br>*Бәріміз күндей жарқырайық.*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>*Әже келеді.*<br>***Әңгімелесу.***<br>*Қандай жылы, әдепті сөздерді білесіңдер?*<br>*Әдепті балалар қандай болады?*<br>*Әдептілік дегенді қалай түсінесіңдер?* | ***1.Математика негіздері***<br>***Тақырыбы:*** *3 саны мен цифры. 3 цифрын заттың санымен сәйкестендіру. Кеше, бүгін, ертең.*<br>***Мақсаты:*** *3 цифрымен таныстыру; заттар санын цифрмен сәйкестендіру; тәулік бөліктері туралы білімін бекіту. Өзге цифрлардың арасынан 3 санын табу; баланың зейінін дамыту.*<br>***Оқу қызметінің барысы.***<br>***Ұйымдастыру кезеңі.***<br>***Шаттық шеңбері***<br>*Балардан көңіл күйін сұрау.*<br>*Доп лақтыру арқылы балаларға сұрақтар қою.*<br>*Балалар қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*Күз мезгілі неше айдан тұрады?*<br>*Қазір қай ай?*<br>*Ауа- райы қандай болып тұр?*<br>*Аптаның неше күні бар?*<br>*Бүгін аптаның қай күні?*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***Қызығушылықтарын ояту***<br>*Қонаққа қоянның келеді.*<br>*Балаларға тапсырмалар алып келеді.*<br>***Қоянның тапсырмалары.***<br>*Балаларды топқа бөлініп тапсырмаларды орындайды.*<br>*Үлкен сәбіз және кіші сәбіздер* | ***1. Жаратылыстану***<br>***Тақырыбы:*** *Мен және табиғат*<br>***Мақсаты:*** *Табиғатқа деген қамқорлыққа тәрбиелеу.Ойлау және сезіну қабілеттерін қалыптастыру.Балаларды өлі және тірі табиғат туралы,жан-жақты түсінік беру.*<br>***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.***<br>***Ұйымдастыру кезеңі:***<br>*Табиғат біздің анамыз,*<br>*Табиғатқа баламыз.*<br>*Иіліп сәлем береміз,*<br>*Біз әдепті баламыз.*<br>***Ғажайып сәт:***<br>*Осы кезде есік қағылып ақ көгершін ұшып келеді.*<br>*Ақ көгершін: Сәлеметсіз бе балалар?*<br>*Мені табиғат-ана жіберді. Балалар мен балапандарыма асығып бара жатырмын сау болыңыздар!*<br>***Табиғат ананың хатын оқу.***<br>*Сәлеметсіз бе балалар! Мені барлық балалар жақсы біледі. Балалар осы «Өлі және тірі табиғатты» жайлы айтып беріңдерші, оларды зерттеп, санап, түрлерін атап, «Өлі және тірі*<br>*табиғатты» әңгімелеп беріңдерші.*<br>*– Ал, балалар Табиғат ананың* | ***1.Музыка***<br>*Педагог жоспары бойынша*<br><br>***2.Мүсіндеу***<br>***Тақырыбы:*** *Адам бейнесі.*<br>***Мақсаты:*** *Адам пішінін (дене бөліктерін:бас, кеуде, қолдары, аяқтары) мүсіндеуді үйрету.*<br>***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.***<br>***Ұйымдастыру кезеңі:***<br>*.Дидактикалық ойын. "Адамдардың бет бейнесі қандай болады?"*<br>*2.Адам бейнесін мүсіндеудің әдісін көрсету, түсіндіру.*<br>*1.Ермексазды екі кішкене, екі үлкен бөлікке бөліп алып, ұзынша етіп есеміз.*<br>*2.Кішкене бөлігінен адамның қолын жасаймыз, оның ұшынан шымшып созу арқылы алақанын жасаймыз.*<br>*3.Үлкен бөлігінен аяқтарын жасаймыз. Оның бір шеткі бөлігін созып, жалпақтап иеміз де аяғын мүсіндейміз. (аяқ киім киетін бөлігі)*<br>*4.Денесін есіп, бейнеге келтіріп, содан кейін* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Ұйқы*** | *Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.* | | | | |
| ***Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары*** | ***№16***<br>*Төсекте жатып жасайтын жаттығулар*<br>*Ұйқымызды ашайық.*<br>*1.Ояну жаттығу.*<br>*Қайырлы күн, көздерім! (балалар қастарын, көздер сипайды)*<br>*Қайырлы күн, құлақтарым!(құлақтарын сипау)*<br>*Қайырлы күн, беттеріміз! (беттерін сипау)*<br>*Қайырлы күн, қолдарымыз! (қолдарын сипау)*<br>*Қайырлы күн, аяқтарымыз!* | ***№17***<br>*Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. ( 2 минут)*<br>*Ояту*<br>*Ұйқыдан біз тұрамыз*<br>*Көзімізді ашамыз*<br>*Жан-жағымызға қарап*<br>*Достарымызға күлеміз. (1 мин)*<br>*Қолымызды жоғары көтеріп оңға қарай , солға қарай жоғары созыламыз*<br>*еденге тигіземіз*<br><br>***Картотека қосымша тігілген*** | ***№18***<br>*Белсенді нүктелерге массаж жасау. Тымау ауруларын алдын алу. «Ауырма» (Нүктелі массаж)*<br>*- Тамақ қатты ауырмасын, жөтелмейік, түшкірмейік.*<br><br>***Картотека қосымша тігілген*** | ***№19***<br>*Велосипед тебу.*<br>*1. Балалар төсекте жатып, бастарын оңға ,солға бұрады.*<br>*2. Балалар төсекте жатып, қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму.*<br>*3. Балалар төсекте жатып, велосипед тебу.*<br>*4. Қолтырауын болып, бір қырынан төсек үстінде аяқ-қолды созу.*<br><br>***Картотека қосымша тігілген*** | ***№20***<br><br>*Төсекте жатып жасайтын жаттығулар ( 2-3 минут)*<br>*Төсекте жатқан орнында көрпені аяғымен серпіп тастап оңға, солға домалау.*<br>*Отырған жерде көзімізді ашып – жұмып көзімізге жаттығулар жасау .*<br><br>***Картотека қосымша тігілген*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *(аяқтарын сипау)*<br>*Арнайы жолдармен жүру.*<br>***Картотека қосымша тігілген*** | | | | |
| **Бесін ас** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.Нан қиқымын шашпаңдар*<br>*Жерде жатса баспаңдар*<br>*Теріп алып қастерлеп*<br>*Торғайларға тастаңдар* | | | | |
| ***Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс*** | ***Картотека №.7***<br>***Қояндар мен қасқыр***<br>***Мақсаты:*** *Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру. Денсаулықтарын шынықтыру.*<br><br>***Картотека қосымша тіркелген. Денсаулық саласы*** | ***Картотека №.5***<br>*«Танып ал да, атын ата»*<br>*Ойынның мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.*<br><br>***Картотека қосымша тіркелген. Математика негіздері*** | ***Картотека №9***<br>*«Өзім және отбасым»*<br>*Мақсаты: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінік беру, бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсіндіру.*<br><br>***Картотека қосымша тіркелген. Әлеумет саласы*** | ***Картотека №.5***<br>*«Құрылысшылар» сюжетті-рөлді ойын*<br>*Мақсаты: Ойын жоспарларына сәйкес іс әрекетпен айтыс-тартысты әділдікпен шешу, сюжетке сәйкес конструктор, құрылыс материалдарын қолданып келісіммен берілген ролдерді бөлуге ойнауға үйрету.*<br><br>***Картотека қосымша тіркелген. Сюжетті ролді ойын*** | ***Картотека №10***<br>*Жер,су,ауа*<br>*Мақсаты: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге,жылдам жауап беруге,жерде , ауада, суда не болатынны дұрыс айтуға төселдіру,қоршаған ортаға қамқорлық сезімен тәрбиелеу.*<br><br>***Картотека қосымша тіркелген. Таным саласы*** |
| ***Серуенге дайындық*** | *Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | | | | |
| ***Серуен*** | ***Серуен №16***<br>*Қарғаны бақылау.*<br>*Картотека қосымша тіркелген.* | ***Серуен № 17***<br>*Адамдардың қысқы киімін бақылау.*<br>*Картотека қосымша тіркелген* | ***Серуен № 18***<br>*Мұздақты бақылау.*<br>*Картотека қосымша тіркелген.* | ***Серуен №19***<br>*Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау.*<br>*Картотека қосымша тіркелген.* | ***Серуен №20***<br>*Боранды бақылау.*<br>*Картотека қосымша тіркелген.* |
| ***Балалардың үйге қайтуы*** | *Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.* | *Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.* | *Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.* | *Ата-анаға: балаға жиі қазақтың ертегілерін оқып беуге ұсыныс айту.* | *Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.* |

# ЦИКЛОГРАММА

## *І апта.   Ақпан   айы 2022ж.*

## *«Аққөгершін» тобы*

**Өтпелі тақырып: Бізді қоршаған әлем**

**Тақырыпша«Ғажайыптар әлемі» (Өлі табиғат құбылыстары)**

| *Күн тәртібі* | *Дүйсенбі*<br>*31.01.2022ж* | *Сейсенбі*<br>*01.02.2022ж* | *Сәрсенбі*<br>*02.02.2022ж* | *Бейсенбі*<br>*03.02.2022ж* | *Жұма*<br>*04.02.2022ж* |
|---|---|---|---|---|---|
| *Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу* | *Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене  қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.*<br>***Ата-аналармен жұмыс:***<br>*«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.* | | | | |
| *Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )* | ***Картотека №17 «Қайсысы қайда тіршілік етеді?»***<br>***Мақсаты:*** *суреттен көрген заттарының аттарын тап, олардың қайда өмір сүретінің айтқызу. Сөздік қорын молайту.* | ***Картотека №6 «Табиғат құбылыстарын ата»***<br>***Мақсаты:*** *қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады.* | ***Картотека №9 «Үй жануарлары»***<br>***Мақсаты:*** *Балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға,олардың қимылын,қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін дұрыс атауға, оларды қорғай білуге тәрбиелеу* | ***Картотека №5 «Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата»***<br>***Мақсаты:*** *Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, белсенділігін артыру* | ***Картотека №15 «Қоянға көмектесеміз»***<br>***Мақсаты:*** *Заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға үрету.* |
| | ***ТАНЫМ САЛАСЫ   ОЙЫНДАР   КАРТОТЕКАСЫНАН   (картотека қосымша тіркелген)*** | | | | |
| *Таңертеңгі гимнастика* | ***Ақпан  айының   1- аптасына  арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген***<br>***Мақсаты: Жалпы  даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын дамыту. Баланы  салауатты өмір салтына тәрбиелеу.*** | | | | |
| ***Таңғы ас*** | *Тамақ  ішу  мәдениетін, үстелде  отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау  мәдениетін  қалыптастыру және сақтау*<br>*Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге   кеңес беру. Әдептілік ережелерін  түсіндіру.*<br>*Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз* | | | | |
| ***Ойындар, ҰОҚ дайындық*** | *ҰОҚ   өтілу  барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері*** | ***Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы:*** *«Мөлдіреген аппақ қыс» (сурет бойынша әңгіме)*<br>*Мақсаты:* ***Ө****з бетінше сөйлеу мәнері мен дауыс күшін тиісінше өзгертіп отыру іскерлігін жетілдіру.Қысқа байланысты тақпақ, сұрақ-жауап арқылы тіл байлығын байыту.Оларды бақылауға тәрбиелеу.*<br><br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>*Қыс туралы әнмен бастау.*<br>*-Балалар жаңа біз қай жыл мезгілі туралы ән айттық?*<br>*-Қыс мезгілінің ерекшелігін кім айтады?*<br>***Тосын сәт.***<br>*Хатшы хат пен қорапша әкеледі.*<br>***Хатты оқу.***<br>*Балалар бұл хатта тапсырмалар бар екен. Сол тапсырмаларды орындасақ мына қорап ашылады екен. Қорапта не бар екен?*<br>*Қәне онда тапсырмаларды орындайық.*<br>*Балалар тапсыраны орындау үшін топқа бөлінейік.*<br>***1-топ. Аққала тобы***<br>***2- топ Ақшақар тобы.***<br>*1-топ Аққала тобына тапсырма.*<br>*Суретке қарап әңгіме құрыңдар?*<br>*«Қыс мезгілі»* | ***Көркем әдебиет***<br>***Тақырыбы :*** *Ә. Дүйсенбиевтің «Қыс» өлеңін жаттау.*<br>***Мақсаты:*** *Қыс мезгіліндегі табиғат көріністеріне, оның ерекшеліктеріне тоқталу. Қысқы еңбек түрімен таныстыру, ойнайтын ойындарды айту.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Шанамен зырғып желетін,*<br>*Коньки, шаңғы тебетін,*<br>*Аққала жасап ойнайтын.*<br>*Қай мезгіл деп ойласыңдар балалар?(қыс)*<br>***АКТ технологиясы.***<br>*Слайд көрсету.*<br>*Қыс мезгілі (сұрақ-жауап арқылы)*<br>*-Қыс мезгіліңің белгілерін білеміз бе?*<br>*-Боран соққанда қимыл мен көрсетейікші.*<br>*-Қатты аяз болып тоңғанда не істейміз?*<br>*-Ал, күн шыққанда не істейсіңдер?*<br>*-Қыс айларын атайықшы.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Боран соқты оң* | ***1. Математика негіздері***<br>***Тақырыбы:***<br>*Сан мен цифрды сәйкестендіру. Тәулік бөліктері. Кең, тар, өте тар. Есептік және реттік санау*<br>***Мақсаты:****1-ден 5-ке дейінгі сандар туралы білімдерін бекіту; «кеше», «бүгін», «ертең» ұғымдарын айыра білуге және осы сөздерді дұрыс қолдануға үйрету; өзін-өзі бақылау және өз-өзін бағалауға дағдыландыру.*<br>***Оқу қызметінің барысы***<br>*- Балалар, көңіл – күйлерің қалай? (Көңіл – күйіміз өте жақсы) Әрдайымда көңілді, жарқын жүзбен қуанышпен жүрулеріңе тілектеспін.*<br>*-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*-Қыс мезгілінде неше ай бар?*<br>*-Қыс мезгілінде ауа-райы қандай болады?*<br>*- Балалар бір аптада неше күн бар?*<br>*-Бүгін аптаның қай күні?*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>*-Балалар сендер білесіңдер ме бізге хат тасушы сыйқырлы қорап алып келіпті.Қораптың ішінде не бар екенін көрейікпе?*<br>*(Қорапты ашады)*<br>*-Балалар сыйқырлы кораптың ішінде әр түрлі тапсырмалар бар екен. Осы тапсырмаларды орындап көреміз бе?*<br>*-Олай болса тапсырмаларды орындауға көшейік.*<br>***1-ші тапсырмамыз сандарды рет ретімен қою.***<br>*Сандар қатарымен жұмыс істейміз.*<br>*(1-ден 5-ке дейінгі сандарды қойып* | *1.****Жаратылыстану***<br>***Тақырыбы:****Табиғат құбылыстары*<br>***Мақсаты:*** *Әр жыл мезгіліне тән табиғат құбылыстарының ерекшеліктерімен таныстыру. Табиғат құбылыстарының адамның физикалық және эмоциялық күйіне әсері туралы білімдерін дамыту*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***1.Шаттық шеңбер.***<br>*Табиғат — біздің анамыз,*<br>*Табиғатқа баламыз.*<br>*Табиғатты қорғайтын,*<br>*Біз әдепті баламыз.*<br>***2.Жұмбақтарды шешу***<br>*Қанаты жоқ, ұшады,*<br>*Аяғы жоқ, жетеді.*<br>*Аузы жоқ, ұлиды (Боран).*<br>*Арыстан арқырады, Орман жарқырады*<br>*(Найзағай).*<br>*Қанаты жоқ – ұшады,*<br>*Аяғы жоқ – қашады (Жел).*<br>*Қыста ғана болады,*<br>*Ұстасаң, қолың тоңады (Қар)*<br>***3.Сұрақтар ілмегі.***<br>*Балалар, қандай табиғат құбылыстарын білесіңдер?*<br>*Табиғат құбылыстарына анықтама беріп көрейікші.*<br>*табиғат құбылыстары – әр маусымда болатын табиғи өзгерістер (жаңбыр, қар, жел, боран, найзағай т.б.).*<br>***4 . Жыл мезгілдері туралы бейнефильмдер тамашалау.***<br>*– Балалар, суреттен нені байқадыңдар?*<br>***Жаз мезгілі туралы*** | ***1.Музыка***<br>***Педагог жоспары бойынша***<br><br><br>***2. Мүсіндеу.***<br>***Тақырыбы:****Күн.*<br>***Мақсаты:****Күннің көзінің жер бетіндегі тіршілікке пайдасы туралы білімдерін кеңейту. Дөңгелек пішіндерді мүсіндеу дағдыларын жетілдіру.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***1.Шаттық шеңбер.***<br>*Армысыз қайырымды*<br>*Аспан Ата,*<br>*Алмысыз мейірімді*<br>*Жер Ана*<br>*Армысыз шұғылалы*<br>*Алтын күн,*<br>*Қуанайық, шаттанайық бәріміз.*<br>*Күліп шықты бүгін күн.*<br>***Миға шабул.***<br>*Жұмбақ жасыру.*<br>*Жұрттың бәрі сүйеді,*<br>*Бірақ қарай алмайды.*<br>*Балалар жауабын шешеді.*<br>***АКТ технологиясы.***<br>*Слайдқа назар аударту*<br>*Қыстағы табиғат көрінісі туралы әңгіме жүргізу* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2- топ Ақшақар тобына тапсырма.<br>«Қысқы еңбек» суретке әңгіме құраңдар<br>Балаларды мадақтау.<br>**2- тапсырма.**<br>**Миға шабул.**<br>**«Қай топ бірінші жұмбақты шешеді?»**<br>1.Қыста ғана болады,<br>Ұстасаң қолың тонады. (қар)<br><br>2.Тісі жоқ,тістеп алады.<br>Қолы жоқ, сурет салады. (аяз)<br><br>3.Мені қардан жасапты,<br>Ойланып көр<br>Қолым-таяқ,<br>Мұрным-сәбіз,<br>Көзім-көмір. (аққала)<br><br>4.Қырға сүйреп шығам,<br>Ойға мініп түсем. (шана)<br><br>5.Өзі судан жаралған,<br>Бірақ судан қорқады. (мұз)<br><br>6.Су да, мұз бар,<br>Жер де, қар бар.<br>Боран басып соғады.<br>Бұл қай кезде болады? (қыс)<br>Екі топты мадақтау.<br>**Сергіту сәті:**<br>Боран соғар оң жақтан,<br>Боран соғар сол жақтан.<br>Қар лақтырып ойнасақ,<br>Суық өтер қолғаптан.<br>**3-тапсырма**<br>**Сұрақтар ілмегі.** | жақтан,<br>Боран соқты сол жақтан.<br><br>Қар лақтырып ойнасақ<br>Су өтеді қолғаптан.<br>**«Қыс» өлеңін Мнемо кесте арқылы мәнерлеп оқып мазмұнын ашу.**<br>Аппақ, аппақ жапалақтап,<br>Қар жауады тынбастан.<br>Қалың орман, қар жамылған,<br>Маужырайды түнгі аспан.<br>Кең пейілді, мол мейірлі,<br>Сағынышпен табысқан.<br>О, алақай, Аяз ата,<br>Келе жатыр алыстан!<br>**«Не артық» ойыны**<br>Төрт мезгілдің суреттері араластырып ілінеді.<br>Қыс мезгілі туралы айту.<br>Балалар артық суреттерді тауып, оның қай мезгілге тән екенін айтады<br>**Қорытынды.**<br>Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.<br>Балаларды мадақтау<br><br>**2 Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:**Қардың бейнесін салу.<br>**Мақсаты:**Қардың | шығу керек).<br>Балалардан 1-ден 5-ке дейінгі цифрларды рет-ретімен үстелдеріне қойып шығуды<br><br>сұрау. - -Балалар қараңдаршы бұл не?<br>Дұрыс айтасыңдар. Қандай пішіндер?<br>-пішіндерде не жазылған? Дұрыс сандар.<br>-Мен қазір сендерге мына пішіндерді таратып беремін. Балалар мен сендерге неше пішіндер бердім?<br>-Енді осы сандар жазылған пішіндерді рет-ретімен қойып шығамыз.<br>-Жақсы балалар біз бірінші тапсырманы орындадық.<br>Ал мен сендермен бір ойын ойнағым келіп тұр. Ойынды бастамас бұрын үстел үстінде не тұрғанын айтыңдаршы?<br>-Неше текше санайықшы?!<br>-Дұрыс айтасыңдар! -Текшелердің түсі қандай?<br><br>**Ойын шарты:** Мен сендерге көздеріңді жұм дегенде барлығымыз көздерімізді жұмамыз,ал мен текшені жасырамын сендер қандай текше жоғалғанын айтасыңдар.<br><br>**2- тапсырма. Жұмбақ жасыру.**<br>-Балалар мен сендерге бір жұмбақ жасырғым келіп отыр. Сендер жұмбақ шешу білесіңдер ме?<br>-Олай болса мұқият тыңдаңдар<br>Қасқырдан да құтылды | **бейнефильмді тамашалау.**<br>Жазда күн ыстық болады. Жаз бойы балалар демалады. Жаз мезгілінде жеміс-жидектер пісе басайды. Жаз мезгілінде айнала жасыл желекке еніп, әртүрлі гүлге толады.<br>– Екінші суретте қай мезгіл бейнеленген?<br>– Күз мезгілінде ауа райы қандай болады?<br>**Сергіту сәті.**<br>1 дегенде тұрайық,<br>2, 3, 4 – алақанды соғайық,<br>Оң жаққа бұрылып,<br>Сол жаққа бұрылып,<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз жүгіріп алайық.<br>**Күз туралы бейнефильмді тамашалау.**<br>Күзде күн суыта бастайды. Күз мезгілінде жаңбыр жиі жауады. Күзде ағаштардың жапырақтары сарғаяды. Күзде егін піседі. Егінді адамдар жинайды.Күзде барлық жеміс-жидектер пісіп, жерге түседі. Жан-жануарлар да қысқа азық жинайды.<br>– Көктем мезгілінде қандай табиғат құбылысы болады?<br>**Көктем туралы бейнефильмді тамашалау**.<br>Көктемде күн жылына бастайды. Қар еріп жылғалардан су ағады. Жыл құстары өз мекендеріне ұшып келе бастайды. Келе сала ұя салып, балапан басып шығарады. Ағаш бұтақтары бүршік жарады. Құрт- | **Сұрақтар ілмегі**<br>Бүгін күн қандай?<br>-суық,қар жауып тұр.<br>Күн бар ма?<br>Балалар аспанда күн болмаса дала қандай болады?<br>-қараңғы, суық болады.<br>Олай болса балалар, күнді мүсіндейік жылуын шашсын.<br>**Мүсіндеудің әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру.**<br>**Сергіту сәті.**<br>Секіреміз топ-топ,<br>Шапалақтап көп-көп.<br>Иілеміз оңға қарай<br>бір,екі,үш,<br>Иілеміз солға қарай<br>бір,екі,үш.<br><br>Балалардың жұмысын бақылау<br>Жеке көмек.<br>Балалардың өзіндік жұмыстары<br>**Қорытынды.**<br>Балалардың жұмысын қорытындылау.<br>Көрме ұйымдастыру.<br>Балаларды мадақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **1-топ Аққала тобына сұрақ.**<br>Қыс мезгілінде біз аулаға серуенге шықтық, бірақ қолымызда қолғап жоқ, қолдарың тонды. Сендер не істер едіңдер?<br>**2- топ Ақшақар тобына сұрақ**<br>Қыс мезгілі көшеде әже келе жатып құлап қалады, аяғын ауыртып алды, сендер әжеге қандай көмек көрсетесіңдер?<br>Мадақтау.<br>**4-тапсырма**<br>**Воскобович әдісін қолдана отырып, тақтада қыс бейнесін құрау.**<br>(Қысқы ағаш, қар, шырша).<br>Екі топты мадақтау.<br>**Қорытынды.**<br>Балалар , жарайыңдар екі топта тапсырманы орындадыңдар!<br>Енді сиқырлы қорапты ашып қарайық.<br>Қорап ішінен тәтті кәмпит шығады.<br>Балаларға тәтті кәмпитерді беру.<br>Мадақтау.<br><br>**2.Музыка**<br>**Педагог жоспары бойынша**<br><br>**3. Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы.** Еденде жатқан | бейнесін салуға үйрету.Бояуды қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Ұйымдастыру.**<br>«Миға шабуыл»<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Қыста ғана болады,<br>Ұстасаң қолың тонады,<br>Ол не?<br>**Сұрақтар ілмегі әдісі**<br>-Қар қандай түсті?<br>-Қар неменеге ұқсайды?<br>-Қар туралы тағы не айтуға бола-ды?<br>Жарайсыңдар балалар.<br>**Дидактикалық ойын.**<br>«Қайтала»<br>- Боранды қимылмен көрсету<br>- Үскірік аяз болып тоңғанда не істейді? - Ал, күн шыққанда не істейсіңдер?<br>Суреттерді көрсетіп,қысқы табиғаттың ерекшелігін айтамыз.<br>Серуен кезіндегі бейнетаспа көрсету.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>**Доп:** алақандар бір-бірімен жабысады. ( доп пішінін жасайды).<br>**Таяқшамен қардың суретін салудың әдіс тәсілдерін көрсету.**<br>Балалардың жұмысын бақылау.<br>Жеке көмек. | Аюдан да құтылды<br>Ақыр соңында қу түлкіге тұтылды<br>Ол не?<br>Дұрыс айтасыңдар.<br>Олай болса біздің екінші тапсырмамыз бауырсақ ертегісіне байланысты.<br>**Тақтамен жұмыс.**<br><br>Мен қазір тақтаға бауырсақ ертегісінің суреттерін ілемін.<br><br>-Қараңдаршы балалар қандай аңдарды көріп тұрсыңдар?<br><br>-Дұрыс,ал енді тапсырманы мұқият тыңдаймыз. Сендер мына суреттегі артық аңды алып тастап, Бауырсаққа кездескен аңдарды рет-ретімен қойып шығу керек.<br>Балаларды мадақтау.<br>**Сергіту сәті:**<br>Бәріміз біргеміз<br>Оңға бір қадам, солға бір қадам<br>Айналамыз дөңгелеп<br>Алға бір қадам,артқа бір қадам<br>Айналамыз дөңгелеп<br>Орнымызға қонамыз<br>Сергіп алдық ал енді келесі тапсырмамызға көшейік.<br>**3-Тапсырма.**<br>«Сөйлемді аяқта» ойыны.<br>Мен сендерге сөйлемді бастаймын сендер аяқтайсыңдар. Ойын шарты түсінікті ме?<br>1. Таңғы асты таңертең, ал кешкі | құмырсқа, аралар оянады.<br>– Күн күркіреп, жаңбыр жауады.<br>**Қыс туралы бейнефильмді тамашалау.**<br>– Ал, қыста қандай құбылыс болады?<br>Қыста күн суық болады. Қар жиі жауады. Ағаштардың бұтақтарын қар басып, бұтақтар иіліп тұрады. Айнала аппақ қарға оранады. Боран соғып, үскірік аяз болады. Аюлар апанында ұйқыға жатады. Өзендер мен көлдердің бетіне қалың мұз басады.<br>– Қар жауады<br>**5.«Бұл қай кезде болады?» ойыны**<br>Бөлмеде жыл мезгілдері бейнеленген орманның макеті тұр.<br>Осы макетте төрт мезгілдің өзіне тән белгілері шатастырылып қойылған. Сол қатені түзеулері керек.<br>**6.Қорытынды**.<br>Сұрақ жауап арқылы қорытындылау<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**2. Тапқыштар (в)**<br>**Тақырыбы:** Уақыт арқылы бағдарлау<br>**Мақсаты :**<br>Тәулік мезгілдерімен таныстыру. Бүгін, ертең, бүрсігүні, кеше, арғы күні ұғымдарымен таныстыру. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | заттан секіріп өту<br>**Мақсаты.** Тізбектеліп сапта аюша қорбаңдап жүру, қолды жоғары көтереіп-түсіріп жүру, сигнал бойынша отырып, тұру. Еденде жатқан заттан секіру . Қимыл-қозғалысы белсенділігін арттыру, төзімділігін, зейінін дамыту**.**<br>**І.Кіріспе бөлім.**<br>Бір қатар сапқа тұру.<br>Сәлемдесу.<br>(нұсқауларды орындау)<br>Шеңбер бойымен тұру.<br>Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.<br>**Жалпы дамыту жаттығулар:**<br>1) колдары белде, басын алға, артқа, оңға, солға еңкейтіп жүру:<br>2) Екі қолдарын айналдыру 4-рет алға қолды түзу ұстау,4-рет артқа<br>3) Оң қол жоғарда,сол кол төменде 1,2 дегенде қолдарын артқа-алға сермеу,3-4 дегенде ауыстыру.<br>4) Қолдарын кеуденің алдында ұстау: 1,2 дегенде артқа сермеу, 3,4 дегенде жанға оңға сермеу,келесі 3,4 дегенде солға қарай сермеу.<br>5) Әр қадам сайын алға еңкейіп жүру.<br>6)Тізені жартылай бүгіп жүру: | **Қорытынды.**<br>Қане айтыңдаршы қыста не жауады екен?<br>- Қар салқын ба?<br>- Қардың түсі қандай болады екен?<br>- Қардан не жасаймыз?<br>Балаларды мадақтау<br>Жұмыстарын тақтаға ілу.<br><br><br>**3. Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы.** Алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіріп бару<br>**Мақсаты.** Тізбектеліп сапта аюша қорбаңдап жүру, қолды жоғары көтереіп-түсіріп жүру, сигнал бойынша отырып, тұру. Еденде жатқан заттан секіру . Алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіріп бару .Қимыл-қозғалысы белсенділігін арттыру, төзімділігін, зейінін дамыту**.**<br><br>**І.Кіріспе бөлім.**<br>Бір қатар сапқа тұру.<br>Сәлемдесу.<br>(нұсқауларды орындау)<br>.Шеңбер бойымен тұру.<br>Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау<br>**Жалпы дамыту жаттығулар:**<br>**эстафета:** | асты (кеште) ішеміз<br>2. Түнде ұйықтаймыз, ал ... жаттығу жасаймыз (таңертең)<br>3. Күндіз күн шығады, ал ай ... (түнде) шығады<br>4. Кешкі асты кеште, түскі асты ... (күндіз) ішеміз<br>-Балалар, тәуліктің қай бөлігі туралы айтылған?<br>**4-тапсырма.Логикалық ойын есеп: Тез ойлап тап!**<br>1.Дүкеншіде 5 жұмыртқа болды, біреуін жарып алды. Дүкеншіде неше жұмыртқа қалды?<br>2. Ермек дүкеннен 3 балмұздақ алды, жолда 1 — ін жеді, Ермекте неше балмұздақ қалды?<br>3. Әйгерім дүкеннен 4 кәмпит сатып алды. Кәмпиттің 1-ін Дильназға, тағы 1-ін Мадинаға берді. Әйгерімде қанша кәмпит қалды?<br>4. Алма ағашта бес алма<br>Қандай тәтті жесе алма,<br>Біреуін оның жеп қойсаң<br>Қалады онда неше алма.<br>Балаларды мадақтау.<br>**Қорытынды.**<br>-Жарайсыңдар балалар сендер сыйқырлы қораптағы тапсырмалардың бәрін дұрыс орындап шықтыңдар. Сендер бүгінгі оқу қызметінде белсенді болдыңдар.<br>-Сендерге оқу қызметі ұнады ма?<br>-Бүгінгі оқу қызметінде не ұнады?<br>Қорап ішінен шыққан кәмпиттерді балаларға тарату. | **Оқу қызметінің барысы:**<br>**Сұрақ-жауап**<br>Қазір жылдың қай мерзімі?<br>- Қандай ай?<br>- Бүгін аптаның қай күні?<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Тосын сәт.**<br>Есік қағылып, Білім ханшайымынан хат келді. Балалар сендерге Білім ханшайымы тапсырмалар жіберген, сендер орындай аласыңдар ма?<br>**1 - тапсырма**.<br>Жылдың төрт мезгілін ата?<br>Қазір жылдың қай мезгілі?<br>Бір аптада неше күн бар?<br>**2 тапсырма**<br>Санау. Тура және кері санау.<br>1, 2, 3, 4, 5.<br>5 4, 3, 2, 1.<br>**3-тапсырма:** Уақыт. Уақыт бойынша бағдарлау: таңертең, күндіз, кеш, түн.<br>**АКТ технологиясы**<br>Түсінік беру.<br>**Сергіту сәті.**<br>**"Күн мен түн»**<br>"күн"- дегенде қолдарымыз бен шапалақтаймыз,"түн"- дегенде ұйықтап қаламыз.<br>**4- тапсырма.** Балалар сендердің алдарыңда конверт бар, сол конвертті ашып ішіндегі күндіз жасалынатын жұмыстарды бөлек, түнде жасалынатын жұмысты бөлек орналастырамыз.<br>(Балалардың жұмысы)<br>**5- тапсырма. Логикалық ойындар** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *7)Оң аяқпен секіріп жүру*<br>*8)Сол аяқпен секіріп жүру*<br>*9)2-кі аяқпен секіріп жүру*<br>*Тыныс алу жаттығуы*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1 Еденде жатқан заттан секіру*<br>*2.Гимнастикалық қабырға өрмелеу.*<br>***Қимылды ойын:***<br>*«Үрпек ит»*<br>*Ойын шартын түсіндіру.*<br>*Балаларды мадақтау.* | *1. «Мұқият болу» қарды домалатамыз.*<br>*2. «Қар толтыру» 1минутта себетке қар толтыру.*<br>*3 «Қарды ұстап жүгіру» қарды алақанға салып жеткізу.*<br>*4 «Шаңғы тебу» аяғымен сырғып шаңғы тебу.*<br>***Дем алу гимнастика «Қарды үрлейміз»***<br>***Шарты:*** *Әр балаға қолдарына қағаздан жасалған қар беріледі, жібінен ұстап үрлейміз.*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1. Алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіріп бару 2.Басқа қап киіп, заттарды аттап өту, бұрылу.*<br>***Қимылды ойын:***<br>*Торғайлар мен мысық*<br>*Ойын шартын түсіндіру.*<br>*Балаларды мадақтау.* | ***2.Қоршаған ортамен таныстыру.***<br>***Тақырыбы:*** *Бізді қоршаған-әлем.*<br>***Мақсаты:****Айналадағы заттардың атқаратын қызметінің, осы заттар жасалған материалдың құрылысының арасындағы байланысты түсінуге үйрету. Балабақша ұйымына жақын орналасқан ғимараттарды бағдарлау дағдыларын қалыптастыру.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбері.***<br>*«Болайықшы осындай*<br>*А.Меңжанова.*<br>*Таза бала мұнтаздай,*<br>*Сүйсінеді қараған.*<br>*Ұқыпты деп дұл қандай*<br>*Жақсы көрер бар адам.*<br>*Ұқыпты осындай*<br>*Болайықшы досым-ай.*<br>***Қызығушылықты ояту***<br>*-Балалар қараңдаршы менің қолымдағы доптың пішіні қандай?*<br>*- Дұрыс, ал сендер білесіңдер ме, біз өмір сүріп жатқан жердің пішіні де осындай доп сияқты дөңгелек. -. Енді экранға назар аударайық. /Жердің бейнесін көрсету/ Жер туралы әңгіме.*<br>***Ой дамыту.***<br>*Экраннан күннің бейнесі шығады.*<br>*Күнмен таныстыру. -Күннің пішіні қандай?*<br>*/Экранда табиғат суреті бейнеленген/ Балаларға табиғат туралы әңгімелеу. Жан-жануар, құстар, жеміс-жидектертуралы әңгімелеу*<br>***Жұмбақ жасыру:***<br>*Бір нәрсе жер мен көктің арасында,* | *1.Оң қолымда үш алма*<br>*Сол қолымда екі алма*<br>*Қосқанда барлығын*<br>*Болады неше алма?*<br>*2.*<br>*Ағашқа қонды 4 торғай*<br>*2 торғай ұшып кетті*<br>*Ағашта неше торғай қалды?*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***Қорытынды.***<br>*Балалар сендер барлық тапсырмаларды жақсы орындадыңдар.*<br>*Біздің балалар түгел орындады деп Білім ханшайымына хат жазып, поштаға салып жіберейін.*<br>*Білім ханшайымыының сіздерге беріп жіберген сыйы бар екен соны тапсырайын.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***3. Дене шынықтыру.***<br>***Тақырыбы.*** *Арқанның астымен орындыққа дейін еңбектеу.*<br>***Мақсаты.*** *Шеңбер бойымен аяқ ұшымен және өкшемен жүру, жылдам жүгіру. Арқанның астымен орындыққа дейін еңбектеу.Қимыл-қозғалысы белсенділігін арттыру, төзімділігін, зейінін дамыту*<br>***І.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру.*<br>*Сәлемдесу.*<br>*(нұсқауларды орындау)*<br>*Шеңбер бойымен тұру.*<br>*Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:*** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *Көрінбейді өзі түгіл, қарасы да.*<br>*Білінбей жер үстінде жүсе-дағы*<br>*Пайдалы адамзаттың баласына.*<br>*(ауа)*<br>*Ауаны не ластайды?*<br>***Дидактикалық ойын.***<br>*«Жер шары» .*<br>*Ойын шарты бойынша мен қолымдағы допты бір балаға лақтырып, «жер шары» деп айтамын қағып алған бала жер шарында кімдер? Нелер? мекедейтінін шапшаң айтып допты кері лақтырады*<br>***Тыныштық сәті:*** *Табиғат құбылыстарының дыбыстарын тыңдау.*<br>*Тәрбиеші: Балалар не естідіңдер? Ненің дыбысы деп ойлайсыңдар? Осы құбылыстардың барлығы табиғат құбылыстарына жатады****.***<br>***Қорытынды.***<br>***Сұрақтар ілмегі.***<br>*Қоршаған ортаны қалай қорғауымыз керек екен?*<br>*Балалардың жауаптары.*<br>*Мадақтау.*<br><br>***3.Өнерлі екен он саусақ (в)***<br>***Тақырыбы.****Қар жамылған бұтақ*<br>***Мақсат.****Балалардың шығармашылық қабілеттері мен қиялдарын дамыту. Дәстүрден тыс мақталы таяқшалармен қардың суретін салуды үйрету.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбері.***<br>*Жарқырап күнде ашылды,*<br>*Айналаға нұр шашылды.*<br>*Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз!* | *1б.қ Аяқ бірге , қол төмен. 1-қолды алға созу, 2- төмен түсіру. 5-6 рет қайталау.*<br>*2 б.қ Аяқтың арасын ашып, қол иықта 1 қолды жоғары көтеру ,2 б.қ оралу. 5-6 рет қайталау.*<br>*б.қ Аяқтың арасы алшақ, қол белде. 1отыру. 2 тұру . 5-6 қайталау.*<br>*4 б.қ аяқтың арасы алшақ , қол белде 1- оңға бұрылу, 2б.қ оралу 3-солға бұрылу, 4б.қ оралу 4-5 рет қайталау. 5 «қояндарша секіреміз» аяқты бірге , қол бүгулі кеудеде. Секіру 7-8 секунд. Еркін тыныс ал*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1. Арқанның астымен орындыққа дейін еңбектеу*<br>*2.Доға астымен еңбектеу*<br>***Қимылды ойын:***<br>***«****Соқыр теке»*<br>*Ойын шартымен таныстыру.*<br>*Балаларды мадақтау.* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *Қайырлы күн! Біз сүйкімді баламыз!*<br>***Тақпақ оқу***<br>*Аппақ қыстың бояуы*<br>*Аппақ қыстың бораны*<br>*Ақ көрпеге орайды*<br>*Ақ қар байтақ даланы осы өлеңде не туралы айтылған?*<br>*Қыс мезгілінде неше ай бар?*<br>*-Қыста күн қандай болады?*<br>*-Енді айналаға, далаға қараңдаршы қандай болып жатыр?*<br>***Тақтамен жұмыс****. Тақтадағы суретке қарап ормандағы ағаштар туралы әңгімелесу.*<br>***«Қар жамылған ағаш» бейнесін саламыз.***<br>*Жұмыс барысы үлгіге қарап түсіндіру.*<br>*Қылқаламды алып, қоңыр түсті гуашпен ағашты саламыз.*<br>*Ағаштың жуан діңін, төменнен жоғары қарай салып, қар жамылған бейнені мақталы таяқшамен саламыз. Қар жауып тұрған сәтті шашырату әдісімен салып көрсету.*<br>*Енді сурет салмас бұрын саусақ жаттығуын жасап алайық.*<br>***Шынжыр.*** *Оң және сол қолдағы түйісіп, жүзіктер секілді айқасып, шынжыр жасайды.*<br>*Енді отырып жұмысымызды бастай беруге болады.*<br>***Жеке көмек.***<br>***Қорытынды.***<br>*Көрме ұйымдастыру*<br>*Балалардың жұмыстарын қарау.*<br>*Бұл ненің бейнесі?*<br>*Біз нені бейнеледік?*<br>*Балаларды мақтау.* | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Серуенге дайындық*** | *Жүйелі киініп серуенге шығу .*<br>*Ойын жаттығу: «Кім дұрыс киінеді»*<br>*Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу* | | | | |
| ***Серуен:*** | ***Серуен № 10***<br>***Мұзды бақылау.***<br>*Мақсаты: Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру*<br>***Картотека қосымша тіркелген.*** | ***Серуен № 11***<br>***Боранды бақылау.***<br>*Мақсаты: Боран ұйтқып соққан желдің салдарынан, қыс мезгілінде болатын құбылыс екендігін* ***көрсете түсіндіру***<br>***Картотека қосымша тіркелген*** | ***Серуен №12***<br>*Бұлтты бақылау.Мақсаты: Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру.****Картотека қосымша тіркелген.*** | ***Серуен № 5***<br>***Қар жауып тұрған құбылысты бақылау.***<br>*Мақсаты: балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге үйрету. Балаларды байқағыш, ойлау қаситтерін қалыптас-тырып, толықтыра түсу.*<br>***Картотека қосымша тіркелген.*** | ***Серуен № 9***<br>***Шыршаны бақылау.***<br>*Мақсаты: Шыршаның тікенекті, оның қысы-жазы бір түсте болтынын көрсете түсіндіру.*<br>***Картотека қосымша тіркелген.*** |
| ***Серуеннен оралу*** | *Балаларға реттіліпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| ***Түскі ас*** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| ***Ұйқы*** | *Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.* | | | | |
| ***Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары*** | ***№ 11***<br>*Майтабанның алдын алу.*<br>*Мысық сияқты аяқтың ұшымен шеңбермен жүру, екі аяқпен секіру ,*<br>*жүру орнымызға қарай жүгіру.*<br>*Гимнастикалық жолдан жүру*<br>*Жүрейік біз жүрейік*<br>*Аяқты біз емдейік*<br>*Аяқ қолым мықты болып*<br>*Көпірлерден өтейік.* | ***№ 12***<br>*Төсекте жатып жасайтын жаттығулар*<br>*Ояту*<br>*Балалар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Қолымызды созып*<br>*Шынығып бір алайық.*<br>*Созылу* | ***№ 13***<br>*Арқаның қалпын сақтауға арналған жаттығулар.*<br>*Ояту*<br>*Балалар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Қолымызды созып*<br>*Шынығып бір алайық.* | ***№ 14***<br>*Балапандар.*<br>*Ояту*<br>*Балапандар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Жан-жаққа біз қарайық*<br>*Бір күлімдеп алайық.* | ***№15***<br>*Тыныс алу жаттығуы:*<br>*Ояту*<br>*Оянайық балалар*<br>*Маған тезірек қарандар*<br>*Шапалақ ұрайық*<br>*Орнымыздан тұрайық.*<br>*Ку - ка - ру, ку - ка - ри – ку, ку - ка - ри - ку.*<br>*Табанды шынықтыру массаждары:* |
| | ***ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАР КАТРОТЕКАСЫНАН ( Картотека қосымша тіркелген)*** | | | | |
| ***Бесін ас*** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| ***Ойындар,*** | ***Картотека №5****«Кім не* | ***Картотека №6*** | ***Картотека №11*** | ***Картотека №18*** | . |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс*** | *жейді?»Мақсаты: Логикалық ойлауды,сөйлеуді,талғамды, байланыс құруды және түсіндіре білуді дамыту* | ***«Апта күндері»*** *Мақсаты: Апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету Барысы: Арнайы дайындалған карточканы көрсетіп, таныстыру. Апта күндерін атату, карточканы таратып беру. Тақтаға шыққан бала карточкаға сәйкес өз апта атын білу керек.* | *«Кімге не керек» Ойынның мақсаты: Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету* | ***«Қайсысы ұнайды?»*** *Мақсаты: суреттен көрген заттарының атын атап, суреттеп, қайсысының ұнайтынын, не үшін ұнағанын айтқызу.* | ***Картотека № 19 «Орнын тап»*** *Мақсаты: балаларға өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтқызып, суреттен таба білуге үйрету. Өз бөлмесіндегі мүліктерді ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.* |
| | ***ҚАТЫНАС БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫНАН (картотека қосымша тіркелген) .*** | | | | |
| ***Серуенге дайындық*** | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |
| ***Серуен*** | ***Серуен № 10 Мұзды бақылау.*** *Мақсаты: Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру* | ***Серуен № 11 Боранды бақылау.*** *Мақсаты: Боран ұйтқып соққан желдің салдарынан, қыс мезгілінде болатын құбылыс екендігінкөрсете түсіндіру* | ***Серуен №12*** *Бұлтты бақылау.Мақсаты: Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру..* | ***Серуен № 5 Қар жауып тұрған құбылысты бақылау.*** *Мақсаты: балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге үйрету. Балаларды байқағыш, ойлау қаситтерін қалыптас-тырып, толықтыра түсу.* | ***Серуен № 9 Шыршаны бақылау.*** *Мақсаты: Шыршаның тікенекті, оның қысы-жазы бір түсте болтынын көрсете түсіндіру.* |
| | ***СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН . ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ*** | | | | |
| ***Балалардың үйге қайтуы*** | *Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу* | *Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым –қатынасы туралы әңгімелесу.* | *Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.* | *Баланың тәрбиесі туралы әңгімелесу . Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру.* | *Амирдің анасымен әңгімелесу. Бүгінгі жетістігі туралы. Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру.* |

## *ЦИКЛОГРАММА*
## *II апта .   Ақпан айы   2022ж.*
## *«Аққөгершін» тобы*

***Өтпелі тақырып: Бізді қоршаған әлем***

***Тақырыпша: «Көліктер»***

| *Күн тәртібі* | *Дүйсенбі 07.02.2022ж* | *Сейсенбі 08.02.2022ж* | *Сәрсенбі 09.02.2022ж* | *Бейсенбі 10.02.2022ж* | *Жұма 11.02.2022ж* |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу*** | *Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау.* | | | | |
| ***Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )*** | ***Картотека №6 «Жыл мезгілдері»***<br>*Мақсаты: Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту,мезгілдерді атауларын үйрету (қыс,көктем,жаз,күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.* | ***Картотека №12***<br>*Қайсысы қайда тіршілік етеді*<br>*Мақсаты: жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу,олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту.* | ***Картотека №8 «Бұны қай кезде киеді?»***<br>*Мақсаты: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндату арқылы сөздік қорларын молайтып,ауыз екі сөйлеуге баулу.* | ***Картотека № 21 «Құстарға көмек береміз»***<br>*Мақсаты: Балаларға құстар туралы білім беру,білімдерін жетілдіре түсу. Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқорлықпен қарауға баулу.* | ***Картотека № 18 «Өз мекеніне орналастыр»***<br>*Мақсаты: Үй жануарларын дала жануарларынан ажырата білуге үйрету. Үй жануарлары мен дала жануарларының қайда тіршілік ететінін білуге үйрету. Балалардың ойлау қабылетін дамыту.* |
| | ***ӘЛЕУМЕТ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫНАН (картотека қосымша тіркелген*** | | | | |
| ***Таңертеңгі гимнастика*** | ***Ақпан айының 2 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.***<br>***Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету*** | | | | |
| ***Таңғы ас*** | *Ойын- жаттығу . «Таза қолдар».*<br>*Балаларға ас ішуге көмектесу, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру, ұқыпты ішуге тәрбиелеу.*<br>*Астан кейін беті-қолын жуып, сүртінуге дағдыландыру, тазалыққа баул* | | | | |
| ***Ойындар, ҰОҚ дайындық*** | *ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.*<br>***Балаларды ұоқ-не сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу.***<br>*Күн шуағын жинаймын.*<br>*Достарыма сыйлаймын.*<br>*Күн жылуын аямасын,*<br>*Шуағымен аяласын.* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| ***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері*** | ***Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы: «Көліктер»***<br>***Мақсаты:****Көлік түрлерімен (әуе, жүк, жеңіл, су ) таныстыру.Мәтін мазмұнын дұрыс, рет-ретімен айтуға үйрету. Балалардың сөздік қорын дамыту. Жолда жүру ережесін сақтауға, мейірімділікке, ұқыптылыққа, достыққа, көлік мамандарының еңбегін бағалай білуге, құрметтеуге тәрбиелеу.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Қуан шаттан, алақай!*<br>*Қуанатын келді күн,*<br>*Қайырлы таң!*<br>*Қайырлы күн ! Күліп шықты күн бүгін.*<br>***Сұрақтар ілмегі.***<br>*-Балалар қанеки, есімізге түсірейікші бір жылда неше мезгілі бар?*<br>*-Жыл мезгілдерін атаңдаршы?*<br>*-Қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*-Қыс айларын атаңдаршы?*<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*Бірнеше көлік түрлерінің суреттерін көрсетіп, қандай көліктер не үшін пайдаланылатынын әңгімелесу. (жеңіл машина, автобус, жүк таситын машина).*<br>***Дидактикалық ойын:***<br>*«Суретті жинап ал!»*<br>*Мақсаты.Бөлінген* | ***1 Көркем әдебиет.***<br>***Тақырыбы:****Т.Әбдірахманов «Қағаз кеме» өлеңі.*<br>***Мақсаты:*** *Көлік түрлерімен таныстыру, жүргізушілердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Өлеңді жаттату арқылы балалардың сөздік қорын дамыту.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбері:***<br>*Біз қандаймыз, қандаймыз?*<br>*Шұғылалы таңдаймыз.*<br>*Күлімдеген күндейміз,*<br>*Ренжуді білмейміз.*<br>***Миға шабул.***<br>*Жұмбақ жасырУ.*<br>*Бір көзім «кідір» дейді,*<br>*Бір көзім «жүгір» дейді,*<br>*Бір көзім «абайла» дейді*<br>*«Қарап ал маңайға» дейді.*<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*Балаларға бағдаршамның суретін көрсетіп, әңгімелесу.*<br>***Сұрақ жауап.***<br>*Бағдаршам не үшін керек?*<br>*Мынау қандай машина?*<br>*-Жүк машинасы не* | ***1.Математика негіздері***<br>***Тақырыбы****: Сан мен цифрды сәйкестендіру. Шар, текше, цилиндр*<br>***Мақсаты:****1-ден 5-ке дейінгі цифрлар туралы білімдерін бекіту. Шар, цилиндр, текше сияқты көлемді денелермен таныстыру. Ойлау дағдыларын және зейіндерін арттыру*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер.***<br>*Арайлап таң атты,*<br>*Алтын сәуле таратты.*<br>*Жарқырайды даламыз,*<br>*Жайнай түсті қаламыз.*<br>*Қайырлы күн балалар!*<br>*Қайырлы күн апай!*<br>*-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*-Қыс мезгілінде неше ай бар?*<br>*-Қыс мезгілінде ауа-райы қандай болады?*<br>*- Балалар бір аптада неше күн бар?*<br>*-Бүгін аптаның қай күні ?*<br>***Өткенді қайталау:***<br>*- Балалар, сендер нешеге дейінгі сандарды тура және кері санауды, қосып азайтуды үйрендіңдер?*<br>*- Ендеше маған қазақ, орыс тілінде 1 - ден 5 - ге дейін тура және кері кім санап береді?* | ***1. Жаратылыстану***<br>***Тақырыбы:*** *Көліктер*<br>***Мақсаты:****Көліктерді ажырата білуге,не үшін керек екендігі туралы түсінік беру.Көлік туралы жұмбақтарды шешу арқылы балаларға көлік түрлерінің ерекшіліктерін тереңірек түсіндіру.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***1.Таңдандыру сәті:*** *(бейне таспадан машиналардың гүрілдеген дауыстары естіледі)*<br>*-Балалар бұл ненің дауысы? Дұрыс айтасыңдар бұл машинаның дауысы бұл машинамен келген кім екен бәріміз есік жаққа қарайықшы.*<br>***2.Тосын сәт.***<br>*- Балалар, бізге қонаққа қонжық келіп тұр.Ол бізден көмек сұрап келіпті.*<br>*-Кәне қонжықпен амандасайық.*<br>*Қонжық:Балалар маған машинаның түрлері және олардың пайдасы туралы айтып беріңдерші?*<br>***3.АКТ көліктер.***<br><br>*Қазір көліктердің түрлері өте* | ***1. Жапсыру***<br>***Тақырыбы:****Жүк көлігі.*<br>***Мақсаты:****Бейнені айқын беру үшін сұлбаны қию, жапсыру тәсілдерін қолдануды үйрету. Қол қимылдарын дамыту. Әдемілікке тәрбиелеу.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер.***<br>*Сәлем саған алтын күн!*<br>*Сәлем саған көк аспан!*<br>*Сәлем саған жер ана!*<br>*Сәлем саған достарым!*<br>***Сұрақ жауап***<br>*-Балалар, жылдың қай мезгілі?*<br>*Қыс мезгілінде неше ай бар?*<br>*-Қәзір қай ай?*<br>*Балаларды мадақтау*<br>***Дидактикалық ойын:***<br>*«Көлікті ата!»*<br>*Балаларға машина суреттерін көрсету, атауын сұрау.*<br>***Тосын сәт.***<br>*Қонжық келеді.*<br>*Ол бізден көмек сұрап келіпті.*<br>*Заттарын тасуға жүк машинасы керек екен.*<br>***Суретпен жұмыс***<br>*Жүк машинасы туралы әңгімелесу.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *көліктердің суреттерін жинап құрастыру.*<br>***.Сергіту сәті.***<br>*Қолыңды қойда рөлге,*<br>*Моторға қосыл гуілде.*<br>*Дөңгелекке жел толтыр,Машинаға тез отыр.*<br>*Басқышты басамыз,*<br>*Алдыға зулаймыз.*<br>***Дидактикалық ойын: «Сөйлемді толықтыр»***<br>*1.Егер жермен жүрсе ,бұл ... көлігі.*<br>*Жермен жүретін көлік түрлерін атаңдар?*<br>*2.Егер сумен жүрсе ,бұл ... көлігі.*<br>*Сумен жүретін көлік түрлерін атаңдар?*<br>*3. Егер әуемен жүрсе ,бұл ... көлігі.*<br>*Әуемен жүретін көлік түрлерін атаңдар?*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***Қорытынды.***<br>***Сұрақтар ілмегі***<br>*Балалар бүгін сендер қандай тақырыпта әңгімелестік?*<br>*-Бір жерден бір жерге қатынау үшін бізге не керек?*<br>*Көліктің қандай түрлері болады?*<br>*-Адамға көлік не үшін қажет?*<br>*Балаларды мадақтау арқылы қорытындылау.*<br><br>***2. Музыка***<br>*Педагог жоспары бойынша*<br><br>***3. Дене шынықтыру.***<br>***Тақырыбы.*** *Арқанның астымен* | *тасиды?*<br>*-Машинаны кім жүргізеді?*<br>*-Суда жүзетін қандай көліктерді білесіңдер?*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Пойыз*<br>*Кәне, кімнің бойы ұзын*<br>*Паровозы сол пойыздың*<br>*Қатар-қатар тұрайық*<br>*Пойызды біз құрайық.*<br>*Ал, паровоз, баста алға*<br>*Бәрімізді басқар да.*<br>*Пыш-пыш, пыш-пыш, біз кеттік.*<br>*Жүрісті тым үдеттік*<br>*Гу-гу, гу-гу гуілде*<br>*Қалып қойма бәрің де.*<br>***«Кеме» өлеңімен таныстыру.***<br>*Міне, кеме,*<br>*Міне, мен де.*<br>*Сапарға алыс шығамын.*<br>*Теңіз сырын ұғамын.*<br>*-Өлең не туралы?*<br>***Дидактикалық ойын.***<br>*«Не қайда жүреді?»*<br>*Шарты:Көлемді бейнелі сурет арқылы көліктердің жүру жолдарын тауып,көліктерді орналастыру.*<br>***Қорытынды.***<br>*Бүгін қандай өлеңмен таныстық?*<br>*-Балалар, сонымен көлік түрлерін атап айтып беріңдерші? Көліктер адамдарға не үшін керек?Балаларды* | *- Жарайсыңдар. / жұлдызша, төртбұрыштармен мадақтаймын /*<br>*- Балалар тақтада не көріп тұрсыңдар?*<br>*- Бұл жай пойыз емес, «Көңілді пойыз»*<br>***Қазір «Көңілді пойыз» ойынын ойнаймыз.***<br>***Мақсаты:*** *1 - ден 5 - ге дейінгі алған білімдерін бекіту.*<br>*Пойызға жолаушылар мінеді. Бірақ біздің бүгінгі жолаушыларымыз аңдар.*<br>*Тапсырма, аңдарды ретімен өз вагондарына отырғызу керек. Паровозға артылған вагондар саны 5.*<br>*Жолаушыларды тапсырманы дұрыс орындап, вагондарға отырғызайық.*<br><br><br>*Әр аңда сандар жазылған, сол сандарға қарап вагондарына орырғызайық.*<br>*Әр балала тақтаға шығып аңдарды вагонға отрғызады.*<br>*1 - вагон 1 піл*<br>*2 - вагон 2 аю*<br>*3 - вагон 3 қоян*<br>*4 - вагон 4 панда*<br>*5 - вагон 5 арыстан*<br>*Тапсырманы дұрыс орындаған балаларды мадақатау.*<br>*- Балалар сендер* | *көп оларды бірнеше топқа бөлуге болады мысалы:суда жүзетін,жерде жүретін,әуеде ұшатын және жер асты көліктері.*<br>***Жерде жүретін көліктерге:***<br>*Жеңіл көлік,велосипед, пойыз, автобус,троллейбус, жүк көлігі.*<br>***Әуеде ұшатын көлік түрлеріне:***<br>*Ұшақ,тік ұшақ,зымыран.*<br>***Суда жүзетін көлік түрлеріне:***<br>*Кеме,қайық жатады.*<br>***4. Сергіту жаттығуы***<br>*1,2,3,4-машинаны жүргізуді бейнелейміз.*<br>*1,2,3,4-велосипед тебуді бейнелейміз.*<br>*Тез,тез тебеміз.*<br>***5.Дидактикалық ойын: «Сиқырлы текше»***<br>*Шарты: Текшенің қолына ұстап лақтырады. Көліктің қай түрі түссе, көліктің атауын атайды, не үшін қажет екенін айтады.*<br>***6.Дидактикалық ойын:***<br>*«Ұшады, жүреді, жүзеді»*<br>*Шарты: Көліктің түрлері туралы айтылады. Жүретін көлік болса, қолдарымен дөңгелетіп айналдырады, әуе көлігі болса, қолдарын жоғары көтереді, су көлігі болса, қолдарын үшбұрыштап, көрсетеді.*<br>***Қорытындылау.***<br>*-Балалар біз бүгін қандай көлік түрлерімен таныстық?* | *Қонжыққа көмектесу.*<br>***Топқа бөлу.***<br>*1-Топ құм таситын жүк көлік жапсырады.*<br><br>*2-топ Ауыр жүк таситын мащинаны жапсырады.*<br><br><br>***Үлгіге қарап жүк машиналарды жапсыру.***<br>***Сергіту сәті.***<br>*Қолыңды қойда рөлге,*<br>*Моторға қосыл гуілде.*<br>*Дөңгелекке жел толтыр,*<br>*Машинаға тез отыр.*<br>*Басқышты басамыз,*<br>*Алдыға зулаймыз.*<br>*Балалардың жұмысын бақылау.*<br>*Қорытынды.*<br>*Балалардың жұмысын қорытындылау.*<br>*Жасаған жүк машинасын бағалау,мадақтау.*<br>*Қонжыққа сыйлау.*<br>*Қонжық қуанып рахмет айтып қоштасады.*<br>*Сұрақ жауап.*<br>*Сонымен жүк көліктер не үшін керек екен?*<br>*Балаларды мадақтап қорытындылау.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *орындыққа дейін еңбектеуді қайталау.*<br>***Мақсаты.*** *Шеңбер бойымен аяқ ұшымен және өкшемен жүру, жылдам жүгіру. Арқанның астымен орындыққа дейін еңбектеу.Қимыл-қозғалысы белсенділігін арттыру, төзімділігін, зейінін дамыту*<br>***І.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу.*<br>*(нұсқауларды орындау)*<br>*.Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді.*<br>*Баяу жүгіру, жылдам жүгіру*<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>*Б.қ.: «Басты бұру»*<br>*1. Тік тұрып, қолды белге ұстау керек, 1-2 есебінде басты оңға қарай,*<br>*3 - 4 есебінде солға бұру керек. (6 рет қайталау)*<br>*Б. Қ.: «Иықтың жүруі»*<br>*2. Аяқ иық көлемінде, қолдар иық үстінде. Иықты артқа, алдыға қарай айналдыру. /6 рет қайталау/*<br>*Б. Қ.: «Ағаштар тербеледі»*<br>*3. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жоғарыда. Оң жаққа, сол жаққа тербелу. /6 рет қайталау/*<br>*Б. қ.: «Қоян қашты»*<br>*4. Аяқтарын біріктіру. Қолдарын қоянның аяғына ұқсату. Орнында секіру. /15-20 секунд/* | *шеңберге тұрғызып,оқу қызыметіне белсене араласқан балаларды мақтап,мадақтау.*<br><br>***2. Сурет салу***<br>***Тақырыбы:****Машина.*<br>***Мақсаты:****Көліктердің суретін салуды одан әрі жетілдіру. Суреттің мазмұнын бере білуге үйрету.Эстетикалық тәрбие беру. қамқорлыққа тәрбиелеу.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер.****Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты.*<br>*Жарқарайды қаламаз, Жайнай түсті даламыз, Қайырлы таң достарым*<br>***1.Ой қозғау.***<br>*-Балалар сендер таңертең балабақшаға келе жатырғандарыда жолда не көрдіңдер?*<br>*Балалардың жауаптары*<br>***Дидактикалық ойын.***<br>*Кім қандай көлікті қалайды?*<br>***Тосын сәт.***<br>*Айсұлтан қуыршақ келеді.*<br>*Оның көңіл-күйі жоқ сияқты, өзінен сұрап көрейік.*<br>*Қуыршақ:* | *геометриялық піішіндердің қандай түрлерін білесіңдер?*<br>*- Дұрыс, жарайсыңдар! Балалар тапсырмаларды қызығушылықпен орындады.*<br>***Жаңа тақырып:***<br>*- Балалар бүгін сендерді геометриялық денелермен таныстыру*<br><br>*Қазір сендерге геометриялық денелер туралы ертегі айтып беремін. Мұқият тыңдап, назар аударыңдар.*<br>***Сиқырлы геометриялық денелер.***<br>*/Слайд көрсету арқылы ертегіні айтып беремін./*<br>*Ертеде математика елінде, геометриялық фигуралар қамалында сиқырлы геометриялық денелер өмір сүріпті.*<br>*Бір күні олар: «Бәрінен де кім күшті?» - деп өзара айтысып қалыпты.*<br>*Сол кезде текше былай депті: « Мен бәрінен де күштімін. Өйткені менің бұрыштарым көп» - деп мақтаныпты.*<br>*Мұны естіген шар: «Босқа мақтанба, сенің бұрыштарың кімге керек? Мына менде бұрыш жоқ. Мен үнемі* | *-Ол көліктер не үшін қажет?*<br>*Қонжықпен қоштасу.*<br>***2. Орыс тілі***<br>*Педагог жоспары бойынша*<br><br>***3.Тапқыштар «в)***<br>***Тақырыбы.****Бүтін және бөлек*<br>***Мақсаты.«****бүтін және бөлік»терминдерін енгізу,бөліктерде бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер.***<br>*Армысың алтын кун!*<br>*Армысың көк аспан!*<br>*Армысың жан досым!*<br>*Жылуыма жылу қос,*<br>*Міне ,менің қолым.*<br>***Қызгушылықтарын ояту.***<br>*Орманшы ата орманнан себетпен сәлемдеме беріп жіберген. Себетте тапсырмалар бар.*<br>*Балалардың зейінін себеттегі жемістерге аудару.*<br>***1-тапсырма****. «Кім жылдам»*<br>*-Балалар мынау не?Осы алманы тең 2 бөлікке бөлу. Ортасынан бөлгенде неше бөлік болды?*<br>*Мадақтау.*<br>*Бүтін және бөлік туралы түсінік беру.*<br><br>***2 тапсырма:***<br>*Геометриялық фигуралар бойынша* | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *Б.қ. «Көңілді аяқтар»*<br>*5. Орнында тұрып жеңіл жүгіру (15-20 секунд)*<br>*Тыныс алу жаттығулары: Шеңбер бойымен тұрып араның дыбысын салу (з-з-з), мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1.Арқанның астымен орындыққа дейін еңбектеу.*<br>*2.Басына қап қойып, жіптің бойымен жүру.*<br>***Қимылды ойын:***<br>*« Қояндар мен қасқыр»*<br>*Ойын шартын түсіндіру.*<br>*.Балаларды мадақтау.* | *-Мен күнде әдемі машинамен серуенге шығатын едім, енді ол бұзылып қалды, маған жаңасы керек болып тұр,-дейді.*<br>*-Балалар,Айсұлтанға көмектесеміз ба? машина жасап берейік.*<br>***Топқа бөлу.***<br>*Жеңіл көлік, жүк көлігі арқылы топқа бөлу.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*1.Көлік кетіп барады, Жан – жағына қарады. Бағдаршамда қызыл жанғанда, Көлік тоқтап қалады.*<br>***1-топ жеңіл көлік тобы.***<br>*Машинаны бояумен бояйды.*<br>***2-топ жүк көлігі*** *машинаны васкович қарандашпен бояйды.*<br><br>*Жеке көмек*<br>***Қорытынды:***<br>*Галерея шарлау әдісі арқылы бір-бірін бағалайды.*<br>*Айсұлтан қуанып рахмет айтып қоштасады.*<br>*Балаларды мадақтау*<br><br>***3. Дене шынықтыру***<br>***Тақырыбы.*** *Тақтай* | *дөңгеленіп, көңілді жүремін. Менің басым да аяғымда жоқ» - депті.*<br>*Осы кезде цилиндр келіп, былай депті: «Босқа айтыспаңдар. Мен бәріңнен де күштімін. Менің арқамда адамдар ауыр заттарды үстіме қойып, итеріп, қозғалтады. Сондықтанда мен күштімін» - депті.*<br>*Қызу айтысты естіп тұрған пирамида былай депті: «Неге босқа айтысып тұрсыңдар. Біз барлығымыз адамдарға өте қажетпіз. Біз әрбір үйден табыламыз. Адамдар бізді балабақшадан бастап танып біледі. Сондықтан адамдарға әрдайым қажетпіз. Олар бізді жақсы көреді» депті пирамида.*<br>*Осы кезден бастап геометриялық денелер өздерінің адамдарға қажет екендіктерін түсінді.*<br>*- Балалар, ертегі ұнады ма сендерге?*<br>*- Ертегі нелер туралы екен?*<br>*- Дұрыс айтасыңдар.*<br>***- Осы геометриялық денелер туралы толық түсінік беру.***<br>***Сергіту сәті.***<br>*Балалармен бірге «Шариктер»атты саусақ жаттығуын орындау.*<br>*Екі қолымыздың саусақтарын шөкімдеп, ұштарын бір - біріне тигіземіз. Шарды үрлейміз. Үрлегенде қандай қимыл жасаймыз тура сондай* | *Үшбұрыш,төртбұрыш,дөңгелек шелерді ортасынан теңдей бөлу ,жартысын боя керекпіз.*<br>*Үлгі көрсету, түсіндіру.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*«Бес саусақ»*<br>*Оң қолымда 5 саусақ*<br>*Сол қолымда 5 саусақ*<br>*Алақанды ашайық*<br>*Беске бесті қосайық*<br>***3 тапсырма:***<br>*«Кім зерек»*<br>*Балалар берілген нүктелер бойынша пішіндерді нүктелер арқылы қосуымыз керек.*<br>*Қарындашпен жұмыс*<br>*Балаларға сұрақ қою.*<br>*Мадақтау.*<br>***Қорытынды.***<br>*Балаларды мадақтау.*<br>*Орманшы атаңын себеттегі сыйлықты балаларға беру.*<br><br>***4. Дене шынықтыру.***<br>***Тақырыбы.*** *Жиектері шектелген тура жолақ бойымен жүру. (ені 20-25см, ұзындығы-2м)*<br>***Мақсаты.*** *Әртүрлі бағытта жәй жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Жиектері шектелген тура жолақ боймен жүру. Қимыл-қозғалысы белсенділігін арттыру, төзімділігін, зейінін дамыту*<br>***І.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру.*<br>*Сәлемдесу.* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *бойымен тепетеңдікті сақтап жүру*<br>***Мақсаты.*** *Шеңбер бойымен аяқ ұшымен және өкшемен жүру, жылдам жүгіру. Арқанның астымен орындыққа дейін еңбектеу.Қимыл-қозғалысы белсенділігін арттыру, төзімділігін, зейінін дамыту*<br><br>***I.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) .Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>*(лентамен)*<br>*«**Б. қ.: «Оң-сол»***<br>***1.*** *Аяқтары алшақ қойылған , ленталар төменде. басты оңнан-солға қарай бұрып «сол жақ» деп айту, солдан-оңға қарай бұрып «оң жақ» деп айту.*<br>*/6 рет қайталау/*<br>***Б. қ.: «Шеңбер жасау»***<br>***2.*** *Аяқтары алшақ қойылған , ленталар жанда, лентаны жоғарыдан-төменге, төменнен-жоғарыға иықты айналдыра отырып шеңбер жасау.* | *қимыл жасалады.*<br>*Шар жарылды. Саусақтар бастапқы қалпына келді.*<br>***«Сиқырлы фигуралар әлемі» дидактикалық ойын.***<br>*Мақсаты: Геометриялық фигураларды, денелерді көлемі, өзара ұқсастығы бойынша құрастыру.*<br>*Балаларға геометриялық фигуралар, денелер, пирамидалар, лотолар, пазылдар таратылады. Фигураларды көлемі, өзара ұқсастығына байланысты құрастыру тапсырылады.*<br>***Тақтамен жұмыс:***<br>*тапсырма.*<br>*Берілген тапсырмадағы «Артық пішіндерді тап» атап көрсет.*<br>*Балалардың жұмысы мадақтау.*<br>*- Балалар, бүгінгі оқу қызметінде нелермен таныстық?*<br>*-Геометриялық денелерге нелер жатады?*<br>*- Жарайсыңдар.*<br><br>***2. Құрастыру***<br>***Тақырыбы:Машина.***<br>***Мақсаты:*** *Балаларды қалдық материалдан бұйым жасауға баулу. Бөліктерді біріктіру үшін желімді пайдалану шеберліктерін дамыту. Тазалыққа тәрбиелеу*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Жұмбақ жасыру.*** | *(нұсқауларды орындау)*<br>*.Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>*«Қар кесегімен» жаттығу*<br>*1 Б.қ.: аяқ сәл алшақ , қол төмен. Қолды алға созып, қар кесегін бір қолдан екінші қолға ауыстырып салу. 4-5рет.*<br>*Б.қ.: қолды жанына қойып тіреле, аяқты алшақ қойып, еденге отыру, қар кесегі еденде.*<br>*2Б.қ.: Қолды жанына қойып тіреле, аяқты алшақ қойып, еденге отыру.*<br>*О: Екі аяқпен қар кесегін қысып алып, жоғары көтеру, «қар кесегі, міне» деу;*<br>*Б.қ. оралу. 5-6рет.*<br>*3. . Б.қ.: н.қ., қолды жоғары көтеріп, қар кесегін бір-біріне алға, артқа қарй беру. 3-4рет.*<br>*4.Б.қ.: Аяқ сәл алшақ, қаршамен қол төмен. Қолды артта ұстап, қар кесегін бір қолдан екінші қолға ауыстырып салу. 4-5 рет.*<br>*Тыныс алу жаттығуы*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1.Еденге қойылған тақтай бойымен қос аяқпен секіру.*<br>*2.Гимнастикалық орындық үстімен жүру.*<br>***Қимылды ойын:***<br>*«Қар кесектерін кім тез қапқа салады?»*<br>*Ойын шартын түсіндіру.*<br>*Балаларды мадақтау.* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | */ 6 рет қайталау/*<br>***Б.қ.:*** *«Маятник»* **-**<br>**3. *Т****ік тұрып, аяқты бірге ұстайды, денені солға еңкейтеді, оң қолмен қабырғаны, сол қолмен саннан тізеге дейін сипалайды, дәл осылай екінші аяқпен жасалады.*<br>*/6 рет қайталау/*<br>***Б.қ.:  «Жасыру»***<br>**4.** *Аяқты алшақ қоямыз. Ленталар белде. Алдыға қарай еңкейіп ленталарды созу «бар» деп айту, артқа шалқайып, ленталарды жасыру «жоқ» деп айту.*<br>*/6 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Тағзым»***<br>**5.** *Денені тік ұстау. Лента белде. 1-  алға қарай еңкейіп, 2- лентаны  аяқ басына дейін жеткізу керек.*<br>***Б.қ.: «Серіппе»***<br>**6.** *Аяқтарын алшақ қою, лента төменде. Орнында тұрып «серіппе» секілді секіру. /15-20 секунд/ .*<br>***Тыныс алу жаттығулары:*** *«Шар» - ерніңді жұмып, ұртыңды томпайту; жұдырықпен жайлап жұмылу, еріннен ауаны шығарады (3 - 4 рет).*<br>***Негізгі қимыл-*** | *Гу-гу етеді,*<br>*Жолда жүреді.(машина)*<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*Балаларға көліктерді көрсету.*<br><br><br>*Бірнеше көлік түрлерінің суреттерін көрсетіп, қандай көліктер не үшін пайдаланылатынын әңгімелесу.*<br>***Сергіту сәті***<br>*Орнымыздан тұрамыз,*<br>*Қолды белге қоямыз.*<br>*Бұрыламыз оңға бір,*<br>*Бұрыламыз солға бір.*<br>*Біздер тату баламыз*<br>***Топқа бөлу.***<br>***1-топ***<br>***Сіріңке корабынана машина құрастыру.***<br><br>***2- топ лего ойыншықтарынан машина құрастыру.***<br><br>*Жеке көмек.*<br>***Қорытындылау.***<br>*2 топтың жұмыстарын мадақтау.*<br>*Сұрақ жауап.* | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ***жаттығулары:***<br>*1.Арқанның астымен орындыққа дейін еңбектеу*<br>*2.Басына қап қойып, жіптің бойымен жүру.*<br>***2.Қимылды ойын:***<br>*«Ұстап ал »*<br>*Ойын шартымен таныстыру.*<br>*Балаларды мадақтау.* | *Не жасағанын?*<br>*Қалай құрастырғандарын сұрау?*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***3.Өнерлі екен он саусақ (в)***<br>***Тақырыбы.*** *Стакан*<br>***Мақсаты.****Қатты қағазды бүктеп жапсыру арқылы жасау.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>*Балалардан жыл мезгілін сұрау.*<br>***Шаттық шеңбер.***<br>*Күндей жарқырап*<br>*Айдай арайлап*<br>*Жұлдыздай жайнап*<br>*Судай таза көңілмен*<br>*Бүгінігі күнімізді бастайық!-Балалар бір аптада неше күн бар?*<br>*- Бір аптада 7 күн бар.*<br>*- Балабақшаға неше күн келеміз?*<br>*- Балабақшаға 5 күн келеміз.*<br>*Бүгін аптаның қай күні?*<br>*Қазір қай жыл мезгілі?*<br>*Балалардың жауаптары.*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>*Балалар,біреу есік қаққан сияқты,ашамыз ба? Бұл біздің Айгүл апайымыз ғой.*<br>*Айгүл апай:*<br>*-Балалар,менің үйдегі қуыршақтарымның кеселері( стакан) сынып қалды, маған көмектесесіңдер ме?*<br>*Балалардың жауаптары.*<br>***Балаларға үлгі көрсету,түсіндіру.*** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | <br>***Сергіту сәті (видео)***<br>*Балалардың жұмысын бақылау.*<br>*Жеке көмек көрсету.*<br>*Қорытынды.*<br>*Айгүл апай балалармен жеке жұмыс өткізеді. Балалардың жасаған жұмыстарын талдайды.*<br>*Айгүл апай: «Балалар, сендерге үлкен рақмет. Енді қуыршақтарым қуанатын болды. Сендерге өнерлі екенсіңдер»,-деп балалармен қоштасады.*<br>*Балаларды мадақатау.* | | |
| ***Серуенге дайындық*** | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| ***Серуен:*** | ***Серуен №17***<br>***Адамдардың қысқы киімін бақылау.***<br>*Мақсаты: Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру.*<br>***Картотека қосымша тіркелген.*** | ***Серуен № 18***<br>***Мұздақты бақылау.***<br>*Мақсаты: Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру,*<br>*мұздақтан абай болып жүруге үйрету.*<br>***Картотека қосымша тіркелген*** | ***Серуен № 19***<br>***Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау.***<br>*Мақсаты: Қыста өсімдіктердің өсуінің тоқталатынын,*<br>*ағаш қабығы оларды суықтан сақтайтыны жөнінде түсінік беру.*<br>***Картотека қосымша тіркелген.*** | ***Серуен №20***<br>***Боранды бақылау.***<br>*Мақсаты: Боран ұйтқып соққан желдің салдарынан,*<br>*қыс мезгілінде болатын құбылыс екендігін көрсете түсіндіру.*<br>***Картотека қосымша тіркелген.*** | ***Серуен № 13***<br>***Күнді бақылау.***<br>*Мақсаты: Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру.*<br>***Картотека қосымша тіркелген.*** |
| ***Серуеннен оралу*** | *Ойын- жаттығу: Мөлдір су*<br>*Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| ***Түскі ас*** | *.Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| ***Ұйқы*** | *Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары*** | ***19.Велосипед тебу.***<br>*1. Балалар төсекте жатып, бастарын оңға ,солға бұрады.* | ***21.Алақаныңды көрсет.***<br>*Қолдары иықта,*<br>*Қолдарды алға созу, алақан көрсету.*<br>*Қалыпқа келу.*<br>*Қайталау, сол жаққа, алақан төменде.*<br>*Қалыпқа келу.* | ***22.Балалар ұйқыдан оянады.***<br>*Бойымызды жазайық,*<br>*Қолымызды созайық.*<br>*Жаттығулар жасайық.*<br>*Ұйқымызды ашайық.* | ***23.Табанды шынықтыру массажы***<br><br>*Таяқтарды жылжытып,*<br>*Массаж жасау білеміз.*<br>*Оң аяққа 1-2-3,*<br>*Сол аяққа 1-2-3.* | ***26.Асығыңдар жаттығуға.***<br><br>*1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін бірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару.* |
| | ***ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАР КАТРОТЕКАСЫНАН ( Картотека қосымша тіркелген)*** | | | | |
| ***Бесін ас*** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| ***Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс*** | ***Картотека №2***<br>***«Тәрелкесіне қарай кесесін таңда»***<br>*Мақсаты: Түстер туралы ұғымдарын кеңейту* | ***Картотека №3***<br>***«Жыл мезгілдері»***<br>*Мақсаты: Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету*<br>*(қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.* | ***Картотека № 8***<br>***«Бұл қандай құс?»***<br>*Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу.* | ***Картотека №12***<br>***«Гүлдерді күтеміз»***<br>*Мақсаты: балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру.* | ***Картотека №-19***<br>***«Суретші қай жерде қателесті?»***<br>*Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету.* |
| | ***ТАНЫМ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫНАН (Картотека қосымша тіркелген)*** | | | | |
| ***Серуенге дайындық*** | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |
| ***Серуен*** | ***Серуен №17***<br>***Адамдардың қысқы киімін бақылау.***<br>*Мақсаты: Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру.* | ***Серуен № 18***<br>***Мұздақты бақылау.***<br>*Мақсаты: Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету.* | ***Серуен № 19***<br>***Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау.***<br>*Мақсаты: Қыста өсімдіктердің өсуінің тоқталатынын, ағаш қабығы оларды суықтан сақтайтыны жөнінде түсінік беру.* | ***Серуен №20***<br>***Боранды бақылау.***<br>*Мақсаты: Боран ұйтқып соққан желдің салдарынан, қыс мезгілінде болатын құбылыс екендігін көрсете түсіндіру.* | ***Серуен № 13***<br>***Күнді бақылау.***<br>*Мақсаты: Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру.* |
| | ***СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН . ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ*** | | | | |
| ***Балалардың үйге қайтуы*** | *Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.* | *Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту.* | *.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.* | *Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.* | *Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру.*<br>*Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.* |

# ЦИКЛОГРАММА

***III апта. Ақпан айы 2022ж.***
***«Аққөгершін» тобы***

**Өтпелі тақырып Бізді қоршаған әлем**
**Тақырыпша. «Электроника әлемі»**

| *Күн тәртібі* | *Дүйсенбі* <br> ***14.02.2022ж*** | *Сейсенбі* <br> ***15.02.2022ж*** | *Сәрсенбі* <br> ***16.02.2022ж*** | *Бейсенбі* <br> ***17.02.2022ж*** | *Жұма* <br> ***18.02.2022ж*** |
|---|---|---|---|---|---|
| *Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу* | *Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.* <br> ***Ата-аналармен жұмыс:*** <br> *«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.* | | | | |
| *Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )* | ***Картотека № 1*** <br> ***«Менің сүйікті ертегім»*** <br> *Мақсаты: ертегі кейіпкерлері бойынша ертегілерді атау, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырату. Достыққа, адамгершілікке, жолдастыққа тәрбиелеу.* | ***Картотека №3*** <br> ***«Төлдерін тап та, көрсет»*** <br> *Мақсаты: Балалардың байқампаздық қасиеті, есте сақтау қабілеттерін дамыту, шапшаңдыққа баулу* | ***Картотека №9*** <br> ***«Қай жануар артық»*** <br> *Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Жасырылған жануарларды табу арқылы тілдерін дамыту.* | ***Картотека № 12*** <br> ***«Телефон»*** <br> *Мақсаты: естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуге дағдыландыру, диалогты Сөйлеуді жетілдіру арқылы сөздік қорын молайту.* | ***Картотека №13*** <br> ***«Қайсысы қайда тіршілік етеді?»*** <br> *Мақсаты: суреттен көрген заттарының аттарын тап, олардың қайда өмір сүретінің айтқызу.* |
| | ***ҚАТЫНАС САЛАСЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫНАН (картотека қосымша тіркелген)*** | | | | |
| *Таңертеңгі гимнастика* | ***Ақпан айының 3–аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.*** <br> ***Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету*** | | | | |
| ***Таңғы ас*** | *Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау* | | | | |
| ***Ойындар, ҰОҚ дайындық*** | *ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау* | | | | |
| ***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша*** | ***1. Сөйлеуді дамыту*** <br> ***Тақырыбы:*** <br> *«Электротехникалық тұрмыстық заттар»* | ***1. Көркем әдебиет*** <br> ***Тақырыбы:*** <br> *«Тоңазытқыш»* <br> ***Мақсаты:****Сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге* | ***1Математика негіздері.*** <br> ***Тақырыбы:****Есептік және реттік санау. Сан мен цифрды сәйкестендіру.* <br> ***Мақсаты:****Реттік сандар* | ***1.Жаратылыстану*** <br> ***Тақырыбы:*** *Қысқы ағаштар* <br> ***Мақсаты:*** *Қысқы ағаштардың бұтағына, дініне қарап ажырата білуге, ағаштар мен* | ***1. Музыка*** <br> *Педагог жоспары бойынша* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***ұйымдастырылған оқу қызмет-тері*** | ***Мақсаты:*** *Балалардың сөздік қорын тұрмыстық электротех ника заттарының атауларымен байыту. Олардың қолданысын түсіндіру. Сұрақ – жауап арқылы балалардың ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.****Оқу қызметінің барысы:*** *Балалармен әңгімелесу.Жыл мезгілі нешеге бөлінеді?Қазір жылдың қай мезгілі?Қыс мезгілінде неше ай бар?*<br>***Мнемотехника «Қыс» мезгілі***<br>***Тосын сәт.***<br><br>*Топқа Айгүл қуыршақ келеді.*<br>*Өзімен бірге суреттер алып келеді. Не зат екенін ,не үшін қолданатынын түсінбегенін айтады? Балалардан көмек сұрайды.*<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*Электротехникалық тұрмыстық заттармен /тоңазытқыш,теледидар, қысқатолқынды пеш,шаңсорғыш,компьюте р/ таныстыру.*<br>***Ашық сұрақтар:***<br>***«Бала үні» әдісі***<br>*-Ал, балалар, электро техникалық заттар қалай жұмыс жасайды екен?*<br>*-Олардың қандай түрлері* | *үйрету. Шығарма мен өлеңді ажырата білуді, заттарды суреттерден танып, мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру біліктерін бекіту.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Ұйымдастыру.***<br>*-Сұрақ қою.*<br>*-Қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*-Қыс айларын атайық?*<br>*-Қыста адамдар қалай киінеді?*<br>***Ширату.***<br>*Жұмбақ жасыру.*<br>*Қыстың қаңтар, ақпанын, Кебежеме сақтадым. (тоңазытқыш)*<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*Тоңазытқыш.*<br>*АКТ технологиямы.*<br>*Слайд көрсету.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Тоңазытқыштың іші неге суық?*<br>*- Тоңазытқыштың пішіні қандай?*<br>*- Түсі қандай?*<br>***Ой дамыту.***<br>*Тоңазытқыш туралы түсінік беру.*<br>*Тоңазытқыш – азық-түлікті салқын температурада сақтап тұру үшін пайдаланатын электр қуатымен жұмыс істейтін құрылғы.*<br>***Сергіту сәті***<br>*Токтар сымның бойымен*<br>*Жүгіреді тоқтаусыз.* | *туралы білімдерін бекіту. Реттік санауды (5-ке дейінгі сандар) сандық және реттік санауды айыру, «қанша?», «нешінші?» сұрақтарына дұрыс жауап беруге үйрету; өзара көмекке ұмтылуға үйрету.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер.***<br>*Біз қандаймыз,қандаймыз*<br>*Шұғылалы таңдаймыз*<br>*Күлімдеген күндейміз*<br>*Ренжісуді білмейміз*<br>*Қуанамын менде*<br>*Қуанасын сенде*<br>*Арайлап аткан күнге !*<br>***Сұрақ жауап айдары:***<br>*Қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*Күз Қыс мезгілінде неше ай бар?*<br>*Үш айды атап беріңдер?*<br>***Өткенді қайталау:***<br>*Балалар, қараңдаршы менің үстелім үстінде ойыншықтар тұр. Балалардан ойыншықтардың қандай ретпен орналасып тұрғанын сұрау.*<br>*Реттік санауды балалардың есіне салу.*<br>*- Үшінші орында қандай ойыншық тұр?*<br>*- Қоян нешінші тұр?*<br>*- Аю нешінші тұр?*<br>*- Қайсы ойыншық бесінші орында?*<br>*- Ал маймыл нешінші орында орналасқан?т.б сұрақтар қойып жауап алу.*<br>***Қызығушылықтарын ояту.*** | *талдарға қамқор болуды үйрету. Ағаштардың адамға тигізер пайдасын айтып үйрету*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***1.Шаттық шеңбер:***<br>*Қайырлы таң Алтын күн!*<br>*Қайырлы таң Көк аспан!*<br>*Қайырлы таң – апайлар!*<br>*Қайырлы таң достарым!*<br>***2.Өлең оқу.***<br>*Аппақ қыстың бояуы*<br>*Аппақ қыстың бораны*<br>*Ақ көрпеге орайды*<br>*Ақ қар байтақ даланы.*<br>*— Осы өлеңде не туралы айтылған?*<br>*— Қыс мезгілінде неше ай бар?*<br>*— Қыста күн қандай болады?*<br>*— Енді айналаға, далаға қараңдаршы қандай болып жатыр?*<br>***3.Суретпен жұмыс.(****қыстың күні ойнап жүрген балалардың суреті)*<br>*Балалар қыста қалай ойнайды?*<br><br>***4.Жұмбақ жасыру.***<br>*Жазда жатсаң- көлеңкесіне алады,*<br>*Қыста жақсаң- жаның рахат табады. (ағаш)*<br>***5.Ағаштар туралы әңгімелесу.Ағаштарды атын атау*** | ***2.Мүсіндеу***<br>***Тақырыбы:*** *«Ұялы телефон»*<br>***Мақсаты:*** *Тұрмыстық заттарды мүсіндеуге қызығушылық дағдыларын қалыптас тыру.Ұсақ қол мотори касын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>*Қане ,балалар барлығымыз бір-біріміздің қолымыздан ұстап күн жасайықшы.*<br>*-Балалар ,мынау ненің суреті? (күннің)*<br>*-Күн жарқырап шыққан кезде адамдарға шуағын шашады.*<br>*-Таңертең тұрған кезде аналарың қайырлы таң деп айта ма?*<br>*Кәне, бізде қайырлы таң тілейік.*<br>*-Қайырлы таң көздерім, сендер ояныңдар!!!*<br>*-Қайырлы таң құлақтарым, сендер ояныңдар!!!*<br>*- Қайырлы таң саусақтарым, сендер ояныңдар!!!*<br>*Көздерін, құлақтарын уқалайды*<br>*Шапалақтайды.*<br>*-Жарайсыңдар, балалар!*<br>*Қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*Балалардың жауаптары.*<br>***Қызығушылықтарын*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *бар екен?*<br>*-Оларды біз не үшін қажет па?*<br>*-Ертеректе электр көзі болмағанда адамдар қалай өмір сүрген екен?*<br>*-Электротехникалық заттарды пайдалануда қандай ережелерді сақтау қажет?*<br>*Балаларды мадақтау*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Оңға солға бұрылдық*<br>*Алға артқа иілдік*<br>*Тіземізді бүкіріп*<br>*Қолды создық тік тұрып.*<br>***Дидактикалық ойын.***<br>*«Артық затты тап»*<br>*Ойын шарты:Тұрмыстық бұйымдар арасынан артық заттарды табу.*<br>***Қорытынды.***<br>*Айгүл қуыршақ бәрін түсінгенін айтып балалармен қоштасады.*<br>***Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындылау.***<br>*Балалар біз қандай заттар мен таныстық?*<br>*-Олардың бізге пайдасы бар ма?*<br>*-Тағамдар бұзылмау үшін қайда сақтаймыз?*<br>*-Кілемді тазалау үшін нені қолданамыз?*<br>*Мадақтау.*<br><br>***2Музыка***<br>*Педагог жоспары бойынша* | *(денемізге саусақтарды жүгіртеміз)*<br>*Топқа жарық сыйлайды,*<br>*Барлығына ұнайды.*<br>*(қимыл-қозғалыс көрсету)*<br>***Қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.***<br>*-Сулы қолмен токты қосуға немесе ажыратуға болмайды;*<br>*-Балаларға үлкендерсіз электр токтарын ұстауға болмайды;*<br>*-Ерексектерсіз тұрмыстық техникаларды қолдануға болмайды.*<br>*-Пеш қызып тұрғанда балалар қасына жақындауға болмайды.*<br>*-Кір жуатын машинаға қолды салуға болмайды.*<br>***Дидактикалық ойын.«Жұбын тап»***<br>*Жұп карточкаларын жинайды.*<br>***Қорытынды**..*<br>*Мадақтау*<br><br><br>***2. Сурет салу***<br>***Тақырыбы:***<br>*«Теледидар»*<br>***Мақсаты:** Заттардың үлгі бойынша, түсін ескере отырып салуды дағдыландыру. Тазалыққа тәрбиелеу.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Алдымыздан кезіккен*<br>*Көп танысты көреміз* | *Топқа қуыршақ Қарлығаш келеді. Өзімен бірге сиқырлы дорбасын әкеліпті.*<br>*Ол бізден тапсырмаларды орындауға көмек сұрайды.Қане көмектесеміз ба?*<br>***Пішіндер арқылы топқа бөлу.***<br>*1-Топ шаршы*<br>*2-топ үшбұрыш*<br>*3-топ дөңгелек.*<br>*Әр топқа Дьенеш блоктармен геометриялық пішіндер көрсетіп, шашылып тұрған геометриялық пішіндердің арасынан,өздеріне берілген пішінің тауып обручка салуды тапсыру.*<br>***1 топ** обручка шаршыларды салып**, 2 топ** обручка үш бұрыштарды салып, **3 топ** обручка дөңгелектерді салады.*<br>***1-топқа тапсырма:** «Санды ретімен орналастыр» 1ден- 5 ке дейін.*<br>***2-топқа тапсырма:** «Түзу және кері санау»1,2,3,4,5.*<br>*Енді кері санаймыз.5,4,3,2,1.*<br>***3-топқа тапсырма:***<br>*Балалардан тіктөртбұрыштың ортасына дөңгелек, жоғары оң жақ бұрышына шаршы ,төменгі сол жақ бұрышына сопақшаның суретін салуды сұраймын.*<br>*Баларды мадақтап жұлдызша тарату.* | <br>***Қайың**- діңі жұқа ақ қабықпен жабылған. Тез өседі, бүршіктерінен дәрі- дәрмек жасайды. Бұтақтарынан сыпырғыш жасайды. Қайыңнан жиһаз жасайды.*<br>*Жапырақтары дөңгелек.*<br>***Шырша** - қысы- жазы жап-жасыл боп қылқанды жапырақты ағаш. Құрылыс материал және музыка аспабын жасайды.Шыршаның қылқандарынан дәрумендер жасайды.*<br>***Көктерек –** діңі түзу, тегіс, қабығы жасылдау түсті, жапырағы дөңгелек, жылдам өсетін ағаш.*<br>***Шетен** – суықтан қорықпайды. Биік өседі, қабығы қызыл қоңыр түсті ағаш және оның қызыл түсті домалақ жемісі бар.*<br>***Ағаштардың адамға қандай пайдасы бар?***<br>*схема бойынша айту.*<br>*Шырша ағашымен таныстыру.*<br>***6.Сергіту сәті***<br>*Көкке бойын созады.*<br>*Көпке қолын созады.*<br>*Кең құшағын ашады,*<br>*Көлеңкесін тосады.*<br>*Көк қарағай қарағай,*<br>*Мейірбанды анадай.* | ***ояту.***<br>***Тосын сәт.***<br>*Қуыршақтың адасып келуі. Қуыршақ балалармен амандасып, өзінің адасып кеткенін айтады. Көмектесуін сұрайды.*<br>*Балалар көмектесеміз ба?*<br>***Ой қозғау.***<br>*Балалар, енді анасын қалай табамыз, қалай хабарласамыз?*<br>*Дұрыс, ал ол үшін біз несін білуіміз керек?*<br>*Телефонның қандай түрлерін білесіндер?*<br>*Телефон тұтқасын көтергенде қандай сөздер айтамыз?*<br>*Телефонға қалай жауап беру керек*<br>*Балалардың жауаптары.*<br>*Балалар анасына хабарласу үшін телефон жоқ? Не істейміз?*<br>*Балалар ермексаздан телефон мүсіндеп анасына хабарласайық.*<br>***Балаларды топқа бөлу.***<br>***1-топ үй телефон мүсіндейді.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **3.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы.** Жиектері шектелген тура жолақ бойымен жүруді қайталау (ені 20-25см, ұзындығы-2м)<br>**Мақсаты.** Әртүрлі бағытта жәй жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Жиектері шектелген тура жолақ бой мен жүру. Қимыл-қозғалысы белсенділігін арттыру, төзімділігін, зейінін дамыту<br>**I.Кіріспе бөлім.**<br>Бір қатар сапқа тұру.<br>Сәлемдесу.<br>(нұсқауларды орындау)<br>.Шеңбер бойымен тұру.<br>Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді.<br>Баяу жүгіру, жылдам жүгіру<br>**Жалпы дамыту жаттығулар:**<br>1.Қолда доп, аяқ арасы сәл алшақ.<br>1 дегенде басты алға ию<br>2 дегенде басты оңға ию<br>3 дегенде басты артқа ию<br>4 дегенде басты солға ию<br>бастапқы қалыпқа келу.<br>2.Бастапқы қалып,аяқ иық бойымен, қолда доп.<br>1 дегенде допты екі қолмен алға созу,<br>2 дегенде допты жоғары көтеру,<br>3 дегенде допты алға созу | Бәріне де ізетпен,<br>Иіліп сәлем береміз.<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Ән салады чемодан<br>Ішінде тұр көп адам,<br>Естімейді сөзіңді,<br>Сөйлемейді сөзіңді.<br>Шешуі не екен, балалар?<br>(Теледидар)<br>**Ой қозғау.**<br>Теледидар не үшін керек?<br>Теледида қандай болады?<br>Балалардың жауаптары.<br>Балаларға теледидар жайлы түсінік беру.<br>Қауіпсіздік ережесін айтып түсіндіру.<br>**Сергіту сәті.**<br>Әуенді сергіту сәті «Фиксикии»<br>**Сурет салудың әдіс-тәсілдерімен таныс тырып,түсіндіру.**<br>-Балалар, алдымен қарындашпен қағаздың ортаңғы бөлігіне төртбұрышты пішінді саламыз.<br>- Дайын болған төртбұрышты қылқаламның көмегімен бояуды сүйкей жаға отырып бояймыз.<br>Балалардың жұмысын бақылау.<br>Жеке көмек.<br>**Қорытынды.**<br>«Біздің көрме»<br>Балалар бір –бірінің | **Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрамыз<br>Мойнымызды бұрамыз<br>Оңға қарай иіліп<br>Солға қарай иіліп<br>Бір отырып,бір тұрыпОрнымызды табамыз<br>**Суретпен жұмыс.**<br><br>Балалар, бұл қай ертегі?<br>-Үйшік ертегісі<br>-Бұл ертегіде бірінші болып үйді не көреді?<br>-Екінші ше?<br>-Бесінші болып келген не?<br>Балалар сұрақтарға жауап беріп,тапсырманы орындайды.<br>**Ой қозғау.**<br>**Әр топқа сұрақтар қою.**<br>Аспанда қанша күн бар?<br>Үшбұрыштың неше бұрышы бар?<br>Бір жылда неше мезгіл бар?<br>Қолғапта қанша саусақ бар?<br>Төртбұрыштың неше бұрышы бар?<br>Адамда неше көз бар?<br>Жұлдыздың неше бұрышы бар?<br>Балалар жауап береді.<br>**Қорытынды.**<br>Балалар куыршақ Қарлығаш сендерге ризашылығын білдіреді.Сендерге тапсырмалар ұнады ма?Әр топтың жұлдызшаларын | **7. Ойын:«Шырша, бүршік, қоян»**<br>Шарты: «шырша» дегенде қолды екі жаққа созу,<br>«бүршік» дегенде отыра қалу,<br>«қоян» дегенде секіру керек.<br>Жаңылып қалған ойыннан шығады.<br>**8. Қорытынды.**<br>Сұрақ жауап.<br>-Балалалр қандай ағаштармен таныстыңдар?<br>-Шыршаның түсі қандай?<br>Өлең жолымен аяқтау.<br>Бұтақтарды сындырмай,<br>Ағаштарды баптайық.<br>Құстарды да атпайық,<br>Табиғатты сақтайық!<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**2. Тапқыштар (в)**<br>**Тақырыбы.** Жүзден жүйрі **к**<br>**Мақсаты:** сандар туралы өткенді пысықтау, ойындар арқылы ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту. логикалық тапсырмаларды шешу арқылы ойлау қабілеттерін, зиінін тұрақтандыру.<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Шаттық шеңбер**<br>Қайырлы таң!<br>Ормандар мен далалар.<br>Қайырлы таң!<br>Достасқан бар балалар.<br>Қайырлы таң !<br>Біздің балабақшамыз.<br>Қайырлы таң!<br>Достарым ! | <br>2- топ қалталы телефон мүсіндейді.<br><br>**Сергіту сәті.**<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Қолды белге қоямыз<br>Иілеміз оңға бір.<br>Иілеміз солға бір,<br>Біз тынығып аламыз.<br><br>Балалар телефон мүсіндеуге кіріседі.<br>балаларға көмектесу.<br>Қадағалау, көмектесу.<br>**Қорытынды.**<br>Балалардың жұмысын қорытындылау.<br>Куыршақтың анасына хабарласу.<br>Куыршақтың апасының келуі.<br>Куыршақ және оның анасы балаларға рахметтерін айтып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *4 дегенде допты төмен түсіру.*<br>*3.Бастапқы қалып, қолда доп, аяқ арасы алшақ.*<br>*1 дегенде допты оң жаққа бұру,*<br>*2 дегенде допты сол жаққа бұру*<br>*3 дегенде бастапқы қалыпқа келу.*<br>*4.Бастапқы қалып, аяқ арасы сәл алшақ,*<br>*қолда доп алға созу.*<br>*1 дегенде допты алға созып отыру,*<br>*2 дегенде тұру,*<br>*3 дегенде бастапқы қалыпқа келу.*<br>*5.Бастапқы қалып, еденге отыру, қолда доп.*<br>*1 дегенде екі қолмен допты оң аяққа жеткізу,*<br>*2 дегенде ортаға*<br>*3 дегенде допты сол аяққа жеткізу.*<br>*6.Бастапқы қалып, қол белде, аяқ иық бойымен,*<br>*оң аяқпен 4 рет секіру, сол аяқпен 4 рет секіру,*<br>*қос аяқпен 4 рет секіру,*<br>*орында тұрып адымдау.*<br>*Тыныс алу жаттығуы*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1.Еденге қойылған тақтай бойымен қос аяқпен секіру.*<br>*2.Доптарды шелекке лақтыру*<br>***Қимылды ойын:***<br>*«Өз үйіңді тап»ойыны:*<br>*Ойын шартымен* | *жұмыстарын бағалайды.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***3.Дене шынықтыру.***<br>***Тақырыбы.*** *Бірнеше текшелерден аттап өту*<br>***Мақсаты.*** *Әртүрлі бағытта жәй жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Жиектері шектелген тура жолақ боймен жүру. Қимыл-қозғалысы белсенділігін арттыру, төзімділігін, зейінін дамыту*<br>***I.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру.*<br>*Сәлемдесу.*<br>*Тәрбиешінің артынан жүру,жүгіру.*<br>*4-қатарға сапқа тұру.*<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>*1.Қол мен иық бұлшықеттеріне арналған жаттығулар.*<br>*Б.қ.: негізгі тұрыс, текшелерді төмен түсіреміз.*<br>*1. Текшелерді жоғары көтеріп, бір-біріне соғу.*<br>*2. Б. қ. келу.*<br>*2. Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:*<br>*Б.қ.: аяқтар арасы сәл ашық, текшелері кеудеде ұстау.* | *санау.*<br>*Қуыршақ Қарлығашпен қоштасу.*<br><br>***2 Қоршаған ортамен таныстыру.***<br>***Тақырыбы:***<br>*«Электроника әлемінде»*<br>***Мақсаты:*** *Қоршаған заттар олардың қасиеттері және міндеттері туралы білімдерін кеңейту.*<br>*Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу танымдық қызығушылығын арттыру.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Кел балалар, күлейік!*<br>*Күлкіменен түлейік!*<br>*Күлкі көңіл ашады*<br>*Күліп өмір сүрейік!*<br>***Мнемотехника***<br>***Қыс мезгілі.***<br>*Балалар мнемотехникаға қарап қыс мезгілі туралы айтады.*<br>***Тосын сәт.***<br>*Айгүл қуыршақ келеді.*<br>*Балалардан көмек сұрайды.*<br>*Анасының туған күніне сыйлық керек екенін айтады.*<br>*Балалар онда «Электроника әлеміне барайық. Ол жерде аналарымызға арналған сыйлықтар көп.*<br>***Электроника әлеміне саяхат.*** | ***Қызығушылықтарын ояту.***<br>*Балалар бүгін екі топқа бөлініп жарыс ұйымдастырамыз.*<br>*«Жүзден жүйрік» деген ойын.*<br>*Ойын шарты: ойын барысында берілген тапсырмаларға дұрыс жауап берген топ қоржынына асық салып отырады. Ойын соңында қай топ көп асық жинаса, сол топ жеңімпаз болады.*<br>***Пішіндер арқылы топқа бөлу.***<br>*1-топ үшбұрыш тобы*<br>*2-топ төртбұрыш тобы.*<br>***1-тапсырма***<br>***Сиқырлы кубик.***<br>*Жыл мезгілдерін айту.*<br>*Мадақтау*<br>***2- тапсырма.***<br>***1-топ үшбұрыш тобына тапсырма***<br>*1-ден 5-ке дейін тура және кері санау*<br>*Екі тілде санау.*<br>*Мадақтау.*<br>***2-топ төртбұрыш тобына тапсырма.***<br>*Сандардың көршісін табу.*<br>*«Жоғалған сан».*<br>*(1-ден 5-ке дейін сандар бойынша ретімен тұрады.)*<br>***3- тапсырма.***<br>***Логикалық есептер***<br>*Қай топ тез жауап береді.*<br>*1.Дүкеннен анам төртбұрышты 2 допты алып келді, оның біреуін ініме бердім.менде неше доп қалды?*<br>*2.Қоянда неше құлақ бар?*<br>*3.Қолда қанша саусақ бар?*<br>*4.Ағашта 5құс отыр, оның 2-уі* | *қоштасады.*<br>***Сұрақтар ілмегі..***<br>*Балалар, бүгін бізге кім келді?*<br>*- Біз қуыршаққа қалай көмектестік?*<br>*Балаларды мадаақтау.* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *таныстыру*<br>*.Балаларды мадақтау.* | *1.Қолдағы текшелерді жоғары көтеру.*<br>*2.Қос қолдағы текшелермен оңға иілу.*<br>*3.Б.қ. келу.*<br>*4.Қос қолдағы текшелермен солға иілу.*<br>*5.Б, қ,. келу.*<br>*Б.қ.: негізгі тұрыс, қол төменде.*<br>*1. Қолдағы текшелерді алға*<br>*созып отыру.*<br>*2.Тұру*<br>*3.Б. қ. келу*<br>*3. Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:*<br>*Б. Қ. : аяқ бірге, текшелерді кеудеде ұстау.*<br>*1. Алға қос аяқпен секіру*<br>*2.Артқа қос аяқпен секіру.*<br>*3.Б. қ. келу*<br>*Тыныс алу:*<br>*-тік тұру;*<br>*-аяқ арасы иық көлеміндей алшақ;*<br>*-текшелерді жоғары көтеру (ауа жұту);*<br>*-қос қолдағы текшелерді үрлеу (дем шығару)*<br>*Текшелерді алып, бірінің соңынан бірі жүріп, шеңбер болып дөңгеленіп тұрады.*<br>*3-4 рет*<br>*Текшелерді бір-біріне соғу.*<br>*Қолдағы текшелерді жоғары көтеріп, оңға, солға иілу.*<br>*3-4 рет*<br>*Отырып тұрады.* | <br>***Ой қозғау.***<br>*Балалар бұл заттар анамызға керек па?*<br>*Не үшін керек?*<br>*Сендер аналарыңызға не сыйлар едіңдер?*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Ал балалар тұрайық,*<br>*Алақанды ұрайық.*<br>*Бір отырып,бір тұрып.*<br>*Біз демалып алайық,*<br>***Дидактикалық ойын:***<br>*«Не артық»*<br>*Шарты: Электр құралдарын басқа құралдардан ажыратып айту.*<br>*Айгүл қуыршақ анасына сыйлыққа кір машина алады.*<br>*Балабақшаға оралу*<br>***Қорытынды.***<br>*Айгүл қуанып балаларға рахмет айтып қоштасады.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>*Сұрақтар ілмегі арқылы қорытынды жасау.*<br><br>***3.Өнерлі екен он саусқ (в)***<br>***Тақырыбы****.Сиқырлы ағаш (ұжымдық жұмыс)*<br>***Мақсаты.***<br>*Алақанмен сурет салу қабілетін бекіту.Әр түрлі* | *ұшып кетті, ағашта қанша құс қалды?*<br>*5..Себетте 2 алма , табақта 3 алма қосқанда барлығы болады неше алма ?*<br>*6.Аспанда неше жұлдыз бар?*<br>*Мадақтау.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Орнымыздан тұрайық.*<br>*Белімізді жазайық.*<br>*Жоғары-төмен қарайық,*<br>*Оңға-солға, түзу тұр.*<br>*Бойымызға күш жинап,*<br>*Біз демалып қалайық.*<br>***4-Тапсырма: «Сан қатары»***<br>*2 топтан бір- бір бала тақтаға шығады, «адасқан вагондарды» ретімен орналастырады.*<br>***Қорытынды.***<br>*Балалар асықтарды өздері санап, қай топтың асықтары көп екенін айтады.*<br><br>*Екі топтың қоржынындағы асықтарды санап жеңімпазды анықтау, балаларды мадақтау.*<br><br>***3.Дене шынықтыру.***<br>***Тақырыбы.*** *10-15см биіктіктен секіру.*<br>***Мақсаты.*** *Жұптасып сапта жүру және жүгіру дағдыларын қаыптастыру. 10-15см биіктіктен секіруге үйрету. Қимыл-қозғалысы белсенділігін арттыру, төзімділігін, зейінін дамыту*<br>***І.Кіріспе бөлім.***<br>***Бір қатар сапқа тұру.***<br>***Сәлемдесу.***<br>***Шеңбермен жүру.*** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *3-4 рет*<br>*Текшелерді орнына жинастырады.*<br>*н*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>***1.****Құм салынған дорбашаны бастан асыра екі қолмен алға ,жоғары лақтыру*<br>*2.- Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан төмен түсу.*<br>***Қимылды ойын:***<br>*«Қасқыр мен қояндар»*<br>*Ойын шартымен таныстыру.*<br>*Балаларды мадақтау* | *түсті қолдана білуге үйрету.Ұқыпты сурет салуға тәрбиелеу.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Армысың,ардақты Аспан ата!*<br>*Армысың,мейірімді Жер –ана!*<br>*Армысың,шұғылалы алтын күн!*<br>*Күліп шықты күн бүгін.*<br>***Балалармен әңгімелесу.***<br>*Балаларды терезе алдына шақырып қыс мезгілі туралы әңгімелесу.*<br>*Сұрақ жауап.*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Тосын сәт.***<br>*Суретші келеді.*<br>*Сәлеметсіңдер ме, балалар, мен суретшімін. Бүгін сендердің білімдеріңді көріп тексергім келді. Менің сендерге алып келген тапсырмаларым бар. Соны орындайсыңдар ма?*<br>*Балалардың жауаптары*<br>***1 Тапсырма.***<br>*Суретшінің қатесін тап?*<br>*(жыл мезгілдері)*<br>***2-тапсырма.***<br>***Жұмбақ***<br>*Қыста киімін тастайды,*<br>*Көктемде киіне бастайды.*<br>***Ашық сұрақтар***<br>*Қандай ағаш түрлерін білесіңдер?*<br>*Ағаш не үшін керек?*<br>*Ағаш болмаса не болар еді?*<br>*Жарайсыңдар.*<br>***Сергіту сәті.*** | *Қолды жоғары созайық,*<br>*Шапалақты ұрайық.*<br>*(қолды жоғары созып шапалақтап жүру)*<br>*Кәне қолды жазайық,*<br>*Қарлығашқа ұқсайық*<br>*Жәй жүгіру.*<br>*4-қатарға сапқа тұру.*<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>***Доппен жаттығу.***<br>*1"Түсіріп алма»Б.Қ қазақша молдас құрып отыру,доп қолда.1.Допты жоғары көтеру,қолды бүгіп,бастан асыру.3.Допты жоғары көтеру.4.Б:Қ-қа келу. 4-5 рет қайталау.*<br>*2"Допты бастан асырып ұстау»Б:Қ тізерлеп отыру,доп төменде,көтермелеп қолды алдыға созу.2.Б-Қ-қа келу.3-4 рет қайталау.*<br>*3 «Құлау»Б-Қ аяқ иық кеңдігінде,қол доппен төменде.1 допты алға созып,оң аяқпен құлау.2.Б-Қ -қа келу.*<br>*4 «Еңкею»Б-Қ отыру аяқ алшақ,доп ұстағанқолды бүгіп,кеуде тұсында ұстау.Алға оң(сол) аяққа шалу,қолды түзу ұстау.2.Б-Қ қа келу.6 рет қайталау.*<br>*5 Допты айнала жүгіру»Б-Қ н-т доп еденде.Белгі бойынша допты айналып,жүгіріп,тізерлеп отырып,алақанмен допты бір ұру.5 рет әр жаққа қайталау.*<br>*Тыныс алу жаттығулары*<br>*«Гүл»*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:*** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *Оң саусағым шаршады,*<br>*Сол саусағым шаршады.*<br>*Саусақтарым бірігіп,*<br>*Билеп, билеп алады.*<br>***3-тапсырма.***<br>*Сиқырлы ағаш суретін салу.*<br>*Балаларды 2 топқа бөлу.*<br>*I топ – алақанмен сурет салад.*<br>*II топ – бастырмамен ағаштың суреттін салады балаларға көмектесу.*<br>*Ақ қағаздың дәл ортасына сала білулерін қадағалау, көмектесу.*<br>*Суретші:*<br>*Балалар сендер сурет салудың тәсілдерін біледі екенсіңдер. Жарайсыңдар.*<br>***Қорытынды.***<br>***Көрме ұйымдастыру.***<br>***Сиқыршы.***<br>*Балалар сендер әдемі ағаштардың суретін салдыңдар мен сол ағаштарыңды сыйлыққа алып кетейін. Маған ұнады. Сендерге сыйлыққа боямақ кітаптар алып келдім. Соны сендерге беремін.*<br>*Балалармен қоштасады.*<br>*Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.*<br>*Мадақтау.* | *1.Допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалату*<br>*2. допты бір-біріне төменнен лақтыру*<br>***Қимылды ойын:***<br>*«Күн, түн»*<br>*Ойын шартымен таныстыру*<br>*Балаларды мадақтау.* | |
| ***Серуенге дайындық*** | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киюін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| ***Серуен:*** | ***Серуен № 2***<br>***«Қарды бақылау»***<br>*Мақсаты: Қыс мезгілінің* | ***Серуен № 8***<br>***Адамдардың қысқы еңбегі.***<br>*Мақсаты: Қысқы еңбекпен* | ***Серуен № 6***<br>***«Аязды бақылау»***<br>*Мақсаты: Қыс* | ***Серуен №15***<br>***Қысқы ауа-райын бақылау.***<br>*Мақсаты: Қыстағы ауа райы* | ***Серуен № 20***<br>***Боранды бақылау.***<br>*Мақсаты: Боран* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *ерекшеліктерін айту. Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тоңады, жылыға ериді. Ойлау қабілетін дамыту.* ***Картотека қосымша тіркелген.*** | *таныстыру барысында үлкендердің еңбегін түсіндіру, еңбекке ынтасын тудыру* **.** ***Картотека қосымша тіркелген.*** | *мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жіберуі де мүмкін екенін, сол үшін де колғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру.* ***Картотека қосымша тіркелген.*** | *салқынды, боранды, аязды болатынын. Бүгінгі ауа-райын айтыңдаршы. Балалар қысқы күннің ерекшеліктерін айту.* ***Картотека қосымша тіркелген.*** | *ұйтқып соққан желдің салдарынан, қыс мезгілінде болатын құбылыс екендігін көрсете түсіндіру.* ***Картотека қосымша тіркелген.*** |
| ***Серуеннен оралу*** | *Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау* | | | | |
| ***Түскі ас*** | *Дастархан басында сөйлемей отырып, тамақтануға, қасықты оң қолға ұстауға баулу* | | | | |
| ***Ұйқы*** | *Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.* | | | | |
| ***Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары*** | ***№12.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар Созылу.*** | ***№10.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар Мысықтар*** | ***16.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар Созылу.*** | ***18.Белсенді нүктелерге массаж жасау.*** *Тымау ауруларын алдын алу. (Нүктелі массаж)* | ***20.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар .*** |
| | ***ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАР КАТРОТЕКАСЫНАН ( Картотека қосымша тіркелген)*** | | | | |
| ***Бесін ас*** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| ***Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс*** | ***Картотека № 1 «Дәл осындай пішінді тап»*** *Мақсаты : геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.* | ***Картотека №8 «Қандай пішін шықты»*** *Мақсаты: Таяқшалардан таныс геометриялық пішіндер құрастыра білу.* | ***Картотека №11 «Айырмашылығын тап»*** *Мақсаты: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл-ойларын дамыту; шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру.* | ***Картотека№14 «Не өзгерді»*** *Мақсаты: Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру. Аз-көм ұғымдарын бекіту. Аз-көм таңбасымен жұмыс жасауға үйрету.* | ***Картотека № 16 «Айырмашылығын тап»*** *Мақсаты: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл-ойларын дамыту; шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру.* |
| | ***МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ (картотека қосымша тіркелген*** | | | | |
| ***Серуенге*** | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | *Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | | | | |
| **Серуен** | ***Серуен № 2*** <br> ***«Қарды бақылау»*** <br> *Мақсаты: Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айту.* <br> *Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тоңады, жылыға ериді.* <br> *Ойлау қабілетін дамыту.* | ***Серуен № 8*** <br> ***Адамдардың қысқы еңбегі.*** <br> *Мақсаты: Қысқы еңбекпен таныстыру барысында үлкендердің* <br> *еңбегін түсіндіру, еңбекке ынтасын тудыру **.*** <br> **.** | ***Серуен № 6*** <br> ***«Аязды бақылау»*** <br> *Мақсаты: Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жіберуі де мүмкін екенін, сол үшін де колғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру.* | ***Серуен №15*** <br> ***Қысқы ауа-райын бақылау.*** <br> *Мақсаты: Қыстағы ауа райы салқынды, боранды, аязды болатынын. Бүгінгі ауа-райын айтыңдаршы. Балалар қысқы күннің ерекшеліктерін айту.* | ***Серуен № 20*** <br> ***Боранды бақылау.*** <br> *Мақсаты: Боран ұйтқып соққан желдің салдарынан,* <br> *қыс мезгілінде болатын құбылыс екендігін көрсете түсіндіру.* |
| | ***СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН . ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ.*** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | *Ата аналармен балалардың төлем ақысы туралы әңгімелесу.* | *Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.* | *Ата аналармен балалардың тәртібі туралы жеке әңгімелесу.* | *Ата аналармен балалардың тәртібі туралы әңгімелесу.* | *Ата аналармен балалардың тазалығы туралы әңгімелесу.* |

***ЦИКЛОГРАММА***
***IY апта      Ақпан айы  2022ж***
***«Аққөгершін» тобы***

***Өтпелі тақырып.Бізді қоршаған әлем***
***Тақырыпша.«Мамандықтыңбәрі жақсы»***

| ***Күн тәртібі*** | ***Дүйсенбі*** <br> ***21.02.2022ж*** | ***Сейсенбі*** <br> ***22.02.2022ж*** | ***Сәрсенбі*** <br> ***23.02.2022ж*** | ***Бейсенбі*** <br> ***24.02.2022ж*** | ***Жұма*** <br> ***25.02.2022ж*** |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу*** | *Балалардың дене қызуын өлшеп қабылдау Тазалықтарына мән беру. Ата –анамен ауа-райына байланысты аурулардан сақтану жолын түсіндіру. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.* <br> *Мұрын қуысына Оксалин мазын жағу* | | | | |
| ***Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )*** | ***Картотека №4*** <br> ***«Жануарларға қамқор боламыз»*** <br> *Мақсаты: Балаларды жануарларға қайырымдылықпен қарауға тәрбиелеу. Балалардың үй жануарлары туралы білімін тереңдету және жүйелеу. Балаларды сипаттау арқылы жануарларды білуге үйрету. Өз көңіл-күйін білдіруге, басқаның көңілін түсінуге баулу. Білімдерін бекіту* | ***Картотека №7*** <br> ***«Мамандықтың бәрі жақсы»*** <br> *Мақсаты: Балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.* | ***Картотека №10*** <br> ***«Жол әліппесі»*** <br> *Мақсаты: балаларды алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен таныстыру , жолда жүру ережесін меңгерту дағдысын қалыптастыру.* | ***Картотека №14*** <br> ***«Кімге не керек»*** <br> *Ойынның мақсаты: Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету* | ***Картотека № 21*** <br> ***«Құстарға көмек береміз»*** <br> *Мақсаты: Балаларға құстар туралы білім беру,білімдерін жетілдіре түсу. Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқорлықпен қарауға баулу.* |
| | ***ӘЛЕУМЕТ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫНАН (картотека қосымша тіркелген*** | | | | |
| *Таңертеңгі гимнастика* | ***Ақпан айының 4–аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.*** <br> ***Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету*** | | | | |
| ***Таңғы ас*** | *Ойын- жаттығу . «Таза қолдар».* <br> *Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау* | | | | |
| ***Ойындар, ҰОҚ дайындық*** | *ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.* | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері*** | ***Сөйлеуді дамыту.***<br>***Тақырыбы:***«Мамандықтың бәрі жақсы»<br>(сурет бойынша әңгіме)<br>***Мақсаты:*** Балалардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып, болашақ мамандыққа байланысты ұғымын тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру, еңбекке деген қызығушылықтарын ояту,үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер***<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік.<br>Қабақ түйген не керек?<br>Көңілді боп жүрейік.<br>Балалар жылдың қай мезгілі?<br>– Ауа райы қандай?<br>– Қыс мезгілінің қандай ерекшеліктері бар?<br>Мадақтау<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>-Есік қағылып ішке пошташы кірді<br>-Саламатсыздар ма, балалар. Сендерге Айгүл достарыңыз хат беріп жіберді.<br>-Хаттың ішін ашып оқимыз. Балалар мен сендерге мына жұмбақтарды жібердім шешуін білмей жатырмын маған көмектесіңдерші?<br>-Балалар жұмбақты шешіп көмектесеміз ба?<br>Балалардың жауаптары.<br>***Жұмбақ***<br>1.Тәп-тәтті тағамы<br>Астардың маманы. | ***1. Көркем әдебиет***<br>***Тақырыбы:***<br>«Менің анам ұстаз»<br>***Мақсаты:*** Дыбыстар мен сөз түрлерін қайталата отырып, сөйлем туралы түсінік беру. Берілген сөзді қатыстырып, көрсетілген сызбаға сәйкес келетін сөйлем құрауға үйрету. Сөздік қорларын толықтырып, тіл байлықтарын дамыту.<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер***<br>Жарқырап күн де ашылды.<br>Айналаға нұр шашылды.<br>Қайырлы күн!<br>Біз көңілді баламыз!<br>Қайырлы күн!<br>Біз сүйкімді баламыз!<br>***Миға шабул***<br>***Жұмбақ жасыру***<br>Білімнің дәнін тереді,<br>Балаға тәлім береді.<br>(Ұстаз)<br>***АКТ технологиясы.***<br>***Слайд***<br><br>Ұстаз туралы әңгімелесу.<br>Балалар біздің балабақшамыздың | ***1. Математика негіздері***<br>***Тақырыбы:***<br>Қанша? Цифрды заттың санымен сәйкестендіру. Сол жағында, оң жағында.<br>***Мақсаты:***Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету; қағаз бетінде бейнеленген заттарды орналасу ретіне қарай сөзбен атап көрсету (сол жағында, оң жағында); көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту.<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер.***<br>Армысың,асыл күн!<br>Армысың,көк аспан!<br>Армысың,асыл жыр!<br>Армысың, жан досым,<br>Жылуыма жылу қос,<br>-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Аптаның қай күні?<br>-Бүгін бізге қонаққа аққала келіпті.<br>Ол біздің қандай екенімізді, білімімізді көргісі келеді екен.<br>Аққала тапсырма алып келген. Орындаймыз ба?<br>***1-тапсырма. «Суреттегі цифрларды тап».***<br>Мақсаты: әр жерде орналасқан цифрларды тауып, тани білу дағдыларын бекіту.<br>Суреттегі сандарды кезекпен бір-бірден көрсету. Сұрақ қою:<br>- Суретте қандай сандарды көріп тұрсың? | ***1. Жаратылыстану***<br>***Тақырыбы:***<br>Мамандықтар<br>***Мақсаты:*** Әр түрлі мамандық түрлері туралы түсінік беру. Мамандық иелерінің қызметі және олардың еңбегімен таныстыра отырып, олардың маңыздылығы туралы білім беру<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***1.Шаттық шеңбер***<br>- Қайырлы таң, көздерім! Қайырлы таң, құлақтарым! Қайырлы таң, қолдарым!<br>- Қайырлы таң, аяқтарым!<br>Сендер ояндыңдар ма? Ия біз ояндық!<br>- Көздерім көріп тұр<br>- Құлақтарым естіп тұр<br>- Қолдарым қол соғып<br>- Аяқтарым топылдатты. Біз ояндық! Жарайсыңдар балалар!<br>Мнеометехника қыс мезгілі.<br>***2.Ой қозғау.«Мен өскенде кім болам?»***<br>Балалар өз ойларын қызығушылыпен айтады.<br>***3.Мамандық түрлерімен таныстыру.***<br>***АКТ. Мамандықтар.***<br><br>-Бұлар кімдер? Не істейді?<br>- Дәрігер не істейді?<br>- Аспазшы не істейді? | ***1.Жапсыру «Биші»***<br>***Мақсаты:*** Қарапайым пропорцияны сақтай отырып, адам бейнесін жапсыруды үйрету, қазақ халқының би өнері туралы түсінік беру.<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер***<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанамыз бәріміз,<br>Арайлап атқан күнге!<br>***АКТ технологиясы.***<br>Бейнероликті қолдана отырып, балалармен қыс мезгілі туралы әңгіме жүргізу.<br>-Балалар, мына суретте қай мезгіл бейнеленген?<br>-Суретте не көріп тұрсыңдар? Қыс мезгілінде қандай ерекшеліктер болады?<br>***Тосын сәт.***<br>Қуыршақ Айгүл келеді. Балалардан көмек сұрайды.<br>Билеп тұрған қыздың суреті керек дейді.<br>***Ой дамыту.***<br>Балаларға тастан агаштан, темірден жасалған мүсіндерді көрсетіп таныстыру.<br>***Үлгі көрсету, түсіндіру.***<br>Балаларға жұмыс барысында көмектесіп ,бағыт бағдар беру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *(Аспазшы)*<br>*2.Кірпіштен үй салады,*<br>*Ол адам кім болады?*<br>*(Құрлысшы)*<br>*3. Мектептің жүрегі,*<br>*Білімнің тірегі. (Мұғалім)*<br>*4. Сауықтырар сырқатты,*<br>*Жылы үнмен тіл қатты.*<br>*(Дәрігер)*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***Ой дамыту.***<br>***Суретпен жұмыс.****Мамандық түрлерімен таныстыру.*<br>*Балалар, мына суреттерде кімдердің суреттерін көріп отырсыңдар?*<br>*-Олар не істейді ?*<br>*Балалардың жауаптары.*<br>***Дидактикалық ойын.***<br>***«Сен өскенде кім болғың келеді?»***<br>*Әр бала өз ойын айтады.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Соз қолыңды оң жакқа,*<br>*Соз қолыңды сол жакқа.*<br>*Қолды айналдыр бұлданбай*<br>*Шеңбер жасап тұрғандай****«Ыстық орындық»***<br>*әр бала ата анасының жұмысы туралы айтады.*<br>***Қорытынды***<br>*«Ойлан тап» ойыны арқылы аяқтау.*<br>*Тақтаға маман иелерінің суреттері ілінеді. Ойын шарты әр мамандықтың заттарын атайды.*<br>*Бүгінгі оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау* | *аяулы да, ардақты тәрбиеші апайлар бар. Ал сендер сол апайлардың аттарын білесіңдер ма?*<br>***2-Слайд.***<br>*Тәрбиеші апайлардың суреттері.*<br>*Балалар апайлардың аттарын айтады.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Ал, балалар, тұрайық,*<br>*Үлкен шеңбер құрайық.*<br>*Оңға қарай иіліп,*<br>*Солға қарай иіліп,*<br>*Жоғары-төмен қарайық,*<br>*Орнымызды табайық.*<br>***Ойын:*** *«Айырмашалаңын тап».Қонжық ұстазына гүл сыйлайды.*<br>*Балалар мына екі суретке назар аударайықшы. Суретті сипаттап, екеуінде не айырмашылық бар?*<br><br>*Балалар айырмашылығын айтады.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>*Балалар балабақшадағы тәрбиеші ұстаз апайларымызға гүл сыйлайық.*<br>***Оригами гүл жасау.*** | ***2- тапсырма.***<br>*Суретпен жұмыс.Қандай пішіндерді көріп тұрсыңдар.*<br><br>***«Аңдар қайда жасырынған»***<br><br>***3-тапсырма****. «Өз орныңды тап».*<br>***Мақсаты:*** *Балаларға 0-ден 5-ке дейінгі цифрларды таратып беру. «Цифрлар» музыка ырғағымен билеп жүреді. Музыка тоқтағанда балалар тез бір қатарға тұра қалады.*<br>*Содан кейін бірнеше балалардан аталған сандардың көрші сандарын атауды сұрау*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Орнымыздан тұрайық,*<br>*Үлкен шеңбер құрайық.*<br>*Бір отырып, бір тұрып,*<br>*Қолымызды жаяйық,*<br>*Құс боп қанат қағайық!*<br>***Аққала сендерге «Сиқырлы қағаз» ойынын алып келіпті.***<br>*Ойын шарты, әңгімеге сәйкес карандашпен сурет салу.*<br>*Бір ақ қағаз бен бес қарындаш өмір сүріпті. Бір күні олар бірге ойнамақшы болыпты және қарындаштар қағаз бойына саяхатқа шығыпты.* | *- Тігінші не істейді?*<br>*- Шаштараз не істейді?*<br>*-Мұғалім не істейді?*<br>*(Балаларға сұрақтар қойылып, жауаптарын толықтыру.).*<br>*Сондықтан бізге барлық мамандықтар қажет. Міне, біз қанша мамандық түрлерімен таныстық.*<br>***4.Сұрақ – жауап:***<br>*- Арман сенің әкең қайда істейді?*<br>*- Ал, Шынар анасы қайда істейді екен?*<br>*Әр баладан сұрау.*<br>*Осындай әр түрлі мамандықты тану үшін алдымен әдепті, тәрбиелі оқыған үлкен азамат болып өсуіміз керек. Ол үшін бәріне еңбек қажет.-*<br>***5. Сергіту сәті***<br>*Іш ауырса, тіс ауырса,*<br>*Мамам дәрі береді.*<br>*Барлық бала, барлық адам,*<br>*Оны жақсы көреді.*<br>***6.Дидактикалық ойын: «Кім жылдам»****Үстел үстіне түрлі мамандық иелеріне қажетті құралдарды қойып, төрт баланы шығарамын, төрт баланы төрт түрлі мамандық иесіне бөлемін, ойын шартын түсіндіремін. Төрт бала өзіне қажетті құралдарды тез – тез бөліп алады. Алған құралдарымен не істеуге болтындығын айтады.*<br>***7.Қорытынды: Сұрақ – жауап.***<br>*Балалар бүгін біз не туралы сөйлестік?* | ***Сергіту сәті.***<br>*Сыңғыр-сыңғыр сырғалар,*<br>*Құлағымда ырғалар.*<br>*Оң қолымда білезік,*<br>*Сол қолымда білезік,*<br>*Саусақтарда сақина,*<br>*Сана, салып ақылға.*<br>*1, 2, 3,.. 1, 2, 3... .*<br>*Демалайық жинап күш.*<br>*Балалардың жұмысын бақылау*<br>*Жеке көмек көрсету.*<br>***Қорытынды.***<br>*Балалардың жұмысын қорытындылау.*<br>***Балалар жұмыстарының көрмесі:***<br>*Айгүл балалардың жұмыстарына рахмет айтып қоштасады.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>*Ашық сұрақтар арқылы қорытындылау.*<br><br>*Кыздарды үлкен шеңбер бойына орналастырып керемет би көрінісін жасағандарын көрсетіп мактап мадақтайды.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***2.Музыка***<br>*Педагог жоспары бойнша*<br><br><br><br><br><br><br>***3.Дене шынықтыру***<br>***Тақырыбы.*** *Бірнеше дөңгелектерден аттап жүру*<br>***Мақсаты.*** *Жұптасып сапта жүру және жүгіру дағдыларын қаыптастыру. 10-15см биіктіктен секіруге үйрету. Қимыл-қозғалысы белсенділігін арттыру, төзімділігін, зейінін дамыту*<br>***І.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу.*<br>*(нұсқауларды орындау)*<br>*.Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді.*<br>*Баяу жүгіру, жылдам жүгіру*<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>*1.Б.қ.к.аяқ бірге,қол төменде,қолды алға,жоғары,жанына,төмен түсіру.5-6 рет*<br>*2.Б.қ.к.аяқ бірге,қол төменде қолдарын екі жанынан жоғары көтеріп,айқастырып,төмен түсіру (5-6 рет)*<br>*3.Б.қк.аяқ алшақ,қол белде оң жаққа қозғалғанда оң қолды көтеру,сол жаққа қозғалғанда сол қолды көтеру,екі жаққа да 3 реттен*<br>*4.Б.қ.к аяқ алшақ,қол алда* | *Көрсету,түсіндіру.*<br><br>***Қорытынды.***<br>*(балалар әр топқа барып жасалған гүлдерді апайларға ұсынады.)*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***2 Сурет салу.***<br>***Тақырыбы:***<br>*«Жаңа үй »*<br>***Мақсаты:***<br>*Төртбұрыштар сызып, оларды бояу икемділігін қалыптастыру. Балалардың қиялдау, байқағыштық және әлемді бейнелі қабылдау сезімін дамыту. Құрылысшы еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер.***<br>*Біз қандаймыз-қандаймыз.*<br>*Арайлап атқан таңдаймыз. Күлімдеген күндейміз*<br>*. Еш уайымды білмейміз.*<br>***Балалармен әңгімелесу.*** | *Бірінші болып сары қарындаш жөнеліпті, ол жоғарғы жағына барып, сары сызық сызыпты. Екінші болып қызыл қарындаш кетіпті, ол төменгі жағын тауып, қызыл сызық сызыпты. Оң жағын жасыл қарындаш, ал сол жағын көк қарындаш сызыпты. Қағаздың ортасында қара қарындаш қалыпты, ол сол жерге үй салған екен.*<br>*Балалардың жұмысын қарап шығу.*<br>***Тақтамен жұмыс:***<br>***Қиылған суреттерді киіз үйдің жанына орналастыру.***<br>*Бұлт, күн, үй, шөптер, тал, қызғалдақты киіз үйдің сол жағына, көбелекті жоғары, күннің көзін оң жаққа, шөптерді төмен жаққа орналастыру.*<br>*Әр бала тақтаға шығып орындайды.*<br>***Қорытынды.***<br>*-Балалар қонаққа не келді?*<br>*-Қандай тапсырмалар алып келді?*<br>*-Сендерге тапсырмалар ұнады ма?*<br>*Аққаламен сіздерге ризашылығын білдіріп жұлдызша беріп жатыр.*<br>*Аққаламен қоштасу.*<br><br>***2.Құрастыру.***<br>***Тақырыбы:****Ұшақ.*<br>*Қағазбен жұмыс.*<br>***Мақсаты:****Берілген тақырып* | *Қандай мамандық иелерімен таныстық?*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***2 Орыс тілі***<br>*Педагог жоспары бойынша*<br><br>***3.Тапқыштар (в)***<br>***Тақырыбы.***<br>*Бос орынға тиісіті суреттерді қой*<br>***Мақсаты.*** *Зейінін, еске сақтау, байкағыштық, қиялдау, танымдық іс-эрекетгерімен өздігінен білім алуға, ізденуге бейімдеу.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер.***<br>*Қайырлы таң!*<br>*Ормандар мен далалар.*<br>*Қайырлы таң!*<br>*Достасқан бар балалар.*<br>*Қайырлы таң !*<br>*Біздің балабақшамыз.*<br>*Қайырлы таң!*<br>*Достарым!*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Тосын сәт.***<br>*Құртаққандар келеді.*<br>*Суреттегі әр құртақанды сипаттап беруді*<br><br>*ұсыну*<br>*Балалардың жауаптары.*<br>*Құртақандардың тапсырмалары.*<br>***1-Тапсырма.*** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *қолды кезек-кезек айқастыру ( 5-6 рет)*<br>*5.Б.қ.к аяқ бірге,қол төменде қолды созып отырып тұру.*<br>*6.Б.қ.к аяқ бірге,қол кеудеде екі аяқтап секіру (14-16 сек)*<br>***Тыныс алу жаттығу***<br>*(Жел уілдейді у-у-у,маса ызыңдайды з-з-з,әтеш шақырады ку-ка-ре-ку.)*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1. Допты бір-біріне төменнен лақтыру.*<br>*2.Доғаның астынан еңбектеу*<br>***Қимылды ойын:***<br>*«Кім жоқ»*<br>*Ойын шартымен таныстыру.Балаларды мадақтау.* | *Балалар, үйді кімдер тұрғызады?*<br>*Балалардың жауаптары.*<br>*Тосын сәт.*<br>*Қонаққа екі қуыршақ келеді. Балалардан көмек сұрайды.*<br>*Күн суық бізге жылы,жаңа үй керек дейді.*<br>*Балалар көмектесеміз ба?*<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*«Үй»*<br>*Әртүрлі үйлердің суреттерін көрсету.Олардың терезелері, Есіктері, шатырларының көлемдеріне көңіл аударту, салыстыру, қаланың, ауылдың үйлерінің суреттерін көрсетеіп әңгіме жүргізу.*<br>***Сергіту сәті***<br>*Оң қолымда бес саусақ*<br>*Сол қолымда бес саусақ,*<br>*Беске бесті қосқанда*<br>*Болады екен оң саусақ.*<br>***Балаларды екі топқа бөліп екі қуыршаққа үйдің суретін салып беру.***<br>***1-топ*** *бір қабатты үйдің суретін салады.*<br><br>***2-топ*** *көп қабатты* | *бойынша қағаздан құрастыруға үйрету. Қағазды ортасынан бүктеу, түрлі бағытта, тегістеп бүктей білу дағдыларын жетілдіру.*<br><br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Құс сияқты- құс емес*<br>*Самғап ұшқан биікке.*<br>*Қанаты бар қақпайды.*<br>*Жүрсе де сондай биікте.*<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*Назарларын тақтаға аудару.*<br>*«Көліктер»*<br>*Сендер қандай көлік түрлерін білесіңдер?*<br>*Дұрыс,ал ұшақ қандай көлік түріне жатады?*<br>*Балалар ұшақты кім ұшырады?*<br>*Балалар ұшақтар қайда ұшады?*<br>*Ал сендердің ұшқыш болғыларың келе ме?*<br>*Ұшқыш болу үшін не істеукерек?*<br>*Ұшақ жасауымыз керек.*<br>*Ендеше, біз нағыз ұшқыш болу үшін өзімізге ұшақ жасайық.*<br>*Ұшақ жасау үшін мына суретке назар аударайық.*<br>*Жасалу жолдарын көрсету.*<br><br>***Сергіту сәті:*** | *Ойын «Ғажайып қалта»*<br>*Геометриялық пішіндер салынған қалта болады, балалар сипап сезу арқылы пішіндерді атап айтып береді.*<br>***2- тапсырма.***<br>***Жұмбақтар шешу.***<br>*1)Ұйқымыздан тұрамыз, беті қолды жуамыз, балабақ шамызға келеміз. бұл қай кезде болады?(таңертен)*<br>*2) Біз тәртіпті боламыз, сабақты да оқимыз.Серуенге шығамыз, қыдырамыз ,бұл қай кезде болады?.(күндіз)*<br>*3) Күн батады қызарып, анамызды күтеміз.Бұл қай кезде болады ?(кеш)*<br>*4) Үйлерде шам қызарып, демалады әлем деп, әлдилеп ақ әжем ертегі оқиды. Бұл қай кезде болады (түн)*<br>***3-тапсырма***<br>***«Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр»***<br>*Шарты:Геометриялық пішіндерді танып, атай білуге үйрету. Бос торларды сәйкес пішіндермен толтырту.*<br>***Сергіту сәтті:***<br>*Ал,балалар тұрайық,*<br>*Алақанды ұрайық*<br>*Қолды белге қояйық,*<br>*Оңға қарай иіліп,*<br>*Солға қарай иіліп*<br>*Белімізді жазайық*<br>*Жоғары төмен қарайық,*<br>*4-тапсырма.*<br>*Мұнда заттарға сәйкесті пішінді орналастыр.* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *үйдің суретін салады.*<br><br>*Бояумен жұмыс жасау жолдарын көрсету,бақылау.*<br>*Жеке көмек көрсету.*<br><br>***Қорытынды.***<br>*Балалардың жұмысын талдау.*<br>*Қуыршақтар балаларға алғыстарын айтып қоштасады.*<br>*Мақтау, мадақтау.*<br>*Балалар не салғандарын қалай салғандарын сұрақ жауап арқылы қорытындылау.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***3.Муызка***<br>*Педагог жоспары бойынша*<br><br>***3.Дене шынықтыру***<br>***Тақырыбы.*** *Жерде жатқан саты бойымен өрмелеу*<br>***Мақсаты.*** *Жұптасып сапта жүру және жүгіру дағдыларын қаыптастыру. 10-15см биіктіктен секіруге үйрету. Қимыл-қозғалысы белсенділігін арттыру, төзімділігін, зейінін дамыту* | *Қане қанат жазайық.*<br>*Ұшақ болып ұшайық.*<br>*Ұшып ұшып алайық.*<br>*Орнымызға қонайық.*<br>*Балалардың жұмысын бақылау.*<br>*Жеке көмек көрсету.*<br>***Қорытынды.***<br>*Көрме ұйымдастыру.*<br>*Балаларды мақтау.*<br>*Жасаған ұшақтарымен ойнауға рұқсат беру.*<br><br>***3.Өнерлі екен он саусақ (в)***<br>***Тақырыбы****.Көңілді сайқымазақ*<br>***Мақсаты.*** *Түстерді ажырата білуге,саусақпен дөңгелек пішінді заттарды салуға үйрету.Тазалыққа тәрбиелеу.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер:***<br>*Армысың,қасиетті Аспан-Ата!*<br>*Армысың,мейірімді Жер- Ана!*<br>*Армысың, шұғылалы Алтын күз!*<br>*Қайырлы таң, қайырлы күн!*<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*Циркте жануарлар да бар.Циркте сендер сүйетін, сендерді күлдіретін кім?*<br>*Дұрыс .Сайқымазақ.*<br>*Қане,бәріміз бірге сайқымазақ деп айтайық.*<br>***Тосын сәт.***<br>*Топқа сайқымазақ кіреді.*<br>*Сәлеметсіндер ме, балалар!* | <br><br><br><br><br>***Қорытынды.***<br>*Құртақандар балаларды мадақтайды. Балаларға жұлдызша беріп қоштасады.*<br>*Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.*<br><br>***4.Дене шынықтыруТақырыбы.*** *10-15см биіктіктен секіру.*<br>***Мақсаты.*** *Жұптасып сапта жүру және жүгіру дағдыларын қаыптастыру. 10-15см биіктіктен секіруге үйрету. Қимыл-қозғалысы белсенділігін арттыру, төзімділігін, зейінін дамыту*<br><br>***І.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру.*<br>*Сәлемдесу.*<br>*(нұсқауларды орындау)*<br>*.Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді.*<br>*Баяу жүгіру, жылдам жүгіру*<br>*4-қатарға сапқа тұру.* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ***.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу.*<br>*(нұсқауларды орындау)*<br>*.Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді.*<br>*Баяу жүгіру, жылдам жүгіру*<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>*1. Б. қ. – аяқты алшақ қойып, қолды төменде,*<br>*1 - қолды алға созамыз.*<br>*2 - қолды жоғары көтереміз.*<br>*3 - бірінші қалыпқа келеміз. (3 - 4 рет)*<br>*3. Б. қ. – аяқты алшақ, қолды белге қойып, «Сағаттың тілі»*<br>*1 - оңға иіледі*<br>*2 - солға иіледі*<br>*Бірнеше рет қайталаймыз.(5 - 6 рет)*<br>*4. Б. қ. – аяқты алшақ, қолды төмен басымызбен оңға, солға иілу. (4 - 5 рет)*<br>*5. «Қарлығаш» болып ұшамыз*<br>*6. «Қоян» сияқты секіреміз.*<br>*7. Жай жүру, дем алу.*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1.Доғаның астынан еңбектеу (биіктігі 40 см).* | ***Сайқымазақ****: Мен көнілді сайқымазақпын. Сендер көңілсізсіндер ғой, келіндер, ойын ойнайық.Қолымдағы сиқырлы шарды кімге берсем,сол бала менімен би билейді.*<br>*Жарайсындар Рахмет.Ал, енді, бойымызды жазып, жаттығуды орындайық.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Жоғары қарап күн көрдік,*<br>*Төмен қарап жер көрдік.*<br>*Оңға, солға бұрылдық,*<br>*Егеменді ел көрдік.*<br>***Сайқымазақ:*** *Балалар,мені көрші топ күтіп қалды, мен сонда барып келейін. Кездескенше, сау болындар!*<br>*Балалар, көңіл- күйлерің түспей – ақ қойсын.Сайқымазақты біз тағы да шақырамыз.Ал ол келгенше сыйлық дайындап қояйық. Өткен біз адамның сұлбасын салғанбыз.Енді алдарындағы сұлбаға сайқымазақтың киімін киіндірейік.*<br>*Үлгі көрсету*<br><br>*түсіндіру.*<br>*Бақылау.*<br>*Жеке көмек көрсету.*<br>***Қорытынды.***<br>*Балалардың жұмысын бағалау.* | ***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>*. Б. қ. – аяқты алшақ қойып, қолды төменде,*<br>*1 - қолды алға созамыз.*<br>*2 - қолды жоғары көтереміз.*<br>*3 - бірінші қалыпқа келеміз. (3 - 4 рет)*<br>*3. Б. қ. – аяқты алшақ, қолды белге қойып,*<br>*«Сағаттың тілі»*<br>*1 - оңға иілеміз*<br>*2 - солға иілеміз*<br>*Бірнеше рет қайталаймыз.(5 - 6 рет)*<br>*4. Б. қ. – аяқты алшақ, қолды төмен басымызбен оңға, солға иілу. (4 - 5 рет)*<br>*5. «Қарлығаш» болып ұшамыз*<br>*6. «Қоян» сияқты секіреміз.*<br>*7. Жай жүру, дем алу.*<br>***Тыныс алу жаттығуы:***<br>*мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу.*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1.Орнынан биіктікке секіру*<br>*1. Кедір-бұдыр тақтай үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру*<br>***Қимылды ойын:***<br>*«Мысық тышқан».*<br>*Ойын шартымен таныстыру*<br>*Балаларды мадақтау.* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 2. *Допты бір-біріне лақтырып қағып алу.*<br>***Қимылды ойын:***<br>*«Қасқыр - қақпан» ойын шартымен таныстыру.*<br>*Балаларды мадақтау.* | *Көңілді смайлктер беру.*<br>*Балалар, сендерге бүгінгі оқу қызметі ұнады ма?*<br>*Біз кімді киіндірдік?*<br>*Сайқымазақ қайда жұмыс істейді?*<br>*Жарайсындар, сендер сайқымазаққа тамаша сыйлық дайындадындар.*<br>*Балаларды мадақтау.* | | |
| ***Серуенге дайындық*** | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| ***Серуен:*** | ***Серуен № 6 Аязды бақылау***<br>*Мақсаты: Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жіберуі де мүмкін екенін, сол үшін де колғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру.*<br>***Картотека қосымша тіркелген.*** | ***Серуен № 7***<br>***Қыстап қалатын құстарды бақылау.***<br>*Мақсаты: Қыстап қалатын құстардың түрлерімен таныстыру, қыстап қалатын құстар туралы мағлұмат*<br>*беру, «олар үшін қыс та, аяз да қатер емес,аштық қатер»деген ұғымды қалыптастырып,қамқорлық пен*<br>*қарауға үйрету.*<br>***Картотека қосымша тіркелген.*** | ***Серуен № 12***<br>***Бұлтты бақылау.***<br>***Мақсаты: Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру.***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* | ***Серуен №14***<br>***Транспортты бақылау.***<br>*Мақсаты: көлік түрлері туралы білімдерін толықтыруды жалғастыру. Оларды тануға , айырып атауға үйрету.Соның ішінде автобусты бақылату және олардың әртүрлі болатынын көрсету. Жол жүру ережелерін де қайталату.*<br>***Картотека қосымша тіркелген.*** | ***Серуен № 16***<br>***Қарғаны бақылау.***<br>*Мақсаты: Қарғаның дене пішіні, түсі және қалай дыбыстайтынын бақылай отырып, барлық құстарға ортақ қасиеттерді айырып, оларға қамқор болуға үйрету.*<br>***Картотека қосымша тіркелген*** |
| ***Серуеннен оралу*** | *Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау* | | | | |
| ***Түскі ас*** | *Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.* | | | | |
| ***Ұйқы*** | *Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.* | | | | |
| ***Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-*** | ***№5.Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар.***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***№15.Тыныс алу жаттығуы:***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***№19.Велосипед тебу.***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***№22.Балалар ұйқыдан оянады.***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***№26.Асығыңдар жаттығуға.***<br>*Картотека қосымша тігілген* |

<table>
<tr><td>тыру шаралары</td><td colspan="5">ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАР КАТРОТЕКАСЫНАН ( Картотека қосымша тіркелген)</td></tr>
<tr><td>Бесін ас</td><td colspan="5">Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.Нан қиқымын шашпаңдар<br>Жерде жатса баспаңдар<br>Теріп алып қастерлеп<br>Торғайларға тастаңдар</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</td><td>Картотека №2<br><br>«Не қайда тұрады?»Мақсаты: Ойын арқылы балалардың тілін, ой-өрісін дамыту</td><td>Картотека №4<br>«Қуыршақ қонаққа дайындалуда»<br>Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.</td><td>Картотека №10<br>Танып ал да, атын ата<br>Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.</td><td>Картотека № 16<br>«Үй жануарлары<br>Мақсаты: балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын айтқызып, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.</td><td>Картотеа № 15<br>«Балабақша»<br>Мақсаты: балабақша қызыметкерлерін және оларға қажетті құралдарды дұрыс атап, ажырата білуге үйрету.</td></tr>
<tr><td colspan="5">ҚАТЫНАС САЛАСЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫНАН (картотека қосымша тіркелген)</td></tr>
<tr><td>Серуенге дайындық</td><td colspan="5">Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Серуен</td><td>Серуен № 6 Аязды бақылау<br>Мақсаты: Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жіберуі де мүмкін екенін, сол үшін де қолғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру.</td><td>Серуен № 7<br>Қыстап қалатын құстарды бақылау.<br>Мақсаты: Қыстап қалатын құстардың түрлерімен таныстыру, қыстап қалатын құстар туралы мағлұмат беру, «олар үшін қыс та, аяз да қатер емес,аштық қатер»деген ұғымды қалыптастырып,қамқорлықпен қарауға үйрету.</td><td>Серуен № 12<br>Бұлтты бақылау.<br>Мақсаты: Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру.</td><td>Серуен №14<br>Транспортты бақылау.<br>Мақсаты: көлік түрлері туралы білімдерін толықтыруды жалғастыру. Оларды тануға , айырып атауға үйрету.Соның ішінде автобусты бақылату және олардың әртүрлі болатынын көрсету. Жол жүру ережелерін де қайталату.</td><td>Серуен № 16<br>Қарғаны бақылау.<br>Мақсаты: Қарғаның дене пішіні, түсі және қалай дыбыстайтынын бақылай отырып, барлық құстарға ортақ қасиеттерді айырып, оларға қамқор болуға үйрету.</td></tr>
<tr><td colspan="5">СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН . ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ.</td></tr>
<tr><td>Балалардың үйге</td><td>Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға</td><td>Ата-аналармен әңімелесу.Балалардың</td><td>Ата – аналармен балалардың</td><td>Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы</td><td>Мамандық туралы тақпақ жаттау.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***қайтуы*** | *уақытында әкеулерін ескерту.*<br>*Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.* | *тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.* | *тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.* | *әңгімелесу. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.* | *Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.* |

# *ЦИКЛОГРАММА*
## *І апта.   Мамыр  айы 2021ж.*

***Өтпелі тақырып:*«Әрқашан күн сөнбесін!»**
***Тақырыпша*«Достық-біздің тірегіміз» (Халықтар достығы)**

<table>
<tr><th>Күн тәртібі</th><th>Дүйсенбі</th><th>Сейсенбі</th><th>Сәрсенбі</th><th>Бейсенбі</th><th>Жұма</th></tr>
<tr><td>Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу</td><td colspan="5">Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене  қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.<br>Ата-аналармен жұмыс:<br>«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Ойындар (үстел  үсті, саусақ  және т.б. )</td><td>Картотека №9<br>«Қай жануар артық»<br>Мақсаты:  Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Жасырылған жануарларды табу арқылы тілдерін дамыту.</td><td>Картотека №10<br>Танып ал да, атын ата<br>Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту</td><td>Картотека №11<br>«Кімге не керек»<br>Ойынның мақсаты: Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету</td><td>Картотека № 12<br>«Телефон»<br>Мақсаты:  естіген  сөзді екінші  балаға  бұлжытпай жеткізуге  дағдыландыру, диалогты<br>Сөйлеуді  жетілдіру  арқылы сөздік  қорын  молайту.</td><td>Картотека №13<br>«Қайсысы  қайда тіршілік  етеді?»<br>Мақсаты:  суреттен көрген  заттарының аттарын<br>тап,  олардың  қайда өмір  сүретінің айтқызу.</td></tr>
<tr><td colspan="5">ҚАТЫНАС  БІЛІМ САЛАСЫ   ОЙЫНДАР     КАРТОТЕКАСЫНАН   (картотека қосымша тіркелген)</td></tr>
<tr><td>Таңертеңгі гимнастика</td><td colspan="5">Мамыр  айының   1- аптасына  арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген<br>Мақсаты: Жалпы  даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын дамыту. Баланы  салауатты өмір салтына тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Тамақ  ішу  мәдениетін, үстелде  отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау  мәдениетін  қалыптастыру және сақтау<br>Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге   кеңес беру.</td></tr>
<tr><td>Ойындар, ҰОҚ дайындық</td><td colspan="5">ҰОҚ   өтілу  барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.<br>Дидактикалық ойын. «Жұп суреттер»<br>Шарты. Балалардың байқампаз қабілетін дамыту; заттардың, суреттердің ұқсастық пен айырмашылықтарын табуға үйрету; балалардың сөйлеу қабілетін арттырып, ұқсас, әр түрлі, бірдей сөздерін үйрету.</td></tr>
<tr><td>Мектепке дейінгі ұйым кестесі</td><td>Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы:<br>«Екі дос»  (әңгімелеп</td><td>Көркем әдебиет<br>Тақырыбы:  «Тілеріміз бейбіт күн»</td><td>1. Математика негіздері<br>Тақырыбы:Уақытты бағдарлау жөніндегі білімдерін (таңертең,</td><td>1.Жаратылыстану<br>Тақырыбы: Балабақша ауласындағы</td><td>1.Музыка<br>Педагог жоспары бойынша</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| бойынша ұйымдасты рылған оқу қызмет-тері | үйренеміз)<br>**Мақсаты:** Әңгіменің мазмұнын сызба белгілер бойынша әңгімелеп, айтуға үйрету. Оқу барысында оқиға желісімен әңгіме кейіпкерлерін белгілер арқылы сызып көрсетіп, әр белгінің нені бейнелейтінін ұғынуға баулу<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Шаттық шеңбер**<br>-Достар бері, келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге<br>Қуанышпен еніңдер.<br>(Г.Абдрахманов)<br>**Тосын сәт.**<br>Айгүлкеледі.<br>Балалардан достар туралы білгісі келетінін айтады.<br>**Дидактикалық ойын: «Егер..., онда...»**<br>Допты бір балаға беріп, сөйлемді бастап айтады:<br>-Егер досың сенен жақсы көретін ойыншығынды сұраса, ...<br>-Егер досынды ренжетіп қойсаң, ...<br>-Егер досын сенімен ойнамай қойса,...<br>Соңғы сұрақ арқылы баларды ойлануға жетелеу, әртүрлі жауаптарын тыңдау.<br>**Ой дамыту**<br>Балаларға «Екі дос» деген әңгімесін айтып беру,мазмұны бойынша сұрақтар қою : | **Мақсаты:** Серікбай Оспановтың «Тіләріміз бейбіт күн» өлеңін мәнерлеп оқи отырып, сөздердің мағыналарын түсіндіру. Қайталай отырып жаттату. Отансүйгіштік сезімдерін ояту.<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Шаттық шеңбер**<br>Күлімде, күн күлімде<br>Күлсін барлық бала шат.<br>Берекелі бүтіндей,<br>Бейбіт болсын болашақ.<br>**Ой қозғау.**<br>**Сұрақ жауап.**<br>Балалар біздер қай елде,қай жерде тұрамыз?<br>Қазақсан Республикасының президентті кім?<br>Қазақстан Республикасының бас қаласы қай қала?<br>Балаларды мадақтау<br>**Біз бүгін ақын Оспановтың «Тілеріміз бейбіт күн» өлеңімен танысамыз.**<br>Біз балдырған тең басқан,<br>Дос құшағын елге ашқан.<br>Тілеріміз бейбіт күн,<br>Ашық болсын кең аспан!<br>**Ой қозғау.**<br>**Сұрақ-жауап** | күндіз, кеш, түн)<br>**Мақсаты:**Балалардың ой-өрісін дамыту. Уақытты бағдарлау жөніндегі білімдерін (таңертең, күндіз, кеш, түн) тереңдете түсу.<br>Логикалық ойлау қабілетін, танымын дамыту.<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Шаттық шеңбер.**<br>Сәлеметсіңдер ме, балалар!<br>- Бәріміз бір - біріміздің қолымыздан, үлкен шеңбер жасайық.<br>- Балалар біз таңертең ұйқыдан тұрғанда қай жаққа қараймыз?<br>- Онда нені көреміз?<br>- Егер күннің көзі жарқырап тұрса қалай қуанамыз. (Балалар алақанымен шапалақтайды )<br>- Балалар кәне, алақандарымызды түйістіріп көрейікші.<br>- Нені сезіп тұрмыз?<br>- Осы жылулық арқылы бір - бірімізге игі тілектерімізді айтайық.Жыл мезгілдері, ай, апта күндері туралы түсініктерін тексеру<br>**Топқа бөлу.**Балалармына үстелдін үстінде4жыл мезгілдерінің суреттері бар .Сендер өздеріне ұнаған бір суретті алып , сол суретке сәйкес үстелге отарасыңдар.<br>Балалар ұнаған суретті алып үстелге жайғасады.<br>Тосын сәт.<br>Балалар бүгін бізге Тапқышбек қонаққа келіпті.Сендерге тапсырма алып келіпті.<br>**1-тапсырма .** | ағаштар(табиғаттағы бақылау)<br>**Мақсаты:** Ағаштарды тануға және атауға үйрету: қайың, терек, ағаштың діңін, бұтақтарын және жапырақтарын тауып, атап беру.<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Шаттық шеңбер.**<br>Аспан ашық , көгілдір,<br>Күн шуағын төгіп тұр<br>Қол ұстасқан біздерді<br>Тереземнен көріп тұр.<br>Кәне балалар,<br>Бәріміз тақпаққа құлақ салайық.<br>**Өлең оқып беру:**<br>Қайың, терек басынан,<br>Бүршік атты жапырақ.<br>Жаңбыр жауса сатырлап,<br>Риза болар жадырап.<br>Айтыңдаршы, балаларым<br>Бұл қай мезгілде болады?(көктем)<br>-Дұрыс айтасыңдар балалар!<br>-Олай болса көктем мезгілінде неше ай бар?<br><br>-Жақсы, дұрыс айтасыңдар.<br>-Көктем мезгілінде қандай табиғи құбылыстар болады?<br>**АҚТ технологиясы.**<br>Жыл мезгілдерінің ағаштары. Слайд көрсету.(4жыл мезілндегі ағаштар)<br>Кәне сендер қандай ағаштардың түрлерін білесіңдер?<br>-Балабақша ауласына серуенге шыққан да қандай ағаштарды | **2. Мүсіндеу.**<br>**Тақырыбы**: «Досыма сыйлық»<br>**Мақсаты:** Сыйлық бейнесін мүсіндей білуге үйрете отырып, шығармашылық, белсенділік дағдыларын дамыту. Ұқыптылыққа, жинақылыққа тәрбиелеу.<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>Балалармен амандасу.<br>Балалар мен сендерге тақпақ оқып берем, не жайында екенін анықтаңдар<br>Достық керек өмірде,<br>Ашық сырлы көңілде.<br>Дос жолдасың болмаса,<br>Өмір сүру жеңіл ме?»<br>**Ой қозғау.**<br>Тақпақ не туралы айтылған?<br>-Дұрыс айтасыңдар, балалар әр адамның өз досы болады.<br>-Барлығымыз жақындап, қолымздан ұстап өз досымызға жылы тілектеріңді айтыңдар .<br>**Ой қозғау.**<br>Балалар айтыңдаршы сендердің достарың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Әңгімеде кімдер туралы айтылған?<br>-Неліктен достардың біреуі ағаш басына шығып кетті?<br>-Қалай ойлайсындар, ол дұрыс істеді ме?<br>-Оның орнында сендер болсаңдар не істер едіңдер.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау.<br>**Әңгімелеп үйренеміз.**Тақтаға сызған белгілерге қарап отырып, әңгімені айтуды ұсыну.<br>Жетелуші, демеуші сұрақтар бере отырып сызба белгілер бойынша мазмұнын әңгімелету.<br>**Дидактикалық ойын: «Жақсы мен жаман».**<br>**Шарты:**Жақсы сөз айтқанда балалар шапалақтайды.<br>Жаман сөз айтқанда аяқтарымен тарсылдатады.<br>**Кел, сөйлесейік!**<br>Балаларға сұрақтар қойып, достары туралы әңгімелету.<br>**Қорытынды:**<br>-Бүгін біз не жайлы әңгімелестік?<br>-Сенің досың кім?<br>-Досың туралы айтып берші, ол қандай?<br>-Сен оны жақсы көресің бе?<br>Айгүл балаларға дос туралы көп үйренгенін айтып қоштасады. | Өлең қалай аталады?<br>Бейбіт күн дегенді қалай түсінесің?Достық дегенді қалай түсінесің?<br>Балалардың жауаптары.<br>**Сергіту сәті:**<br>Достар бірге ойнаймыз,<br>Өзеннен балық аулаймыз.<br>Бірге бақша суарып,<br>Құс ұясын бұбаймыз.<br>**«Бір қадам» әдісімен** тақпақты қайталау.<br>Балаларды мадақтау.<br>**Қорытынды.**<br>Бүгін не туралы әңгімелестік?<br>Балалардың жауаптары<br>«Әрқашан күн сөнбесін»әнімен аяқтау<br><br><br><br><br>**2 Сурет салу.**<br>**Тақырыбы**: «Достық жалаулары»<br>(ұжымдық жұмыс)<br>**Мақсаты:** Бір мазмұнға біріктіре отырып, бірнеше ұлттардың жалауларын бейнелей білуді үйрету.<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Шаттық шеңбері**<br>Салем аспан<br>Салем жер | **Жұмбақ жасыру:**«Бұл қай кезде болады»<br>1. Ұйқымыздан тұрамыз,<br>Беті қолды жуамыз.<br>Әкемізге ереміз,<br>Бақшамызға келеміз.<br>(Бұл қай кезде болады?)**(Таңертең)**<br>2. Сабақ оқып, ойын ойнап,<br>Серуендеп қайтамын.<br>Тамағымды ішіп,<br>Түсте ұйықтап жатамын. **(Күндіз)**<br>3. Біз тәртіпті баламыз,<br>Сабақты да оқимыз.<br>Серуенге шығамыз,<br>серуендейміз.**(Түс )**<br>4. Ұйқыдан тұрып,<br>Беті қолды жуып,<br>Төсекті жинап,<br>Таза ауа жұтып,<br>Кешкісін үйге қайтамын.**(Бесін)**<br>5. Күн батады қызарып,<br>Анамызды күтеміз.<br>Бұл қай кез.**(Кеш )**<br>6. Үйге келіп кино көріп,<br>Ойыншықтарды жинастырып,<br>Беті – қолды жуып,<br>Тісімді тазартып,<br>Ұйықтауға жатамын. **(Түн )**<br>Жақсы қатысып отырған топқа бір бірден смайлк беріп отырамын.<br>**2- тапсырма. « Аптада неше күн бар?»**<br>Бір аптада неше күн бар?<br>**3- тапсырма. «Жұмыс күндері қандай?»**<br>- Қанша жұмыс күні бар?<br>- Неше күн демаласыңдар?<br>- Балалар сонда аптада қанша күн бар?<br>- Қанша демалыс күні бар?<br>- Балалар бүгін қандай күн? | бақыладық?<br>Балалардың жауаптары.<br>Бүгін біз, ауламыздағы ағаштардың қалай өсіп өнетінін байқап жақынырақ танысамыз!<br>(Слайд арқылы үлкендердің еңбегін, жыл мезгілінде ағаштардың өзгеруі жайындатүсіндіру)<br>**Сергіту сәті.**<br>Атамның алып күрегін,<br>Жерді аударып беремін.<br>Әжеме мен құдықтан,<br>Су әкеліп беремін.<br>Ағашты өзім егемін,<br>Күтіп баптап келемін.<br>**Дидактикалық ойын:** «Аталған ағаштың суретін табайық»<br>**Ойын шарты:** Балалар тақтада көрсетілген жапыраққа қарап, ағаштардың суретін табады.<br>**Сурет бойынша қорытындылау**<br>**Ойын: «Кім жылдам?»**<br>Қазір бәріміз ойын ойнаймыз:<br>Тақтадан көрсеткен суреттің не екенін тез атауымыз керек.(сурет арқылы тақтадағы ағаш құрылысы көрсетіліп отырамын,балалар атын атау керек)<br>-Жарайсыңдар балалар мадақтау.<br>Сендерге рахмет<br><br><br>**2. Тапқыштар (в)**<br>**Тақырыбы.** Мозайка құрастыру | бар ма?<br>-Балалар достарың көңілсіз болса не істер едіңдер?<br>Балалардың жауаптары.<br>-Олай болса, алдымызда қандай құралдар көріп тұрмыз? Дәл осы құралдардың көмегімен өз достарыңа арнап сыйлықтар жасағдар.<br>Әр бала өз еркімен қажет ермексазды алып достарына сыйлық жасайды.<br>**Сергіту сәті.** Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Оларды атап шақырар,<br>Әрқайсысының аты бар.<br>**Балалар жұмысы бақылау.**<br>Жеке көмек көрсету.<br>**Қорытынды.**<br>-Сонымен, балалар бүгін не жасауды үйрендік?<br>-Сендерге ұнады ма?<br>Дайын болған сыйлықты, достарына сыйға тартады.<br>Мадақтау<br>Өз пікірлерімен бөліседі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды мадақтау.<br><br>**2.Музыка**<br>Педагог жоспары бойынша<br><br>**3. Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы.** Бірқалыпты жеңіл секіру<br>**Мақсаты.** Бірқалыпты жеңіл секіруді үйрету. Гимнастикалық скамейка үстімен тепе-теңдікті сақтап жүруді, белгілі бағыт бойынша жүгіру дағдысын жетілдіру**Оқу қызметінің барысы:**<br>Бір сапқа тұрып,бір-бірінің артынан жүру,аяқтың ұшымен жүгіру,адымдап жүру,өкшемен жүру.бір қатармен жүріп келіп 3 қатарға тұру.**Жалпы даму жаттығулары:**<br>1.Б.қ.к аяқ алшақ,қол белде1.басты оңға қозғалту 2.б.қ.келу,3.солға қозғалту 4.б.қ.келу( 5-6 рет)2.Б.қ.к аяқ бірге,қол төменде1.қолды алдыға созу 2 жоғарыға көтеру.3.жанына түсіру 4.б.қ.келу (5-6 рет)3.Б.қ.к аяқ бірге,қол төменде1.қолды созу 2.отыру.3.тұру,4.б.қ. келу (5-6 рет)4.Б.қ.к аяқ алшақ,қол белде.1.алға қарай еңкею 2.тұру.3.б.қ.келу (5-6 | Салем балабақшам<br>Салем жер<br>**Балалармен әңгімелесу**<br>**Сұрақ жауап.**-Балалар мереке кезінде біз балабақшаны немен әсемдейміз?Дұрыс айтасыңдар, шармен, түрлі-түсті жалаушалармен.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Жалаушаның түсін ажырат». -Қане, сендер жалаушалардың түстерін білесіңдер ме? Балалар түрлі түсті жалаушалардың түстерін атайды.<br>Мадақтау.<br>**«Үлкен және кіші шарлар үрлейік» тыныс алу жаттығуы**<br>**Тосын сәт.**<br>Айсұлу келеді.<br>Балалардан түрлі түсті жалаушалар жасап беруді өтінеді.<br>Түстер бойынша 3 топқа бөлу.<br>1-топ қызыл түсті топ. Жалауды бояумен бояйды.<br>2-топ сары түті топ. Жалауды саусақпен бояйды.<br>3-топ көк түсті топ Жалауды васкович карандашпен бояйды.<br>**Сергіту сәтті**<br>Ал, балалар тұрайық<br>Алақанды созайық | - Ертең қандай күн болады?<br>Мадақтау.<br>**Сергіту сәті (бейне ролик)**<br>**Дидактикалық ойын: Зейінді бол!**<br>шарты : Егер дұрыс болса, балалар алақандарын шапалақтайды, дұрыс емес болса, аяқтарын топылдатады.<br>- Алдымен кеш түседі, содан соң түн болады.<br>- Біз таңертеңгілік тамақты кешке ішеміз.<br>- Біз түнде серуендейміз.<br>- Күндізден кейін кеш болады.<br>**Әр тоқа тапсырма.**<br>**Бұл қашан болады?» ойынын ойнаймыз.**<br>Ойын шарты: Тәулік бөлігіне байланысты әр түрлі суреттерді ажыратып қойып шығу. (Алдымыздағы өзіміздің іс-әрекетіміз бейнеленген суреттерімізді қойып шығамыз).<br>Балалардан қай тәулік бөлігі екенін сұраймын.<br>**Қорытынды.**<br>-Балалар, бүгінгі біздің оқу қызметімізге кім келді?<br>-Дымбілмеске қандай тапсырмалар орындап көмектестік.<br>Өте жақсы, балалар , біз көптеген тапсырмаларды орындадық. Жақсы қатысқандары үшін жұлдызшамен марапаттаймын.<br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>**Тақырыбы:**Су-тіршілік нәрі.<br>**Мақсаты:**Жер бетіндегі барлық тірі ағзалардың өсіп, өнуі үшін | **Мақсаты**. Балалардың ойлау қабілеттерін, есте сақтау жетілдіру. ой-өрісін дамыту.<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Шаттық шеңбері.**<br>**Алақанды ашайық**<br>**Күннің нұрын салайық**<br>**Жүрек жылуын салайық**<br>**Осы жақсы лебіздерді**<br>**Бір-бірімізге сыйлайық.**<br>**Сұрақ жауап.**<br>Балалар қәзір жылдың қай мезгілі?<br>**Мнемотехника** «Көктем»<br>Балалар суретке қарап көктем мезгілі туралы айтады.<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Тосын сәт.**<br>Хатшы қорап әкеледі.<br>Балалар бұл қорапта не бар екен?<br>Ашып қарайық.<br>Хат шығады.<br>Хатты оқу<br>Балалар осы суретті мозайка әдісі арқылы бояп беріңдерші.<br>Деп орман кішкентайлары.<br><br><br>Балалар бұл суреттерді мозайка әдісі арқылы бояуымыз керек? | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *рет)5.Б.қ.к аяқ бірге,қол төменде1.қолды алға созу.2 айқастыру( қайшы сияқты ) 3.б.қ.келу (5-6 рет)3 қатардан 1-қатарға келу,жүру,жүгіру,тыныс алу жаттығуларын жасау.*<br>***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы***<br>*1.Гимнастикалық скамейка үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру.*<br>*2. Доғалар астынан еңбектеп өту.*<br>***Қимылды ойын:***<br>*«Тауық қорадағы түлкі» ойыны:*<br>*1.Ойын шартымен таныстыру.*<br>***Қорытынды:***<br>*Балаларды мадақтау.* | *Бір отырп бір тұрыып*<br>*Біз шынығып алайық*<br>*Балалардың жұмыстарын бақылау.*<br>*Жеке көмек көрсету.*<br>***Қорытынды.***<br>*Балалардың жұмысын қорытындылау.*<br>*Көрме ұйымдастыру.*<br>*Айсұлу қуанып балаларға рахмет айтып қоштасады.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***3. Дене шынықтыру.***<br>***Тақырыбы.*** *Залдың бір шетінен екінші шетіне жүгіру*<br>***Мақсаты.*** *Әртүрлі қарқында жәй және жылдам жүру, жүгіру Ұзындықтан секіріп өту. Залдың бір шетінен екінші шетіне жүгіру Қол-аяқ қимыл үйлесімділігін арттыру. Салауатты өмір салтына тәрбиелеу*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>*1.Сәлемдесу.*<br>*2. Шеңбермен жүру. Тәрбиешінің артынан жүру, жүгіру*<br>***Жалпы даму жаттығулары.***<br>*1.Басқа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар* | *бұлақтардың және таза судың маңызы туралы түсініктерін дамыту.*<br>*Табиғи нысандар мен құбылыстарды бақылау білігі мен дағдыларын жетілдіру.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер.***<br>*Қайырлы күн,күнім,далам,*<br>*Қайырлы күн, гүлім, құсым,*<br>*Қайырлы күн, өсімдіктер,жәндіктер,*<br>*Қайырлы күн, бар тіршілік иесі.*<br>*-Балалар қазір жылдың қай мезгіл?*<br>*-Көктем мезгілі неше айдан тұрады?*<br>*-Кәне,ай аттарын кім атап береді?*<br>*-Көктем мезгілінің қадай ерекшеліктері бар?*<br>*-Өте жақсы.*<br>*-Балалар, көктем мезгілінің алғашқы гүлі қалай аталады?*<br>*-Жарайсыңдар!*<br>***Ой қозғау***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*-Дәмі де жоқ,түсі де жоқ,*<br>*Пайдаланбас кісі жоқ. Бұл не?*<br>*Балалардың жауаптары.*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>*Үнтаспа арқылы судың сарқыраған, толқынның соққан дыбыстарын тыңдату.*<br>***Ой қозғау.***<br>*-Балалар, сылдырлап аққан ненің дыбысын естідік?*<br>*-Дұрыс айтасыңдар*<br>*Балалар, «Су- тіршілік нәрі»! Айналамызды қоршаған ортада сусыз адамдар, жан-жануарлар өсімдіктер, құстар өмір сүре алмайды.* | *Балаларға түсінік беру.*<br>*Балалар өздеріне ұнаған суретті алып бояуға кіріседі.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Орнымыздан тұрайық,*<br>*Алақанды ұрайық.*<br>*Бір отырып, бір торып,*<br>*Біз бір дем алайық.*<br>*Балалардың жұмысын бақылау.*<br>*Жеке көмек көрсету.*<br>*Дидактикалық ойын.*<br>*«Неге ұқсайды»*<br>*Қорытынды.*<br>*Балалардың жұмысын қорытындылау.*<br>*Көрме ұйымдастыру.*<br>*Бір бірінің жұмыстарын бағалату.*<br>*Жасаған жұмыстарын орман кішкентайларына жіберу.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***3. Дене шынықтыру.***<br>***Тақырыбы.*** *Бірқалыпты жеңіл секіру, Белгіге жауап беру біліктілігін дамыту*<br>***Мақсаты.*** *Бірқалыпты жеңіл секіруді үйрету.Белгіге жауап беру білігін дамыту. Гимнастикалық скамейка үстімен тепе-теңдікті сақтап жүруді, белгілі бағыт бойынша жүгіру дағдысын жетілдіру.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>*1.Сәлемдесу.*<br>*2. Шеңбермен жүру. Тәрбиешінің артынан жүру, жүгіру*<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:*** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *біргетұрады, басты оңға, солға бұру*<br>*2. Иыққа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, иықты кезек-кезек көтеру*<br>*3. Қолға арналған жаттығулар: 1. 2 қолды жоғары көтеру 2 қолды алдына апару 3. 2 қолды жанын*<br>*4. Белге арналған жаттығулар:*<br>*2 қол белде,аяқтар алшақ тұрады, оңға, солға бұрылу*<br>*5. Аяққа арналған жаттығулар: оң аяқпен 5 рет, сол аяқпен 5 рет, екі аяқпен 5 рет секіру*<br>*6. Терең дем алу*<br>***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.***<br>*1.допты бір-біріне домалату.*<br>*2. Ұзындықтан секіру.*<br>***5.Қимылды ойын:***<br>*«Түлкі мен құстар»*<br>*Ойын шартымен таныстыру*<br>*Қортынды.*<br>*Балаларды мадақтау* | *-Балалар, біз су туралы не білеміз? Су бізге не үшін керек және қандай жағдайда пайдаланамыз?*<br>*-Балалар, судың түсі мен пішіні бола ма?*<br>*-Сендер суға байланысты қандай тиым сөздерді білесіңдер?*<br>*Балалардың жауаптары.*<br>*Тәжірибе жасау.*<br>*Мария Монтессори элементтері:* ***«Сумен ойын».*** *-Балалар, алдарыңдағы стакандағы суға кейбіреулерің қант қосып көріңдер, ал басқаларың тұз қосып көріңдер. Енді суды ішіп көріңдер, дәмі қандай болды екен?*<br><br>***2-тәжірибе.***<br>*-Сендер қалай ойлайсыңдар судың түсін өзгертуге бола ма? Егер де суға бояу қосып жіберсек, не өзгереді екен? Олай болса қазір ыдыстағы суға тәжірибе жасап көрейік. Стакандағы суға гуашь бояулары жағылған таяқшаларды салып көрейікші.Судың түсі өзгереді ме? Сенің суыңның түсі қандай болды?*<br>***Дидактикалық ойын:****«Жақсы - жаман»/екі топқа бөлініп/*<br>*Ұлдар тобы «Су - жақсы. Неге?»*<br>*Қыздар тобы: «Су - жаман. Неге?» деген сұрақтарға жауап береді*<br>***Сергіту сәті***<br>*Біз кішкентай баламыз,*<br>*Өніп-өсіп толамыз.*<br>*Күнге қарай талпынып,*<br>*Көкке қолды созамыз.*<br>***Су туралы мақал-мәтелдер айту.***<br>*Сусыз тіршілік жоқ.*<br>*Жер –қазына,* | *«Біз күштіміз»*<br>*1. Б.қ. жұдырықты түйіп қолды жоғары көтеру. 10 рет қайталау.*<br>*2. Б.қ. тізерлеп тұрып қолды жанға – жоғары көтеру. 6 рет қайталау.*<br>*3. Б.қ. қол артта, аяқтың ұшымен отырып тұру, отырғанада қолды алдыға созу. 6-7 рет қайталау.*<br>*4. «Жылан» Б.қ. арқамен жатып қолды жанға созу,аяқты сермеп еденнен жылжу. 6 рет қайталау.*<br>*5. «Отырып, тұру» Б.қ. қолмен көмектеспей еденге отырып тұру. 6 рет қайталау.*<br>*6. Б.қ. түзу тұрып ақырын кезек екі қолды жанға созып, бір аяқты алдыға созу. 6-7 рет*<br>*7. Б.қ. қол белде оңға, солға иілу. 6 рет*<br>*8. Б.қ. екі аяқты айқастырып орнында екі аяқты кезек айқастырып секіру. 3-4 рет*<br>*9. Б.қ. қолды жоғары көтеріп дем алу жаттығуын жасау. 5-6 рет*<br>***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.***<br>*1.Гимнастикалық скамейка үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру.*<br>*2. Ұзындықтан секіру.*<br>***Қимылды ойын:***<br>*«Құстар мен мысық»*<br>*Ойын шартымен таныстыру*<br>*Қортынды.*<br>*Балаларды мадақтау* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *Су-алтын.*<br>*Бұлақ көрсең көзін аш.*<br>*Сулы жер-нулы жер.*<br>*Жаңбыр жауса-жер ырысы,*<br>*Батыр туса –ел ырысы.*<br>*Тіршілік көзі –су.*<br>***Тыйым сөздер.***<br>*Отқа су құйма.*<br>*Суын ішкен құдыққа түкірме.*<br>*Судың бетін ашық қалдырма.*<br>*Түнде суға түспе.*<br>*Түнде суға барма.*<br>***Қорытынды.***<br>*-Балалар бүгін біз не туралы айттық?*<br>*-Суды күнделікті өмірде қалай пайдаланамыз?*<br>*-Қандай тәжірибе жасадық?*<br>*-Суды үнемдеу керек пе?*<br>*-Жарайсыңдар, балалар, бүгінгі оқу қызметіне белсене қатыстыңдар. Сендерге рахмет.*<br><br>***3.Өнерлі екен он саусақ (в)***<br>***Тақырыбы****. Достық ғаламшары****Мақсаты.*** *Саусақ моторикасын дамыту, балаларды саусақпен жұмыс жасауды үйрету.* ***Қызығушылылықтарын арттыру.***<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбері.***<br>*Ортақ мекен жер шары,*<br>*Төбемізде бір аспан.*<br>*Барлық ұлттың баласы,*<br>*Достығымыз жарасқан.*<br>*Тату болсын еліміз,*<br>*Бүтін болсын жеріміз.*<br>*Бір шаңырақ астына,*<br>*Жиналайық, келіңіз! (өлеңге сәйкес қимылдар жасайды)* | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *Балалар біздің ұлтымыз қандай?*<br>*Біз қай тілде сөйлесеміз?*<br>*Қазақстанда қандай өзге ұлт өкілдері бар?*<br>***Дидактикалық ойыны «Ұлттық киімді ата!»***<br>*Мынау не?*<br>*Көйлектің түсі қандай?*<br>*Ал, мынау не?*<br>*Бас киімді не деп атаймыз*<br>*Айтыңдаршы, камзол мен бөріктің түсі қандай?*<br>*Ал, аяғында не?*<br>*Сендер қандай ою-өрнектерді білесіңдер?*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***Ұжымдық жұмыс.***<br>***Алақанмен сурет салады.***<br>***Сергіту сәті:***<br>*Кел, балалар, тұрайық,*<br>*Үлкен шеңбер құрайық.*<br>*Шаңырақты көтеріп,*<br>*Керегені құрайық.*<br>*Уықтарша иіліп,*<br>*Шаңыраққа қосылып,*<br>*Қазақы үйді құрайық.*<br>*Жұмысымызды жалғастырайық.*<br>*Балалардың өзіндік жұмыстары.*<br>*Жеке жұмыс балаларға көмектесу.*<br>***Қорытынды.***<br>*Баларды мадқтау.*<br>*Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындылау.* | | |
| ***Серуенге дайындық*** | *Жүйелі киініп серуенге шығу .*<br>*Ойын жаттығу: «Кім бірінші»*<br>*Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу* | | | | |
| ***Серуен:*** | ***Серуен № 5***<br>*Бақылау.  Ауа райын бақылау*<br>***Картотека қосымша тіркелген*** | ***Серуен № 7***<br>*Бақылау.  Құстарды бақылау.*<br>***Картотека қосымша тіркелген*** | ***Серуен № 9***<br>*Бақылау. Күннің көзін бақылау.*<br>***Картотека қосымша тіркелген*** | ***Серуен № 12***<br>*Бақылау. Аула сыпырушы еңбегін бақылау.*<br>***Картотека қосымша тіркелген*** | ***Серуен № 13***<br>*Бақылау. Ауа- райын бақылау.*<br>***Картотека қосымша тіркелген*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | *Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| **Түскі ас** | *Асқа отырғызу. Балаларға ас ішу ережесін сақтауды дағдыландыру<br>Тамақ ішу, үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру<br>Сөздік материалдарды қолданып, тамақ ішу ережелерін сақтауға баулу.* | | | | |
| **Ұйқы** | *Астан кейін ауыз қуыстарын шайғызу,беті-қолдарын жуғыздыру; ұйқыға жатқызу, жағымды әуен қою.<br>Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.* | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары** | ***Жаттығу кешені***<br>*№ 10.*<br>*Төсекте жатып жасайтын жаттығулар*<br>*Мысықтар*<br>*Ояту*<br>*.* | ***Жаттығу кешені***<br>*№ 11*<br>*Майтабанның алдын алу.*<br>*Мысық сияқты аяқтын ұшымен шеңбермен жүру, екі аяқпен секіру ,*<br>*жүру орнымызға қарай жүгіру.*<br>*Гимнастикалық жолдан жүру*<br>*Жүрейік біз журейік*<br>*Аяқты біз емдейік*<br>*Аяқ қолым мықты болып* | ***Жаттығу кешені***<br>*№12*<br>*Төсекте жатып жасайтын жаттығулар*<br>*Ояту*<br>*Балалар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Қолымызды созып*<br>*Шынығып бір алайық.*<br>*Созылу* | ***Жаттығу кешені***<br>*№15*<br>*Тыныс алу жаттығуы:*<br>*Ояту*<br>*Оянайық балалар*<br>*Маған тезірек қарандар*<br>*Шапалақ ұрайық*<br>*Орнымыздан тұрайық.* | ***Жаттығу кешені***<br>*№ 14*<br>*Балапандар.*<br>*Ояту*<br>*Балапандар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Жан-жаққа біз қарайық*<br>*Бір күлімдеп алайық.* |
| | ***ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАР КАТРОТЕКАСЫНАН ( Картотека қосымша тіркелген)*** | | | | |
| **Бесін ас** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | ***Картотека № 8***<br>***«Бұл қандай құс?»***<br>*Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу.* | ***Картотека №10***<br>***Жер,су,ауа***<br>*Мақсаты: балаларға берілген тапсырманы*<br>*тез шешуге,жылдам жауап бе руге,жерде ,*<br>*ауада,*<br>*суда не болатынны дұрыс айтуға төселдіру,қоршаған ор таға*<br>*қамқорлық сезімен тәрбиелеу.* | ***Картотека №12***<br>***«Гүлдерді күтеміз»***<br>*Мақсаты:*<br>*балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру.* | ***Картотека № 13***<br>***«Жол әліппесі»***<br>*Мақсаты: балаларды алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен таныстыру , жолда*<br>*жүру ережесін меңгерту дағдысын қалыптастыру.* | ***Картотека №9***<br>***«Үй жануарлары»***<br>*Мақсаты: Балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін суреттер, оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу.* |
| | ***ТАНЫМ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫНАН (картотека қосымша тіркелген).*** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |
| **Серуен** | ***Серуен № 6***<br>*Бақылау.*<br>*Ауа райын бақылау.* | ***Серуен № 8***<br>*Бақылау.*<br>*Көгершіндер мен торғайларды* | ***Серуен № 10***<br>*Бақылау.*<br>*Күнді бақылау.* | ***Серуен № 11***<br>*Бақылау.*<br>*Құстарды бақылау.* | ***Серуен № 16***<br>*Бақылау.*<br>*Транспортты бақылау* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *бақылау.* | | | |
| | ***СЕРУЕН  КАРТОТЕКАСЫНАН .*** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | *Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.* | *Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.* | *Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту.* | *Баланың тәрбиесі туралы әңгімелесу .<br>Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру.* | *Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.* |

**ЦИКЛОГРАММА**
**II апта . Мамыр айы 2021ж.**

**Өтпелі тақырып «Әрқашан күн сөнбесін!»**
**Тақырыпша: «Отан қорғаушылыр» (ҚР әскері, Ұлы Отан соғысының ардагерлері)**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу** | *Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау.* | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | **Картотека №14**<br>**«Кімге не керек»**<br>*Ойынның мақсаты: Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету* | **Картотека №17**<br>**«Әдемі гүл»**<br>*Ойынның мақсаты: Түстер туралы ұғымын бекіту,түстердің атын білуге машықтандыру,түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіруге үйрету,саусақ моторикасын дамыту* | **Картотека № 18**<br>**«Өз мекеніне орналастыр»**<br>*Мақсаты: Үй жануарларын дала жануарларыннан ажырата білуге үйрету. Үй жануарлары мен дала жануарларының қайда тіршілік ететінін білуге үйрету. Балалардың ойлау қабылетін дамыту.* | **Картотека № 19**<br>**«Гүлдерді күтеміз»**<br>*Мақсаты: балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру.* | **Картотека №20**<br>**Үй жануарлары және олардың төлдері**<br>*Мақсаты: Ойын арқылы танымдық, ойлау қабілетін коммуникативтік, танымдық және әлеуметтік құдіреттілігін дамыту, сөздік қорын молайту есте сақтау қабілетін дамыту. Балаларды үй жануарларына деген сүйіспеншілігіне арттыру арқылы үй жануарларына қамқорлық жасауға тәрбиелеу.* |
| | **ӘЛЕУМЕТ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫНАН (картотека қосымша тіркелген** | | | | |
| **Таңертеңгі гимнастика** | *Мамыр айының 2 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.*<br>*Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету* | | | | |
| **Таңғы ас** | *Ойын- жаттығу . «Таза қолдар».*<br>*Балаларға ас ішуге көмектесу, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру, ұқыпты ішуге тәрбиелеу.*<br>*Астан кейін беті-қолын жуып, сүртінуге дағдыландыру, тазалыққа баул* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Ойындар, ҰОҚ дайындық*** | *ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.*<br>*Балаларды ұоқ-не сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу.*<br>*АКТ технологиясы.*<br>*Ұлы отан соғысының батырларымен таныстыру.*<br>*Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Маметова* | | | | |
| | | | | | |
| ***Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері*** | ***Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы*** *: «Біз Отанның сарбазы»*<br>***Мақсаты:*** *Балаларға 7-ші мамыр Отан қорғаушылар күні мерекесінің мәнін сезіндіру. Ұлы Отан соғысының зардаптары мен осы соғыста ерлік көрсеткен батырлардың ерліктері туралы әңгімелеу. Майдангерлер*<br>*рухына бас ие отырып, Ұлы Отан соғысы батырларының ерлік істеріне тағзым етуге тәрбиелеу*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Арайлап таң атты*<br>*Алтын сәуле таратты*<br>*Жарқырайды күніміз*<br>*Жайнайды гүліміз*<br>*Қайырлы таң апай*<br>*Қайырлы таң достарым*<br>***Балалармен әңгімелесу.***<br>*-Бір жылда неше мезгіл бар?*<br>*-Қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*-Көктем мезгілінде неше ай бар?*<br>*-Қазір қандай ай?*<br>*-Мамыр айында қандай мерекені атап өттік?*<br>*Балалардың жауаптары.*<br>*1 мамыр-достық,бірлік күні.*<br>***Ой дамыту.***<br>*Енді 7 мамыр-Ұландар күнін* | ***1 Көркем әдебиет.***<br>***Тақырыбы:*** *«Жеңіс күні»*<br>***Мақсаты:*** *Өлең шумақтарын мәнерлеп оқи отырып, мазмұнын түсіндіру. Өлеңді қайталау, жаттату. 9 мамыр - Жеңіс күні туралы әңгімелеп беру.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбері:***<br>*Күлімде, күн күлімде,*<br>*Жер жасарып көгерсін.*<br>*Кешегіндей бүгін де.*<br>*Қанат қақсын көгершін.*<br>***Сұрақ-жауап:***<br>*-Балалар сендер «әскер» деген ұғымды қалай түсінесіндер?*<br>***Видеофильм көрсету.***<br>*-Бұл видеофильмде не көрдіңдер?*<br>*-Соғысқа қатысқан ата-әжелерімізді қалай атаймыз?*<br>*-Дұрыс айтасындар, біз оларды құрметтеп сыйлауымыз керек.*<br>***Слайд.***<br>*Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен батыр ағаларымыз бен апаларымыз бар.* | ***1.Математика негіздері***<br>***Тақырыбы:***<br>*Кеңістікті бағдарлау*<br>***Мақсаты:****Өзінің айналасындағы заттардың орналасуын (оң, сол, алда, артта, жоғарыда,төменде, алыс, жақын) анықтауға үйретуді жалғастыру.*<br><br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер.***<br>*Аспанымыз ашық болсын!*<br>*Көк туымыз биік болсын!*<br>*Еліміз тыныш болсын!*<br>*Деніміз сау болсын!*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Тосын сәт.***<br>*Білім ханшайымынан хат келеді.*<br>*Балаларды математика әлеміне саяхатқа шақырады. Біз математика әлеміне саяхат жасаймыз. Баруға дайынбыз ба?Оны білу үшін біз мына геометриялық пішіндерді алып үй құрастырайық. Ол үшін біз сендерге геометриялық пішіндер берілген.*<br>*Сұрақ жауап.*<br>*Үйді қандай пішіндермен құрастырдыңдар?*<br>*Төбесі қандай пішін,түсі қандай?* | ***1. Жаратылыстану***<br>***Тақырыбы:****Орман жидектері мен саңырауқұлақтар.*<br>***Мақсаты:****Балалардың орман жидектері мен саңырауқұлақтары жөнінде алған түсінік терін жетілдіру.Оларды суреттерден тани білуге үйрету.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***1.Шаттық шеңбер***<br>*Арайлап таң атты,*<br>*Алтын сәуле таратты,*<br>*Жарқырайды күніміз,*<br>*Жарқырайды даламыз.*<br>*Біз бақытты баламыз.*<br>*Айтқан тілді аламыз.*<br>*Достарымды көргенде.*<br>*Қуана қарсы аламыз.*<br>***2.Ой дамыту.***<br>*Суретпен жұмыс.*<br>*Мнемотехника.*<br>*Мына суретке назар аударайық, жылдың қай мезгілі бейнеленген?*<br>*Балалар не істеп жатыр?*<br><br>***3.Жұмбақ жасыру.***<br>*Бір аяғы,қалқиған қалпағы бар.* | ***1. Орыс тілі***<br>*Педагог жоспары бойынша*<br><br><br>***2. Жапсыру***<br>***Тақырыбы:*** *«Ұшақтар шеруі»*<br>***Мақсаты:*** *Балаларға ұшақтар шеруі туралы түсінік беру. Жіңішке қиықтарды қиюға үйрету, қуанышты көңіл-күй қалыптастыра отырып есте сақтау қабілетін дамыту.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер.***<br>*Біз бақытты баламыз*<br>*Айтқан тілді аламыз*<br>*Достарымды көргенде*<br>*Амандасып қаламыз*<br>*Сәлем, сәлем, сәлем.......*<br>***Миға шабул.***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Құс сияқты, құс емес,*<br>*Самғап ұшқан биікке.*<br>*Қанаты бар қақпайды,*<br>*Жүрсе де сондай биікте.*<br>***Ұшақ***<br>***Ойыншық ұшақтарды тамашалау:***<br>*Балаларға ойыншық ұшақтарды көрсетіп, құрылысымен* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *яғни Отан қорғаушылар күні*<br>*9-Мамыр Жеңіс күні.*<br>***Слайд.****Отан қорғаушылар, әуе әскелері, танкішілер көрсітіліп,Ұлы отан соғысына қатысқан батырларымыз туралы мағлұмат беру.*<br><br>***Сергіту сәті:***<br>*Бір,екі,үш,*<br>*Бойға жинап күш!*<br>*Шынығамыз таң ертең*<br>*Салдат болам мен ертең!*<br>***“Біз сарбазбыз ойынын” ойнайық.***<br>***Шарты:****Балар үш шеңберге жасап тұрады.Әр щенбер өз тапсырмасын алады.*<br>*Бірінші шеңбер:“Ұшқыштар”*<br>*Екінші шеңбер:“Атты жауыңгерлер”*<br>*Үшінші шеңбер: “Жаяу әскерлер”*<br>*Ұшқыштар қолдарын екі жаққа жайып өз шеңберін де “Ұшқыштар ұшады”.Басқалары қарап тұрады.*<br>*Музыка ойнағанда “Жаяу әскерлер”адымдайды,келесі музыкада “Атты жауынгерлер”шабады,олар ат шабысын салады.*<br>*Музыкаға сәйкес ұқыпты орындағандар жеңіске жетеді.*<br>*Мадақтау.*<br>***Қорытынды.***<br>*-7 мамыр қандай мереке* | *Оларды атап айтсақ:*<br>*Бауыржан Момышұлы,*<br>*Талғат Бигелдинов,*<br>*Қасым Қайсенов,*<br>*Мәншүк Мәметова,*<br>*Әлия Молдағұлова,*<br>*т.б.Олар да соғысқа қатысқан батыр қыздар.*<br>***Қайрат Жұмағалиевтың «Жеңіс күні» тақпақ жаттау.***<br>*Ойлап тұрдым көп,*<br>*Сауал бердім білгім кеп:*<br>*— Қуанышты мереке – Жеңіс күні қай күн? - деп.*<br>*Бейбіт күннің бәрі де –*<br>*Жеңіс күні, шырағым!*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Қане балалар, тұрамыз,*<br>*Бойымызды жазамыз.*<br>*Балықтарға ұқсап біз,*<br>*Жүзіп-жүзіп аламыз.*<br>***«Бір қадам әдіс» арқылы тақпақты жаттау.***<br>***Қорытынды.***<br>*«Жеңіс күні» деп неліктен айтамыз?*<br>*- «Бейбітшілік» деген сөзді қалай түсінесің?*<br>*- Соғысқа қатысқан ардагерлерге қандай көмек көрсету керек?*<br>*- Соғысқа қатысқан батырларды ата.*<br>*Балаларды мадақтау.* | *Мадақтау.*<br>*Поездбен математика әлеміне келеді.*<br>*Балалар мына жерде тапсырмалар бар екен.*<br>*Сол тапсырмаларды орындайық.*<br>***1- Тапсырма.***<br>*Дидактикалық ойын «Заттар қандай пішіндерден құралған?»*<br>*Балалар тапсыманы орындайды.*<br>***2-тапсырма***<br>*«Сиқырлы үстел» ойыны.*<br>*Шарты: үстелге отырған бала, алдында не тұрғанын, артында не тұрғанын, оң және сол жағында не тұрғаның айтады.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Орнымыздан тұрайық,*<br>*Алақанды ұрайық*<br>*Оңға қарай бұрылып,*<br>*Солға қарай бұрылып,*<br>*Бір отырып, бір тұрып*<br>*Бой сергітіп алайық.*<br>***3-тапсырма***<br>*Дидактикалық ойын.*<br>*«Не өзгерді»*<br>*1-жағдай:*<br><br>***2-жағдай:***<br><br>***3-жағдай:*** | *Ағаш түбінде тұрағы бар.*<br>*(саңырауқұлақ)*<br>*Орман жемістері мен саңырауқұлақпен таныстыру.*<br>***АКТ Слайд****. Саңырауқұлақ әртүрлі жерлерде өседі,кейде топ-топ болып топталыпта өседі.Олардың ішінде улы және жеуге жарамдысы да болады. Саңырауқұлақтардын атауларын айтады(шыбынжұт,бөз арамқұлақ,жалған түлкіжем,,төреқұлақ,ақ саңырауқұлақ,қозықұйрық),*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Орнымыздан тұрайық,*<br>*Алақанды ұрайық,*<br>*Алға қарай бір адым*<br>*Артқа қарай бір адым*<br>*Жоғары – төмен қарайық*<br>*Бір отырып, бір тұрып*<br>*Орнымызды табайық.*<br>***Топқа бөлу****.(жапырақтар арқылы)*<br>*1 –топ Ермексаздан саңырауқұлақтарды мүсіндеу.*<br>*2-топ -2 себетке қағаздан қиылған жидектерді жинау.*<br>***Ойын: « Не қайда өседі»***<br>*Мақсаты:балалар саңырауқұлақ пен жидектің қайда өсетінін біледі.*<br>***Қорытынды.***<br>*Саңырауқұлақ неше түрге бөлінеді?*<br>*-Саңырауқұлақ қайда өседі?*<br>*Балаларды мадақтау.* | *таныстыру.*<br>*- Ұшақтар не үшін қажет?*<br>*- Ұшақты кім жүргізеді?*<br>*-Ұшақ қандай көлік түріне жатады?Ал сендердің ұшқыш болғыларың келе ме?Ұшқыш болу үшін не істеу керек?*<br>*Ендеше, біз нағыз ұшқыш болу үшін өзімізге ұшақ жасайық. Ұшақ жасау үшін мына суретке назар аударайық.*<br><br>***Үлгі көрсету,түсіндіру****.*<br>*Жұмыс барысы түсіндіріледі:*<br>*- Ұшақты қағаздан қиюдың бірнеше үлгілерін көрсету.*<br>*- Ұшақты қағаздың ортасына орналастырып жапсыру*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Орнымыздан тұрайық,*<br>*Ұшақ болып ұшайық.*<br>*Қыранға ұқсап биікте,*<br>*Қанат қағып самғайық.*<br>***Дидактикалық ойын.«Кімнің ұшағы алысқа ұшады»***<br>*Қағаздан жасалған ұшақтарды балалар ұшырып ойнайды.*<br>***Қорытынды.***<br>*Балалар аяқталған* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болды?<br>-Батыр болу үшін,елімізді жаудан қорғау үшін қандай болуымыз керек?<br><br>**2. Музыка**<br>Педагог жоспары бойынша<br><br>**3. Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы.** Шектелген жазықтық бойымен жүруге үйрету<br>**Мақсаты.** Тепе-теңдік қалпын сақтай отырып шектелген жазықтық бойымен жүруге үйрету. Алға жылжи отырып секіру іскерліктерін бекіту. Әртүрлі қалыпта допты қос қолмен лақыру іскерліктерін жетілдіру. Балалардың денсаулығын шынықтыру<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>1.Б.қ: дене тік, қол төменде, құрсау еденде, отыру, құрсауды қолына алып, құрсауды бастан жоғары көрсету, отыру, құрсауды еденге қою.<br>2.Б.қ: отыру, аяқ иық деңгийінде , құрсау қолда. Алға иеліп, құрсауды аяқтың ұшына қою, денені тік ұстап бос қолын көрсету, алға иіліп, құрсауды қолына алу .<br>3. Б.қ: арқаға жату, құрсау қолда. Қолды көтеру, аяқты жоғары көрсетіп құрсауға бигізу, бастапқы қалыпқа оралу.<br>4.Бірінің соңынан бірі жүру, | **2. Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**<br>«Мерекелік от шашу»<br>**Мақсаты:** Өз ойлары бойынша сурет салу, композиция құрастыру. Көлемді пішіндерді безендіру.<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Әңгімелесу.**<br>-Отшашуды біз қай кезде қолданамыз?<br>Балалар отшашуды қай кезде көреміз?<br>Балалар:<br>-9 мамыр, 1 мамыр мерекелерде.<br>-Жаңа жыл кештерде.<br>-Туған күн кештерде.<br>-Ал бізге қандай мереке жақындап келе жатыр?-<br>-Отшашу қандай болады екен?<br>-Отшашу болғанда аспан қандай түстерге боялады екен?<br>Балалардың жауаптары.<br>**Видео таспа көрсету.**<br>бейне жазбадағы отшашу жайлы көріп тамашалайды.<br>**Ой қозғау.**<br>-Балалар, отшашуды үлкендердің көмегінсіз жаға аламыз ба? | <br>**4-тапсырма**<br>Дидактикалық ойын: «Лото»<br>Мақсаты: Кеңістіктегі бағдарлай ілу шеберліктерін шыңдау.<br>Көрнекіліктер: Ақ қағаз беті (монитор), көк түсті шеңбер.<br>-Мониторларыңды алдарыңа жақындатыңдар.<br>-Шеңберді экранның қақ ортасына қой.<br>-Енді жоғарғы оң жақ бұрышқа апар, төменгі сол жақ бұрышқа түсір, төменгі оң жақ бұрышқа жеткіз, жоғарғы сол жақ бұрышқа көтер.<br>-Балалар, жарайсыңдар! Енді мен осы нәтиженің бәрін электрондық пошта арқылы білім ханшайымына қалдырамыз.<br>Балалабқшаға оралу.<br>**Қорытынды:**<br>Бүгін не істедік?<br>Қандай тапсырмаларды орындадық?<br>Қандай ойын ойнадық?<br>Сұрақ-жауап арқылы бекіту, белсене қатысқан балаларды мақтау-мадақтау.<br><br>**2. Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** Жүк машинасы<br>**Мақсаты:**Балалардың қалдық материалдардан бұйым жасау біліктерін бекіту. | **2.Тапқыштар «в)**<br>**Тақырыбы.**Қайсысы көп, қайсысы аз?<br>**Мақсаты.** Заттарды санына қарай салыстыру арқылы көп-аз, сонша ұғымдарымен таныстыру. Теңестірудің екі жолын практикалық жолмен меңгерту.<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Шаттық шеңбер.**<br>Балалар күн сияқты үлкен шеңбер болып тұрайық<br>-Ал осы күннен жылу алайық<br>-Сол жылуды алақандарымызбен бір-бірімізге жіберейік.<br>**Жарайсыңдар.**<br>**Балалармен әңгімелесу.**<br>-Балалар сендерді балабақшадан кімдер алып кетеді?<br>Қай кезде алып кетеді?<br>**Тосын сәт.**<br>Айсұлу келеді.<br>Тапсырмалар әкеледі.<br>**1-тапсырма**<br>**«Қайсысы көп, қайсысы аз?»**<br>Мақсаты: Түстерді және көп – аз ұғымын ажыртып айтады.<br>**2- Тапсырма.**<br>**Тақтамен жұмыс.**<br>Ненің суретін көріп тұрсыңдар?<br>-Қане, санайықшы алма нешеу?<br>-Ал, алмұрт ше?<br>Ойланайықшы, қайсысы көп?<br>Алма алмұрттан нешеге артық?<br>Ал, ендеше алмұрт алмадан | жұмыстарынан көрме ұйымдастыру.<br>Бір біріне бағалату.<br>Балаларды мадақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрсау қолда- «Машина келді»<br>**Негізгі қимыл жаттығулары:**<br>1.Алға жылжи отырып секіру .<br>2.Әртүрлі қалыпта допты қос қолмен лақыру<br>**Қимылды ойын.**«Автомобилдер»<br>Ойын шартын түсіндіру. | -Не себепті жақпаймыз.<br>**Сергіту сәті.**<br>Кәне,кәне,тұрайық<br>Үлкен шеңбер құұрайық<br>Тұрсақ енді шеңберге<br>Алақанды ұрайық<br>Оң жақтағы балаға<br>Сол жақтағы балаға<br>Шапалақта,шапалақ<br>Шапалақта,шапалақ.<br>**Балалар, енді отшашуды өзіміз жасап көрейік.**<br>Отшашуды қалай жасау керектігін сендерге көрсетемін. Ол үшін 2 дамытушы орталыққа бөлінеміз.<br>1. Ақпарақтың бетіне ортасына қылқаламмен сүйкеу әдісі арқылы түрлі түсті бояуды пайдалана отырып отшашудың суретін саламыз.<br><br>2. дәстүрден тыс әдісті қолдана отырып, картоннан жасалған дөңгелек пішінді түрлі түсті бояуға батырып, беттестіру арқылы отшашудың бейнесін жасаймыз.<br>Балалардың жұмысы.<br>Балалар қызыға жасайды.<br>Жеке көмек көрсету.<br>**Қортынды:**<br>- Айдос сен қандай | Бөліктерді біріктіру үшін желімді пайдалану дағдысын жетілдіру.<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>Балалармен әңгімелесу.<br>Терезеден көліктерді тамашалау.<br>**Ой қозғау.**<br>- Балалар ерте заманда көлік түрлері болмаған кезде адамдар алыс жерлерге қалай барған? Ауыр жүктерді бір жерден екінші жерге қалай жеткізген?<br>Балалардың жауаптары.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Жүк машинасына ерекше тоқталып, жеке бөліктеріне талдау жасау.<br>-Қандай бөліктері бар?<br>-Қорабы, кабинасы, дөңгелегі қандай?<br>**Тосын сәт.**<br>Азамат келеді.<br>Қолында сіріңке қорабы.<br>Балалардан көмек сұрады қораптардан жүк көлігін жасап беруді сұрайды.<br>Балалар көмектесеміз бе?<br>**Сергіту сәті**<br>«Машинамен жүреміз»<br>**Үлгі көрсету.Түсіндіру.**<br>Сіріңке қораптарынан<br>Жүк машинасын құрастырады.<br><br>Қиналған балаларға көмек көрсету. | нешеге кем болады екен?<br>Алма мен алмұртты теңестіру үшін не істейміз, яғни төрт алмұрттқа 2 алмұртты қоссақ неше алмұрт болады?<br>2.Неше лимонды көріп тұрсыңдар, санайық?<br>Неше мандаринді көріп тұрсыңдар?<br>Қайсысы көп?<br>Лимоннан неше мандарин артық немесе неше лимон мандариннен кем?<br>Теңестіру үшін не істейміз?<br>Балалардың жауаптары.<br>**Сергіту сәті:**<br>Оң қолымда бес саусақ.<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Қосып едім екеуін,<br>Болып шықты он саусақ.<br>**3-тапсырма**<br>Алдарыңда салынып тұрған геометриялық пішіндердің қайсысы көп көк түспен, қайсысы аз қызыл түспен бояйсыңдар.<br>(Музыка әуені ойнап тұрады)<br>Балалармен жұмыс жүргізу (алдарындағы геометриялық пішіндерін санату,балаларды мадақтап отыру)<br>**4-тапсырма**<br>**«Айырмашылығын тап»**<br>Шарты : Балаларға екі суреттің айырмашылығын айтады.<br>**Қорытынды.**<br>Айсұлу барлық тапсырмаларды жақсы орындағандарын айтып балаларға ккңілді смайлктер береді. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *жұмыс жасадың?*<br>*- Балалар отшашудың пайдалы жағы қандай айтып беріңдерші?Отшашудың зиянды жақтары қандай?*<br>*-Балалар от шашуды қалай жасадық?*<br>*-Отшашу сендерге ұнады ма?*<br>*- балалар сендер жұмысты жақсы орындадыңдар, керемет. Маған ұнады. Мен сендерге мерекелік көңіл – күй сыйлағым келіп тұр. барлық балаларағa көңілді смайлк беру.*<br><br>***3. Дене шынықтыру***<br>***Тақырыбы.*** *Шектелген жазықтық бойымен жүруді қайталау*<br>***Мақсаты.*** *Тепе-теңдік қалпын сақтай отырып шектелген жазықтық бойымен жүруге үйрету. Алға жылжи отырып секіру іскерліктерін бекіту. Әртүрлі қалыпта допты қос қолмен лақыру іскерліктерін жетілдіру. Балалардың денсаулығын шынықтыру*<br>***Оқу қызметінің барысы:*** | ***Дидактикалық ойын «Көліктер»***<br>*Әр бала көліктердің қиынды суреттерін құрастырады.*<br>*Қандай көлік екенін айтады.*<br>***Қорытынды:***<br>*Азамат балалардың жұмысын көріп қуанып кетеді.*<br>*Балаларға рахмет айтып қоштасады.*<br>*Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындылау,*<br>*-Көліктің қандай түрлері болады?*<br>*-Адамға көлік не үшін қажет?*<br>*-Жолда жүру тәртібі не үшін қажет?*<br>*-Не құрастырдыңдар, балалар?*<br>***Жарайсыңдар, балалар!***<br>*Балаларды мақтау-мадақтау.*<br><br>***3.Өнерлі екен он саусақ (в)***<br>***Тақырыбы.****Көбелек*<br>***Мақсаты.****Дәстүрден тыс әдіспен көбелектерді салуды үйрету. Салу, елестету қабілеттері мен бақылай білу дағдыларын бекіту Саусақпен жұмыс істеу тәртібімен қолдана білуге, қол-саусақ қимылдарын қалыптастыру.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Тақпақ оқу.***<br>*Көбелек - ау көбелек,*<br>*Әдемісің керемет.* | *Балалармен қоштасады.*<br>*Сұрақ жауап арқылы қорытындылап,балаларды мадақтау.*<br><br>***3. Дене шынықтыру.***<br>***Тақырыбы.*** *Тепе-теңдік қалпын сақтай отырып шектелген жазықтық бойымен жүру*<br>***Мақсаты.*** *Тепе-теңдік қалпын сақтай отырып шектелген жазықтық бойымен жүруге үйрету. Алға жылжи отырып секіру іскерліктерін бекіту. Әртүрлі қалыпта допты қос қолмен лақыру іскерліктерін жетілдіру. Балалардың денсаулығын шынықтыру*<br>***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.***<br>*Балалармен амандасу.*<br>*Сапқа тұру.*<br>*Шеңбер бойымен денені тік ұстап тізені шапалақтай жүгіру .*<br>*Қол бүйірде, аяқтың ұшымен жүру.өкшемен жүру. тізені бүгіп жүру.*<br>*Сапқа тұру. 4 колонна тұру.*<br>***Жалпы даму жаттығулары:***<br>*1.Аяқты алшақ қою, обруч төменде,обручты алға созу, жоғары көтеру, түсіру. бастап-қы қалып.5-6 рет.*<br>*2.Обручты екі қолмен омырауға ұстау. Оңға, солға бұрылып, қолды созу.*<br>*3.Отыру, обруч екі қолда төмен ұстау. Обручты жоғары көтеру, төмен екі* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *1.Балалар бой-боймен бір қатарға сапқа тұрады.*<br>*2.Сәлемдесу.*<br>*Біздер тату баламыз,*<br>*Ұландардай боламыз.*<br>*(Тізені көтеріп, қолды жанға ұстап жүру).*<br>*1,2,3-жоғары қолды созамыз,*<br>*Бір жолмен жүре аламыз. (Қолды жоғары көтеріп жүру).*<br>*Гүл-гүл жайнап жанамыз,*<br>*Күндей нұрды шашамыз (Баяу жүгіру)*<br>*Жан-жақты дамыту жаттығулары:*<br>*1.Қол мен иық бұлшықеттеріне арналған жаттығулар: «Тербелу»*<br>*Бастапқы қалыпқа тұрады, аяқ арасы алшақ, қол төменде болады.*<br>*1.Қолдарды жоғары көтереді.*<br>*2.Екі жанға, оңға тербеледі.*<br>*3.Солға тербеледі.*<br>*4.Қайтадан бастапқы қалыпқа оралады.*<br>*2.Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар: «Бағыттаушы»*<br>*Б.қ.:негізгі тұрыс, қол* | *Гүлге келіп қона ғой,*<br>*Өзіңде гүл бола ғой.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Тақпақ не туралы?*<br>*Көбелектердің түстері қандай болады?*<br>***Тақтадағы суретпен жұмыс.***<br>*Әр түрлі көбелектерді тамашалау.*<br>***Балаларды шығармашылық орталығына шақыру:***<br>*Балаларды 2 топқа бөлу.*<br>***1-топқа** көбелекті түрлі-түсті манка жармасын қолдану арқылы бояу,*<br>***2- топқа**Көбелектің бір жақ қанатын бояп, форматтың екінші бетін беттестіру арқылы көбелектің суретін салу.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Таңертең көбелек оянды, тартылды қанаттарын бұлғады терең тыныс алды,*<br>*Азғана айналып, барлығына күліп, қайта гүліне оралды.*<br>***Балалардың өз бетінше жұмыстары.***<br>*Балалардың жұмысын бақылау.*<br>*Балаларға жекеше көмек көрсету.*<br>***Дидактикалық ойын:** Көбелектің қанатын дәл тап.*<br>***Мақсаты:** Түстерді ажырата білуге, салыстыра білуге үйрету.*<br>***Қорытынды.*** | *өкшенің арасына түсіру, қайталау.5-6рет.*<br>*4. Аяқпен отыру. Обручты тік ұстау, оңға, солға қисаю.*<br>*5. Шалқадан жату.Обруч бастан жоғары. Аяқты тік ұстап, обручты тізеге тигізу.*<br>*6. Обруч еденде, айнала секіру, адымдап орнында жүру, секіру.*<br>*Тыныс алу жаттығулары: мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу.*<br>***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.***<br>*1. Допты қос қолмен бір-біріне лақтыру.*<br>*2.Қос аяқтап кедергілерден арасымен секіру.*<br>***Қимылды ойын**: «Ақ терек, көк терек»*<br>*Ойын шартымен таныстыру*<br>*Қорытынды.*<br>*Балаларды мадақтау* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *төменде.*<br>*1.Қолдағы гүлдерді жоғары көтеру.*<br>*2.Алға созу.*<br>*«Жиырылу-ашылу»*<br>*Б.қ..аяқ арасы алшақ, қол төменде.*<br>*1.Екі қолдағы гүлдерді кеуде тұсына әкелу.*<br>*2.Екі қолды жанға созу.*<br>*3.Б.қ.келу.*<br>*3.Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:*<br>*«Алақай!»*<br>*Б.қ.:тік тұру, қол төменде.*<br>*1.Екі қолды кеуде тұсына әкеліп, тізені бүгіп отыру.*<br>*2.Бір орында секіріп, гүлді жанға созу.*<br>*3.Б.қ.келу.*<br>*Тыныс алу:*<br>*«Әдемі гүлдің иісі»*<br>***Негізгі қимыл жаттығулары:***<br>*1. допты қос қолмен лақыру*<br>*2. 3 метр жерден төрттағандап еңбектеу.*<br>***Қимылды ойын****.«Допты қуып жет» ойыны:*<br>*Ойын шартын түсіндіру.* | *Балалардың жұмысын қорытындылау.*<br>*Ашық сұрақтар қою.*<br>*Не туралы әңімелестік?*<br>*Көбелектің қандай түрлері болады екен?*<br>*Балалардың жауабын тыңдап, оқу қызметін қорытындылау,мадақтау.* | | |
| ***Серуенге дайындық*** | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| ***Серуен:*** | ***Серуен № 17***<br>*Бақылау. Ауа райын бақылау.* | ***Серуен № 18***<br>*Бақылау. Күннің көзін* | ***Серуен № 19***<br>*Бақылау. Темір жол* | ***Серуен № 20***<br>*Бақылау. Жаңбырды бақылау,* | ***Серуен № 12***<br>*Бақылау. Аула сыпырушы* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Картотека қосымша тіркелген*** | *бақылау.* ***Картотека қосымша тіркелген*** | *бекетін бақылау.* ***Картотека қосымша тіркелген*** | ***Картотека қосымша тіркелген*** | *еңбегін бақылау.* ***Картотека қосымша тіркелген*** |
| ***Серуеннен оралу*** | *Ойын- жаттығу: Мөлдір су*<br>*Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| ***Түскі ас*** | *.Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| ***Ұйқы*** | *Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.* | | | | |
| ***Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары*** | ***Жаттығу кешені №3.***<br>*Өзімізді уқалау.*<br>*Күзде күн суыды , молдас құрып отырып алақанымызды уқалап жылытамыз, жылы алақанымызбен бетімізді жуамыз ( 3-4рет* | ***Жаттығу кешені №4.***<br>*Майтабанның алдын алу.*<br>*Арнай жолдармен жүру, дымқыл жолмен жүру.* | ***Жаттығу кешені №5.***<br>*Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар.* | ***Жаттығу кешені №6.***<br>*Төсекте жатып жасайтын жаттығулар*<br>*Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды денеміздің бойымен қойып иегімізді кеудемізге тигіземіз , аяқтын ұшын өзімізге қарай тартамыз* | ***Жаттығу кешені №10.***<br>*Төсекте жатып жасайтын жаттығулар ( 2-3 минут)*<br>*Мысықтар* |
| | ***ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАР КАТРОТЕКАСЫНАН ( Картотека қосымша тіркелген)*** | | | | |
| ***Бесін ас*** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| ***Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс*** | ***Картотека №10***<br>***Жер,су,ауа***<br>*Мақсаты: балаларға берілген тапсырманы*<br>*тез шешуге,жылдам жауап бер уге,жерде ,*<br>*ауада,*<br>*суда не болатынны дұрыс айтуға төселдіру,қоршаған ор таға*<br>*қамқорлық сезімен тәрбиелеу.* | ***Картотека №12***<br>***«Гүлдерді күтеміз»***<br>*Мақсаты:*<br>*балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, ягни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру.* | ***Картотека № 14***<br>***«Қайда не өседі?»***<br>*Мақсаты: Заттардың арасында кеңістік байланыстарын қоя білу дағдыларын дамыту; өсімдіктерді өсетін жерлеріне байланысты топтастыру, белсенділіктерін және өздігінен ойлау қабілеттерін дамыту.* | ***Картотека №16***<br>***«Ненің баласы?»***<br>*Мақсаты: Балалардың «үлкен», «кіші» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту; жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту.* | ***Картотека № 18***<br>***«Жануарларды орналастыр»***<br>*Мақсаты: Балаларды тақтада және қағаз бетінде бағытты таба білуге үйрету. 5 бала кезекпен тақтадағы тапсырманы, ал қалғандары үстелдің үстіндегі парақ қағазда фишкамен орындайды.* |
| | ***ТАНЫМ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫНАН (Картотека қосымша тіркелген)*** | | | | |
| ***Серуенге дайындық*** | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |
| ***Серуен*** | ***Серуен № 2***<br>*Бақылау. Құстарды бақылау.* | ***Серуен № 12***<br>*Бақылау. Аула сыпырушы еңбегін бақылау.* | ***Серуен № 16***<br>*Транспортты бақылау* | ***Серуен № 13***<br>*Бақылау. Ауа- райын бақылау.* | ***Серуен № 11***<br>*Бақылау. Құстарды бақылау.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН .*** | | | | |
| ***Балалардың үйге қайтуы*** | *Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу* | *Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.* | *.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.* | *. Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.* | *Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру.*<br>*Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.* |

***ЦИКЛОГРАММА***

***ІІІ апта.  Мамыр   айы  2021ж.***

***Өтпелі тақырып . «Әрқашан күн сөнбесін!»***
***Тақырыпша. «Көңілді жаз»***

| ***Күн тәртібі*** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| *Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу* | *Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын  өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.* <br> ***Ата-аналармен жұмыс:*** <br> *«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.* | | | | |
| *Ойындар (үстел  үсті, саусақ  және т.б. )* | ***Картотека № 4*** <br> ***«Құстар  біздің досымыз»*** <br> ***Мақсаты:*** *Балаларға құстар туралы білім беру,білімдерін жетілдіре түсу. Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқорлықпен қарауға баулу.* | ***Картотека №7*** <br> ***«Мамандықтың бәрі жақсы»*** <br> ***Мақсаты:*** *Балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.* | ***Картотека №8*** <br> ***«Бұны қай кезде киеді?»*** <br> ***Мақсаты:*** *әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндату арқылы сөздік қорларын молайтып,ауыз екі сөйлеуге баулу.* | ***Картотека №11*** <br> ***«Әдептілік»*** <br> ***Мақсаты:*** *Балаларды «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдануға үйрету. Бала бойына мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік және де басқа жақсы әдеттердің орнығуына барынша мүмкіндік жасау.* | ***Картотека №12*** <br> ***Қайсысы қайда тіршілік етеді*** <br> ***Мақсаты:*** *жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу,олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту.* |
| | ***ӘЛЕУМЕТ   САЛАСЫ     ОЙЫНДАР     КАРТОТЕКАСЫНАН   (картотека қосымша тіркелген)*** | | | | |
| ***Таңертеңгі гимнастика*** | *Мамыр айының  3–аптасына арналған жаттығу кешені.  Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.* <br> *Мақсаты. Балалардың  жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы  балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету* | | | | |
| ***Таңғы ас*** | *Тамақ  ішу  мәдениетін, үстелде  отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау  мәдениетін  қалыптастыру және сақтау* | | | | |
| ***Ойындар, ҰОҚ дайындық*** | *ҰОҚ   өтілу  барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау* <br> ***Артикуляциялық жаттығу*** <br> *Ғай – ғай – ғай,* <br> *Жарқылдайды найзағай.* <br> *Шек – шек – шек,* <br> *Шығады бәйшешек* | | | | |
| ***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдасты*** | ***1.  Сөйлеуді дамыту*** <br> ***Тақырыбы:*** <br> *«Жайдарлы жаз»* <br> ***Мақсаты:*** *Жаз  мезгілінің табиғи   ерекшеліктерін* | ***1. Көркем әдебиет*** <br> ***Тақырыбы:*** *«Жаз келіпті» (Кел жаттайық)* <br> ***Мақсаты:*** *Жаз мезгілінің ерекшеліктері туралы* | ***1Математика негіздері.*** <br> ***Тақырыбы:*** <br> *Шеңбер,шаршы,үшбұрыш,сопақша,тіктөртбұрыш туралы өткенді пысықтау.* | ***1.Жаратылыстану*** <br> ***Тақырыбы:*** *Қош келдің,жаз!* <br> ***Мақсаты:*** *Жаз мезгілін дегі маусымдық  өзгерістерді байқауға, айырмашылықтарын* | ***1. Музыка*** <br> *Педагог жоспары бойынша* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***рылған оқу қызмет-тері*** | *меңгерту.Схема бойынша суреттің мазмұнын құруға және сөздерді байланыстырып айтуға дағдылындыру.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбері.***<br>*Армысың асыл күн, армысың жан досым.*<br>*Жылуыма жылу қос, міне, менің қолым.****Мнемотехника «Жаз мезгілі»***<br>***Қызығушылықтарн ояту***<br>***Тосын сәт***<br>*Білмеспек өзімен бірге сурет алып келеді.*<br>*Қай жыл мезгілі екенін білмей балалардан көмек сұрайды.*<br>***Суретпен жұмыс.***<br>***Схема арқылы.***<br>*Балалар, суретте не бейнеленген?*<br>*- Бұл жылдың қай мезгілі?*<br>*Жазда қандай өзгерістер болады?*<br>*Жаз мезгілі сендерге ұнай ма?*<br>*Жазда ауа райында қандай өзгерістер болады?*<br>*Жаз айлары жайлы біз не білеміз?.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Тербеледі ағаштар*<br>*Алдымнан жел еседі*<br>*Кіп - кішкене балақан*<br>*Үп - үлкен боп өседі.*<br>***Дидактикалық ойын:***<br>*«Қайсысы артық»*<br>*Шарты:* | *түсініктерін дамыту.*<br>*Т.Молдағалиевтің «Жаз келіпті» өлеңін жаттай отырып, байланыстырып сөйлеу, сурет бойынша әңгіме құрастыра білу дағдыларын бекіту*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер.***<br>*Біз қандаймыз, қандаймыз,*<br>*Шұғылалы таңдаймыз.*<br>*Жарқыраған күндейміз,*<br>*Ренжісуді білмейміз.*<br>***Миға шабул***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Күндер ысып, шөп пісіп,*<br>*Ел пішенін орады.*<br>*Бөбектерім, айтыңдаршы,*<br>*Бұл қай кезде болады?*<br>*(Жазда)*<br>*Суретпен жұмыс.*<br>*Жаз мезгілі туралы әңгімелету.*<br>***Тақпақ:***<br>*Т.Молдағалиевтің «Жаз келіпті» тақпағын оқып беру.*<br>*Жаз келіпті дегенше*<br>*Алма пісті дегейсің*<br>*Бақшамызда ендеше*<br>*Алма теру көбейсін*<br>*Жаз келіпті , қарандар*<br>*Көлге үйрек , қаз қонды*<br>*Асыр салып балалар*<br>*Суға түсіп мәз болар*<br>***Ой қозғау.***<br>*Тақпақ не туралы айтылған?*<br>*Жазда не піседі?*<br>*Балалар не істейді?*<br>***Дидактикалық ойын:*** | ***Мақсаты:*** *Заттар тобының теңдігін кеңістікте орналасуына қатыссыз қоюды үйрету; Дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, сопақша, тіктөртбұрыш сияқты геометриялы фигуралар туралы өткенді пысықтау. логикалық есептерді шешуді үйрету.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер.***<br>*Армысың, алтын күн!*<br>*Армысың, көк аспан!*<br>*Армысың, жер ана!*<br>*Армысың, жан досым!*<br>*-Қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*- Көктем мезгілі неше айдан тұрады?*<br>*- Көктем мезгілінің ай аттарын атайықшы?*<br>*- Көктем мезгілінде қандай ерекшеліктері бар?*<br>*Балалар сендер білесіңдерме?*<br>*Менің қолымдағы не?*<br>*Дұрыс айтасыңдар*<br>*Қане бұл қорапшаның ішінде неше түсті, түрлі пішіндер бар екенін қайталап жіберейікші.*<br>*Жақсы балалар олай болса қазір біз осы пішіндердің түстері арқылы үш топқа бөлініп отыра қалайық.*<br>***Топқа бөлу.***<br>***1-Топқа тапсырма:***<br>*1)1-5 ке дейін санау тура-кері.*<br>*2)«Көршісін тап»*<br><br>***2-Топқа тапсырма****:* | *ажырата білуге үйрету.*<br>*Табиғатты бақылау күнтізбесін жүргізуді жетілдіру.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Психологиялық жаттығу.***<br>*-Балалар бір сәт өзімізді – сыртта, таза ауада тұрғандай елестетейік.*<br>*-Айнала қандай?*<br>*Дала қандай?*<br>*-Ал ағаштар ше?*<br>*-Ауа қандай?*<br>*-Терезеге не түсіп тұр бар?*<br>***Миға шабул.***<br>***Жұмбақ жасыру****.*<br>*-Қойны толы жеміске,*<br>*Көк майсалы еңіске.*<br>*Көбелек қуып ойнайтын,*<br>*Қай мезгіл деп ойлайсың?*<br>*(Жаз мезгілі.)*<br>***Ой қозғау***<br>***Сұрақ жауап.***<br>*-Жаз мезгілі қандай болады?*<br>*-Жазда дала қандай болады?*<br>*-Ауа райы қандай болады?*<br>*-Жаз мезгілін не үшін жақсы көресіңдер?*<br>*Жаз – өте ыстық жыл мезгілі. Жаз айлары – маусым, шілде, тамыз. Жазда күн ұзақ, түн қысқа болады. Жазда балалар демалады. Олар ауылға, үлкен қалаларға, лагерьге барады. Жазда балалар суға шомылады, күнге күйеді. күйеді.Орман тоғайларға барып,жидек, саңырауқұлақ тереді. Балалар жазды өте жақсы көреді.*<br>***АКТ технологиясы.***<br>*Слайдқа қарап, жазғы табиғат* | ***2.Мүсіндеу***<br>***Тақырыбы:****«Гүлзардағы гүлдер»*<br>***(ұжымдық жұмыс)***<br>***Мақсаты:*** *Қоршаған әлемнің әсемдігін эмоционалды қабылдай білуге үйрету.Ұжымдық жұмысқа қатысуда қызығушылық қабілеттерін жетілдіру. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, қол қимылдарын дамыту.*<br>***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.***<br>***Шаттық шеңбері:***<br>*Арайлап таң атты,*<br>*Алтын сәуле таратты.*<br>*Жарқырайды күніміз ,*<br>*Көңілдіміз бүгін біз.*<br>*Қайырлы таң достарым,*<br>*Балалармен әңгімелесу.*<br>*Қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*-Көктем мезгілінде неше ай бар?*<br>*- Аттарын еске түсірейік?*<br>*- Көктем мезгілінің ерекшеліктері қандай?*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Адамдардың бәрі қызығады,*<br>*Ұстай берсең сәні бұзылады. (Гүл)*<br>***Суретпен жұмыс***<br>*Аулада өсіп тұрған гүлдердің суреттерін* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Жаз мезгілінде киетін киімдерді топтастыру*<br>***Қорытынды.***<br>*Балалар біз қай мезгіл туралы әңгімелестік?*<br>*Жаз мезгілі сіздерге ұнайма?*<br>*Балалардың жауаптары.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br><br>***2Музыка***<br>*Педагог жоспары бойынша*<br><br>***3.Дене шынықтыру.***<br>*. **Тақырыбы.** Жазықтық бойымен жүруге үйрету*<br>***Мақсаты.** Жазықтық бойымен жүруге үйрету. Алға жылжи отырып секіру іскерліктерін бекіту. Әртүрлі қалыпта допты қос қолмен лақыру іскерліктерін жетілдіру. Балалардың денсаулығын шынықтыру*<br>***Оқу қызметінің барысы.***<br>*Бір сапқа тұрып,бір-бірінің артынан жүру,аяқтың ұшымен жүгіру,адымдап жүру,өкшемен жүру.бір қатармен жүріп келіп 3 қатарға тұру.*<br>***Жалпы даму жаттығулары:***<br>***1.Б.қ.к аяқ алшақ,қол белде***<br>*1.басты оңға қозғалту*<br>*2.б.қ.келу,3.солға қозғалту*<br>*4.б.қ.келу( 5-6 рет)* | *«Жылдың қай мезгілі екенін тап».*<br>*Ойын шарты: Бірнеше сурет берілген, сол суреттер ішінен жылдың қай мезгілі екенін тауып, әңгіме құрастыру керек.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***Қорытынды.***<br>*Балалар бүгін біз қандай тақырыппен таныстық? Сендерге жаз мезгілі ұнай ма?*<br>*Мадақтау.*<br><br>***2. Сурет салу***<br>***Тақырыбы:** Гүл. Өсімдік кейіпті сарндар» (Сәндік сурет)*<br>***Мақсаты:**Доға тәрізді сопақша пішіндерден «жауқазын, қызғалдақ гүл) сурет салуды үйрету.*<br>***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Шеңбер болып тұрайық,*<br>*Алақанды ұрайық.*<br>*Күннің нұрын шашайық,*<br>*Таза ауаны жұтайық.*<br>*Жүрекке жылу сыйлайық,*<br>*Жиналған жылы шуақты,*<br>*Бір бірімізге сыйлайық.*<br>***Сұрақ жауап***<br>*Бір жылда неше мезгіл бар?*<br>*-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*-Көктем мезігілінде неше ай бар?*<br>*-Көктем мезгілінде ауа –* | ***1)«Сұрақ-жауап»***<br>*1.Бағдаршамның неше көзі бар?*<br>*2.Қолғапта неше сауск бар?*<br>*3.Адамда қанша көз бар?*<br>*4. Жұлдыздың неше бұрышы бар?*<br>*5.Аспанда неше күн бар?*<br>*6.Бір жылда неше мезгіл бар?*<br>*7.Бір аптада неше күн бар?*<br>*8.Оң қолымызда неше саусақ бар?*<br>*9. Сол қолымызда неше саусақ бар?*<br>*Балалар, жауаптарға жақсы жауап бердіңдер.*<br>***2)** «Сәйкестендір»*<br>***Шарты :** Әр затты сәйкес келетін пішіндермен сызық арқылы қосады.*<br>***3-Топқа тапсырма** «Салыстырып-толықтыр» ойыны.*<br>*Кейбір геометриялық пішіндер жоғалып қалыпты біз оларды тауып, орнындарына орналастыру керекпіз.*<br><br>*2)«Қай пішінге ұқсас?»*<br>*Берілген геометриялық пішіндерге ұқсас заттарды табайық, үлгі бойынша сызықпен қосайық*<br>***Сергіту сәті***<br>*«Аңқайма, қайтала»* | *құбылыстарын атайды (найзағай, кемпірқосақтың шығуы, жаңбыр).*<br> <br>***Сергіту сәті.***<br>*Жел тұрды гуілдеп, Ағаш біткен уілдеп. (Ағаш секілді тербеледі, жел сияқты уілдейді).*<br>*Аспанды бұлт торлады, Найзағайлар ойнады. (Қабақтарын түйеді, алақандарын шартшарт еткізіп соғады).*<br>*Жаңбыр жауды себелеп, (Саусақтарымен үстел үстін тырсылдатады).*<br>*Кемпірқосақ көрінді. Жарқыраған күн шықты. (Қолдарын екі жаққа созып, мәз болып жадырайды).*<br>***Дидактикалық ойыны.***<br>***«Жаздың түсі қандай?»***<br>*Шарты: құм, көгілдір аспан, жарқыраған күн, құлпынай т.б. суреттерін таратамын. Әр бала суреттерді таңдап, сол сурет бойынша өзінің ойын айтады.*<br>***Қорытынды.***<br>*Рефлексия: сары және қызғылт шарларды қолданады.*<br>*«Жаз мезгілі туралы көп білемін» деген ойдағы балалар сары шардың айналасына, «Жаз мезгілі туралы көп* | *көрсету.*<br>*Сұрақ жауап.*<br>***Тосын сәт.***<br>***Сауле келеді.***<br><br>*Көңілсіз.*<br>*Досының туған күніне бара жатып гүлдерін шашып алғанын айтады.*<br>*Балалардан көмек сұрайды.*<br>***Топқа бөлу.***<br>***Түстер арқылы.***<br>***1.Қызыл түс тобы** гүлді Қатырма қағазға бедерлеу тәсілі арқылы гүлді мүсіндейді.*<br><br>***2-Сары түс тобы** гүлді бір-біріне біріктіру арқылы гүл мүсіндейді.*<br><br>***Сергіту сәті:***<br>*Гүл өсірем үйде(жоғары қол көтереді)*<br>*Су құямын гүлге(қолмен су құяды)*<br>*Гүл күткенді біледі(тербеледі)*<br>*Бойын сылап күледі( бойын қолымен сыйпайды)*<br>*Күнде гүлін ашады*<br>*Жұпарын маған шашады(қолын желпейді)*<br>***Балалардың жұмысын бақылау.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2.Б.қ.к аяқ бірге,қол төменде**<br>1.қолды алдыға созу 2 жоғарыға көтеру.3.жанына түсіру 4.б.қ.келу (5-6 рет)<br>**3.Б.қ.к аяқ бірге,қол төменде**<br>1.қолды созу 2.отыру.3.тұру,4.б.қ. келу (5-6 рет)<br>**4.Б.қ.к аяқ алшақ,қол белде.**<br>1.алға қарай еңкею 2.тұру.3.б.қ.келу (5-6 рет)<br>**5.Б.қ.к аяқ бірге,қол төменде**<br>1.қолды алға созу.2 айқастыру( қайшы сияқты ) 3.б.қ.келу (5-6 рет)<br>**Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы .**<br>1.Алға жылжи отырып секіру<br>2. Әртүрлі қалыпта допты қос қолмен лақыру<br>**Қимылыды ойын.**<br>**«Қасқыр мен лақтар»**Ойын шартымен таныстыру.<br>**Қорытынды:**<br>Балаларды мадақтау. | райы қандай болады?<br>-Балалар сендерге көктем мезгілі несімен ұнайды?<br>Балалардың жауаптары<br>**Жұмбақ жасыру:**<br>Аналарға сыйлайтын,<br>Аралар бал жинайтын.<br>Бұл немене балалар,<br>Үзуге адам қимайтын. (гүл)<br>Сендер гүлдердің қандай түрлерін білесіңдер?<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Мына суреттерге назар аударыңдаршы не көріп тұрсыңдар?<br>Мынау бәйшешек гүлі.<br>-Ол ерте көктемде қар еріп жатқан кезде тауда гүлдейді.<br>Түсі қандай балалар?<br>Мынау қызғалдақ гүлі.<br>–Ол қырда өседі.<br>Түсі қандай?<br>**Топтық жұмыс :**<br>Қызғалдақ ,бәйшешек гүлдері арқылы топқа бөлу.<br>**І топ.** Қызғалдақ гүлінің суретін салу**.**<br>**ІІ топ.**Бәйшешек суретін салу.<br>**Сергіту сәті**<br>Шаршағанда ырғалып,<br>Гүлге ұқсап демалам.<br>Қанатымды бір қағып,<br>Гүлдей болып жайқалам.<br>**Қорытынды.**<br>Жарайсыңдар балалар, салған суреттерімізден көрме ұйымдастырайық.<br>Бір-бірлеп келіп қай сурет ұнағанын айтыңдар. | Қане, достым, аңқайма,<br>Менен кейін қайтала.<br>Барша қимыл үш-үштен:<br>Көзіңді қыс үш рет: 1,2,3,<br>Басыңды еңкейт үш рет: 1,2,3,<br>Иықты көтер үш рет: 1,2,3,<br>Солға –оңға иіл үш рет: 1,2,3,<br>Орнында секір үш рет: 1,2,3,<br>**Таяқшамен жұмыс.**Пішіндерден үй құрастырады.<br>**Қорытынды.**<br>Балалар қандай тапсырмалар орындадыңдар?Жақсы қатысып, белсенділік танытқан балаларды мадақтау.<br>Қорапшадан шыққан пішіндерді балаларға беру.<br><br>**2 Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>**Тақырыбы:** «Ауылдағы тіршілік»<br>**Мақсаты:** Ауыл шаруашылығын дағы ересектер еңбегі туралы білімдерін қалыптастыру. Ауыл шаруашылығы жұмысшылары еңбегінің мәнін түсіну (қала мен ауылдың байланысы), диханның еңбегі туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Шаттық шеңбер**<br>Қызығушылықтарын ояту.<br>Балалар, бүгін біз ауылға | білмеймін» деген ойдағы балалар қызғылт сары шардың айналасына тұрады. ҰОҚ-да алған әсерлерін бір-бірімен бөліседі.<br>Балаларды мадақтау<br><br>**2. Тапқыштар (в)**<br>**Тақырыбы.**Жыл мезгілдері.<br>**Мақсаты.** Айлардың атауларымен және олардың реттілігімен таныстыру.жыл мезгілдерімен айлардың атауларын рет-ретімен атауға үйрету.<br>зейінді,жадты,<br>сөйлеу дағдысын дамыту.<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Қызығушылқтарын ояту.**<br>Балалар, мен сендерге құр қол келген жоқпын<br>Мына шарларды ала келдім .<br>-Бір жылда неше мезгіл бар?<br>-Төрт мезгіл. Кәне, атап шығайық . .. (қыс, көктем, жаз, күз)<br>Бұл шарлардың түсі де сол төрт мезгілді белгілейді.<br>Мына шардың түсі қандай ?(ақ)<br>-Бұл шардың түсі қай мезгілді білдіреді?<br>Жасыл шарды көрсету.<br>Бұл шардың түсі қай мезгілді білдіреді?<br>Қызыл шарды көрсету.<br>Бұл шардың түсі қай мезгілді білдіреді? | Жеке жұмыс.<br>Балаларды мадақтау.<br>**Ойын:«Гүлдерді топтастыр» (Монтессори технологиясы бойынша)**<br>Шарты: суреттердің ішінен дала, бақша, бөлме гүлдерін ажыратып, қысқышпен қысып, топтастыру керек.<br>**Қорытынды.**<br>Балалар гүлімізді жасап болсақ, мүсіндеудің тақтайшасына көрмеге қояйық.<br>Жұмыстарын тамашалайды бір*бірінің.<br>Жасаған гүлдерін Сәулеге береді.<br>Сәуле балаларға рахмет айтып қоштасады.<br>Балаларды мадақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *Балаларды мадақтау.*<br><br>***3.Дене шынықтыру.***<br>***Тақырыбы.*** *Жазықтық бойымен жүру*<br>***Мақсаты.*** *Жазықтық бойымен жүруге үйрету. Алға жылжи отырып секіру іскерліктерін бекіту. Әртүрлі қалыпта допты қос қолмен лақыру іскерліктерін жетілдіру. Балалардың денсаулығын шынықтыру*<br>***Оқу қызметінің барысы.***<br>*Бір қатарға тұру, жылан сияқты ирелеңдеп жүру. Маршпен жүру, шеңберге тұру.*<br>***Жалпы даму жаттығулары:***<br>*1. Басқа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, басты оңға, солға бұру*<br>*2. Иыққа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, иықты кезек-кезек көтеру*<br>*3. Қолға арналған жаттығулар: 1. 2 қолды жоғары көтеру*<br>*2. 2 қолды алдына апару*<br>*3. 2 қолды жанына апару*<br>*4. Белге арналған жаттығулар: 2 қол белде,аяқтар алшақ тұрады, оңға, солға бұрылу* | *саяхатқа барамыз. Ауылда не көреміз деп ойлайсыңдар?*<br>*-Ауылда қандай еңбек түрлері бар?*<br>***Ой қозғау.***<br>*Ауылға қандай көлікпен барамыз?*<br>*Балалардың жауаптар.*<br>*Біз баратын ауыл таудың арасында. Онда арнайы тас жол жоқ.*<br>*Ендеше біз бүгін ат арбамен барамыз.(Арбаға жегілген аттың суретін көрсету)*<br>***Ауылға келу.***<br>*Әжемен амандасу.*<br>*Сәлеметсіз бе әже. Біз ауылда не бар екенін көргіміз келіп келдік. Атамыз қайда кеткен.*<br>*Әже: - Сәлеметсіңдер ме айналайындар. Аталарың өрісте мал бағып жүр. Көргілерің келсе дүрбімен қараңдар.*<br>*-Балалар, қане дүрбімен қарайықшы ата не істеп жүр екен* ***(балалардың назарын сюжетті суретке аудару)***<br>***Сұрақ жауап.***<br>*Атаны көріп тұрсыңдар ма?*<br>*-Ол не істеп жүр?*<br>*-Қандай жануарларды көріп тұрсыңдар?*<br>*-Қандай жануарлар бірге жүр?*<br>*Балалар, осы жануарлардың қимылдарын салайықшы.*<br>*Балалар жануарлардың қимылдарын салады.*<br>***Сергіту сәті.*** | *Сары шарды көрсету*<br>*Бұл шардың түсі қай мезгілді білдіреді?*<br>*Балалардың жауаптары.*<br>*-Балалар , түстерін білдік, енді сиқырлы шардың ішінде не бар екенін білгілерің келе ме?*<br>*Кәне, шарды кім жарады.*<br>*Бір бала шығып шарды жарады.*<br>***1-ші тапсырмасы:***<br>*Пішіндерден үй құрастыру.*<br>*1-ден 5-ке дейін тура және кері санау.*<br>***2-тапсырма.***<br>*Сандардың көршісін табу. «Жоғалған сан».*<br>*(1-ден 5-ке дейін сандар бойынша ретімен тұрады.)*<br>*Сергіту сәті:*<br>*Бойды сергек тік ұста*<br>*Емін - еркін тыныста*<br>*Оң қолыңды соз алға*<br>*Қол ұшына қарада*<br>*Үшбұрыш сыз ауада*<br>*Сол қол босқа тұрмасын*<br>*Шеңбер жасап тынбасын.*<br><br>***3-ші тапсырмасы:***<br>*Балалар неше апта күні бар?*<br>*Апта күндерін ата.*<br>***4-ші тапсырма.Логикалық есептер***<br>*Ағашта 5құс отырды, оның 1-уі ұшып кетті, ағашта қанша құс қалды?*<br>*2.Себетте 2 алма , табақта 3 алма қосқанда барлығы болады неше алма?*<br>*3.Алма ағашта бес алма*<br>*Қандай тәтті жесе алма,* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *5. Аяққа арналған жаттығулар: оң аяқпен 5 рет, сол аяқпен 5 рет, екі аяқпен 5 рет секіру*<br>*6. Терең дем алу*<br>***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы .***<br>*1.Кішкентай қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру.*<br>*2.Допты қос қолмен торға лақтыру.*<br>***Қимылды ойын.*** *«мысық тышқан»*<br>*Ойын шартымен таныстыру.*<br>***Қорытынды:***<br>*Балаларды мадақтау.* | *Орнымыздан тұрайық,*<br>*Құстар болып ұшайық,*<br>*Бір отырып бір тұрып ,*<br>*Біз шынығып алайық.*<br>***Дидактикалық ойыны «Не береді?»***<br>*Допты кезек-кезек балаларға лақтыра отырып сұрақтарға жауап алу.*<br>*-Сиыр не береді?*<br>*-Түйе не береді?*<br>*-Қой не береді?*<br>*-Ешкі не береді?*<br>*- Жылқы не береді?*<br>***Ата келеді.***<br>*Ата балалар диханшының еңбегімен танысқысы келеді. Егістегі атқаратын қызметі туралы балаларға таныстырып, көрсетіп жіберіңізші?*<br>***Ата:***<br>*- Диқанның еңбегі - ауыр еңбек. Мен ерте көктемде жерді жыртып, бидайдың тұқымын себемін. Жаз бойы сепкен бидай тұқымын күтіп - баптаймын. Құстардан, құрт - құмырсқалардан қорғап жүремін. Бидай алқабы суғарылмайды. Ол тек жаңбыр суымен өседі. Міне қараңдаршы бидай алқабы. Үлкен еңбек етудің арқасында, осындай сары алтындай сары бидай күзде пісіп жетіледі.* | *Бесеуінде жеп қойсаң*<br>*Қалады онда неше алма.*<br>*4. Төрт қонжық орманда*<br>*Келе жатты қорбандап*<br>*Біреуі шаршады*<br>*Әрмен қарай бармады.*<br>***Геоконт тақтайшасының көмегі арқылы әртүрлі тапсырмаларды орындау.***<br>*1. Үшбұрыш жасау*<br>*2. Тіктөртбұрыш жасау*<br>*3. Шеңбер жасау*<br>***Қорытынды:***<br>*Ашық сұрақтар әдісі арқылы қорытындылау.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***3.Дене шынықтыру.***<br>***Тақырыбы.*** *Жазықтық бойымен жүру, алға жылжып отырып секіру*<br>***Мақсаты.*** *Жазықтық бойымен жүруге үйрету. Алға жылжи отырып секіру іскерліктерін бекіту. Әртүрлі қалыпта допты қос қолмен лақыру іскерліктерін жетілдіру. Балалардың денсаулығын шынықтыру*<br>***Оқу қызметінің барысы.***<br>*Балалармен амандасу*<br>*Шеңбермен жүру,жүгіру.*<br>*4 қатар сапқа тұру.*<br>***Жалпы даму жаттығулары:***<br>*1.Аяқ алшақ қол белде, басты оңға, солға бұру толық айналдыру.*<br>*2. Аяқ алшақ , қол белде, иықты жоғары-төмен түсіру.* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | <br>***Қорытынды.***<br>*Балабақшаға оралу.*<br>*Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***3.Өнерлі екен он саусқ (в)***<br>***Тақырыбы.****Анаға арналған раушан гүлі.*<br>***Мақсаты. «****Бұрмалау, орау» әдісі арқылы түрлі түсті қағаздан жасау.****Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер*** *.*<br>***Суретпен жұмыс:***<br>*Балалар суреттен не көріп тұрсыңдар?*<br>*Бұл гүлдер қай жерде өсетін гүлдер?*<br>*-қай жыл мезгілінде гүлдер өседі?*<br>*Мынау Раушан гүлі деп аталады. Барлық гүлдердің патшасы, сұлулық пен әсемдік белгісі.*<br>*Гүлдерді қай мейрамдарда кімге сыйлаймыз?*<br>*Балалардың жауаптары.*<br>***Гүлдің құрлысымен танысайық.*** | *3. Аяқ бірге, қолды жоғары ұсау,оң аяқты артқа жіберу. Б.қ келу.*<br>*4.Аяқ бірге, тізерлеп отыру, қол белде, артқа шалқайу бастапқы қалыпқа келу.*<br>*5.Отыру аяқ бірге, қолды жерге тіреу,кеудені көтеру.*<br>*6.Аяқты біріктірп отыру, кезек қарау көзілдірік жасау.*<br>*7.Кеудемен жату, қол мен аяқты көтеру. Құс қимылын жасау.*<br>*8.Тыныс алу жаттығуын жасау.*<br>***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы .***<br>*1.Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу.*<br>*2.Допты еденге ұрып, ұстап алу*<br>***Қимылды ойын.*** *«Кім бірінші?»*<br>*Ойын шартымен таныстыру.*<br>***Қорытынды:***<br>*Балаларды мадақтау.* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | <br>***Дидактикалық ойын:***<br>*«Өздерің білетін гүлдерді ата»*<br>*Тосын сәт.*<br>*Айгүл келеді.*<br>*Балаларға анасының туған күніне раушан гүлін жасап беруге көмек сұрайды.*<br>*Балалар көмектесеміз бе?*<br>***Үлгі көрсету, түсіндіру.***<br><br>*Көрсетілген үлгі бойынша өз шамалары келгенше гүлді жасайды.*<br>*Балалардың жұмысын бақыла.*<br>*Жеке көмек көрсету.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Біз гүлдерше өсеміз*<br>*Жапырағы жайқалған*<br>*Сабақтары салалы*<br>*Желге ырғалып шайқалған*<br>***Қорытынды.***<br>*Балалардың жұмысын қорытындылау.*<br>*Көрме ұйымдастыру.*<br>*Жасаған жұмыстарын мадақтау.*<br>*Гүл шоқтарын Айгүлге беру.*<br>*Айгүл қуанып рахмет айтып қоштасады.*<br>*Мадақтау.* | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Серуенге дайындық*** | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киюін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| ***Серуен:*** | ***Серуен № 12***<br><br>*Бақылау. Аула сыпырушы еңбегін бақылау.*<br>***Картотека қосымша тіркелген*** | ***Серуен № 14***<br><br>*Бақылау. Ауладағы сиреньдерді бақылау*<br>***Картотека қосымша тіркелген*** | ***Серуен № 16***<br><br>*Бақылау. Транспортты бақылау*<br>***Картотека қосымша тіркелген*** | ***Серуен № 18***<br>*Бақылау: Күннің көзін бақылау.*<br>***Картотека қосымша тіркелген*** | ***Серуен № 20***<br>*Бақылау. Жаңбырды бақылау,*<br>***Картотека қосымша тіркелген*** |
| ***Серуеннен оралу*** | *Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау* | | | | |
| ***Түскі ас*** | *Дастархан басында сөйлемей отырып, тамақтануға, қасықты оң қолға ұстауға баулу* | | | | |
| ***Ұйқы*** | *Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.* | | | | |
| ***Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары*** | ***Жаттығу кешені*** *№10.*<br>*Төсекте жатып жасайтын жаттығулар*<br>*Мысықтар* | ***Жаттығу кешені*** *№12.*<br>*Төсекте жатып жасайтын жаттығулар Созылу.* | ***Жаттығу кешені***<br>*№16.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар*<br>*Созылу.* | ***Жаттығу кешені***<br>*№18.Белсенді нүктелерге массаж жасау. Тымау ауруларын алдын алу.*<br>*(Нүктелі массаж)* | ***Жаттығу кешені***<br>*№17.*<br>*Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар* |
| | ***ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАР КАТРОТЕКАСЫНАН ( Картотека қосымша тіркелген)*** | | | | |
| ***Бесін ас*** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| ***Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс*** | ***Картотека № 16***<br>***«Үй жануарлары***<br>*Мақсаты: балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын айтқызып, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.* | ***Картотека №18***<br>***«Қайсысы ұнайды?»***<br>*Мақсаты: суреттен көрген заттарының атын атап, суреттеп, қайсысының ұнайтынын, не үшін ұнағанын айтқызу.* | ***Картотека № 19***<br>***«Орнын тап»***<br>*Мақсаты: балаларға өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтқызып, суреттен таба білуге үйрету.* | ***Картотека №6***<br>***«Апта күндері»***<br><br>*Мақсаты: Апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету* | ***Картотека №9***<br>***«Қай жануар артық»***<br><br>*Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Жасырылған жануарларды табу арқылы тілдерін дамыту.* |
| | ***ҚАТЫНАС САЛАСЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ (картотека қосымша тіркелген*** | | | | |
| ***Серуенге дайындық*** | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | | | | |
| ***Серуен*** | ***Серуен № 16***<br>*Бақылау. Транспортты бақылау* | ***Серуен № 18***<br>*Бақылау: Күннің көзін бақылау.* | ***Серуен № 7***<br><br>*Бақылау. Құстарды бақылау.* | ***Серуен № 11***<br><br>*Бақылау. Құстарды бақылау.* | ***Серуен № 20***<br><br>*Бақылау. Жаңбырды бақылау,* |

| | *СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН .* | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Балалардың үйге қайтуы*** | *Ата аналарамен балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.* | *Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу.* | *Ата аналармен балалардың тәртібі туралы жеке әңгімелесу.* | *«Бүгін біз не үйрендік?» ата-аналармен сұхбат жүргізу* | *Ата аналармен балалардың тазалығы туралы әңгімелесу.* |

***ЦИКЛОГРАММА***
***IY апта      Мамыр айы  2021ж***

***Өтпелі тақырып.* «Әрқашан күн сөнбесін!»**
***Тақырыпша.*«Мен жасай аламын»**

| *Күн тәртібі* | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу*** | *Балалардың дене қызуын өлшеп қабылдау Тазалықтарына мән беру. Ата –анамен ауа-райына байланысты аурулардан сақтану жолын түсіндіру.*<br>*Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын  өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.*<br>*Мұрын қуысына Оксалин мазын жағу* | | | | |
| ***Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )*** | ***Картотека №4***<br>***«Қуыршақ қонаққа дайындалуда»***<br>*Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру* | ***Картотека №9***<br>***«Қай жануар артық»***<br><br>*Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Жасырылған жануарларды табу арқылы тілдерін дамыту* | ***Картотека №10***<br>***Танып ал да, атын ата***<br>*Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.* | ***.Картотеа № 15***<br>***«Балабақша»***<br>*Мақсаты:  балабақша қызыметкерлерін  және оларға қажетті  құралдарды дұрыс  атап, ажырата білуге  үйрету.* | ***Картотека № 16***<br>***«Үй  жануарлары***<br>*Мақсаты: балаларды үй жануарлары  мен төлдерді ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын айтқызып,  оларға қамқоршы  болуға тәрбиелеу.* |
| | ***ҚАТЫНАС   САЛАСЫ     ОЙЫНДАР    КАРТОТЕКАСЫНАН   (картотека қосымша тіркелген)*** | | | | |
| ***Таңертеңгі гимнастика*** | *Мамыр айының  4–аптасына арналған жаттығу кешені.  Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.*<br>*Мақсаты. Балалардың  жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы  балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету* | | | | |
| ***Таңғы ас*** | *Ойын- жаттығу  . «Таза қолдар».*<br>*Тамақ  ішу  мәдениетін, үстелде  отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау  мәдениетін  қалыптастыру және сақтау* | | | | |
| ***Ойындар, ҰОҚ дайындық*** | *ҰОҚ   өтілу  барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.*<br>*Дидактикалық ойын . «Не жоқ?»*<br>*Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту.* | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдасты рылған оқу қызмет-тері** | **Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы:** «Үйшік» орыс халық ертегісі» (менің сүйікті ертегім)<br>**Мақсаты:** Ертегі мазмұнын баяндау арқылы балалардың сөздік қорларын, байланыстыра сөйлеу дағдыларын бекіту<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Шаттық шеңбер**<br>Біз қандаймыз, қандаймыз.<br>Шұғылалы таңдаймыз.<br>Күлімдеген күндейміз.<br>Ренжуді білмейміз.<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым,<br>Арайлап атқан таңға.<br>**Мнемотехника «Көктем» мезглі**<br>**Балалармен әңгімелесу.**<br>Балалар, сендерге ертегі ұнайды ма? Сендер ертегі білесіңдер ма?<br>-Ендеше сендерге жұмбақ жасырайын,мұқият тыңдап отырыңдар.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>1.Үйін жинап ертеңмен,<br>Мейіз тауып алыпты.<br>Мысығы келмеген соң,<br>Ол өкпелеп қалыпты.<br>Бұл қай ертегі?<br><br>2.Атай өзі салғаның,<br>Көрді өсіп қалғанын.<br>Ары тартты, бері тартты,<br>Тарта алмады.<br>Бұл қай ертегі? | **1. Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**<br>«Жайлауда» өлеңі<br>Н.Жанаев<br>**Мақсаты:** Өлең желісі бойынша сұрақтарға жауап беру, өлеңді жатқа айту дағдыларын бекіту. Өлеңнің ұйқасын, ырғағын, қуанышты сүйсінуді бере білулерін дамыту.Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Балалармен әңгімелесу.**<br>- Балалар қазір қай мезгіл?<br>- Көктем мезгілі.<br>-Көктем мезгілінде неше ай бар?<br>-Бір аптада неше күн бар?<br>-Балабақшаға неше күн келеміз,ал неше күн демаламыз?<br>**«Жайлауда»өлеңін оқып берейін.**<br>**Жайлауда**<br>Атам биыл мені де,<br>Алып барды жайлауға,<br>Құлындар тұр желіде,<br>Биелер тұр байлауда,<br>Бұлағын да ұнатам,<br>Қыранын да ұнатам,<br>«Жылда -жылда» жайлауға,<br>Апарам - деп жүр атам.<br>-Өлең не туралы? | **1. Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Бекіту. Сан мен цифрды сәйкестендіру.<br>**Мақсаты:** 1-ден 5- ке дейінгі сан және цифрлар туралы білімдерін бекіту.Балаларға 5 заттың сәйкестігін анықтауды және заттарды бесбестен бір топқа біріктіруді үйрету;логикалық жұмбақтарды шешуге үйрету. Баланың зейінін дамыту.<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Шаттық шеңбер.**<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым,<br>Арайлап атқан әр күнге.<br>- Балалар, неше жыл мезгілі бар?<br>- Дұрыс, қане жыл мезгілдерін атаңдаршы?<br>- Балалар қазір жылдың қай мезгілі ?<br>-Көктем мезгіліне жататын айларды атап беріңдерші?<br>- Қазір қай ай?<br>- Ал, бір аптада неше күн бар? (7)<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Тосын сәт. Білмеспек келеді.**<br>Тапсырмаларды орындауға көмек сұрайды.<br>**1-Тапсырма**.«Дұрыстап қос» ойыны<br>Балаларға цифр жазылған шаршы мен карточкаларды ондағы заттар мен дөңгелектер саны, сол цифрға келетіндей етіп сызықпен | **1. Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы**Табиғатты аялайық!<br>**(білім сайысын өткізу)**<br>**Мақсаты:** Балаларда қоршаған орта туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру, табиғаттағы өз орны қандай екенін түсіндіру, адам мен табиғаттың тығыз байланысты екенін түсіндіру,тірі және өлі табиғат туралы білімдерін бекіту,туған жердің табиғатының әсемдігін эмоционалды қабылдауға баулу.<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Күн сәуле шашқаның үшін рахмет<br>Бұлт, жаңбыр сепкенің үшін рахмет!<br>Аспан, таза ауаң үшін рахмет<br>Ағаш, көлеңкең үшін рахмет!<br>**Ой қозғау.**<br>Сұрақ жауап:<br>-Табиғат нешеге бөлінеді?<br>-Еліміздің сұлу табиғатын сақтау үшін не істеу қажет?<br>-Табиғат аясында өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау қажет пе?<br>-Ол не үшін қажет?<br>**Ресурстар арқылы топқа бөлу.**<br>1-Топ Тірі табиғат<br>2-Топ Өлі табиғат<br>2 топқа сұрақтар беру.<br>1-топқа Не үшін тірі табиғат дейміз?<br>2-топқа Не үшін өлі табиғат | **1 Орыс тілі**<br>Педагог жоспары бойынша<br><br>**2.Жапсыру**<br>**Тақырыбы:** «Гүлденген дала»<br>**Мақсаты:** Сәндік композицияларды өз ойынша орындайды. Дала бейнесін қиып жапсырады. Әсемдікті сезіне білуге, ұжымда жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Қиялдарын дамыту.<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.**<br>**Шаттық шеңбер.**<br><br>Сұрақ жауап<br>Қазір жылдың қай мезгілі?<br>Көктем айларын ата?<br>Көктемгі құбылыстарды ата? Көктемдегі алғашқы гүлдердің аттарын ата?<br>Балалардың жауаптары.<br>**Тақтадағы суретпен жұмыс.**<br>Тақтаға даланың суреті жапсырылған көлемді сурет ілу<br>Балалар не көріп тұрсыңдар?<br>Дұрыс,тТаулар, шөптер, сулар, гүлдер,күн, ағаштар. Гүлденген дала қандай әдемі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *3.Апасыннан қашып кетті,*<br>*Атасынан қашып кетті.*<br>*Кездестіріп біраз аңды,*<br>*Біраз жолдан асып кетті.*<br>*Бұл қай ертегі?*<br>*Жарайсыңдар, балалар.*<br>***Тосын сәт.***<br>*Қонаққа қоянның келеді.*<br>*Ол ормандағы үйшікте бірге тұрған достарын сағынып жүргенін, оларды көргісі келетінін, «Үйшік» ертегісін айтып берулерін сұрайды.*<br>***Балалар Үйшік ерегісін рольдерге бөлініп сахналайды.***<br>*Қоян қуанып қалады.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*(Музыка әуенімен ормандағы аңдардың жүрістерін салады)*<br>*Қоян қалай жүреді.*<br>*Қасқыр қалай жүреді,*<br>*Аю қалай жүреді.*<br>*Түлкі қалай жүреді.*<br>***Дидактикалық ойын.***<br>*«Ертегіні атап, кейіпкерді көрсет»*<br>*Мақсаты: ертегінің атын атап, кейіпкерлерді ажыратып көрсетуге үйрету.*<br>***Қорытынды.***<br>*Балалар сендерге ертегі ұнады ма?*<br>*-Қандай кейпкерлерді естеріңде сақтап қалдыңдар?*<br>*-Орманда не бар екен?*<br>*-Үйшікке бірінші қай аң келді?*<br>*-Тышқаннаң кейін қандай аң келді?*<br>*-Бақадан кейін қандай аң келді?*<br>*-Қояннан кейін қандай аң келді?*<br>*-Түлкіден кейін қандай аң келді?* | *Кім айтады «Жайлау» дегеніміз не?*<br>*-Жайлауда нелер болады екен ?*<br>*Балалардың жауаптары.*<br>*Осы жануарлардың бәрін біз бір сөзбен қалай атаймыз?*<br>*Үй жануарлары.*<br>***Видео таспа көрсету.***<br>*(Жайлау)*<br>***Өлең оқу.***<br>***«Жайлауда»***<br>*Жаздың күні жайлауда*<br>*Күнге күйіп шынығып,*<br>*Қандай жақсы ойнауға.*<br>*Жүресің сен жайраңдап,*<br>*Жүйрік желмен жарысып,*<br>*Кең даланы сайрандап,*<br>*Қозы, лақпен табысып.*<br>*Жайлау, жайлау, жасыл бақ,*<br>*Көл бойында тынығып,*<br>*Мәз боламыз асыр сап.*<br>***Ой қозғау.***<br>*-Балалар, өлең шумағында не жайында айтылған?*<br>*-Сендер жайлауды қалай түсінесіңдер?*<br>*-Жайлауда болдыңдар ма?*<br>***Бір қадам әдісі арқылы тақпақты қайталау.***<br>***Сергіту сәті:***<br>*Тіктеп титтей құлағың*<br>*Ботам былай жүреді*<br>*Сыртылдатып тұяғын* | *қосу туралы тапсырма береу.*<br><br>*Балалар тапсырманы орындайды.*<br>***2-Тапсырма:*** *«Адасқан сандар» 1 – ден 5 – ке дейін санаймыз.*<br>*- Қане балалар, біз алдымен 5 – ке дейін санайық. (карточка таратып, сандарды ретімен қойып шығамыз) 1, 2, 3, 4, 5.*<br>*- Ойланайық бір мезет,*<br>*Абайлайық, қарайық,*<br>*Санды енді тізбелеп,*<br>*Кері қарай санайық.*<br>*Енді кері санайық. 5, 4, 3, 2, 1. (сандардың емлесін тауып дұрыс орналастыру).*<br>***3-Тапсырма :****Тақтамен жұмыс.*<br>*Енді қай санды жоғалттым ойынын ойнайық.*<br>*1,2,…..4,5.*<br>*1,…..3,4,5.*<br>*1,2,3,4,….*<br>***3-Тапсырма: «Көршісін тап».***<br>*Тақта алдында жұмыс.*<br>*…2… …4… …3…*<br>*…5… …1…*<br>*Қажет сандарды тауып өз орындарына дұрыс орналастыру қажет.*<br>*Қалған балалар үстел үстінде өз бетінше жұмыс жүргізу.* | *дейміз?*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***Табиғат аясында өзін-өзі ұстау ережелерімен таныстыру.***<br><br>*1. Орман, тоғай ішінеде қатты айғайлауға, шулауға болмайды. Аңдар мен құстарды үркітіп аламыз.*<br>*2. Бұта мен ағаш бұтақтарын сындыруға болмайды.*<br>*3. Гүлдерді жұлуға болмайды. Қызылғ жасыл гүлдерге сүйсіне қарау керек.*<br>*4. Алау жағуға болмайды. Өрт шығу қаупі бар.*<br>*5. Балық аулап, оны үйге алып қайтуға болмайды, сонымен қатар, көбелек, құс олардың балапандарын аулауға болмайды. Жануарлардың балаларына тиісуге болмайды. Олар қорғансыз екенін естен шығармауға болмайды.*<br>*6. Орман, тоғай ішінде қоқыстарды тастама. Жануарлар темір банкі, сынған құмыраларды басып, аяқтарын жарақаттайды.*<br>*7. Жәндіктерді аяғыңмен басып жаншыма, таптама.*<br>***Ойын:табиғатта неге ұқсағыларын келеді.*** | *Ендеше, келіңдер біз бірге гүлденген дала бейнесін жапсыру тәсілімен танысайық.*<br>***Ұжымдық жұмыс.***<br>***2-топқа бөлініп жапсырады.***<br>***Көрсету,түсіндіру.***<br>***Қауіпсіздік ережесін еске түсіру.***<br>*Жапсыру арқылы түсті қағаздан алдымен шөптерді жапсырамыз.*<br>*Келесі тауды жапсырамыз,содан кейін болса күнді жапсырамыз.*<br>*Ал ендеше суды жапсырайық. Енді біздің даламыздың гүлденіп тұруы үшін гүлдер мен талдарды өз орнына жапсырып қоямыз.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Орнымыздан тұрамыз,*<br>*Алақанды ұрамыз.*<br>*Бір отырып, бір тұрып,*<br>*Тез шынығып шығамыз.*<br><br>*Жұмыс барысымен танысып жапсыруды бастайды.Екі топқа бөлініп әр бала өз жұмысын жасай бастайды.*<br>*Балаларға көмектесіп дұрыс жұмыс жасауын қадағалап жүру.*<br>*Жеке көмек көрсету.*<br>***Қорытынды.***<br>*Балалардың жұмысын қорытындылау.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *-Соңында үйшікке қандай аң келді?*<br>*-Аңдар аюға ренжіді ма?*<br>*-Иә, балалар аю өте үлкен болғандықтан үйшікті бұзып қойды, бірақ аңдар аюға ренжіген жоқ.*<br>*Жарайсыңдар.*<br>*Қоян балаларға рахмет айтып сыйлыққа көңілді смайлктер беріп қоштасады.*<br><br>***2.Музыка***<br>*Педагог жоспары бойынша*<br><br>***3.Дене шынықтыру***<br>***Тақырыбы.** Бірқалыпты жеңіл секіру*<br>***Мақсаты.** Бірқалыпты жеңіл секіруді үйрету.Белгіге жауап беру білігін дамыту.*<br>*Гимнастикалық скамейка үстімен тепе-теңдікті сақтап жүруді, белгілі бағыт бойынша жүгіру дағдысын жетілдіру.*<br>***Оқу қызметінің барысы.***<br>*Балалармен амандасу*<br>*Шеңбермен жүру,жүгіру.*<br>*4 қатар сапқа тұру.*<br>***Жалпы даму жаттығулары:***<br>*1.Қол мен иық бұлшықеттеріне арналған жаттығулар.*<br>*Б.қ.: негізгі тұрыс, текшелерді төмен түсіреміз.*<br>*1. Текшелерді жоғары көтеріп, бір-біріне соғу.* | *Бұзау былай жүреді.*<br>*Алға созып мойынын*<br>*Ойнақтайды ботақан*<br>*Көкке қарай мұрынын*<br>*Шүйіреді бұзауқан.*<br>***Дидактикалық ойын.***<br>***«Шақырамыз төлдерді»***<br>*Ұзын құлақ шұнақты,*<br>*Шақырамын лақты:*<br>*(Шөре, шөре, шөре.)*<br>*Қойдан жуас бозымды,*<br>*Шақырамын қозымды*<br>*(Пұшайт, пұшайт,)*<br>*Білмейтұғын ұзауды,*<br>*Шақырамын бұзауды.( Ауһау, ауһау),*<br>*Алатаудай жоталы,*<br>*Шақырамын ботаны*<br>*(Қос, қос).*<br>*Желбеген тұлымды,*<br>*Шақырамын құлынды.*<br>*(Құрау, құрау.)*<br>***Қорытынды.***<br>*Балалар бүгін біздер не туралы әңгімеледік?*<br>*-Үй жануарларына не жатады?*<br>*-Не себепті үй жануарлары дейміз?*<br>*"Қошақаным қайда екен" әнін айту арқылы қорытындылау.*<br><br>***2 Сурет салу.***<br>***Тақырыбы:** «Ғажайып сурет әлемінде»*<br>***Мақсаты:**Балаларға бейнелеу өнерінің қыр-* | ***Сергіту сәті:***<br>*1 дегенде тұрайық,*<br>*2,3,4 алақанды соғайық*<br>*Оң жаққа бұрылып,*<br>*Бір отырып, бір тұрып,*<br>*Біз жүгіріп алайық.*<br>*5 дегенде асықпай,*<br>*Орнымызды табайық.*<br>***4-Тапсырма: «ойлан – тап».***<br>*Балалар көздерін жұмады. Ойлау, есту қабілетін жетілдіру мақсатында іштерінен санап, неше рет дыбыс бергенімді алдарындағы саннан дұрыс тауып көтерулері керек.*<br>***5- Тапсырма Логикалық есеп жұмбақтар:***<br>*1. Бес алманың үшеуін,*<br>*Досың сұрап алады.*<br>*Айтшы сонда нешеуі,*<br>*Өз қолыңда қалады.? (екі)*<br>*2. «5» алған балаға 5 алма,*<br>*«4» алған балаға 4 алма.*<br>*«3» алған балаға 3 алма.*<br>*«2» алған балаға неше алма (екі)*<br>*3. Бес бұтақты шыршада,*<br>*Бұтақ сайын екі алма.*<br>*Біреуін бер досыңа,*<br>*Сонда қалмақ неше алма? (шыршада алма өспейді)*<br>*4. Қолымды 1 алма, табақта 2 алма,*<br>*Қосқанда барлығын болады неше алма? (үш)*<br>*5. Бөлменің 4 бұрышы бар,*<br>*Әр бұрышта 1 мысықтан отыр,*<br>*Барлығы неше мысық? (төрт)* | *Мысалы мен аққуға ұқсағым келеді, өйткені ол әдемі сұлу құс, аққуды ешкім атпайды.*<br>*Балалар өз ойларын айтады.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Күн сәулесі төгілгені әдемі, (Қолдарын жайып, айналаны тамшалайды).*<br>*Алуан түрлі қызыл гүлдер әдемі, («Гүлдерге» еңкейіп, олардың хош иісін иіскейді ).*<br>*Сылдыр қаққан мөлдір суда әдемі, (Қолдарын желпиді).*<br>*Биік-биік шыңдарым да әдемі. (Қолдарын жоғары көтеріп созылады).*<br>***«Жүректегі лебіздар»***<br>*Балалар соңында табиғатқа тілек айтып, тақтада ілініп тұрған күннің шуақтарын жапсырады.*<br>*Гүлдей бер, Жер-Ана!*<br>*Аспаның ашық болсын!*<br>*Аспаныңды бұлт торламасын!*<br>*Тоғайың аң мен құсқа толсын!*<br>*Суың мөлдір, таза болсын!*<br>*Өзен, көлің, теңізің балықтарға толсын!*<br>*Орманың қызыл, жасыл гүлдерге толсын!*<br>*Күнің жарық болсын!т.б.*<br>*Хормен :*<br>*Сүйейік жер ананы аялайық!*<br>*Бізде одан жақсылықты аямайық!*<br>*Анадай табиғаттың аясында*<br>*Жадырап жас балаша демалайық.*<br>*Балаларды мадақтау.* | *Галерия шарлау әдісі.*<br>*Екі топ бір бірінің жұмысарын тамашалайды.*<br>*Балалардың жұмысын мадақтау.* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *2. Б. қ. келу.*<br>*2. Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар: Б.қ.: аяқтар арасы сәл ашық, текшелері кеудеде ұстау.*<br>*1.Қолдағы текшелерді жоғары көтеру.*<br>*2.Қос қолдағы текшелермен оңға иілу.*<br>*3.Б.қ. келу.*<br>*4.Қос қолдағы текшелермен солға иілу.*<br>*5.Б, қ,. келу.*<br>*Б.қ.: негізгі тұрыс, қол төменде.*<br>*1. Қолдағы текшелерді алға созып отыру.*<br>*2.Тұру*<br>*3.Б. қ. келу*<br>*3. Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:*<br>*Б. Қ. : аяқ бірге, текшелерді кеудеде ұстау.*<br>*1. Алға қос аяқпен секіру.*<br>*2.Артқа қос аяқпен секіру.*<br>*3.Б. қ. келу*<br>*Тыныс алу:*<br>*-тік тұру;*<br>*-аяқ арасы иық көлеміндей алшақ;*<br>*-текшелерді жоғары көтеру (ауа жұту);*<br>*-қос қолдағы текшелерді үрлеу (дем шығару)*<br>***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы***<br>*1. Гимнастикалық скамейка үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру*<br>*2.Кегльдердің арасымен жәй жүгірп өту.* | *сырын жан-жақты жетілдіру. Олардың дүниетанымын, эстетикалық талғамын кеңейту.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер.***<br>*Қайрлы таң, балалар!*<br>*Жарқырады қаламыз.*<br>*Жайнай түсті даламыз.*<br>*Қайырлы таң, апай!*<br>*Қайырлы таң балалар!*<br>*- Балалар, көңіл-күйіміз қалай?*<br>***«Өз түсіңді тап!» ойыны арқылы топқа бөлу.***<br>*1-топ.Қызыл түс*<br>*2-топ.Көк түс.*<br>*Балалар бүгін ғажайып сурет әлемін тамашалаймыз.*<br>***АКТ технологиясы.***<br>*Слайд көрсету.*<br><br><br> | *6. Жанып тұрған 4 майшамның 2-уі сөніп қалды. Сонда неше майшам қалды? (екі)*<br>***Қорытынды.***<br>*Білмеспек балалардың тапсырмаларды орындағанына қуанып,балалармен қоштасады.*<br>*Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.*<br>*-Балалар, қандай тапсырмалар орындадыңдар?*<br>*-Жарайсыңдар! Білмеспекке көп көмек көрсеттіңдер.*<br>*Балаларға жұлдызша тарату.*<br><br>***2.Құрастыру.***<br>***Тақырыбы:****Киіз үй.*<br>***Мақсаты:****Киіз үйдің құрылысымен, жабдықтарымен таныстыру.Құрылыс материалдарынан киіз үйді құрастыруға үйрету.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Миға шабул.***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Ұқсайтын шеңберге*<br>*Қабырғасы жиылып, керіледі,*<br>*Жиһазы мол кең бөлме,*<br>*Төбесінен жұлдыздар көрінеді.(****Киіз үй)***<br>***Суретпен жұмыс.***<br> | ***2.Тапқыштар (в)***<br>***Тақырыбы.****«Өткен материалды пысықтау 1-ден 5дейінгі сандар.Тура және кері санау.Қарапайым мысалдар мен есептер шығару»*<br>***Мақсаты.*** *Оқу жыл кезінде алған, білімдерін түсініктерін, дағдыларын бекіту. Ойлау қаблетттерін анықтау.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер.***<br>*Қол алысып қане біз,*<br>*Достасайық бәріміз.*<br>*Қайырлы күн жер Ана!*<br>*Қайырлы күн достарым*<br>*Сіздерді*<br>*көргеніме қуаныштымын*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>*Балалар қараңдаршы стол үстінде нелер бар?*<br>*Олар: тышқан, сиыр, жолбарыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз.*<br>*Балалар, қай ертегіден келген хайуанаттар, кім біледі?*<br>*Дұрыс, ол «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісінен. Олар бізге өздерімен бірге тапсырмалар әкелген.*<br>*1.Сиырдың тапсырмасы: «Тура және кері санау»*<br>*2.Жолбарыстың тапсырмасы: «Көршісін тап»*<br>*3.Қоянның тапсырмасы: «Бос орынға тиісті пішінді сал»*<br>*4.Ұлудың тапсырмасы: «Не өзгерді?»* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Қимылды ойын:**«Мысық тышқан»*<br>*Ойын шартын түсіндіру.*<br>***Қорытынды.***<br>*Балаларды мадақтау* | <br>***Ой қозғау.***<br>*Балалар ненің суреттерін қарадыңдар?*<br>*Әр суретке тоқталып мағлумат беру.*<br>*Балалар сендер қәзір суретші боласыңдар. Өздерінң ұнаған сурет саласыңдар.*<br>*Балалар қызығушылықпен сурет салуға кіріседі.*<br>***Сергіту сәт.***<br>*Оң саусағым шаршады,*<br>*Сол саусағым шаршады.*<br>*Саусақтарым бірігіп,*<br>*Билеп, билеп алады.*<br>*Екі топтың жұмысын бақылау.*<br>*Жеке көмек көрсету.*<br>***Қорытынды.***<br>*Галерия шаралау әдісі.*<br>*Бір –бірінің суреттерін тамашалайды.*<br>*Бас бармақ әдісі арқылы бағалайды.*<br>*Мадақтау.*<br><br>***3.Дене шынықтыру***<br>***Тақырыбы.** Бірқалыпты жеңіл секіруді қайталау*<br>***Мақсаты.** Бірқалыпты жеңіл секіруді үйрету.Белгіге жауап беру білігін дамыту. Гимнастикалық* | *Балалар киіз үйдің құрал – жабдықтарын, құрлысын кім біледі атай алады.*<br>*Балалар киіз үй туралы өз білгендерін айтады.*<br>*Киіз үй туралы қысқаша мағлумат беру.дайын*<br>***Кішкентай киіз үйге оюлар орналастыру.***<br>*Ою туралы түсінік беру,орналастырудың әдіс тәсілдерін көрсету түсіндіру.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Кел балалар тұрайық,*<br>*Үлкен шеңбер құрайық.*<br>*Шаңырақты көтеріп,*<br>*Керегені құрайық.*<br>*Уықтарша иіліп,*<br>*Шаңыраққа қосылып.*<br>*Қазақ үйді құрайық*<br>*Балалар қызығушылықпен жұмысқа кіріседі.*<br>***Балалардың жұмысын бақылау.***<br>*Жеке көмек көрсету.*<br>***Қорытынды.***<br>*Бүгінгі оқу қызметінде ненің суретін салдық?*<br>*-Киіз үй қандай бөліктерден тұрады?*<br>*-Бүгінгі оқу қызметі сендерге ұнады ма?*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>*Көрме ұйымдастыру.*<br><br>***3.Өнерлі екен он саусақ (в)***<br>***Тақырыбы.**Түлкі*<br>***Мақсаты**. Дайын үлгідегі түлкіні қатты қағаздан конус жасап, жапсыру.* | *5.Жыланның тапсырмасы: «Сәйкестендір»*<br>***Шарты:**берілген сандармен жемістерді санына қарай сәйкестендіру*<br>*Балалар тапсырмаларды орындайды.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Мұнда бері қараңыз*<br>*Біз де санай аламыз*<br>*«1, 2, 3» дегенде*<br>*Түзу тұра қаламыз*<br>*«4, 5» дегенде*<br>*Алға қадам басамыз*<br>***Тақтамен жұмыс.** «қай санды жоғалттым».*<br>*а) 1,2,…..4,5.*<br>*ә) 1,2,3,…..5.*<br>*б) 1,…..3,4,5.*<br>*в) 1,2,3,4,….*<br>*Балалар тақтаға жоқ сандарды қояды.*<br>*Мадақтау.*<br>***Қорытынды.***<br>*Ашық сұрақтар әдісі арқылы қорытындылау.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***3.Дене шынықтыру***<br>***Тақырыбы.** Шектелген жазықтық бойымен жүруді қайталау*<br>***Мақсаты.** Тепе-теңдік қалпын сақтай отырып шектелген жазықтық бойымен жүруге үйрету. Алға жылжи отырып секіру іскерліктерін бекіту. Әртүрлі қалыпта допты қос қолмен лақыру іскерліктерін* | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | *скамейка үстімен тепе-теңдікті сақтап жүруді, белгілі бағыт бойынша жүгіру дағдысын жетілдіру.*<br>***Оқу қызметінің барысы.***<br>*Балалармен амандасу.*<br>*«Орман аңдары»*<br>*1. «Аю»*<br>*Қолды белге қойып, (қорбандап) табанды нық басып жүру.*<br>*2. «Түлкі»*<br>*Қолды төмен жанға ұстап, (құланып) бір сызықпен жүру.*<br>*3. «Көжек»*<br>*Қолды кеуденің алдында иіп, қос аяқпен секіру.*<br>*4. «Қасқыр»*<br>*Баяу жүгіру, жылдам жүгіру.*<br>***Жалпы даму жаттығулары:***<br>*(Таяқшалар).*<br>*1.Қол мен иық бұлшықеттеріне арналған жаттығулар.*<br>*Б.қ.: тік тұру, таяқшаны екі шетінен ұстау.*<br>*1. Таяқшаны жоғары көтеру, таяқшаға қарау.*<br>*2. Төмен түсіру, таяқшаға қарау.*<br>*3. Б. қ. келу.*<br>*2. Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:* | ***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Миға шабул.***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Өзі қу,*<br>*Жүрген жері айқай-шу.*<br>*(Түлкі)*<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*«Түлкі»*<br>*Түлкі туралы сұрақ жауап*<br>*Тосын сәт.*<br>*Түлкі келеді.*<br>*Балалармен амандасады.*<br>*Көңілсіз.*<br>*Орманда жалғыз қалған.Көп дос керек екенін айтады.*<br>*Балалар түлкіге көмектесеміз бе?*<br>***Топқа бөлу.***<br>***1-топ*** *түлкіні конус жасау арқылы жапсырады.*<br><br>***2-топ*** *түлкіні гиометриялық пішіндерден қиып жапсырады.*<br><br>***Сергіту сәті***<br>*Біз орманға барайық,*<br>*Жан-жағымызға қарайық.*<br>*Аю шықты қорбаңдап.*<br>*Қасқыр шықты ырылдап*<br>*Түлкі шықты майысып*<br>*Қоян шықты секіріп*<br>*Қорықпаңдар, балалар,*<br>*Қарап-қарап алыңдар.*<br>*Балалар жұмыс жасауға* | *жетілдіру. Балалардың денсаулығын шыңықтыру*<br>***Оқу қызметінің барысы.***<br>*Сәлемдесу.*<br>*(Нұсқауларды орындау).*<br>*-бір тізбекпен жүру;*<br>*-баяу жүгіру.*<br>***Жалпы даму жаттығулары:***<br>*(Доптармен).*<br>*1.Қол мен иық бұлшықеттеріне арналған жаттығулар.*<br>*Б.қ.: тік тұру, аяқ бірге, доп кеудеде.*<br>*1. Допты алға созу.*<br>*2. Жоғары көтеру.*<br>*3. Алға созу.*<br>*4. Б. қ. келу.*<br><br>*2.Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:*<br>*Б. қ.: аяқ иық көлеміндей алшақ, қол төменде.*<br>*1. Допты алға созу.*<br>*2. Отыру, тұру.*<br>*3. Б. қ. келу*<br><br>*3. Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:*<br>*Б. қ.: Аяқ арасы иық көлеміндей алшақ, доп кеуде тұсында.*<br>*1. Допты алға созу.*<br>*2. Еңкею, допты тізеге тигізу.*<br>*3. Б. қ. келу.*<br>*Б. қ.: тік тұру, допты қос қолмен құшақтап ұстау.*<br>*1. Қос аяқпен секіру.*<br>*2. Б. қ. келу.*<br>*Тыныс алу жаттығулары:*<br>*1. «Алақандағы допты үрлеу».*<br>***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы*** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *Б.қ.: аяқ иық көлеміндей ашық, қол төменде.*<br>*1. Таяқшаны алға созу.*<br>*2. Жоғары көтеру.*<br>*3. Б. қ. келу.*<br>*Б. қ.: аяқ арасы иық көлеміндей алшақ, таяқшаны екі шетінен ұстау.*<br>*1. Таяқшаны оң қолмен ұстап тұрып, оңға бұрылу.*<br>*2. Таяқшаны сол қолмен ұстап тұрып, солға бұрылу.*<br>*3. Б. қ. келу*<br>*3.Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:*<br>*Б.қ.: отыру, таяқшаны екі шетінен қолмен ұстау.*<br>*1. Таяқшаны алға, аяқ ұшына қарай созып иілу.*<br>*2. Жоғары көтеру.*<br>*3. Б. қ. келу.*<br>*Б. қ.: тік тұру, таяқшаны екі шетінен ұстау.*<br>*1.Таяқшаны ұстап тұрып,орнында секіру.*<br>*2. Б. қ. келу.*<br>*Тыныс алу:*<br>*1. Аяқ арасы алшақ,таяқшаны қос қолмен жоғары көтеру (дем алу);*<br>*2. Таяқшаны кеуде тұсына әкелу (мұрынмен дем шығару).*<br>***Негізгі қимыл қозғалыс*** | *кіріседі.*<br>*Жұмыстарын бақылау.*<br>*Жеке көмек көрсету.*<br>***Қорытынды.***<br>*Балалардың жұмысын қорытындылау.*<br>*Галерия шарлау әдісі.*<br>*Бас бармақ әдісі арқылы бір бірін бағалайды.*<br>*Көрме ұйымдастыру.*<br>*Түлкі достары коп болғанына қуанып рахмет айтып қоштасады.*<br>*Балаларды мадақтау.* | *1.Кегельдер арасымен жүгіру. (Қатар қойылған екі кегельдің арасымен жүгіру).*<br>*2.Допты қос қолмен бір-біріне лақыру*<br>***Қимылды ойын.***<br>*«Аңшылар»*<br>*Ойын шартын түсіндіру.*<br>***Қорытынды.***<br>*Балаларды мадақтау* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **жаттығуы**<br>1.Гимнастикалық скамейка үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру<br>2.жіптердің ортасымен (арақашықтықтары 20-30 см) жүгіру.<br>**Қимылды ойын.**<br>«Торғайлар мен автомобиль»<br>Ойын шартын түсіндіру.<br>**Қорытынды.**<br>Балаларды мадақтау | | | |
| **Серуенге дайындық** | **Киіну:** Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Серуен:** | **Серуен № 7**<br>Бақылау. Құстарды бақылау.**Картотека қосымша тіркелген** | **Серуен № 8**<br>Бақылау. Көгершіндер мен торғайларды бақылау.<br>**Картотека қосымша тіркелген** | **Серуен № 12**<br>Бақылау. Аула сыпырушы еңбегін бақылау.<br>**Картотека қосымша тіркелген** | **Серуен № 16**<br>Бақылау. Транспортты бақылау<br>**Картотека қосымша тіркелген** | **Серуен № 20**<br>Бақылау. Жаңбырды бақылау.<br>**Картотека қосымша тіркелген** |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау | | | | |
| **Түскі ас** | Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау. | | | | |
| **Ұйқы** | Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық **Жаттығу кешені** №26.Асығыңдар жаттығуға.<br>сақтау. Жәй музыка қою. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары** | **Жаттығу кешені**<br>№4.Майтабанның алдын алу. Арнай жолдармен жүру, дымқыл жолмен жүру. | **Жаттығу кешені**<br>№ 13<br>Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар.<br>Ояту | **Жаттығу кешені**<br>№6.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар | **Жаттығу кешені**<br>№ 14<br>Балапандар.<br>Ояту | **Жаттығу кешені**<br>№19.Велосипед тебу. |
| | **ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАР КАТРОТЕКАСЫНАН ( Картотека қосымша тіркелген)** | | | | |
| **Бесін ас** | Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.Нан қиқымын шашпаңдар<br>Жерде жатса баспаңдар<br>Теріп алып қастерлеп<br>Торғайларға тастаңдар | | | | |
| **Ойындар,** | **Картотека № 1 «Кім тез** | **Картотека №4** | **Картотека №6** | **Картотека №12** | **Картотека №15** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | ***жинайды»*** *Ойын мақсаты: Көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.* | ***«Жануарларға қамқор боламыз»*** *Мақсаты: Балаларды жануарларға қайырымдылықпен қарауға тәрбиелеу. Балалардың үй жануарлары туралы білімін тереңдету және жүйелеу. Балаларды сипаттау арқылы жануарларды білуге үйрету. Өз көңіл-күйін білдіруге, басқаның көңілін түсінуге баулу. Білімдерін бекіту.* | ***«Жыл мезгілдері»*** *Мақсаты: Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту,мезгілдерді атауларын үйрету (қыс,көктем,жаз,күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.* | ***Қайсысы қайда тіршілік етеді*** *Мақсаты: жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу,олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту.* | ***«Суретші қай жерде қателесті?»*** *Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету.* |
| | ***ӘЛЕУМЕТ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ БОЙЫНША ОЙЫН КАРТОТЕКАСЫНАН (картотека қосымша тіркелген)*** | | | | |
| ***Серуенге дайындық*** | *Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | | | | |
| ***Серуен*** | ***Серуен № 9*** *Бақылау. Күннің көзін бақылау.* | ***Серуен № 13*** *Бақылау. Ауа- райын бақылау.* | ***Серуен № 15*** *Бақылау. Аспанды бақылау* | ***Серуен № 16*** *Бақылау. Транспортты бақылау* | ***Серуен № 16*** *Бақылау. Транспортты бақылау* |
| | ***СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН .*** | | | | |
| ***Балалардың үйге қайтуы*** | *Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.* | *Ата-аналармен әңгімелесу. «Мен және менің достарым» атты фото сурет көрмесін орындау.* | *Ата-аналарға әңгімелесу. Балаларға берілген өлең жолдарын жаттатуға көмектесуін айту.* | *Ата-аналармен әнімелесу.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.* | *Ата – аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.* |

# ЦИКЛОГРАММА
# І апта.   Сәуір  айы 2022ж.
# «Аққөгершін» тобы

**Өтпелі тақырып:«Біз еңбекқор баламыз»**
**Тақырыпша.«Аялайық гүлдерді»**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі<br>04.04.2022ж | Сейсенбі<br>05.04.2022ж | Сәрсенбі<br>06.04.2022ж | Бейсенбі<br>07.04.2022ж | Жұма<br>08.04.2022ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу** | *Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене  қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.*<br>**Ата-аналармен жұмыс:**<br>*«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.* | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | **Картотека № 5**<br>**«Жануарларды өз мекеніне орналастыр»**<br>**Мақсаты:** *Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, зейінің тәрбиелеу, белсенділігін артыру.* | **Картотека № 8**<br>**«Бұл қандай құс?»**<br>*Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу.* | **Картотека №10**<br>**Жер,су,ауа**<br>**Мақсаты:** *балаларға берілген тапсырманы тез шешуге,жылдам жауап беруге,жерде , ауада, суда не болатынны   дұрыс айтуға төселдіру,қоршаған ортаға қамқорлық сезімен тәрбиелеу.* | **Картотека № 13**<br>**«Жол әліппесі»**<br>**Мақсаты:** *балаларды алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен таныстыру ,  жолда жүру ережесін меңгерту дағдысын қалыптастыру.* | **Картотека № 13**<br>**«Жол әліппесі»**<br>**Мақсаты:**<br>*балаларды алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен таныстыру ,  жолда жүру ережесін меңгерту дағдысын қалыптастыру.* |
| | **ТАНЫМ  БІЛІМ САЛАСЫ   ОЙЫНДАР     КАРТОТЕКАСЫНАН   (картотека қосымша тіркелген)** | | | | |
| **Таңертеңгі гимнастика** | *Сәуір айының   1- аптасына  арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген*<br>*Мақсаты: Жалпы  даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын дамыту. Баланы  салауатты өмір салтына тәрбиелеу.* | | | | |
| **Таңғы ас** | *Тамақ  ішу  мәдениетін, үстелде  отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау  мәдениетін  қалыптастыру және сақтау*<br>*Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге   кеңес беру.* | | | | |

<table>
<tr>
<td>Ойындар, ҰОҚ дайындық</td>
<td colspan="5">ҰОҚ   өтілу  барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.<br>Балаларды  ұоқ-не  сұрақтар қоя отырып дайындау,  балалармен  өзара әңгіме жүргізу.<br>Жаттап үйренейік.<br>Үлбіреген бақбақ,<br>Үлпілдеген аппақ.<br>Уф! – десем, бақбақ,<br>Ұшасың ғой қаптап.</td>
</tr>
<tr>
<td>Мектепке дейінгі ұйы-ым кестесі бойынша ұйымдасты рылған оқу қызмет-тері</td>
<td>Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы:<br>«Бақшадағы  гүлдер»<br>Мақсаты: Әңгімелерді тыңдай білуді үйрету.Мазмұндап бере алу, өлеңдерді жатқа айту қабілеттерін дамыту. Қамқорлыққа тәрбиелеу<br>Оқу қызметінің барысы:Шаттық шеңбер<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырайды күніміз ,<br>Көңілдіміз бүгін біз.<br>Қайырлы таң достарым,<br>Балалармен әңгімеесу<br>Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Көктем мезгілінде неше ай бар?<br>- Аттарын еске түсірейік?<br>- Көктем мезгілінің ерекшеліктері қандай?<br>Балалардың жауаптары.<br>Ой дамыту.<br>Суретпен жұмыс.<br>Балалар,мына суретке қараңдаршы<br>-Ненің суретін көріп тұрсыңдар?<br>- Енді осы суреттер арқылы өлең құрастырайық<br>Гүлдер,гүлдер шоқ гүлдер</td>
<td>Көркем әдебиет<br>Тақырыбы: Ақұштап Бақтыгерееваның  «Гүл ектік» өлеңін жаттау<br>Мақсаты: Ақұштап Бақтыгерееваның «Гүл ектік» өлеңін жаттата отырып, табиғатты қорғауға, аялауға тәрбиелеу. Сұрақ қою арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Оқу қызметінің барысы:<br>Шаттық шеңбер<br>Кел, балалар күлейік,<br>Күлкіменен түлейік.<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілденіп жүрейік.<br>Балаларға үнтаспа қосып тыңдату.<br>-Балалар, бұл ненің дыбысы естіледі?<br>Балалар: құстардың дыбысы естіледі.<br>Құстар қай мезгілде жылы жақтан бізге ұшып келе бастайды?<br>-Ендеше, қазір бізде қандай жыл мезгілі?<br>- Көктемде табиғат қандай болады?</td>
<td>1. Математика негіздері<br>Тақырыбы:<br>Заттарды қалыңдығы бойынша салыстыру<br>Мақсаты: заттарды қалыңдығы бойынша салыстыруды үйрету. Көру арқылы алынған ақпаратты пайдаланып, жұмбақ шешуге баулу; көре білу, логикалық ойлауын дамыту; тапсырмаларды ынтамен орындауға тәрбиелеу.<br>Оқу қызметінің барысы:<br>Шаттық шеңбер.<br>«Шапалақ, сәлем!»<br>Қызығушылықтарын ояту.<br>Тосын сәт.<br>Буратино: Сәлеметсіздер ме, балалар! Балалар, осы жер «Ғажайып білім әлемі» ме?<br>Жоқ, Буратино, бұл жер – балабақша.<br>Буратино: Балалар, мен алтын кілтімді жоғалтып алдым, кім алып кеткенін білмеймін. Маған көмектесіңдерші. Кілтімді іздеп келе жатып, жолда ақ тиінді көріп едім, кілтіңді «Ғажайып білім әлеміне» барсаң табасың деді. Мен «Ғажайып білім әлеміне» қалай барсам екен, баратын жолды таба алмай адасып, осы топқа кіріп кетіппін. Маған баратын жолды көрсетіп жібересіңдер ме?</td>
<td>1.Жаратылыстану<br>Тақырыбы:<br>Гүлдер  әлемі .Дала гүлдері.<br>Мақсаты:Дала  гүлдерінің түрлерімен таныстыру. Гүлдердің атауларын, сырт келбетін, жеке бөлшек атауларын айтуын, оларды баптап, күту ережелерімен таныстыру.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.<br>1. Шаттық шеңбері:<br>Қуанайық бәріміз,( шапалақтау)<br>Дос болайық қол ұстаса(қол ұстасу)<br>Ажырамасын күлкіміз(жымиямыз)<br>Күніміз өтсін Тамаша! (бас бармақ ортаға)<br>2. Қызығушылықтарын ояту.<br>Ақ қар еріп, су көбейіп, Сай салаға толады.<br>Ағаш басы бүршік ашып,<br>Гүл бәйшешекке толады.<br>Бөбектерім айтындаршы,<br>Бұ қай мезгіл болады? -Дұрыс балалар, қазір көктем мезгілі.<br>-Көктем мезгілінде неше ай бар?<br>-Қазір көктемнің қай айы?<br>-Көктемде табиғат</td>
<td>1.Музыка<br>Педагог жоспары бойынша<br><br>2. Мүсіндеу.<br>Тақырыбы:<br>«Түймедақ гүлі»<br>Мақсаты:Қоршаған әлемнің әсемдігін эмоционалды қабылдайды.<br>Оқу қызметінің барысы:<br>1.Шаттық шеңбер.<br>Шеңбер болып тұрайық,<br>Алақанды ашайық.<br>Күннің нұрын алайық,<br>Мейірімділік жиналған жылы шуақты бір-бірімізге шашайық!<br>Балалармен әңгімелесу.<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Көктем мезгілінде неше ай бар?<br>-Көктем мезгілінің қандай ерекшіліктері бар?<br>Қызығушылықтарын</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Қызыл гүлдер,көк гүлдер*<br>*Бақшамызға сән бердің*<br>*Суарайын мен сені*<br>*-Жарайсыңдар,балалар!*<br>*Біздер суретке қарап отырып өлең шығардық.*<br>***Ой қозғау.***<br>*-Гүлдер нешеге бөлінеді?*<br>*-Гүлдің қандай пайдасы бар?*<br>*-Гүлдер адамдарға не сыйлайды?*<br>*-Көктемде қандай гүлдер өседі?*<br>*Гүлдерді қалай күту керек білесіңдер ме?*<br>*-Гүлдер әдемі болып өсу үшін не керек?*<br>***АКТ технологиясы.***<br>*Гүлдің құрлысымен таныстыру.*<br><br>***Ддактикалық ойын****:*<br>*"Гүлдерді түстеріне қарай ажырат"*<br>***Шарты:*** *жерге шашылған гүлдерді екі жердегі себетке түстеріне қарай жинау.*<br>***Сергіту сәті****:*<br>*Гүл өсірем үйде(жоғары қол көтереді)*<br>*Су құямын гүлге(қолмен су құяды)*<br>*Гүл күткенді біледі(тербеледі)*<br>*Бойын сылап күледі( бойын қолымен сыйпайды)*<br>*Күнде гүлін ашады*<br>*Жұпарын маған* | *- Бүгін ауа –райы қандай?*<br>*- Көктемде қар не істейді?*<br>*Балалардың жауаптары.*<br>***Тақпақ оқу.***<br>***Ақұштап Бақтыгерееваның «Гүл ектік» өлеңі***<br>*Гүл ектік аулаға,*<br>*Көктемде көңілді.*<br>*Бақта да, бауда да*<br>*Ақ гүлдер өрілді.*<br>*Тақпақтың мағынасын балаларға түсіндіріп ашу.*<br>***Тақпақты тірек-сызба арқылы 3 тәсілмен жаттау***<br>*(баяу,ақырын,тез)*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Оң қолымда бес саусақ,*<br>*Сол қолымда бес саусақ.*<br>*Қосып едім екеуін*<br>*Шыға келді он саусақ.*<br>*Біздер тату баламыз,*<br>*Гүлдей өсіп жайнаймыз.*<br>***Дидктикалық ойын***<br>*"Гүлдерді құрастыр"*<br>***Шарты****: Балалардың алдарында гүлдердің бөлшектері араласып шашылып жатады, соларды бір түске келтіріп гүлдерді құрастырып қоюлары керек.*<br>***Қорытынды.***<br>*-Балалар, бүгін қандай тақпақ жаттадық?* | *(Балалардың жауаптары.)*<br>*- Олай болса балалар Буратиноны ертіп, жол көрсетіп, «Ғажайып білім әлеміне» біз де саяхатқа шығып қайтайық. Саяхатқа шығамыз ба?*<br>*- Балалар, саяхат кезінде бізге әртүрлі қиындықтар кездеседі, сол қиындықтарды бірге жеңе білейік. Ол үшін бір-бірімізді сыйлап, тыңдауымыз керек. Балалар, қане, енді паровозға мініп, жолға шығайық.*<br>***«Ғажайып білім әлеміне» саяхат.***<br>*- Балалар, міне, біз 1-ші аялдамаға да келіп қалыппыз.*<br>***Бірінші аялдама: Тиіннің аялдамасы***<br>*- Балалар, мына ағашқа не болды?*<br>*- Бұл ағаш қай мезгілді бейнелейді?*<br>*- Тиін бізге жерге түскен жапырақтарды ретімен жина дейді.*<br>*- 1 – 5- ке дейін тура және кері санау.*<br>***Екінші аялдама: Қасқырдың аялдамасы***<br>*Мақсаты: Балал ы топтай білуге және олар ғанай білу дағдыларын қалыптастыру.*<br>*- Қасқырдың туған күніне арнап достар оған кітаптар сатып әкелді. Сол кітаптарды оған топтастыруға көмектесейік. Қалың кітаптарды қызыл сөреге, ал жұқа кітаптарды сары сөреге қоямыз. Сызық арқылы қос.* | *өзгерістері қандай болады?*<br>*3.Ой қозғау.*<br>*Терезелердің алдында не тұрады?*<br>*Дұрыс айтасыңдар, ендеше бүгін гүлдер туралы* ***әңгімелесеміз.***<br>***4.Әңгіме жүргізу.***<br>*-Балалар сендер қандай гүлдерді білесіңдер?*<br>*-Топта ұандай гүлдер бар? Жарайсыңдар!Гүлдер өсіп тұрған бөлмеде біз өзімізді қуанышты сезінеміз, көңіліміз көтеріңкі болады.*<br><br>*-Балалар, гүлдер үш топқа бөлінеді:*<br>*1.дала гүлдері, 2.бөлме гүлдері, 3.емдік гүлдері. (Слайд арқылы көрсету).*<br>***Дала гүлдері:*** *бәйшешек, раушан, қызғалдақ, бақбақ, астра. Бұл гүлдер көктемде, жазда өседі.*<br>***Бөлме гүлдері:*** *қазтамақ, кактус, фикус, пальма. Бұл гүлдер жылдың төрт мезгілінде бөлмеде өседі. Гүлдің жақсы өсуі үшін жарық, ылғалды ауа және бөлме температурасы бірқалыпты, яғни жылы болу керек.*<br>***Емдік гүлдері:*** *алоэ, анис, адыраспан, түймедақ, қалампыр. Бұл гүлдер бөлмеде де, далада да өседі*<br>***Алоэ гүлі -*** *оның жапырақтары тікенекті болғанымен қолымызға кірмейді. Алоэның* | ***ояту.***<br>***Тосын сәт.***<br>*Қонаққа екі қуыршақ келеді.*<br>*Біреуінің қолында гүлі бар.*<br>*Ал екінші қуыршақта гүлдің жоғын айтады.Қуыршақтар бізден көмек сұрап келіп тұр.*<br>*Балалардың көңілін бірінші қуыршақтың қолындағы гүлге аударару.*<br>***Суретпен жұмыс***<br>*Түймедеқ гүлімен таныстыру.*<br><br>*Балалар сендер екінші қуыршаққа түймедақ гүлін мүсіндеп бересіңдер ме?*<br>***Топқа бөлу.***<br>*Балаларды екі топқа бөлу.*<br>*1-топ ермексазды жағу арқылы түймедақ гүлін мүсіндейді,*<br>*2-топ ермексазды дөңгелету арқылы түймедақты мүсіндейді.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Шаршағанда ырғалып*<br>*Гүлге ұқсап дем алам* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *шашады(қолын желпейді)*<br>***Дидактикалық ойын:***<br>***«Гүлдерді топта»***<br>*Дала гүлдерін көк қыстырғышпен, бөлме гүлдерін қызыл қыстырғышпен қыстырып белгілеуді ұсыну.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***Қорытынды :***<br>*Балалар біз бүгін не туралы әңгімелестік?*<br>*Егерде, көңіл-күйлері көтеріңкі болса, қызыл гүлді алуды, көңіл-күйлері болмай тұрса, көк гүлдерді таңдауды ұсынады.*<br>*Таңдаған гүлдердің күлтелерін қарындашпен шиыршықтап, суға жіберуді ұсынады.*<br>*Суға түскен гүлдер ашылады.*<br><br>***2.Музыка***<br>*Педагог жоспары бойынша*<br><br>***3. Дене шынықтыру.***<br>*Тақырыбы. Шектелген кеңістікте жүріп өту. (10-12 см ендіктегі сызылған лента)*<br>*Мақсаты. Қатарда жәй жүру, тізені жоғары көтеріп жүру, аяқ ұшымен және өкшемен жүру.*<br>*Жіңішке лента бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру дағдыларын жетілдіру. Қол-аяқ қимыл үйлесімділігін* | *-Тақпақ кім жайында айтылған?*<br>*Балаларды мадақтау*<br><br>***2 Сурет салу.***<br>***Тақырыбы:***<br>*«Алғашқы бәйшешектер»*<br>***Мақсаты:****Гүлдер туралы олардың түрлері туралы түсінік беру.Заттардың үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып салуы үйрету.Тазалыққа тәрбиелеу.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбері***<br>*Сәлем аспан*<br>*Сәлем жер*<br>*Сәлем балабақшам*<br>*Сәлем жер*<br>***Балалармен әңгімелесу***<br>***Сұрақ жауап.***<br>*Балалар қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*Көктем мезгілінде ауа –райы қандай болады?*<br>***Қызығушылықтарын ояту***<br>***Тосын сәт.***<br>*Айгүл қуыршақ келеді. Балалардан бәйшешек гүлі туралы сұрайды.*<br>***АКТ технологиясы.***<br>***Бәйшешек гүлімен таныстыру.*** | <br>*Қалың жұқа туралы түсінік беру.*<br><br><br>***Үшінші аялдама: «Бау-бақша» аялдамасы***<br>*- Қане, балалар, бақшаға барайық. Алдымызда көлшік жатыр ғой, одан қалай өтеміз? Аяғымызды ластамай, батпаққа батпай, көлшіктен ақырындап, абайлап өту үшін не керек?*<br>*Көпір керек*<br>*Балалар, мына жерде таяқшалар жатыр екен, енді осы таяқшалардан көпір жасайық.*<br>*Балалар, мына таяқшалардың қандай (жуан, жіңішке)?*<br>*(Балалардың жауаптары.) Енді осы түрлі-түсті таяқшалардан көпір жасайық.*<br>*(Балалар таяқшалардан көпір жасайды*<br>***Математикалық жұмбақтар.***<br>*1.Қазда бар екі аяқ*<br>*Тауықта бар екі аяқ*<br>*Екеуін қосып санасақ*<br>*Болады сонда қанша аяқ ( 4)*<br>*2.Алма ағашында 5 алма өсіп тұрды. Жел соғып біреуі үзіліп түсті.*<br>*Қанша алма қалды. ( 4)*<br>*3. Ержан дүкеннен 3 сағыз алды, жолда 1 — ін досына берді,* | *емдік қасиеті бар, егер де жүгіріп бара жатырып, жарақат алған жағдайда осы алоэ кескінін кесіп алып, жарақат алған жерге тигізіп біраз уақыт ұстап тұрсақ, жара жылдам жазылады. (Балалар тыңдайды.)*<br>***4.Ароматерапия*** *.Кәне қозімізді жұмайық*<br>*Өзімізді гүлдердін арасында жүргендей сезінеміз.Көбелектер сияқты әр гүлге қонып жүрген сияқтымыз*<br>***5. Ой қозғау***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Иісі неткен аңқыған ,жұпар иісті*<br>*Бір өсімдік бар:*<br>*Бір көргенде сап-сары,*<br>*Бір көргенде аппақ*<br>*Үрлесең ұшып кетеді.Бұл не? (Бақбақ)*<br>*Бақбақ гүлі туралы түсінік беру.*<br>***АКТ. Бақбақ гүлі***<br><br>*Бақбақ ерте көктемде өсетін көп жылдық шөп тектес өсімдік, жапырақтары түп жағында топтасып орналасады. Шоқ бас, сары түсті гүлі жалғыздан сабақ ұшында өседі. Бақбақты егістік арасының жолдан,* | *Қанатымды бір қағып*<br>*Гүлдей болып жайқалам*<br>*Балалардың жұмысын бақылау.*<br>*Жеке көмек көрсету.*<br>***Қорытынды.***<br>*Балалардың жұмыстарын қорытындылау.*<br>***Галерия шарлау әдісі.***<br>*Балалар бір-бірінің жұмыстарына баға береді.*<br>*Қуыршақтар қуанып балаларға рахмет айтып қоштасады.*<br>*Балаларды мадақтау.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арттыру.<br>**Оқу қызметінің барысы.**<br>**Балалармен амандасу.**<br>1. Бір қатар тұру.<br>Қатарда жәй жүру, тізені жоғары көтеріп жүру, аяқ ұшымен және өкшемен жүру.<br>**Жалпы даму жаттығулары:**<br>(Шарлармен)<br>1.Қол мен иық бұлшықеттеріне арналған жаттығулар.<br>Б.қ.: тік тұру, шарды қос қолмен ұстау.<br>1. Қолдағы шарды алға созу.<br>2. Шарды оң иыққа тигізу.<br>3. Қолдағы шарды алға созу.<br>4. Шарды сол иыққа тигізу.<br>5. Б. қ. келу.<br>2. Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:<br>Б.қ.: аяқтар арасы сәл ашық, қол төменде.<br>1.Қос қолды жоғары көтеру.<br>2. Алға иіліп созылу.<br>3.Қос қолды кеуде тұсына әкелу.<br>4. Б. қ. келу.<br>Б. қ.: отыру, аяқты алға созу.<br>1.Шарды қос қолмен жоғары көтеру.<br>2.Тізеге тигізу.<br>3.Б. қ. келу.<br>Шарды қолдарына ұстап тұрады.<br>Шарды алға созып, оң және сол иықтарға тигізеді.<br>3-4 рет | <br>Балалар, бәйшешек гүлі тек ақ түсті ғана болады ма? Ал сендер бәйшешек гүлін көрдіңдер ме?<br>Балалардың жауаптары.<br>Балалар Айгүл қуыршаққа бәйшешек гүлін сыйға тартайық. Ол үшін сурет салып берейік.<br>**Топқа бөлу**<br>**1-топ.**Ақ түсті бәйшешек гүлін витражды әдіс арқылы шыны бетіне салады<br>**2-топ.**Күлгін түсті бәйшешек гүлін құммен салады.<br>**3-топ**.Сары түсті бәйшешек гүлін ермексазбен салады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Жайқалады бәйшешек,<br>Жайқалады қызғалдақ.<br>Су құямыз себелеп,<br>Өссін биік, биіктеп.<br>Біз гүлдерді жұлмаймыз.<br>Қамқор болып қорғаймыз.<br>Әсем болып өскенде,<br>Үлкендерге сыйлаймыз.<br>Балалар, қанекей жұмыстарымызды | Ермекте неше сағыз қалды?<br>**Сергіту сәті.**<br>**4-ші аялдама:** Дидактикалық ойын: «Кім жылдам, дұрыс құрастырады?»<br><br>Балалар тапсырманы орындайды.<br>**Буратино:** Алақай, алақай менің кілтім табылды.<br><br>Балалар, қараңдаршы, біз алтын қақпаға да келіп қалыппыз. «Ғажайып білім әлемі» деген осы жер.<br>«Ғажайып білім әлемі» бізге ең бастысы білім сыйлады. Біз бәріміз бірігіп, қызықты тапсырмалар орындадық, Буратиноға кілтін табуға көмектестік.<br>**Буратино:** Балалар, сендерге көп-көп рахмет. Сендер маған «Ғажайып білім әлеміне» баратын жолды көрсетіп, алтын кілтімді табуға көмектестіңдер, көптеген | сайдан өзен жағасынан бастау басынан кездестіруге болады. Бақбақ түгелімен дәріге жарамды. Жемісін пісуден бұрын қазып алып, жас күйінде немесе кептіріп, дәрі жасайды. Бақбақ кішкентай күнге ұқсайды.Бақбақ көкек айынан бастап, күзге дейін гүлдейді. Бақбақ алғаш шыққанда гүлінің түсі сап-сары болғандықтан алқап сары бояуға енеді. Гүлден ақ үлпек шыққанда, алқаптың бәрі аппақ болады, сондықтан бақбақ гүлін «үлпілдек» деп те атайды.<br>**6.Сергіту сәті:**<br>Шаршағанда ырғалып,<br>Гүлге ұқсап демалам.<br>Қанатымды бір қағып,<br>Гүлдей болып жайқалам.<br>**7. Ойын: «Мұқият бол!»**<br>Шарты: бір неше сөздер айтылады соның ішінен «бақбақ» сөзің естісе шапалақтайды. Мақсаты: Шапшандыққа, ойлау қабілетің дамыту. (Қызғалдақ,тоқылдақ, бақбақ, тақпақ, бақбақ, балмұздақ, жапырақ,бақбақ, топырақ,бақбақ,қызанақ, қуырдақ, бақбақ)<br>**8.Қорытынды.**<br>Балаларды мадақтау<br><br>**2. Тапқыштар (в)**<br>**Тақырыбы.**Сыр сандық<br>**Мақсаты**.Балаларға әртүрлі тапсырмаларды орындай білуге үйрету.Балалардың | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Қолдарын жоғары көтеріп, алға созу.*<br>*3-4 рет*<br>*Шарды жоғары көтеріп, тізеге тигізу.*<br>*3-4 рет.*<br>*3. Аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығулар:*<br>*1. Шарды кеуде тұсында ұстау.*<br>*2. Алға секіру.*<br>*3. Артқа секіру.*<br>*4. Б. қ. келу*<br>*Тыныс алу:*<br>***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы***<br>*1. Жіңішке лента бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру*<br>*2. Биіктіктен қос аяқпен секіру. (5-10 см)*<br>*(Ағаш кірпіштен, тақтайшадан секіру)*<br>***Қимылды ойын:** «Тауық қорадағы түлкі»*<br>*1.Ойын шартымен таныстыру.*<br>***Қорытынды:***<br>*Балаларды мадақтау.* | *талдап, бағалап көрейік. Үш топтан бір баладан шығып жасаған әдістерін айтып, топтағы балалар суреттерін бағалайды.*<br>*Жарайсыңдар, балалар жақсы жұмыс жасадыңдар.*<br>***Оқу қызметімізді «Бәйшешек алаңы» ойыны арқылы қорытындылау.***<br>*Балалар қараңдаршы біздің бәйшешек алаңқайымызда түлі түсті бәйшешектер бар екен. Мен сұрақ қоямын , сұраққа толық жауап берген бала өзіне ұнаған түсті гүлді алады..*<br>*-Қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*-Көктем мезгілінде қандай өзгерістер, табиғат құбылыстар болады?.*<br>*-Гүлдер нешеге бөлінеді?*<br>*-Біз бүгін қандай гүлдің суретін салдық?*<br>*-Бәйшешек гүлі жайқалып өсіп тұрады ма?*<br>*-Бәйшешек гүлін қандай әдіспен салдыңдар?*<br>*Әр бала өз әдісін айтады.*<br>*Балаларды мадақтау.* | *тапсырмалар орындадыңдар. Өмірде тек білімді емес, қайырымды балалар екендеріңді көрсеттіңдер.*<br>*Буратино балалармен қоштасып кетеді.*<br>*Міне, балалар, Буратиноға көп көмек көрсеттіңдер. Кілтін табуға көмектестіңдер. Өздеріңнің ұшқыр ойларыңды , тапқырлықтарыңды, қиындықтан қорықпайтындарыңды көрсеттіңдер.Осымен «Ғажайып білім әлеміне» саяхатымыз аяқталды, енді өзіміздің тобымызға оралайық.*<br>***Қорытынды.***<br>*- Балалар сендерге саяхат ұнады ма?*<br>*- Сендер саяхатқа қайда бардыңдар?*<br>*- Біздер кімге көмектестік?*<br>*- Өте жақсы, балалар. Мадақтау.*<br><br>***2.Қоршаған ортамен таныстыру.***<br>***Тақырыбы:**Аялайық гүлдерді.*<br>***Мақсаты:**Табиғатпен адамгершілік тұрғыда қарым-қатынас жасау тәжірибесін қалыптастыру; туған өлкесін мақтан ету сезімдерін тәрбиелеу.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбері.***<br>*Шеңбер болып тұрайық,*<br>*Алақанды ашайық.* | *қызығушылықтарын,есте сақтау қабілеттерін,логикалық аттыру.Әрбір берілген тапсырмаларды тиянақты орындай білуге үйрету*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбері.***<br>***Сұрақ жауап.***<br>*Балалар қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*– Көктем мезгілінде неше ай бар?*<br>*– Көктемде ауа райында қандай өзгерістер болады?*<br>***Балалардың қызығушылықтарын ояту.***<br>*Ой балалар, мұнда біреу сандықша тастап кетіпті. Кане сандықшаны ашып көрейікші. Сандықтың есігінде құлып тұр екен. Бізге оны ашу үшін не керек? (Құлыпты ашу үшін бізге кілт керек!)*<br>*Ашылмайды?*<br>*Не істейміз?*<br>***Тосын сәт.***<br>*Топқа Буратино кіреді.*<br>*– Сәлеметсіңдер ме, балалар!*<br>*– Балалар бұл сандықты ашуға мен көмектесейін. Менің сиқырлы кілтімнің ашпайтын құлпы жоқ. Бірақ сендер алдымен менің сендерге дайындаған тапсырмаларымды орындасаңдар ғана сандықшаның құлпын ашып беремін.*<br>*– Балалар, біз Буратиноның дайындаған тапсырмаларын орындауға дайынбыз ба? (Әрине, дайынбыз).* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *Жұлдызша беру.*<br><br>***3. Дене шынықтыру.***<br>***Тақырыбы.*** *Допты кеуде тұсынан лақтыру*<br>***Мақсаты.*** *Қатарда жәй жүру, тізені жоғары көтеріп жүру, аяқ ұшымен және өкшемен жүру. Жіңішке лента бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру дағдыларын жетілдіру. Допты кеуде тұсынан лақтыру Қол-аяқ қимыл үйлесімділігін арттыру.*<br>***Оқу қызметінің барысы.***<br>***Балалармен амандасу.***<br>*Шеңбермен жүру. Қатарда жәй жүру, тізені жоғары көтеріп жүру, аяқ ұшымен және өкшемен жүру.*<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>*1б.қ Аяқ бірге , қол төмен. 1- қолды алға созу, 2- төмен түсіру. 5-6 рет қайталау.*<br>*2 б.қ Аяқтың арасын ашып, қол иықта 1 қолды жоғары көтеру ,2 б.қ оралу. 5-6 рет қайталау.*<br>*б.қ Аяқтың арасы алшақ, қол белде. 1отыру. 2 тұру . 5-6 қайталау.*<br>*4 б.қ аяқтың арасы алшақ , қол белде 1-* | *Күннің нұрын шашайық,*<br>*Таза ауаны жұтайық.*<br>*Жүрекке жылу салайық,*<br>***Балалармен әңгімелесу***<br>*Сұрақ жауап*<br>*Бір жылда неше мезгіл бар? -Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Көктем мезгілінде неше ай бар? -Көктем мезгілінде ауа – райы қандай болады? -Балалар сендерге көктем мезгілі несімен ұнайды?*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Тосын сәт.***<br>*«Гүл ханшайымы » келеді.*<br>*-Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен «Гүл ханшайымымын» Мен гүлден жаратылғанмын. Сендер мен туралы білгілерің келе ме?*<br>***Бейнетаспадан гүлдерді тамашалайық.***<br>*(бейнефильм, бәйшешек, қызғалдақ, бақ-бақ өсіп шығуы)*<br>***Ой қозғау.***<br>*Гүлдерді қалай күту керек білесіңдер ме?*<br>*-Гүлдер әдемі болып өсу үшін не керек?*<br>***Гүлдерді салыстыру, құрылысын таныстыру.***<br>***Сергіту сәті:***<br>*Шаршағанда ырғалып,*<br>*Гүлге ұқсап дем алып*<br>*Қанатымды бір қағып*<br>*Гүлдей болып жайқалам.*<br>***Екі топпен жұмыс:***<br>*І топ. Гүлдерді күтіп-баптау.*<br>*ІІ топ. Гүлдердің бөліктерін зерттеу.*<br>***Дидактикалық ойын:***<br>*«Гүлдерді себетке жинау» Шарты: Екі топ гүлдерді* | *Буратино: – Олай болса іске сәт.*<br>***1-тапсырма. қызыл түсті конверт.***<br>*1-ден 5-ге дейін тура ,кері сана.*<br>*Балалар тапсырманы орындайды.*<br>***2 – тапсырма. көк түсті конверт.***<br>*Геометриялық пішіндерді ажырат.*<br>*Балалар пішіндерді ажыратады.*<br>*Балалар біз Буратиноның бірінші тапсырмасын орындадық.*<br>***3 – тапсырма.***<br>***сары түсті конверт.***<br>***Жұмбақ есеп.***<br>*1.Саматта екі алма болды, ол бір алмасын досына берді.*<br>*Неше алма өзінде қалды?*<br>*2.Ағашта төрт алмұрт,*<br>*Айман алып екеуін,*<br>*Қалдырған екен нешеуін?*<br>*3.Сәуле үйге дүкеннен апельсин, мандарин, алма , банан, жүзім сатып алды.*<br>*Санап шықшы неше жеміс алды?*<br>*4. 5 көжек орманға,*<br>*Бара жатыр қорбаңдап.*<br>*Бірі олардың шаршады,*<br>*Әрі қарай бармады.*<br>*Жауабын тез айт.*<br>*Қанша қонжық кетті орманға?*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Бір дегенде-тік тұрамыз.*<br>*Екі дегенде-екі рет айналамыз.*<br>*Үш дегенде-үш рет секіреміз.* | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | оңға бұрылу, 2б.қ оралу 3-солға бұрылу, 4б.қ оралу 4-5 рет қайталау. 5 «қояндарша секіреміз» аяқты бірге , қол бүгулі кеудеде. Секіру 7-8 секунд. Еркін тыныс ал<br>**Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.**<br>1. Допты кеуде тұсынан лақтыру<br>2.Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Мысық тышқан»<br>Ойын шартымен таныстыру<br>**Қортынды.**<br>Балаларды мадақтау | түсіне қарай жинайды.<br>**Қорытынды.**<br>-Балалар бүгін біз қандай гүлдер түрі мен таныстық?<br>-Бізге қонаққа кім келді?<br>-Қандай ойын ойнадық?<br>Жарайсыңдар !<br>Балаларды мадқтау.<br><br>**3.Өнерлі екен он саусақ (в)**<br>**Тақырыбы**.Ыдыстағы гүл<br>**Мақсаты.**Алақанның таңбасын салуды үйрету және белгілі бір образға дейін сурет салу.<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Шаттық шеңбері.**<br>**«Менің көңіл - күйім қандай?»** Бала өз көңіл-күйіне сәйкес келетін смайлик суретін тауып (көңілді,көңілсіз,ренжулі) айтады.Сол кездердегі көңіл-күйін баяндайды.<br>**Тосын сәт.**<br>Айсұлу қуыршақ қонаққа келеді. Анасының туған күніне сыйлық жасап беруді өтінеді.<br>**Сұрақ жауап.**<br>Балалар анамызға не сыйлауға болады?<br>Не сыйлар едіңдер?<br>Балалардың жауаптары.<br>Сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру.<br>**Сергіту сәті.**<br>Гүл болып өсеміз<br>Гүл болып ашыламыз<br>Гүл болып жайқаламыз<br>Гүл болып жабыламыз | Төрт дегенде-отырамыз.<br>**4 – тапсырма. Жасыл түсті конверт.**<br>**Ойын: «Түстерін сәйкестендір»**<br>Шарты: суреттегі түрлі түсті үйлерге пішіндерді түстеріне қарай орналастыру. Балалар пішіндерді түстерін ажырата отырып үйлерге орналастырады.<br>**Буратино:** – Жарайсыңдар балалар сендер менің дайындаған тапсырмаларымды дұрыс орындадыңдар. Енді мен өзінің сиқырлы кілтіммен сандықты ашып берейін.<br>Буратино сандықты ашады. Сандықтың ішінен шыққан сыйлықты балаларға таратып беру<br>**Қорытынды.**<br>Балалар бүгін бізге қонаққа кім келді?<br>– Біз қандай тапсырмалар орындадық?<br>– Бүгінгі оқу қызметі ұнады ма?<br>Балаларды оқу қызметі соңында мақтап, мадақтау.<br><br>.<br>**3. Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы.** Доғаның астынан еңбектеп өту<br>**Мақсаты.** Қатарда жәй жүру, тізені жоғары көтеріп жүру, аяқ ұшымен және өкшемен жүру. Доғаның астынан еңбектеп өту. Қол-аяқ қимыл үйлесімділігін арттыру | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ***Топқа бөлу.***<br>*1-топ. Қағаздың ортасына кесілген картоппен гүлдің бейнесін келтіре отырып із қалдыру арқылы сурет салу.*<br>*2-топ. Шырын бутулкасының көмегі арқылы гүлдің бейнесін келтіре отырып із қалдыру арқылы сурет салу.*<br>*Әрбір бейнеленген гүлдің суретіне мақталы таяқшамен сабағын суреттейді.*<br>*Губкамен жапырақтың ізін қалдырады.*<br>*Балалардың жұмыстарын бақылау.*<br>*Жеке көмек көрсету.*<br>***Дидактикалық ойыны.*** *«Түсі қандай?»*<br>*Балаларға түрлі-түсті гүлдерді көрсетіп, түстерін сұрау.*<br>***Қорытынды.***<br>*Балалардың жұмыстарын қорытындылау.*<br>*Көрме ұйымджастыру.*<br>*Жасаған гүлдерін Айгүл қуыршаққа сыйлау.*<br>*Айгүл рахмет айтып қоштасады.* | ***Оқу қызметінің барысы.***<br>***Балалармен амандасу.***<br>*Шеңбермен жүру.*<br>*Тәрбиешінің артынан жүру, жүгіру*<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>*Б.қ.: аяқтар арасы сәл ашық, текшелерді кеудеде ұстау.*<br>*1.Қолдағы текшелерді жоғары көтеру.*<br>*2.Қос қолдағы текшелермен оңға иілу.*<br>*3.Б.қ. келу.*<br>*4.Қос қолдаға текшелермен солға иілу.*<br>*5.Б.қ. келу.*<br>*Б.қ.: негізгі тұрыс, қол төменде.*<br>*1.Қолдағы текшелерді алға созып отыру.*<br>*2.Тұру.*<br>*3.Б.қ. келу.*<br>*3.Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:*<br>*Б.қ.: аяқ бірге, текшелерді кеудеде ұстау.*<br>*1.Алға қос аяқпен секіру.*<br>*2.Артқа қос аяқпен секіру.*<br>*3.Б.қ. келу.*<br>*Тыныс алу:*<br>*-тік тұру;*<br>*-аяқ арасы иық көлеміндей алшақ;*<br>*-текшелерді жоғары көтеру (ауа жұту);*<br>*-қос қолдағы текшелерді үрлеу (дем шығару).*<br>***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.***<br>*1. Доғалар астынан еңбектеп өту. (Доғаларды қозғамай* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | *өту).**2.**Допты қос қолмен ұстап, шеңберге лақтыру. . (Белгіленген жерде тұрып, шеңберге лақтыру).*<br>***Қимылды ойын:***<br>*«Ақ терек, көк терек»*<br>*Ойын шартымен таныстыру*<br>*Қортынды.*<br>*Балаларды мадақтау* | |
| ***Серуенге дайындық*** | *Жүйелі киініп серуенге шығу .*<br>*Ойын жаттығу: «Кім дұрыс киінеді»*<br>*Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу* | | | | |
| ***Серуен:*** | ***Серуен № 3***<br>*Бақылау. Қараторғайды бақылау*<br>***Картотека қосымша тіркелген*** | ***Серуен № 4***<br>*Бақылау. Жәндіктердің алғашқы жандануын бақылау*<br>***Картотека қосымша тіркелген*** | ***Серуен № 5***<br>*Бақылау. Ауа райын бақылау*<br>***Картотека қосымша тіркелген*** | ***Серуен № 7***<br>*Бақылау. Құстарды бақылау.*<br>***Картотека қосымша тіркелген*** | ***Серуен № 9***<br>*Бақылау. Күннің көзін бақылау.*<br>***Картотека қосымша тіркелген*** |
| ***Серуеннен оралу*** | *Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| ***Түскі ас*** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| ***Ұйқы*** | *Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.* | | | | |
| ***Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары*** | ***Жаттығу кешені***<br>*№ 14*<br>*Балапандар.*<br>*Ояту*<br>*Балапандар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Жан-жаққа біз қарайық*<br>*Бір күлімдеп алайық.* | ***Жаттығу кешені***<br>*№ 11*<br>*Майтабанның алдын алу.*<br>*Мысық сияқты аяқтын ұшымен шеңбермен жүру, екі аяқпен секіру ,*<br>*жүру орнымызға қарай жүгіру.*<br>*Гимнастикалық жолдан жүру*<br>*Жүрейік біз жүрейік*<br>*Аяқты біз емдейік*<br>*Аяқ қолым мықты болып* | ***Жаттығу кешені***<br>*№12*<br>*Төсекте жатып жасайтын жаттығулар*<br>*Ояту*<br>*Балалар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Қолымызды созып*<br>*Шынығып бір алайық.*<br>*Созылу* | ***Жаттығу кешені***<br>*№15*<br>*Тыныс алу жаттығуы:*<br>*Ояту*<br>*Оянайық балалар*<br>*Маған тезірек қарандар*<br>*Шапалақ ұрайық*<br>*Орнымыздан тұрайық.* | ***Жаттығу кешені***<br>***№ 10.***<br>*Төсекте жатып жасайтын жаттығулар*<br>*Мысықтар*<br>*Ояту*<br>*.* |
| | ***ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАР КАТРОТЕКАСЫНАН ( Картотека қосымша тіркелген)*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| ***Бесін ас*** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| ***Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс*** | ***Картотека №9***<br>***«Қай жануар артық»***<br>*Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Жасырылған жануарларды табу арқылы тілдерін дамыту.* | ***Картотека №11***<br>***«Кімге не керек»***<br>*Ойынның мақсаты: Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету* | ***Картотека №3***<br>***«Төлдерін тап та, көрсет»***<br>*Мақсаты: Балалардың байқампаздық қасиеті, есте сақтау қабілеттерін дамыту, шапшаңдыққа баулу* | ***Картотека №6***<br>***«Апта күндері»***<br><br>*Мақсаты: Апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету* | ***Картотека № 12***<br>***«Телефон»***<br>*Мақсаты: естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуге дағдыландыру, диалогты*<br>*Сөйлеуді жетілдіру арқылы сөздік қорын молайту.* |
| | **ҚАТЫНАС БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫНАН (картотека қосымша тіркелген)**<br>**.** | | | | |
| ***Серуенге дайындық*** | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |
| ***Серуен*** | ***Серуен № 1***<br><br>*Бақылау. Гүлдейтін ағаштарды бақылау.* | ***Серуен № 2***<br>*Бақылау. Құстарды бақылау.* | ***Серуен № 3***<br><br>*Бақылау. Қараторғайды бақылау* | ***Серуен № 4***<br><br>*Бақылау. Жәндіктердің алғашқы жандануын бақылау* | ***Серуен № 5***<br><br>*Бақылау. Ауа райын бақылау* |
| | ***СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН .*** | | | | |
| ***Балалардың үйге қайтуы*** | *Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.* | *Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым –қатынасы туралы әңгімелесу.* | *Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу* | *Баланың тәрбиесі туралы әңгімелесу .*<br>*Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру.* | *Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру.* |

**ЦИКЛОГРАММА**
**II апта .   Сәуір   айы   2022ж.**
**«Аққөгершін» тобы**

**Өтпелі тақырып: «Біз еңбекқор баламыз»**
**Тақырыпша:«Ас атасы-нан»**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 11.04.2022ж | Сейсенбі 12.04.2022ж | Сәрсенбі 13.04.2022ж | Бейсенбі 14.04.2022ж | Жұма 15.04.2022ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу** | *Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау.* | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | **Картотека №10** **«Жол әліппесі»** **Мақсаты:** *балаларды алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен таныстыру , жолда жүру ережесін меңгерту дағдысын қалыптастыру.* | **Картотека №12** **Қайсысы қайда тіршілік етеді** **Мақсаты:** *жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу,олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту* | **Картотека №14** **«Кімге не керек»** **Мақсаты.***Тәрбиеші тақтаға әр түрлі мамандық иелерінің суретін орналастырады.* | **Картотека №15** **«Суретші қай жерде қателесті?»** **Мақсаты:** *Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету.* | **Картотека №17** **«Әдемі гүл»** **Мақсаты:** *Түстер туралы ұғымын бекіту,түстердің атын білуге машықтандыру,түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіруге үйрету,саусақ моторикасын дамыту* |
| | **ӘЛЕУМЕТ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫНАН (картотека қосымша тіркелген** | | | | |
| **Таңертеңгі гимнастика** | *Сәуір айының 2 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.* *Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету* | | | | |
| **Таңғы ас** | *Ойын- жаттығу . «Таза қолдар».* *Балаларға ас ішуге көмектесу, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру, ұқыпты ішуге тәрбиелеу.* *Астан кейін беті-қолын жуып, сүртінуге дағдыландыру, тазалыққа баул* | | | | |
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | *ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.* *Балаларды ұоқ-не сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу.* *М. Етекбаевтың «Нан қайдан келеді?» ертегісін оқып беру.* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері*** | ***Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы .«****Наубайхана»*<br>***Мақсаты:*** *Сурет бойынша әңгіме құрай отырып, балалардың сөздік қорларын молайту. Байланыстырып сөйлеуге үйрету. Тіл байлығын дамытып, жетілдіру.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Қайырлы таң,қайырлы таң,*<br>*Ашық аспан кең далам,*<br>*Қайырлы таң,қайырлы таң,*<br>*Жаны жайсаң жақсы адам.*<br>*Қайырлы таң досым,менің,*<br>*Қасымда жүрсең қуанам.*<br>*Балалармен әңгімелесу.*<br>*Қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*Бүгін аптаның қай күні?*<br>*Қазір қай ай?*<br>***Өлең жолдарын оқу.***<br>*Нан қоқымын шашпаңдар,*<br>*Жерде жатса баспаңдар.*<br>*Теріп алып қастерлеп,*<br>*Торғайларға тастаңдар.*<br>*- Бұл өлең жолдары не туралы айтылған?*<br>*-Ал, осы нанның қайдан шығатынын білгілерің келеме?*<br>*Балаларды нанның қайдан, қалай шығатынын көрсетіп, әңгімелесу.*<br>***АКТ технологиясы.***<br>***Тосын сәт.***<br>*Наубайшы келеді.*<br>*-Балалар бізге қонаққа наубайшы апай келді. Амандасады.*<br>***Наубайханамен таныстырады.***<br>*Слайд.* | ***1 Көркем әдебиет.***<br>***Тақырыбы:*** *«Алтын астық» өлеңін жаттау*<br>***Мақсаты:*** *«Алтын астық» өлеңінің мазмұнын ашу, өлеңді дауыс ырғағын келтіре отырып, әр шумағын қайталау арқылы жаттату. Астықты орып, жинау науқаны туралы балалардың түсініктерін кеңейту*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбері:***<br>*Кел, балалар, күлейік,*<br>*Күлкіменен түлейік.*<br>*Күлкі көңіл ашады,*<br>*Күліп өмір сүрейік!*<br>***Мнемотехника***<br>***Көктем мезгілі.***<br>*Балалар көктем мезгілі туралы айтады.*<br>***Миға шабул.***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Ұзын мұртты срылар,*<br>*Қойынында дәні бар.*<br>*Ол не?*<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*Бидаймен таныстыру.*<br> <br>***Қосжан Мүсіреповтың «Алтын астық» өлеңін оқып беру.***<br>*Көктемде егін егетін,*<br>*Күзде жиып теретін,*<br>*Біздің дала – бай дала,* | ***1.Математика негіздері***<br>***Тақырыбы:*** *Реттік санау қабілетін нығайту*<br>***Мақсаты:*** *Реттік санау қабілетін нығайту (5 саны көлемінде); сандық және реттік санауды ажырата білуге үйрету, «қанша?», «нешінші?» сұрақтарына дұрыс жауап беруге үйрету. Геометриялық пішіндер туралы білімдерін нығайту.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер.***<br>*Сәлем деймін күнге мен,*<br>*Сәлем деймін мен саған!*<br>*Сәлем деймін апайға,*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Топқа 1 саны келеді.***<br>*Балалар қараңдар 1саны бізден көмек сұрай келіпті. Оның көршілері жоғалып кетіпті. Бізден көрші сандарын тауып беруді өтінеді. Көмектемемізбе?*<br>***Ендеше математика еліне барайық.***<br>*-Балалар қараңдаршы математика елі қандай екен? Не Көріп тұрмыз? Ал енді 1санының көршісін іздеп көрейік. Сандарды аңдар алып кетіпті,енді олардан алу үшін олардың тапсырмаларын орыдауымыз керек.*<br>***Аюдың тапсырмасы:***<br>*1) логикалық сұрақтар.*<br>*Бір жылда неше жыл мезгілі бар?*<br>*Аспанда неше ай бар?*<br>*Адамда неше көз бар?* | ***1. Жаратылыстану***<br>***Тақырыбы:***<br>*Көктемгі еңбек құралдары*<br>***Мақсаты:*** *Адамдардың көктемгі еңбегімен таныстыру.Көктемгі еңбекке арналған құрал-жабдықтарды ажыратып атай білуге, олардың қажеттілігі мен қолданылуын түсініп еңбек әрекетінде қолдана білуге үйрету*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>*1.Шаттық шеңбер*<br>*2. «Бұл қай мезгіл?» Қиылған суреттерді құрсатыру.*<br>*Мнемотехника. Көктем мезгілі.*<br>*-Табиғатта қандай өзгерістер байқалады?*<br>*-Жарайсыңдар,ал адамдар қандай іспен айналысып жатыр?*<br>*3.Бейнефильм көрсету(бейнетаспадан адамдар дың көктемгі тіршілігі,еңбегі туралы түсірілген бейнефильм көрсетіп, сұрақтар қояды).*<br>*-Балалар жерді не үшін жыртып, тегістеп жатыр деп ойлайсыңдар?*<br>***Тосын сәт.***<br>*Білмеспек келді. Балалардан көмек сұрайды.*<br>*Ол балалардан өзінің ауласы на гүл отырғызғысы келетіндігін айтып,алайда жер қазуға,тырмалауға арналған құралдарының жоқтығын айтады.*<br>***Дидактикалық ойын: «Не зат*** | ***1. Жапсыру***<br>***Тақырыбы:*** *«Дәмді бауырсақтар»*<br>***Мақсаты:*** *Түстерді пайдаланып, геометриялық пішіндерден сәндік композициялар жасату. Бейнелерді қиып ала отырып, жапсыру икемділіктерін арттыру.****Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер.***<br>*Арайлап таң атты,*<br>*Алтын сәуле таратты.*<br>*Жарқырайды даламыз,*<br>*Жарқырайды күніміз!*<br><br>***Балалармен әңгімелесу.***<br>*Қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*Көктем мезгілінде неше ай бар?*<br>*Бүгін аптаның нешінші күні?*<br>*Балалардың жауаптары.*<br>***Тосын сәт.***<br>*Әже қонаққа келеді.*<br>*Балалармен амандасады.*<br>*Мен бауырсақ пісірейін деп едім, маған көмек көрсетесіңдер ме?*<br>*Әже, балалар бауырсақтың қайдан келетінін білгісі келеді.*<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*Әже: Бауырсақ ұннан жасалады. Балалар, ұннан көптеген нан тағамдары жасалады.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| |  <br><br>Наубайшы апай балаларға бауырсақты дайындау әдісін көрсетеді.<br>/Слайд арқылы түсінік беріп, көрсету./<br>**Ой дамыту.**<br>**Енді осы нан дастарқанға қалай келеді?**<br>Сол туралы әңгімелесейікші.<br>Жердің жыртуы<br>Суару<br>Бидай себуі<br>Бидайдың пісуі<br>Піскен бидайды жинау<br>Диірменге апару<br>Ұнның диірменнен шығуы<br>Ұнның наубайханаға келуі<br>Нанның пісуі<br>Нанды халыққа сату<br>Нанның дастарқанға келуі<br>**Тыйым сөздер.**<br>1.Нанды бір қолмен үзуге болмайды.<br>2.Нанды текке лақтырма.<br>3.Нанды жерге тастама.<br>-Балалар бойымызды сергітіп алайық.<br>**Сергіту сәті.**<br>Бидай жерге отырды,<br>Жасыл түске айналды.<br>Бидай желмен қимылдап,<br>Жауын болып жауылды<br>**Дидактикалық ойын.**<br>**«Кім не істейді?»**<br>Ойынның шарты:Өздері таңдап алған суреттегі | Алтын астық айнала.<br>Ел егінді жинайды,<br>Қырманға дән сыймайды.<br>Біздің дала – бай дала,<br>Алтын астық айнала.<br>**«Бір қадам» әдісі** арқылы қайталау.<br>Балаларды мадақтау.<br>**Сергіту сәті:** Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса – баспаңдар.<br>Теріп алып қастерлеп,<br>Торғайларға тастаңдар.<br>**Ой қозғау.**<br>**Сұрақ – жауап**<br>Осы оқыған өлең шумақтарында не жайлы айтылған?<br>Өлеңді кім жазған?<br>Сендерге өлең ұнады ма?<br>«Алтын дән» дегенді қалай түсінесіңдер?<br>**Дидактикалық ойын.**<br>Сипап сезу арқылы табу»<br>Ойынның шарты: сиқырлы қорапшада шар ішінде дәндер жасырылған, балалар сипап , ұстау арқылы дән түрлерін табу керек.<br>**Қорытынды.**<br>қандай өлең шумағымен таныстық?<br>Алтын астық деп не үшін айтамыз? | Бір мысықта неше аяқ болады?<br>Үшбұрышта неше бұрыш бар?<br>Екі қойдың басы нешеу?<br>Дөңгелекте неше бұрыш бар?<br>**2)Реттік санау және кері санау**<br>1,2,3,4,5 -5,4,3,2,1.<br>**2) Ойын**: **«**Сандарға сәйкес қысқыш қыстыр»<br>**Қоянның тапсырмасы:**<br>**1) Ойын:** «Сипап сезу арқылы заттың санын анықтау» (балалардың көздерін байлап, қолдарымен сипау арқылы санын анықтау)<br>2) «Заттарды салыстыр»( ұзын- қысқа, көп- аз, биік-аласа, алыс- жақын, үлкен-кішкентай, астында-үстінде, жоғары- төмен ұғымдарын салыстыру)<br>**Сергіту сәті.**<br>Ал балалар, тұрайық,<br>Үлкен шеңбер құрайық.<br>Үлкен шеңбер құрған соң,<br>Алақанды ұрайық<br>Оң жақтағы балаға,<br>Сол жақтағы балаға,<br>Шапалақта шапалақ<br>Жоғары төмен қарайық,<br>Орнымызды табайық.<br><br>**Қасқырдың тапсырмасы:**<br>1)Ойын: «Сандарды жасыр!» ( 5 ке дейігі сандарды жасыру)<br>2) Ойын«Қанша?», «неше?»<br>Шарты: Балаларға арнайы суреттер беріледі. Суретте | **қажет»**<br>Ойын шарты: егін егуге қажетті құрал жабдықтарды көрсету<br>Дымбілмес балаларға сұрақ қояды.<br>- Күрекпен не істейсіңдер?<br>Балалардың жауаптары:Күректі адамдар жер қазуға,құм,топырақ лақтыруға, ара ластыруға қосымша пайдаланады.<br>Күректер үшкір күрек,қуыс күрек,қар күрейтін күрек болып бөлінеді.<br>-Тырманы не үшін пайдаланамыз?<br>Балалардың жауаптары:Тырманы сол сияқ ты қазылған топырақты тегістеп, көшеттер отырғызғанға жер дайындау үшін де пайдаланады.Тырманың да сабы және басы болады. Оның да сабын көбінесе ағаштан жасайды.Ал басы темірден жасалады.Байқап қара саңдар,тырманың көп тістері бар<br>Дымбілмес балаларға рахмет айтып қоштасады.<br>**«Сыңарын тап» ойыны:**<br>Ойын шарты бойынша түстері мен көлемі әртүрлі,алайда қызметі бір болатын күректер мен тырмаларды топтастыру ұсыну.<br>(Балалар кіші,кішірек,үлкен, ең үлкен қызыл,сары,жасыл үшкір | Олар:нан, бауырсақ, құймақ, кеспе, шелпек, таба нан т.б.<br>**Сергіту сәті**<br>Оңға, оңға түзу тұр,<br>Солға, солға түзу тұр.<br>Алға қарай бір адым,<br>Жоғары, төмен қарайық,<br>Орнымызды табайық.<br>Бауырсақтың жасалу жолдарын көрсету түсіндір.<br>**Топқа бөлу.**<br>1-топ . қағазды жырту әдісі арқылы бауырсақты жасайды.<br>2-топ. Тортбұрышты қағаздың шетерін қиып бауырсақ жапсырады.<br>Балалардың жұмыстарын бақылау.<br>Жеке көмек көрсету.<br>Балалар бауырсақ ертегісіндегі бауырсақтың өлеңін бірге айтайық.<br>Балалар қызығушылықпен айтады.<br>Мадақтау.<br>**Қорытынды.**<br>Көрме ұйымдастыру.<br>Әже балалардың жұмысын көріп мадақтайды.<br>Рахмет айтып қоштасады.<br>Сұрақтар әлмегә арқылы қорытындылау.<br>Балаларды мадақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *мамандық иесі не істейтінің айту.*<br>***Қорытынды.***<br>*Сұрақтар әдісі арқылы қорытындылау.*<br>*Балалар нан дастарқанға қалай келеді?*<br>*Сурет арқылы қорытындылау.*<br>*Наубайшы апай балаларға пісірген дәмді бауырсағын таратады.*<br>*Балаларды мақтап, мадақтау*<br><br><br>***2. Музыка***<br>*Педагог жоспары бойынша*<br><br>***3. Дене шынықтыру.***<br>***Тақырыбы.*** *Доғаның астынан еңбектеп өтуді қайталау*<br>***Мақсаты.*** *Қатарда жай жүру, тізені жоғары көтеріп жүру, аяқ ұшымен және өкшемен жүру. Доғаның астынан еңбектеп өту. Қол-аяқ қимыл үйлесімділігін арттыру*<br>***Оқу қызметінің барысы.***<br>***Балалармен амандасу.***<br>*1. Бір қатар тұру.*<br>*Бір тізбекпен кіріп, бір қатарға тұрады.*<br>*Баяу, жылдам жүгіріп, (жүгіру)*<br>***Жалпы даму жаттығулары:***<br>*(Доппен жаттығу)*<br>*1.Қол мен иық бұлшықеттеріне арналған жаттығулар.*<br>*Б.қ.: тік тұру, допты қос қолмен ұстау.*<br>*1. Қолдағы допты алға созу.*<br>*2. Допты оң иыққа тигізу.* | *Астықты қайда сақтаймыз?*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***2. Сурет салу***<br>***Тақырыбы:*** *«Мерекелік дастархан»*<br>***Мақсаты:*** *сәндік өнерінің сарыны бойынша өрнектермен дастарханның суретін салуды үйрету.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Үнтаспада****. Халық әні «Дастархан» әнін тыңдату.*<br>*Сұрақ жауап.*<br>*Ән не туралы айтылған?*<br>***Суретпен жұмыс.***<br>***«Мерекелік дастарқанда не бар?»***<br> <br> <br> <br>*Балаларды мадақтау*<br>*Тосын сәт.*<br>*Әже келеді.*<br>*Балалардан көмек сұрайды.*<br>*Қонақ келетін еді дастархан керек дейді.*<br>***Суретпен жұмыс.*** | *неше затты көрсе, цифрмен қыстырғыштың көмегімен көрсетулерің керек.*<br>***Түлкінің тапсырмасы:***<br>*1) Ойын: «Пішінді тап» (балалардың арқасына геометриялық пішіндерді салу, салған пішінді табады)*<br>*2) Ойын:«Көңілді лото» Ол үшін мына қаптан шыққан ыдыстағы цифрларды арнайы цифрмен белгіленген қағазға орналастырулары керек.*<br><br>*Міне балалар біз аңдардың барлық тапсырмаларын орындадық, енді сандарды алып, тобымызға оралайық.*<br>***Қорытынды.***<br>*-Балалар біз бүгін қайда бардық? Қандай тапсырмалар орындадық?*<br>*Бүгінгі белсене қатысқандарың үшін рақмет!*<br><br><br><br><br>***2. Құрастыру***<br>***Тақырыбы:*** *«Наубайхана» (табиғи және қалдық материалдармен жұмыс)*<br>***Мақсаты:****Табиғи материалдардан, жапырақтармен* | *күректерді оң жаққа, қуыс күректерді сол жаққа топтастырады).*<br>***Қорытындылау.***<br>*Балалардан бүгінгі жиыннан алған әсерлерін,көңіл күйлерін,немен айналысқандарын,не үйренгендерін сұраймын.*<br><br>***2. Орыс тілі***<br>*Педагог жоспары бойынша*<br><br>***3.Тапқыштар «в)***<br>***Тақырыбы.****Заттардың қасиеті*<br>***Мақсаты.****Заттардың жеке қасиеттерін анықтау. Неден жасалғаны, түсі, пішіні, көлемі туралы түсінік беру.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер.***<br>*Бір шаңырақ астында,*<br>*Тату-тәтті тұрамыз.*<br>*Бірге ішеміз асты да.*<br>*Бірге сайран құрамыз,*<br>*Ортақ болып ісіміз.*<br>*Еңбек десе тыңбаймыз.*<br>***Тосын сәт.***<br>***Пошташы сиқырлы қорап әкеледі.***<br>***Бұл қорапты ашу үшін тапсырмаларды орындауымыз керек.***<br>***1-тапсырма.Санамақ айту.***<br>*«Біздер үйде нешеуміз….»*<br>***2-тапсырма.***<br>*Көлемі әртүрлі түрлі түсті шеңберлер қойылады.*<br>*Барлығы неше шеңбер бар?*<br>*- Олардың ішінде нешеуі үлкен?* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
